

84 (57523)
К 56

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ



Солтүстік Қазақстан облысының әкімі
Т. А. Мансұровтың қолдауымен шығарылды.

Ақылдастар алқасы: *Ғ.Қадірәлі, Қ.Мұқанов,
Қ. Омаров, Ш.Смағұлов,
Б.Тұрғараев.*

Қ 56 Қожаберген жырау: өлеңдер, толғаулар, дас-
тандар. (Құраст. С.Жұмабаев, Қ.Бигожин). –
Алматы: ЖШС «Жас Улан и К» Баспа үйі, 2007. –
272 бет.

ISBN 9965-566-19-4

Қожаберген Толыбай сыншыұлы – (1663-1763) кең байтақ жерімізді, бытырай қонған елімізді қызғыштай қорғаған атақты батырларымыздың бірі, 1688-1710 жылдары қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған ордабасы, ірі тарихи тұлға. Атақты «Жеті жарғы» заңнамасын жазуға қатысқан Қожаберген қазақ халқының ерлігін, елдігін, жырлаған ақын, жырау.

Бір өкініштісі, Қожаберген бабамыздың баға жетпес әдеби мұралары толық сақталмаған, осы уақытқа дейін халыққа жетпей, зиялы қауым және ғалымдардың назарынан тыс қалып келді.

Батыр бабамыздың оқырмандарға ұсынылып отырған осы жинағы оны тереңірек танып-білуге жол ашады деген үмітті ойға жетелейді.

А 4702250202
00(05)-07

ББК 84 Каз 7-5

ISBN 9965-566-19-4

- © Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігі, 2007.
- © С.Жұмабаев, Қ.Бигожин, 2007.
- © ЖШС «Жас Улан и К» Баспа үйі, 2007.

ДАУЫЛПАЗ БАБА – ҚОЖАБЕРГЕН¹

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Сөздің ең ұлысы, ең сыйпаттысы – тарих», – деген еді. Әлем тарихы екіге бөлінеді: бірі – адамдар тарихы; екіншісі – табиғат тарихы. Атақты тарихшы Плутарх өзінің «Жизнеописание» деген еңбегінде: «Біз тарих емес, өмірбаян жазамыз», – деуі осыдан.

Тәуелсіздік заманында ғасырлар бойы бодан болып, мүсәпірлік күн кешкен басымыз еркіндік алды. Ата тарихына үнілді, ана тіліне сүйінді, өзінің мәңгүрт болған болмысына күйінді. Біз он жыл бойы ата тарихын саралап, тарих қойнауын аралап, ұлыларымызды даралап жатырмыз. Осы тұста бірнеше қағиданы ұстанғанымыз дұрыс сияқты.

Біріншіден, біздің аруағына сыйынатын, мұрасына жылынатын бабамыз – ұлттық тұлға болуы керек: ауыл-аймақ, ру, тайпа төңірегінен аспаған, буырқанып жау аптығын баспаған, ұлтына деген сүйіспеншілігінен туындаған мұрасын шашу етіп шашпаған ата-бабаларымыздың ұйқысын бүзбағанымыз абзал.

Екіншіден, ата-баба аруағы ойыншық емес. Ұлыларға бір ауылдың, облыстың, тайпаның еншісі емес. Егер біз Қаракерей Қабанбайды тек найман болып, Қанжығалы Бөгенбайды тек арғын болып, Қожаберген жырауды тек керей болып, Баян батырды тек уақ болып, Қарасай батырды тек шапырашты болып тойласақ – ол ұлттың өскені емес, өшкенінің белгісі.

Үшіншіден, аруаққа табыну – науқан емес. Ұлыларға олардың мұрасы тәрбие ісінде үздіксіз араласуы үшін, оларға деген көңіл-пейіл, ықылас та үздіксіз, үзіліссіз болуы керек.

Пендешілікті қойып, әділдігін айтсақ, ата тарихын таразылауда қол жеткен табысымыз аз емес. Соңғы он

жылда Абылай хан қазақ тарихының есігінен төріне шықты. Алаштану туы көтерілді. Көкірегі басылып келген Абайтану тұлғаланып, әлімдік аренаға шықты. Әуезовтану, Сәтбаевтану қалыптасты. Бұқар баба сайын даланың данасы ретінде танылды. Дала өркениетінің тарихын әлемдік тарихтың құрамды бөлігі деңгейіне көтеріп таныту басталды. Бүгін біз күн тәртібіне Қожабергентануды қойып отырмыз. Осы тұста тарихқа түсер сауал бар: «Қожаберген кім, оның Отан тарихындағы орны қандай? Тұтас бір Қожабергентану саласын қалыптастырудың негізі бар ма, құлашымызды бекерге сермеп жатқан жоқпыз ба?».

Ендеше осы сауалдарға жауап іздеп көрейік, ағайын!

Қожаберген – батыр, баһадүр, көрнекті мемлекет қайраткері, дауылпаз жырау, замана дүлділі, оның өмір жолы қазақ тарихымен сабақтас. Тарихи әдебиетте басы ашылмай келе жатқан бір проблема: «Қазақ-қалмақ соғыстарының қанша уақытқа созылуы». «Жоңғар хандығының қазақ жеріне жойқын шапқыншылығы 1710–1711 жылдарда басталды», – дейді зерттеушілердің бірі. «Воспользовавшись таким сложным международным положением и подстрекаемые недоброжелательными соседями, джунгары калмыки осуществляли постоянные набеги и на казахские земли в 1599–1750 гг. Течение 150 лет», – дейді тарихшының екіншісі. Бұл арада мен ол тарихшыларды жазғырудан аулақпын. Бірі қазақ-қалмақ қарама-қарсылығының ең күшейген тұсын айтса, екіншісі – қазақ-қалмақ соғыстарының жүйелі, үзіліссіз кезеңін меңзейді. Бірақ бұл пайымдаулармен мәселе бітпейді. Екі ұлы империяның қыспағында қалған түркі тектес екі жауынгер халық аспан астында бір-бірімен жер үшін, жайылым үшін, «өмірлік кеңістік» үшін, Орталық Азия даласы үшін ойраттардың Моғолстан аймағына алғашқы жаугершілігі XVI ғасырдың аяғынан басталады. Ойраттар – Моңғол империясы Үгедей ұлысы моңғолдардың батыс бұтағы.

XV ғ. 30-шы жылдары жоңғарлар Ыстықкөл төңірегіне жетті деп жазады Мырза Хайдар Дулати, ал Есен тайпа кезінде 1452 ж. Шу өзенінің жағасына жетті, 1457 ж. Ортаңғы Сырдария алқабын тонады.

«Ақтабан шұбырындыдан» кейін Ұлы жүз және

Орта жүздің бір бөлігі Жоңғарияның суверендігін мойындады. Қазақ-қалмақ соғыстары XIV ғ. басталып, 1771 жылға дейін созылды. Үздік-создық, бірде шабысып, бірде алысып, түркі тектес екі халық үш жүз алпыс-жетпіс жыл шамасы өзара қырқысты.

Қожаберген бабаның жеті атасы – осы төрт ғасырға жуық қазақ-қалмақ соғыстарын өз бастарынан өткізген қаһармандар.

Шоқан Уәлиханов өзінің «Абылай» атты еңбегінде: «В предании киргизов Абылай носит какой-то поэтический ореол, век Абылая у них являются веком киргизского рыцарства», – деп жазады.

Кейбір әдебиетшілер Шоқанның «век рыцарства» дегенін «ерлік пен серілік заманы» деп аударыпты. «Елім-ай» дастанында:

Бұл заман болды елге қиын заман,
Шіріткен тамам елдің миын заман.
Шұбырғанда ізінен шаң борайды,
Қағынды қазақ үшін биыл заман, –

деп бағалап еді. Ендеше сонау XVIII ғ. қазақ сахарасында еуропалық серіліктің ауылы алыс болса керек.

Шоқанның «рыцарства» деген ұғымына жауапты Ахмет Байтұрсыновтан табамыз. «Ошақ басы, үй-ішінің қамы сияқты өмірдің ұсақ мақсат жағымен азаматтары есептеспей ұлы мақсат, ұлы мұратпен болып, жұрт үшін, көп үшін құрбан қылмайтын нәрсесі болмағанын көреміз». Қобыланды батыр жырын талдай отырып, Ахаң ата-анадан, жардан, туысқаннан да «батырға қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі», – деуі осыдан.

Ендеше Абылай хан заманында рыцарлық адами болмысты Отан болмысына бағындыру, ерлік пен іріліктің, бірлік пен тірліктің көрінісі деп ұғынған жөн. Осындай парасатты рыцарлықты Қожабергеннен көреміз.

Жүз жиырма төрт мың пайғамбар мен,
Отыз үш мың сахаба да дүниеден өткен,
Солардан Қожаберген артық емес, –

деуі соның дәлелі. Не болмаса:

Қолбасшы батыр болмасам,
Көбелі сауыт кимейін.

Ту ұстайтын болмасам,
Арабы ақбоз мінбейін.
Талапты жігіт болмасам,
Ұрандап жауға тимейін.
Қару-жарақ соқпасам,
Зергер болып жүрмейін.
Майданда жауды жеңбесем,
Қызық дәурен сүрмейін.
Дулығамның төбесі
Буылмаса маржанмен,
Басыма оны кимейін.

Парасатты рыцарлық, ұлтқа өмірін арнаған серілік-ерлік осы болса керек.

Ендеше бір ғасыр өмір сүрген бабамыз осы батырлықтың шыңы болған XVIII ғ. тарихи құбылыстың басы-қасында тұр. Батырлықтың парасатты рыцарлыққа ұласуы – жаңғыруы Қожаберген баба есімімен де тығыз байланысты.

Қорытып айтсам: Шоқанның «век киргизского рыцарства» деген заманасы – Қожаберген баба заманасы.

Осы тұста тағы да бір жаңсақ пікір туралы айтуға тура келеді. Тарихи әдебиетте «по историческим данным, общее количество батыров из всех трех жузов, активно борющихся за свободу и независимость казахского народа, переваливает за 300», – деген тезис кездеседі. Мұндай сәуегейлікпен келісуге болмайды. Қазақ үш ғасырға созылған қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезінде құрығанда 10 ұрпақ ауысты. Әр ұрпақ батырларын өсірді, тарих сахнасына шығарды. Ендеше қазақ халқы үш ғасырда толассыз батырлар бастап, халық қостап, өз бостандығын үстем етті. Батырлар саны ендеше легион, оны саусақпен санап шығу мүмкін емес.

Алайда, Қожаберген бабамыз көп батырлардың бірі ғана емес. Ол 1688–1710 жылдары 22-23 жыл бойында қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған сардарбек, ордабасы, Орталық Азия деңгейіндегі әскери қайраткер! «Ақтабан шұбырындыдан» кейін Қожаберген ұлы жеңісті шыңдаған стратег. Атақты «Елім-ай» дастанында:

«Шабуылы жау қалмақтың күшті екен», – деп,
Кетпендер жаудан қорқып тарап бәрін, –

деп бірлікке шақырса,

«Кеудеңде шыбын жаның болса егер,
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын», –

деп намысқа шақырады.

«Қожа, молда, ишандар артын қысып,
Қоржынға салып қойсын шариатын», –

деп Отан қорғауды дін жолынан жоғары қояды.

«Мекенің болсын тау мен орман, тоғай,
Ол жерден жау алуы емес оңай»,
«Сайла орын, жер үй салып, жапан түзден», –

деп партизандық күрес жолын көрсетеді.

«Қазыбек, Ер Жәнібек, Алдабек би,
Үшеуі тозған елді біріктірер», –

деп оларға үміт артады.

«Шәкіртім қайда екен, Бұқар жыршы,
Сөзіне оның, халқым, құлақ түрші», –

деп, оның даналығына сенеді.

«Қыздарым, келіндерім жауынгер бол!» –
Қыздарым, келіндерім, топ құрындар,
Ерлерше киініндер, сап тұрындар.
Ұрыста өл, мазақ болма, берілмеңдер,
Қалмақты селебемен шапқа ұрындар, –

деп, ұрыс әдісін үйретеді.

Бөгенбай, Ерсары, Асқан, Жабай, Көшек, Ақпанбет,
Жайнақ сияқты батырларды «халқын жинап»,

«Жинаңдар құрастырып қалың қолды», –

деп, кеңес береді.

«Сүйей жүр әлсіздерді әлі барын»,
«Тізе қос, етек жиып, ес барында», –

деп, елді бірлік-тірлікке шақырады.

«Бастап өт, Сарыарқаға қалған елді», –

деп Бұқара, Үргеніш жағында ашыққан, босқан елді
жинауға жол сілтейді.

Ең соңында:

«Бастасын тозған елді көсемдерім,
Ақылшы болсын сөзге шешендерім.
Хан сұлтан, төрелерді ел санамай,
Тізе қос, күшті жинап есендерің», –

деп, үндейді жырау.

Халқының 40 пайызын айырылған қайран қазаққа дәл Қожабергендей бағдарлама жасаған ел данасы сол кезде кемде-кем. Қожаберген баба тек жеңіс бағдарламасын жасап қоймады, «болды ғой аяқ асты Отанымыз» деп, «Ер емес жаудың туын құлатпаған» деп, Ұлы Отан соғысын жариялады. Қазақ халқы бабамыздың бұл ерлігін ешқашан ұмытуға тиіс емес.

Ендеше Қожаберген батырлардың батыры, қолбасшы, Әз-Тәукедей дананың оң қолы, қиын замандағы ел қорғаны. Қожаберген тек баһадүр, қолбасшы, сайыпқыран ғана емес, ол өз заманасының ұлы мемлекет қайраткері. Орыстың зерттеушісі Л. А. Словохотов «Народный суд обычного права киргиз» деген еңбегінде: «Золотой век, о котором вспоминают киргизы, есть царствование хана Тауке... умный, энергичный Тауке... должен стать в летописях киргизских наряду с Солоном и Ликургом по своей законодательной деятельности. Справедливость и правосудие могущественного хана остановили брани родов. В степи водворилась редкая тишина. Народ отдыхал от кровавых дней былых». Бұл арада зерттеуші атақты «Жеті жарғыны» айтып отыр.

«Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы» сияқты тарихи конституциялық пәрмені бар құжаттардың орнына Тәуке хан тұсында «Жеті жарғы» келгені мәлім. Академик С. Юшков ол туралы былай деп көрсеткенді: «Вопрос о том, что означает» «Жеті Жарғы» окончательно не решен казахстанскими историками и филологами. По мнению одних исследователей, это слово означает «Семь истин», другие толкуют его: «Объявление Семи», т.е. семи судей. Нам кажется, что последнее истолкование является более приемлемым».

Бұл күні «Жеті Жарғыны» жазуға Төле би, Қазыбек би, Әйтеке биден басқа, қырғыздан Қоқым (енді

біреулер оны Қараша би дейді), қарақалпақтан Сасық би, құрамадан Мұхамед би қатысқаны туралы деректер кездеседі.

М.Е.Исламғалиұлы өзінің «Әйтеке би» деген шежіренамасында «Жеті Жарғыны» тек Тәуке және оның алты биі – Сасық, Мұхамед, Қоқым, Төле, Қазыбек, Әйтеке ғана жазған. Сондықтан Жарғы осылай аталған екен десе, сөзсіз ұшқары пікірге жүгінгендік болып шығары анық. Жарғыны жазысуға сол кезде көздері тірі Әнет баба, Едіге, Соқыр Абыз, Құдайназар, Болпыш, Жылкелді сияқты қазақ даласының түкпір-түкпірінен аты шулы билер мен ұлыс басшылары қатысқаны дау-сыз», – деп жазады.

Автордың ой-өрісі дұрыс бағытта өрбиді. Алайда «Жеті жарғыны» Тәуке хан жазған жоқ, ол үкім шығарып жаздырды. Сол жазған жеті бидің бірі Қожаберген би екенін айту – тарихи әділдік болар еді.

Қожаберген Әз-Тәукенің тапсырмасымен «Жеті Жарғыны» ақ былғарыға жазып, ханға табыс еткені туралы жазушы Н.Әбуталиев жанама деректер тауып отыр. Онда ақ былғарыға түсіріп:

Мүқияттап хаттадым,
Әз-Тәукеге қызмет қып,
Жаздым «Жеті Жарғыны».
Салыстырып талдадым,
Бергі менен арғының, –

деген өлең сөздері келтірілген. Төле би, Әйтеке, Қазыбек билер тобына «жол көрсеткен ұстаз едім» деп, жыраудың өзі жазып кетуі осының айғағы.

Көтеш ақын Райұлы «Жиен жырау» дастанында:

Ақылдасып үш бимен,
«Жеті Жарғыны» жазған ер
«Кім» десеңіз ол бекті:
Қожаберген кемеңгер, –

деп жазуы біздің пікірімізді растай түседі. Кейбір арнайы тексеруді керек ететін деректерге қарағанда, «Жеті Жарғының» жалғыз данасы Стамбулдың Сүлейман атындағы Канони кітапханасында сақтаулы көрінеді.

Әз-Тәуке өліп, қазақ елін Шыңғыс әулетінен тараған қалың төрелер тобы ыдырата бастаған тұста елдің көсем билері, атақты батырлары ел тағдырын ойлап толғанды. «Елім-ай» дастанында Қожаберген ол туралы былай дейді:

Төреден Әйтеке би безін деді,
Келді ғой көсем сайлар кезің деді.
Қазақты батыр көсем басқармаса,
Быт-шыт қылар жау қалмақ, сезін деді.
Хан, сұлтан, төре күні өткен деді,
Олардан ақыл-айла кеткен деді.
Қазағым өзіңді-өзің тұтас ел қып,
Басқарар енді уақыт жеткен деді.
Ақылды болсын батыр көсем деді,
Басқарса қазақ, болар есен деді.
Бұл сөзді би мен бектер ұға алмады,
Бас қосып, дұрыс кеңес құра алмады.
Үш жүздің шонжарлары төре жақ боп,
Ортадан батыр көсем шыға алмады.

«Ақтабан шұбырындыға» ұрынған сәтте Қожаберген баба Әйтеке бидің көріпкелдігін қолдап:

Төрелерге сенім жоқ, ел ермесін,
Қазағым хан тұқымын дос көрмесін.
Хан сұлтан, төре, қожа, өңкей құзғын,
Оларға енді тізгін жүрт бермесін, –

деп, елге өз шешімін жеткізді.

Қара қазақтан шыққан батырлардың төре әулетіне деген бұл оппозициясы Абылай хан келген тұста ғана басылды. Бірақ, ол біржола сөнген жоқ-ты.

Қожаберген жыраудың жорықтас інісі Балта Керей Тұрсынбай батыр (1713–1819) Ресейге қарағысы келген «Әбілхайыр ханға, Орта Азиялық хандарға жалтақтаған Сәмеке мен Әбілмәмбет хандарға да, Ресей мен Қытай ортасында жалтарып, тәуелсіз ел дәрежесіне ұмтылған Абылай ханға да қарсы болғаны белгілі.

Тұрсынбай батыр қазақ, башқұрт, ноғай, қарақалпақты бір мемлекет етіп, көсем, әр халықтан әмір сайлап, жеке тәуелсіз мемлекет құруды қалады. 1758ж. Тұрсынбай Абылай ханды тастап, Арқаға кетті.

Қазақ мемлекеттігінің болашағын ойлау Қожаберген бастаған қайраткер дәрежесіндегі ат төбеліндей билер мен батырлардың ісі еді.

Қожаберген Үргеніш медресесін бітірген, өз заманасының білімді адамы болған, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік білген. («Тіліне араб, парсы едім жетік», – дейді Қожакен). Сондықтан да Әз-Тәуке хан Қожаберген баһадүрді елшілік миссиясын жүргізуде де пайдаланған. Ол туралы деректер «Елім-ай» дастанында да кездеседі.

Ендеше Қожаберген дипломат, замана саясаткері. «Елім-ай» дастанындағы саяси ахуалға берген бағасы XX ғ. аяғы – XXI ғ. басында тұрған біздерді де қайран қалдырады.

Ендеше Қожаберген жырау – батыр, қолбасшы, елтағдырын ойлаған реформатор, стратег-мемлекет қайраткері. Қожаберген бабамыз осымен қатар атақты ақын, жырау еді. Ол тек қана бір «Елім-айда» ғана бір ғасырдың сырын, мұнын ашты. Ол – тек жырау ғана емес, заманының ұлы шежірешісі. Ол туралы Қожаберген:

«Халқымның хал жағдайын өлең етіп,
Жырладым апат күннің шежіресін», –

деп жазды.

Қазақ хандығының алғашқы тарихын Мырза Мұхамед Қайдар Дулатидің жазғаны белгілі. Қадырғали Жалайырдың «Шежірелер жинағы», Әбілғазының «Шежіресі түрік», Ш.Уәлихановтың «Абылай хан» очеркі, М.Тынышпаевтың шежіресі, Ә.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың әлем ұлылары туралы «Қазақ» газетінде жариялаған очерктері, Абайдың «Ескендір», Мағжанның «Баян батыр» поэмалары осы дәстүрдің жалғасы. Шәкәрімнің «Еңлік-Кебегін», Ә.Бөкейханов «Тарихи хроника» деп атаған. Ал, оның жазған шежіресіне байланысты ұлы ақынды «Қазақтың Карамзині» депті. Осы тұрғыдан алғанда Қожаберген бабамыздың «Елім-ай» дастанының орны ерекше. Оны тек «дастан» деу аз сияқты. Оның арнасы кең – ұлттың болу, болмауы, Отан тағдыры. Бір ғасырлық тарихты саралап, ұлттың сан ғасырлық салт-санасын, мемлекет билеу жүйесін бағалап, жүздеген мемлекет, әскери, са-

яси қайраткерлерін жеке-жеке даралап дүбірлеген оқиғалар болған жерді аралап жазылған ұлы эпопеялық туынды. «Елім-ай» шын мәнінде ұлттық сананың биік шыңы, ұлттық сергелдеңге душар болғандағы мұны, болашаққа құлаш сілтеп, қайсар намысшыл қазақтың ұлт болмысын жаңғыртуға ұмтылысының шаншыла атқан қайнар жыры да сыры. «Елім-ай» – ұлтымыздың Илиада мен Одиссеясындай эпикалық өміршен трагедиясы.

Дауылап Қожаберген – дүлдүл тарихшы. Біріншіден, тек «Елім-ай» дастанында ғана бүкіл дәуірді суреттейді. Жоңғар империясының дәуірлеп, күшею себептерін ашады. Екіншіден, жоңғарлардың орыстар мен қытайларға арқа сүйегенін көрсетеді. Орыс империясы өзіне көрші қазақ елін тұқыртып, жоңғарларға кіші зеңбірек жасауды үйретіп, құтыртып, екі түркі тілді халықтарды өзара қырып салуына мүмкіндік жасағанын, ғажайып суреттейді. Үшіншіден, түрікпен, Қоқан, Хиуа, Бұқардың қазақ еліне деген қастандық саясатын, өзбек пен тәжіктің жаттығын әшкерелейді. Төртіншіден, Әз-Тәукеден кейінгі қазақ хандығында болған текетірес, бақталас берекесіздіктің бетпердесін ашады.

Бесіншіден, ақтабан шұбырынды қалай болды, халық қалай, неге тозды деген сауалдарға жауап береді. «Қырылу Алакөлден басталып тұр», – деп Алакөл емес, Алакөл екендігін еске алады. Ең соңында, Отан соғысы қалай өтіп жатыр, Қара ноғайдың қазақпен үздіксіз бір болуын, Қарақалпақ бектерінің жалтақтығын Әбілхайырдың дәл 1723 жылы дер кезінде көмекке келе алмағандығын, халық қарсылығының өрістеп, Сарысу бойында жау бетін қайтарғанын айтады.

Автор өз өмір жолынан хабар береді. 61 жасының 45 жыл ғұмыры жорықта өткенін, «Жасымнан қол бастаған болдым сардар», деп ел ағасы ретінде болашаққа көз салады. Шығарма кешенді, диалектикалық салыстырмалы талдауға негізделген.

«Елім-ай» әдеби тұрғыдан алғанда да теңдесі жоқ туынды. Онда тек халық мұны ғана емес, оның сыры, рухы бар. Автор егіліп те, төгіліп те жырлайды, бірде тарихи тереңдікке бойласа, бірде бүгінгіге қайғырып,

болашақты ойлайды, философиялық пайымдармен орағыта толғайды.

Ендеше Қожаберген бабымызды қол бастаған батырдан өтіп, ғасырлар қойнауына мұра етіп алып келе жатқан асылымыздың авторын – Дауылпаз жырау деп атау орынды.

Әлемдік тарихта қолына қалам алып, оны семсер қылышпен қатар ұстаған тұлғалар бірен-саран-ақ. Ол атақты Байрон, Шандор Петефи. Ал, дауылпаз Қожаберген өз соңына Ақтамберді, Үмбетай, Тәттіқара сияқты тарлан жыраулар көшін бастады. Махамбет пен Сегіз сері дауылпаз бабасы Қожаберген дәстүрін одан әрі жалғады.

Дауылпаз Қожаберген жырау – ұлы ұстаз. Ол 1710 жылы 27 жасар Қанжығалы Бөгенбайдай шәкіртін бүкіл қазақ қосының сардабегіне ұсынды. Ұлы Қорқыт ата, Асан атадан кейінгі Көмекей әулие атанған Бұқар ата оның сүйікті шәкірті. Ол болса, ұлы Абылай ханның ақылгөй данасы болды. XVIII ғ. қазақ елінің тәуелсіздігін қорғап қалған батырлар Қожабергеннің, оның шәкірті Бөгенбайдың, Бұқар мен Бөгенбайдың шәкірті Абылай ханның мектебінен өткені хақ. Атақты Абылай хан өзінің Қожаберген бабадан бата алуды мәртебе тұтты.

Ұстаз болса, дауылпаз Қожабергендей болсын!

Қожаберген бабамыз – сегіз қырлы, бір сырлы замана дүлдүлі. Зерттеуші Шаймұрат Смағұлов өзінің «Атақты «Елім-айдың» авторы» деген мақаласында: «Қожаберген өз тумысында суырып салма ақын-әнші, күйші, әскербасы болумен қатар, белгілі емші, сынақшы, от ауызды орақ тілді шешен, қолөнерші (он саусағынан өнер тамған шебер), құралайды көзге атқан мерген, түйе балуан, аңшы, құсбегі, атбегі, құмалақшы, шабандоз, сынықшы, ауа райын болжаушы (сәуегей), ірі қобызшы, жетігенші адам болыпты», – деп көрсетеді.

XX ғ. ұлы Ә. Бөкейханов «Қара қыпшақ Қобыланды» деген сын мақаласында «Тарихтық сарын екіге бөлінеді: бір бөлек тарихтың пайдаланғаны – соғыс істері. Біздің қазақ білетін тарих осы. «Тарихтың екінші түрлісінің (мұны орыс тілінде история культуры дейді) пайдаланғаны – жұрттың болмыс-салты, рухани

мәдениетінің дәрежесі. Бұлардың бәрі сол жұрттың сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен ұстаған... сөздерінен білінеді. Анық тарих – осы екіншісі».

Қожаберген бабамыздан қалған рухани мұра шексіз.

Қазақ халқының XVIII-XX ғ. ел ұраны болған «Елім-ай» әні, «Күлдірмамай», «Қойлыбай көреген», «Қарасары Балта керей», «Соқыр абыз», «Баба тіл» сияқты дастандары, «Ақсауыт», «Ғасыржас», «Дүние», «Жігіттік» т. б. толғаулары, «Қарғыс атқан қалмақ-ай», «Шоңғал шоңғал, шоңғал тас», «Сылаң Сыр», «Балқан, Балқан, Балқан тау», «Қазақ пен ноғайдың қоштасуы» сияқты өлеңдері, «Дабыл», «Аңырақай», «Бозайғыр», «Күлдірмамай», «Шұбырынды», «Сұлама» сияқты күйлері өз зерттеушілерін сарғайып күтуде. Жеті бөлімнен, 3683 шумақтан, 14732 жолдан тұратын «Елім-ай» дастаны теңдесі жоқ ұлы туынды, өз алдына бір төбе.

Мұнымен Қожаберген баба мұрасы шектелмейді. Бұл тек қана әзірге белгілілері ғана.

«Қожабергентану» менің түсінігімде ауқымды. Өте алысқа бармай-ақ көшебе керейдің Жауынгер – Асыл-болат – Байбол Алдаспан, Шілікті, Жаңбыршы-батыр, Қара Ораз, Таузар, Даулен батыр, Толыбай би – Қожаберген жырауды алсақ, сол жеті атаның ғажайып тарихы бір көшке жүк боларлық. Осы ұлы әулеттен тараған өзі батыр, өзі сал Дастем, Шақшақ би, Жанақ ақын, Жанкісі жырау, Салқара, Бахрам, Сегіз серілердің әрқайсысы алып тұлғалар. Қожекеннің бабасы Таузар ордабасы болған. Ал, атасы Даулен өзі ақын, өзі композитор, өзі шежіреші (тұңғыш Керей шежіресін жазып қалдырған). Самарқанд шаһарын, Самарқанд уалаятын билеген, реформатор, ордабасы Сейітқұлұлы Жалаңтөс баһадүрдің апасы үйленген Жалаңтөспен үзеңгілес батыр.

Қожаберген сынды бекзаттың әкесі Толыбай сыншы – (1603–1680) өз тұсында қазақ хандығындағы аса ірі мемлекет қайраткерлерінің бірі. Ел ішінде Толыбай сыншы айтты деген нақыл, қанатты сөздер де жиі кездеседі.

Адамды да, атты, құсты, итті және басқа жануарларды, гауһар, меруерт тастарды, қару-жарақтарды сы-

нап білгені үшін Толыбайға «сыншы» деген қадірменді атақты қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, татар, қырғыз халықтары берген екен».

Қорытып айтсақ, бұл қасиетті әулет қазақтың рухани мәдениетінде үлкен із қалдырған. Қожабергентану – ендеше қазақ мәдениетінің ұлы жырау туған, өскен, мәңгілік ордасы Гүлтөбе сияқты құнарлы, шұрайлы бөлігі, халық мұрасы.

Қазақ мәдениетінің ірі қайраткерлері Ы.Алтынсарин, Серіз сері, М.Ж.Көпеев, С.Торайғыров, Ш.Бөкеев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, Б.Майлин, І.Омаров, М.Жолдыбаевтарды т.б. қызықтырған Қожаберген мұрасын игеру – замана талабы.

Солтүстік Қазақстандағы еңселі білім ордасы – университет ғалымдары, есімі шар тарапқа танымал ғалым Т. Кәкішев, белгілі тарихшы А. Күзембайұлы, жазушы Нәбиден Әбуталиев белгілі ауыз әдебиетін зерттеуші Қаратай Биғожин, Ғылым академиясының ғалымдары болып Қожабергентану ісіне жегілуі абзал. Әсіресе, оның еңбектеріне текстологиялық талдау жүргізу, Абзал бабаның мұрасын уақыт қоқысынан тазарту міндеті тұр. Екі боқмұрын баланың 2-3 минуттық танаубұзар төбелесіне, не күресіне бәйге тіккен жандар Қожабергентану жолында, нәтижеге жеткен ғалымдарға қол ұшын береді ғой деп сенемін. Қожаберген баба атында жыл сайын сыйлық, студенттерге арнайы стипендиялар белгіленсе, спорт жарыстары өткізілсе қандай ғанибет. Қожабергеннің мұрасын кезінде Ыбырай Алтынсарин хрестоматиясына кіргізгені белгілі. Оның «Елім-ай» әні жеке күй табақ болып шығуы, оның есімі тәуелсіз заманда оқулықтарға енуі дау тудырмайтын басы ашық мәселелер. Ал, ұлы дауылпаз жыраудың есімі тарихқа хатталуы, ғылыми өмірбаяны жазылуы мен мұндалап-ақ тұр.

Солтүстік Қазақстан, жасыратыны жоқ, суық желдің өтінде, ұлы империяның бетінде тұр. Қожаберген баба – қазақ мемлекеттігінің жаршысы да жоқшысы. Сондықтан Тәуке хан заманасынан бері қазақ хандарының, билерінің, сұлтандарының, әскери басшыларының, батырларының ордасы болған Гүлтөбе – Мамаңай елі Қожаберген ауданы аталып, еңселі ескерткіш орна-

ту ең алдымен әділеттік үшін керек, одан қалды тәуелсіздік заманасында шекара жігін айырып, бір қолында қылышы, бір қолында қаламы бар бабаның Солтүстік көрші елге көз тігіп, айбын болып тұруы символика үшін де керек-ақ.

Бұл аудан атының Жакен аруақты Жакен үшін керегі де жоқ. Жакен 1937 жылы Мирзоян қаласын өзгертіп «Жамбыл» деп аталғанын естігенде селтетіп, бірден:

«Атыңнан айналайын Әулие Ата,
Атыңды тартып алды деп болма қапа!» –

деген екен. Сол сияқты бұл өлкенің Қожаберген баба елі екенін білген болса:

«Атыңнан айналайын Қожаберген,
Мендағы ұрпағыңмын соңына ерген.
Жолыңды кескектемей дана баба,
Жамбылмын өз еліңді қайтып берген», –

деп айтар көрегендігіне мен өз басым имандай сенемін.

Әдебиетте Көшебе керек Қожаберген жырау 1683-1786 ж.ж., 1663-1762 ж.ж. өмір сүрді деген қарама-қарсы деректер кездеседі. «Елім-ай» дастанында «Ақтабан шұбырынды» жылы 61-де едім дейді жырау. Ендеше оның туған жылы 1663ж. Жанақ Төлеулы (1743-1821 ж.ж.). «Көз жұмды жүзден аса есіл сабаз, оған да жолдас болмайды дүние жалған», – дегенін еске алсақ, қазір дауылпаз баба 337 жаста. 350 жылдық мерейтойы 2012 жылы. Дауылпаз баба өмір жолының басқа да белгісіз жұмбақтары баршылық.

Осы жұмбақтардың бірі: Қожаберген жырау маңында ұзақ жылдар бойы неге меңіреу зона орнады, есімі неге аталмай келді? – деген сауалға тіреледі. Себеп екеу: Бірінші – Қожаберген баба орыс империясына ашық қарсы, оның «Елім-айы» – империяға қарсы туынды. Онда ол орыс империясы қалмақтарға қару сатты, қолдады деп айыптайды. Ал, оның ізбасар мұрагері Сегіз сері – ұлт азаттық қозғалысының көсемі, орыс отаршылары баба Қожабергеннің қонысына Преснов селосын орнатты, атамекенін қара шекпенділер жайлап, қазақтар Горькая линияны қазақ мемлекет-

тігінің тірегі болған өлкені баса көктеп салды. Отаршылық, одан қалды кешегі Кеңес заманасында Сәбит те, Ғабитте бұл тақырыпқа белсеніп кірісе алмағаны осыдан болса керек.


Екіншісі – «Елім-ай» қазақ хандарының төре тұқымынан сайлануына қарсы. Ал, төрелер әулеті қазақ қоғамына еңдеп, бойлап араласып, құраласып кеткенді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің «Месіндегі бір шағын мақаласын Он төрт тоймас бар» деп атапты. «Жер жұтуға тоймайды. Көз қарауға тоймайды. Өмір жасауға тоймайды. Бай малға тоймайды. Ғалым ғылымға тоймайды... Бала нанға тоймайды. Тірі іске тоймайды».

Ие, өлмейтін жан жоқ. Абай баба айтқан «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дегендей қазақ халқының үш ғасырлық жүрек жарды жыры «Елім-айдың» авторы Қожаберген жырау өз халқымен мәңгі бірге жасайды.

Қожаберген есімі Өз-Тәуке хан, Абылай хан Әбілхайыр хан, Бұқар жырау, Төле би, Қазыбек би сияқты ұлтымыздың ұлыларының қатарында Отан тарихында хатталады.

Манаш ҚОЗЫБАЕВ,
академик.



«ЕЛІМ-АЙ»

(*дастан*)

I

Жыр басы

Алла өзі алсын бізді панасына,
Дұшпанның қол жеткізсін жағасына.
Майданда ерлеріме қуат беріп,
Көрші елдің қалдырмасын табасына.

Алаштың алты ұлының бірі – қазақ,
Жұрт еді қайырымды салты ғажап.
Тілеймін жалбарынып жаратқаннан,
Халқымды еткізбе деп жауға мазақ.

* * *

Ассалаумағалайкем, халқымызға,
Кейістік көріп тұрған жалпыңызға.
Қатал жау әрбір тұстан шабуылдап,
Келтірді үлкен нұқсан қалпымызға.

Ассалаумағалайкем, сардарларым,
Жұрт үшін ерлік еткен дегдарларым.
Кеңесіп дұшпандардан ел қорғандар,
Кетпесін жау қолында мал-жандарың.

Ассалаумағалайкем, сарбаздарым,
Болашақ көпке тұтқа маңғаздарым.
Қожаберген атаңнан уағаз тыңдап,
Осыдан жағдайды ұқ сырбаздарым¹.

¹ Сырбаздарым деп ақын бір сырлы, сегіз қырлы, өнерлі әрі ер жігіттерді айтып отыр.

Ассалаумағалайкем, қариялар,
Ақылға қиын істе дариялар.
Жау жайын мәлімдейтін келді ретін,
Қауымға үгіт айтып жариялар.

Ассалаумағалайкем, шораларым,
Билеген әр аймақты даналарым.
Баршаның ризығы малды сақта,
Қанырап бос қалмасын қораларың.

Өзегің қайғы өртеген, дертің қалың,
Есен бе, мырзаларым, ішің жалын.
Жастардың басын қосып, елді қорға,
Өзімде қалсын десең дүние-малым.

Ассалаумағалайкем, би мен бегім,
Күн көрген жұрт үстінен ылғи тегін.
Төрені қолдап, қараны¹ қағажу² қып,
Көбейткен жақсылардың³ ішкі шерін.

• • •

Уа, халқым, ойланарда іс қылайын,
Үңіліп өткен кезге көз салайын.
Ақылмен қиын істі шешер кезде,
Бұрынғы көсемдерге тоқталайын.

Алла, аруақ, әулиелер желеп-жебеп,
Қазақты ел боларда қолдап-демеп.
Қайтадан үш жүз жұрты өсіп-өнген,
Ақ орда қоластында бақыты өрлеп.

Азырақ хандар жайлы айтсам дерек,
Бұл сөзім халайыққа әбден керек.
Жұртыма ұлғайсам да қызмет етем,
Демендер қауым мені кәрі терек.

¹ Қараны деп жырау бұл арада халықтан шыққан ерлерді айтып отыр.

² Қағажу – шеттетуге деген мағынаны білдіретін сөз.

³ Жақсылар деп ақын ақылды, батыл азаматтарды айтып отыр.

Ақ орда дәуірінде билік құрып,
Қазақтың Орыс төре болған ханы.
Ту ұстап, ғаскер бастап, жауды жеңіп,
Үш жүздің болған екен ел қорғаны.

Сөз сөйлесем көнеден,
Өткен талай елермен.
Шора болмай кей мырза,
Жұртын ерткен өнермен.

Тоқтақия, Құйыршық,
Орыс ханның ұлдары.
Болмаса да олар хан,
Көп бопты малы, пұлдары.

Жауынгер бопты олар да,
Жұртына тиіп пайдасы.
Үш жүзді қорғап өтіпті,
Жаудан асып айласы.

Ақ орданың хандары,
Уәйіс пен Ер Барақ.
Қалмаққа соққы беріпті,
Ғаскерін тез жинап ап.

Барақ та Ақ орданы билеп өткен,
Хан болып талай елге даңқы жеткен.
Барақтан Жәнібек пен Керей туып,
Қазақты өз алдына хандық еткен.

Әке мен ағасының жолын қуып,
Хан болып Ер Мұрындық туын тіккен
Жау қалмақ сол кезде де көп соғысып,
Жеңіліп Үш жүзімнен тізе бүккен.
Жәнібектің ұлдары: Қасым, Жәдік,
Нығайтып қазағымды мықты ел еткен.
Қалмақпен соғысқанда ылғи жеңіп,
Жайнатып жасыл туын желбіреткен.
Солардың хандық құрған кезеңінде,
Үш жүздің көп шаруаға қолы жеткен.

Ер Қасым дүниеден өткеннен соң,
Мамаш хан боп, ел ісі кері кеткен.
Онан соң Таһир, Бұйдаш билік құрып,
Үш жүзді басқара алмай, көп жүдеткен.

Соғыс, аштық жоқ кезде,
Көрші елдермен ұстасқан.
Татулықты сақтау орнына,
Мұсылманмен қастасқан.

Ардақты жұртым-қазағым,
Аузына харам салмаған.

Мамаш, Таһир, Бұйдашты,
Хандар деп еске алмаған.
Сол себепті олар да,
Жұрт есінде қалмаған.

Соғыс жоқ тыныш жылдарда,
Үшеуі елді жұтатқан.
Жүрегінде халқымның,
Кекшілдік отын тұтатқан.

Олардан кейін Хақназар,
Хан тағына отырған.

.....
.....

Хақназардың тұсында,
Қазақтың халі жақсарған.
Тұтас күйде Үш жүзді
Көп жыл бойы басқарған.

Жұрт тұрмысы жөнделген
Хандығымыз гүлденген.
Дәулетті боп көп адам,
Азаматқа өң кірген.

Жыл сайын егіп егінді,
Нандық астық мол алған.
Арпа, сұлы көп шығып,
Аттардың жемі молайған.

Мал өсіріп, шебер боп,
Шаруасы елдің оңдалған.
Естерін жиып аз жылда,
Халайық жақсы қонданған.

Жауларды қуған жолатпай,
Тіккен туын құлатпай.
Көсем болған Хақназар,
Жамандық істі ұнатпай.

Хақназар өтіп дүниеден,
Қайғысы Үш жүз молайды.
Қартайса да хан қойды ел,
Жәдіктің ұлы Шығайды.

Туысының ісін Шығай алға апарып,
Майданда Қалмақтарды талқандаған.
Жер-суды қорғау үшін ғаскер жиып,
Қарумен, саяқ атпен жабдықтаған.

Ата аруағын шақырып, ұран салып,
Шығай хан қартайса да ел қорғаған.
Бұзба деп бірлігіңді ешқашанда,
Үш жүздің бектеріне хат жолдаған.

Шығай хан алдағы істі көре білген,
Жармақтың жорлығына көңіл бөлген.
Сібірді кәпірлерден қорғау үшін,
Татар ханы Көшімге көмек берген.

Ортақ жау мұсылманның елдеріне,
Қызыққан орман, көлді жерлеріне.
Ит Жармақ мақсұтына жете алмаған,
Жолығып татар жұрты ерлеріне.

Шығайдың үш ұлы да жақсы болып,
Олдағы жас кезінен қол бастаған.
Қатер төнген шақтарда амал тауып,
Ерлікте ол сұлтаннан жан аспаған.

Сақтаған бабалардың тәуір салтын,
Бұзбаған Үш жүзімнің елдік қалпын.

Дұшпанға төтеп беріп беделді боп,
Асырған қазағымның ерлік даңқын.

Отырған бірінен соң бірі хан тағына,
Тәуекел, Есім, Жәңгір, Шығай¹, Тәуке.
Солардай көсем болса, өкінбес ек,
Үш жүзді басқаратын жұрт қып жеке.

Өз Тәукемен замандас, аты шыққан,
Бірі – сұлтан, бірі – ер, қос Тәуке өтті.
Тірісінде қалмақтан жұртын қорғап,
Елімнің тұтастығын сақтап кетті.

Бұл күнде тап солардай бір төре жоқ,
Осыны ескеріңдер, шонжарларым.
Шыдандар қиындыққа жүнжімендер,
Сынбасын тіршілкте ажарларың.

Уағазға құлағың сал бек пен биім,
Демеңдер мынау төре, мынау қара.
Қамал бұзар ортадан біреу шықса,
Сол ердің сөзін тыңдап, мыңға бала.

Мұратқа пенде жетпес ізденгенмен,
Мақсұты орындалмас көздегенмен.
Дүниеден сап-сабымен өтті ерлер,
Найзасын оңды-солды кезенгенмен.

Мың рет орансаң да беренменен,
Кірерсің жер қойнына денеңменен.
Қолыма қобыз алып, әнмен шырқап,
Айтайын бүгінгі істі өлеңменен.

Тараған алуан түрлі бізден өлең,
Зарлы ән мен зарлы күйді тыңда менен.
Апатты мына келген жыр етейін,
Сергісін құйма болат кәрі денем.

¹ Шығай – Салқам Жәңгірдің туған інісі, ағасынан кейін 1652-1680 жылдар аралығында Үш жүздің ханы болыпты. Ол жастай жетім қалған інісі Тәукені тәрбиелеп өсірген.

Өткенді бүгінгімен ұштастырып,
Жайларды бастан кешкен тұтастырып.
Оқиғасын соңғы он жылдың қоса айтып,
Жырлайын осы кезбен ұластырып.

Азырақ бұрынғыны еске алып,
Сөйлейін әр жылдарға назар салып.
Мән-жайды өлеңімнен ұғын жастар,
Жүрмендер сезбедік деп қапы қалып.

Көрші елге батырлықпен даңқым жеткен,
Сібірдің батыс жағын мекен еткен.
Керейде Толыбай сыншы кіші ұлы едім,
Жырларым қазақ жұртын елжіреткен.

Орта жүз Арғындағы асыл тектен,
Анамның шыққан заты Сүйіндіктен.
Жиырма ұлдың Көкжал туған ең кішісі ем,
Тұңғыш қыз Айдаболдың Ақбілектен.

Бұла боп басты ордада өскен едім,
Жасымнан халық қамын жескен едім.
Самарқанд медресесін тамам еттім,
Болар деп қиын жағдай ескермедім.

Алдағы болар істі кім біледі,
Бас құрау мәселесін шешкен едім.
Сұлу ап Кіші жүзден Айша сынды,
Тіршілік жағдайына көшкен едім.

Майданда алдаспанға¹ ерік беріп,
Дұшпанның көбін-азын тексермедім.
Сауыт киіп, ту ұстап, тұлпар мініп,
Жорыққа сан аттандым, сескенбедім.

Жүйрікпен желдей жүйткіп ескен едім,
Сынаққа қамал бұзып түскен едім.
Көп шығып қан майданда жекпе-жекке,
Найзалап жау өкпесін тескен едім.

¹ Алдаспан – алмас қылыштың ескі атауы.

Жасында қалмақтарға тұтқын болып,
Құтылған сыншылықпен Қарабас ер.
Уәзірі Өз Тәукенің болған шақта,
Жұтқызған көп жыл бойы жоңғарға шер.

Сол ағам баулып мені жастайымнан,
Садақты иіп жасап жас қайыңнан.
Алтын жеңгем екеуі ерке өсіріп,
Еш пенде шертпеп еді маңдайымнан.

Ел қорғап, қол бастауда көшелі¹ едім,
Қазақтың қатардағы шешені едім.
Теріскей Сарыарқаны қыстайтұғын,
Егіз ел Керей-Уақ көсемі едім.

Тұтас ел жігі ажырамай, орнаған бақ,
Ішінде Орта жүздің Керей-Уақ.
Құт қонып, қыдыр дарып ерте кезден,
Мекендеп Сібірде олар тұрған ұзақ.

Астасқан Арқа-Сібір жерін жайлап,
Жаз болса, бие менен іңген байлап.
Теңге атып, бозбалалар көкпар тартып,
Өн шырқар ақындары топта сайрап.

Ат үсті аударыспақ ойын ойнап,
Әр жерде келін түскен тойды тойлап.
Сүннет той, қыз ұзату қуанышында,
Күй тартар қыз бен жігіт гүл-гүл жайнап.

Жігіттер көңілденіп, жалаң қаққан,
Құрады той-думанда алтыбақан.
Тербеліп өткеншекте қыз-бозбала,
Сырласып бір-біріне мұңын шаққан.

Есіл, Ертіс, Тобылдың тоғайларын,
Ежелден ел-жұртым қыстап келген.
Аң аулап, қан сонарда бүркіт салып,
Жыл сайын кәсіп қылған нелер мерген.

¹ Көшелі – сыналған, қайралған, тәжірибелі деген мағынаны білдіретін ескі сөз.

Ертіске екі беттеп халқым қонған,
Төскейге қой мен жылқы, түйе толған.
Біразы балташы мен ұста болса,
Бірталай азаматтар дихан болған.

Тоғайын Омбы өзені жұртым қыстап,
Баптаған алғыр тазы, қыран ұстап.
Ертеден Керей қоныс еткен Сібір,
Қорғаған жаудан ерлер қару ұстап.

Сібірдің батыс жағын мекендеген,
Ен жайлап Керей-Уақ еркіндеген.
Ту ұстап, «Ошыбайлап!» ұран салсам,
Жігіттер бірі қалмай соңыма ерген.

Баяндау шындық істі болар дұрыс,
Қызылжар уәлаяты – біздің ұлыс.
Көргенім жас шағымнан қанды майдан,
Өтті ғой басымыздан талай ұрыс.

Жасымнан ғаскер ерттім, сардар болып,
Сырт жаудан ел қорғадым, жасап жорық.
Салдық пен қолбасылық арқасында,
Қазақтың жер жағдайын білдім толық.

Өткерді қиындықты туған халқым,
Сақтады дінін, тілін, ата салтын.

Қорқамын қалмақтың дәу мылтығынан,
Үш жүздің бұза ма деп елдік қалпын.

Жақындап дұшпан қазақ даласына,
Қайғы кеп Үш жүзімнің¹ данасына.
Қалмақтан екі жақтап қатер төнді,
Ноғай² мен Қарақалпақ баласына.

Дұшпанмен дайын бол деп шайқасуға,
Насихат мұсылманға айтасың да.

¹ Үш жүз – қазақ халқының екінші елдік атауы.

² Ноғай деп жырау бұл арада Ноғай халқы ертеде Кавказға ауғанда, оларға ермей қалып, Қазақ хандығының қоластына кірген Ноғайдың Қараағаш, Маңғыт руларын айтып отыр.

Сібірдің шығысынан ызғар келді,
Татардың тоғыз бірдей тайпасына¹.

Білдіріп елі-жұртын сағынғанын,
Көрген соң замананың тарылғанын.
Әкесін барып көріп қайту үшін,
Ұғындым бәйбішемнің қам қылғанын.

Боларын ауыр күннің сезіп жүрек,
Туысты көрмейміз бе, көрем бе деп.
Тірлікте елін көріп қайту үшін,
Өтініп жарқосағым қойды тілек.

Тілегін Айшажанның қабыл алдым,
Жүрмек боп алыс жаққа дайындалдым.
Аттар мен азық, киім, қару қамдап,
Бұл жайды ұлдарыма хабарладым.

Қалған соң ата-анасыз қос жетімек,
Асырап екі ұлға да еттім көмек.
Белгісі мұсылманшылық сол болады,
Тірлікте бір-біріне жәрдем бермек.

Есімі қос жетімнің Айбек, Ермек,
Үйреттім екеуіне нұсқа, өрнек.
Сайысқа үлкен ұлдар баулыған соң,
Ыңғайлы болды олар да қылыш сермеп.

Баламдай қолымда өскен сол екеуі,
Бізге еріп, Кіші жүзді болды көрмек.
Өсіргем оларды да жауынгер қып,
Жаттыққан дұшпандарға найза кезеп.

Болғанмен өздері жас, ісі кесек,
Екі ұлым бармақ болды Науан, Әсет.
Ер жастап жорықтарда бастарына,
Түнеген түзде астына тоқым төсеп.

¹ Татардың тоғыз тайпасы деп ақын Сағай, Боржіген, Меркіт, Оқғұт, Барабы, Ескер, Барын, Қарабаш, Қоралаш деген Сібір татарына жататын тоғыз руды айтады.

Барыстың қысы әйтеуір шусыз өтті,
Ұзамай көктемдағы жылжып жетті.
Басталып Наурыз айты жұрт қуанды,
Төрт балам жол жабдығын дайын етті.

Туыс ел Арқадағы Арғын-Қыпшақ,
Керейге хабар салды көмек сұрап.
Еділден Кіші жүздер жәрдем күтті,
Соларға қол жөнелттім сарбаз құрап.

Бір інім Дәстем салдай қолды бастап,
Майданға арқадағы араласпақ.
Аттанды ту көтеріп, қобыз тартып,
Жер шолып, жан-жағына көзін тастап.

Еділге бармақ болып қойып бетті,
Жасақты ұлым Әди бастап кетті.
Жайнатып жасыл туды ол да ұстап,
Сыбызғы ап жорық күйін тартып кетті.

Өткен күз жау жорығы саябырлап,
Осы қыс тыныс алды жұрт байырлап.
Інімді Асқап дейтін шора¹ сайлап,
Мен болдым Сыр бойына сапар қылмақ!

Дәл биыл елу бірге келген жасы,
Інімнің домалаған өрге тасы.
Өткізген сан майданды өз басынан,
Керейде Асқап еді ғаскербасы.

Бойларын ерлік, өнер кеткен кернеп,
Ойы бар, жау жолықса, соққы бермек.
Ту ұстап, тұлпар мініп, сауыт киген,
Төрт ұлым: Науан, Әсет, Айбек, Ермек.

Айтқан сөз асылыққа жазбасын деп,
Ел-жұртым жауға жем боп азбасын деп,
Шабуыл басталарын халқыма айттым,
Қапыда дұшпан орын қазбасын деп.

¹ Шора – аймақ билеушісі.

Басталмай елге жорық шықтым сыртқа,
Қоштасып аға-інім мен қалың жұртқа.
Көсем боп Керей-Уаққа Асқап қалды,
Болам ба алпыс бірде көпке тұтқа.

Батыс Сібірдің елі боп тұрған ұзақ,
Қош бол деп туған жұртым Керей-Уақ.
Көргенше енді айналып есен болғай,
Дедім мен қыдыр түнеп, орнасын бақ.

Боларын шабуылдың болжап кеттім,
Жағдайын ел-жұртымның ойлап кеттім.
Жан-жаққа қарауылдар сарбаз қойып,
Асқапты қолға сардар сайлап кеттім.

Ағамның Қарабастай баласы – Асқап,
Өзіме серік болған ғаскер бастап.
Майданда қуат болған жан бауырым,
Жұртыма жолатпаған жауды жасқап.

Барам деп Кіші жүзге болып іңкәр,
Біз міндік астымызға қос-қос тұлпар.
Төртеуі төрт жүз жауға төтен берер,
Ұлдарым қасыма ерген алып сұңқар.

Еш пенде болжай алмас сапар алдын,
Екі ұл мен екі атқосшы ертіп алдым.
Шаттанып сыбызғыны алып қолға,
«Құдая, бағымды аш!» – деп, кете бардым.

Мақтану еш пендеге жарамайды,
Тәңірім мақтанғанды қаламайды.
Алда болар зор қауіп ойды бөліп,
Бойыма ішкен асым тарамайды.

Өлмей пенде қалмаған айтсам ашық,
Ажалдан құтылмаған ешкім қашып.
Пенденің өлшеулі уақыты бітері анық,
Жүргенмен сүм жалғанда маң-маң басып.

Басында сәуір айы шықтық жолға,
Дедік біз, Алла, аруақ, өзің қолда.

Ай жүріп, қайын жұртқа келіп жеттік,
Көрместен ешбір бейнет ұзақ жолда.

Қайын жұрт Байұлыда Есентемір,
Көсемі-Қабыланбек би адал көңіл.
Бәйбішем сол Қабыланның жалғыз қызы,
Қайнағам Айбасқали, Ерсен, Өмір.

Қарсы алды қуанысып жас пен көрі,
Жиналып қайын жұрттың келді бәрі.
Сұрасып амандықты шат көңілмен,
Басталып кетті мәжіліс одан әрі.

Айшажан елі-жұртын келіп көрді,
Көрісіп Қабылекене сәлем берді.
«Алыстан әдейі арнап келдіңдер», – деп,
Үлкендер разы боп көңілденді.

Той-думан жүрген жерім, жиын болды,
Ат-түйе ел тартуы сыйым болды.
Жұртыма зор шаттықпен қайтар кезде,
Басталып қырғын соғыс қиын болды.

Көбейіп әр аймақта жойқын ұрыс,
Жарқылдап басты кесіп алмас қылыш,
Ауыр күн ел басына орнаған соң,
Тоқталды қатынас пен ұзақ жүріс.

Құлдырар болғаннан жағдайымыз,
Шөліркеп қататын боп таңдайымыз.
Қолданар күшті қару болмаған соң,
Қайтатын боп тұр жаудан маңдайымыз.

Мәңгілік баянды емес тақтың өзі,
Әркімге қона бермес бақтың өзі.
Есіркеп мұндай ауыр кезеңдерде,
Біздерге пана болсын Ақтың¹ өзі.

¹ Ақ (Хақ) – Алла, құдай, Тәңірі деген мағынаны білдіретін атау сөз.

Келем деп мейман болып Қуаң Сырға,
Қайта алмай көп қиналдық біз де қырға.
Жұртымның күйзелісін көзбен көріп,
Қобыз ап қосып тұрмын мұңлы жырға.

Татар, Естек¹, Ноғай атым жеткен,
Қайтпайтын жауынгер ем алған беттен.
Келем деп қайын жұртқа жыр шығардым,
Елімнің күйін көріп жапа шеккен.

Жұртымнан неге аяйын өнерімді,
Жоғалтпан тірі жүріп беделімді.
Халқымның ауыр халін баян етіп,
Бастайын «Елім-ай!» – деп өлеңімді.

Айтылар көптің мұңы болса жиын,
Ондайда ер сөзінде болар түйін.
Шығарған осы жырмен қоса қабат,
Аталсын «Елім-ай!» – деп ән мен күйім.

¹ Естек – Башқұрт халқын құрайтын екі тайпалық одақтың бірі.

ӨТКЕН КЕЗЕҢ

(Ақтабан шұбырындының алдындағы оқиғалар)

Атыма көптен қанық Қазақ, Ноғай,
Есімім – Қожаберген, әкем – Толыбай.
Бөгенбайдан бұрынғы ордабасы ем,
Үш жүзде сардар болған қалың қолға-ай.

Қалмақтың қамалдарын бұзған талай,
Өз Тәуке тұсындағы қолбасы едім.
Кейінгі ақындарға нұсқа айтқан,
Қазақтың аға жырау жорғасы едім.

Серілікпен жаста шарладым,
Қазан мен Кемер¹ арасын.
Ата жаудан қорғадық,
Мұсылманның баласын.

Жасымда жасап сан жорық,
Байкөлден аса мен бардым.
Сол жақтан қалмақ келгенін,
Жас та болсам аңғардым.

Ордабасы боп жүріп,
Көп ел мен жерді таныдым.
Тастарына таулардың
Найзамның ұшын жаныдым.

Шығыстың елін еске алып,
Уайымды бойдан серпейін.

Ішке бәрін сақтамай,
Азырақ сыр шертейін.

¹ Кемер – Ресейге қарасты Кемеровск қаласы орналасқан қоныстың бұрынғы атауы.

Жау қалмақтан қайтарып,
Әкеп беріп малдарын.
Тілмаш тауып сөйлеттім,
Шор, Тұба, Саха шалдарын.

Жатқызады олар өздерін,
Татардың ескі жұртына.
Алаш тауын біз көрдік,
Алтайдың шығыс сыртында.

Бабалардың дәуірі,
Бөленген талай кезеңге.
Өтеді екен сол тұстан
Алаш деген өзен де.

Жағасына қосын қондырып,
Өзеннен атты суардық.
Бабамыз Алаш жері деп,
Аралап тауын қуандық.

Кездестірдік сол жерде,
Татардың руы – Сағайды.
Өздеріне байғұстар,
Бізді де туыс санайды.

Ауылдарын аралап,
Жөн сұрасаң Сағайдан.
Қалмақтармен соғысып,
Қанына әбден қарайған.

Көп соғысып жоңғармен,
Азайған екен сандары.

Біздерді көріп қуанып,
Атқандай болды тандары.

Дінін, тілін, салтын да
Жоймақ болып қалмақтар.
Татардың Сағай еліне
Қиын бопты жан сақтар.

Қорлығынан қалмақтың,
Тап болса да тұрмыс ауыры.

Мұсылмандығын сақтаған,
Сағайдың аз қауымы.

Пана тұтып біздерді,
Көшті Сағай Том жаққа.
Біз сияқты олар да
Сиынды Алла, аруаққа.

Бөлініп қалған Сағайлар,
Ұзақ жыл Татар тобынан.
Табысып туған халқымен,
Айы туған оңынан.

Ұста қыстақ¹ өңіріне,
Сағайлар келіп орнықты.
Ұмыта алмас тірлікте,
Қалмақтан көрген қорлықты.

Ұста қыстақ, Кемердің
Арасын Меркіт мекендеп.
Жақын тартты Сағайды,
Туысқан тайпа екен деп.

Көк көз, сары Меркіт те
Татардың бір бұтағы.
Қалмақ шапқан кезінде,
Шаруасы оңбай жұтады.

Оңғұт пенен Боржіген,
Татардың еді руы.
Көрінді анық олардың
Сағайға іш бұруы.

Меркіт, Сағай, Оңғұттар
Табысып қайта бірлесті.
Ел, жерін қорғап халхидан²,
Табан тіреп күресті.

¹ Ұста қыстақ – Ресейге қарасты Новокузнецкий қаласы орналасқан жердің мұсылманша атауы.

² Халхи – қалмақ халқын құрайтын ірі тайпалардың бірі.

Ағайын етті Сағайлар,
Барабы, Барын, Ескерді.
Қазақ пен Татар бірігіп,
Ойратты жеңіп еңсерді.

Рулы ел боп Сағайлар,
Отыз бес жылда ес жиды.
Келіп-кетіп саудамен,
Қазақтан көрді көп сыйды.

Тыңайған аз ел Сағайға,
Жаулар қалды жақындап.
Соқтықпай алыс жүрсе де,
Қоймады ақыр тақымдап.

Міне, сол момын Сағайды
Тағы да қалмақ жем қылды.
Тартып алып қонысын,
Күнкөрістен кем қылды.

Шабуыл жасап Торғауыт,
Боржігендерді талады.¹
Қанға бояп жерлерін,
Мал-мүлкін тартып алады.

Атқылады жау мылтықпен,
Татардың жұрты – Оңғұтты¹.
Шабуылдары қалмақтың
Мұсылмандарды қорқытты.

Шапты тағы Жоңғарлар
Татардың елі – Меркітті.
Жер-суынан айырып,
Байғұстарды үркітті.

Қалмақ жаулап алыпты
Қытайдың жұрты Солонды.
Ел шапқанға қуанды,
Болғандай бір жолы оңды.

¹ Оңғұт, Сағай, Боржіген, Меркіт – бәрі, Сібірдегі татардың рулары.

Шығыстан кәпір қалмақ бас салғанда,
Оларда да болмады оқ пен дәрі.
Осы аталған елдерді жаудан қорғап,
Тер төккен қазағымның батырлары.

• • •

Сұмырай халдан Бошох дүниеден өтіп,
Ұлдары орнын басар қалды жетіп.
Күшігі Сыбан Рабтан таққа отырды,
Қалмаққа хонтайшы боп билік етіп.

Туысы халдан Бошохтың малгүн Сенге,
Санады көрші елдерді ылғи кемге.
Аңсары күннен-күнге ауа берді,
Басып ап басқа жерді мекендеуге.

Халдан Бошохтың інісі – Сыбан Рабтан,
Көрші елді жауламақ боп көз алартқан.
Бұйратты¹, Халхиды да қосып алып,
Татардың Барабысын келіп шапқан.

Татардың бір тайпа елі, аты – Барын,
Олардың қалмақ алды ат пен нарын.
Жер-суын Жоңғар басып қалғаннан соң,
Болды ғой байғұстарға дүние тарын.

Барынның жерін қалмақ бұрын алған,
Терістік шығыс Алтайға ойран салған.
Айырылып Алтайдағы қонысынан,
Барындар Түмен жаққа ауып барған.

Сыбан Рабтан бастаған кәпір қалмақ,
Ескер мен Құралашты қатты шапқан.
Барын мен Барабыны тағы тонап,
Жылатып мұсылманды олжа тапқан.

Сұңқар мен Қарабашты Ойрат шапты,

¹ Бұйрат – Бурят, ол – қалмақ тайпаларының бірі.

Татардың бірталайы қаза тапты.
Қалғаны бас сауғалап, жылап-еңіреп,
Жалма-жан қазақ жаққа көше қашты.

Баранның Алтайда тек есімі қалды,
Түменде Керейлерге паналады.
Қалмақтар Қарқабатқа¹ жеткен кезде,
Татарлар Орта жүзді сағалады.

Көңілі халхи, жоңғар судай тасты,
Сібірдің татарларын бірден басты.
Қазақтан көмек сұрап Құралаш, Ескер,
Шошынып дәу мылтықтан қатты састы.

Дұшпандар биылғы жыл өте сұсты,
Татарға апат келіп, қайғы түсті.
Керейге паналауға көшкен Ескер,
Тап болып жау оғына зәресі ұшты.

Татарлар Керейлерге паналаған,
Ел көріп Орта жүзді жағалаған.
Қазақтар қамқорына алғаннан соң,
Жартысы Барабы, Ескер аман қалған.

Шабылып жау қалмаққа болып қолды,
Сібірдің татарлары быт-шыт болды.
Мұсылман баласына босқа өшігіп,
Сыбан Рабтан ит шықты қанды жолды.

Қарабаш, Құралаш пен Барабы, Ескер,
Сібірді мекендеген татар жұрты.
Атысар күшті мылтық болмаған соң,
Соққы жеп кетті олардың жаман сұрқы.

Бір жағынан төндіріп Естек қауіп,
«Жылқымды алдыңдар» – деп, жала жауып.
Көрші елдің айтағына ерген Башқұрт,
Татардың Сұңқар елін кетті шауып.

¹ Қарақабат – Барабы руы (Татардың) мекендеген қоныстардың бірі, бұл қоныс осы күнде Ресейге қарасты Новосибирский облысына қарайды.

Сібір Татары Ресейге қараса да,
Ол елдің ісін Орыс жөн көрмеді.
Жоңғарлар татарларды шапқан кезде,
Ресей қалмақтарға қой демеді.

Жердің елсіз қалғанын хош көрді орыс,
Оларға қажет болды иесіз қоныс.
Қоластындағы татарға көмектеспей,
Ресей қыр көрсетті тіпті жолсыз.

Жау қалмақ оған дейін көп жерді алған,
Хас пен Саха жұртына ойран салған.
Қырғыздың Енесайда қалғандарын,
Жоңғардың жыртқыш қолы¹ жаулап алған.

Ойраттар Алтай жағын басып алды,
Аямай тұрғын жұртты ойрандады.
Қырғыздың Шор, Тұбадай әлсіз елін,
Доп атып дәу мылтықтан жотап салды.

Береке Шор, Тұбадан қашып қалды,
Мылтықтан қорқып Қырғыз жасып қалды.
Табиғы² болған елден ғаскер жинап,
Соғысты созуға жау даярланды.

Шор, Тұбаны кей шежіреші Татар дейді,
Бірге өскен Хас, Сахамен қатар дейді.
Шыңғыс хан көшкен кезде ермей қалған,
Қырғызға содан бастап жатады дейді.

Сыбан Рабтанның баласы Халдан Серен,
Жазықсыз Түрік жұртын³ қыра берген.
Доп атып дәу мылтықтан үсті-үстіне,
Жылатып мұсылманды қуа берген.

¹ Қолы – әскері, жасағы деген мағынаны білдіретін сөз.

² табиғы деген ескі сөз, ол тәуелді, бағынышты деген мағынаны білдіреді.

³ Түрік жұрты деп те, мұсылманды деп те ақын Сібір татары мен қазақты, шалабай башқұртын айтып отыр.

Аузынан көршілердің асын жырып,
Себепсіз көп елдердің қанын төгіп.
Байыған тонауменен қалмақ сұмырай,
Қасқырдай тояттанды майға бөгіп.

Жоңғарға Дүнген, Сібе дихан болып,
Шор¹, Тұба, Саха² мен Хас малшы болып.
Шаруасын тәуелді елдер атқарған соң,
Жауыздар дәулеттенді, бақыт қонып.

Алтын, күміс, мал беріп аямай-ақ,
Орыстар мен Қытайдан білгір жалдап.
Сыбан Рабтан ден қойып өнерпазға,
Ғаскерін үйреттірді он жыл қамдап.

Қамданса да соғыстан тыйылмады,
Құдайға кәпір қалмақ сыйынбады.
Жартысын жасағының аттандырып,
Көршісін жерден қуып сыйғызбады.

Дариға-ай, қалмаққа өнер қайдан келсін,
Тетігін дәу мылтықтың қайдан білсін?
Он жылғы мол жабдықпен келіп шапты,
Дегендей қайратымды қазақ көрсін!

Өнерді надан қалмақ менгерген жоқ,
Дәу мылтық жасауды олар үйренген жоқ.
Көрші екі ел³ мылтық беріп айдап салды,
Әйтпесе қалмақ бізге тең келген жоқ.

Қалмақтың шыққан тегі – манжор екен,
Байкөлдің ар жағынан келген екен.
Хоролұқ деген арғы Хантайжысы,
Көп елді жаулап алам деген екен.

Сол иттің бастап кеткен лаңы да,

¹ Шор, Тұба, Саха, Хас – төртеуі ескі қырғыз тайпалары.

² Саха – қазіргі Якут халқы, Хас – қазіргі хакас халқы.

³ Көрші екі ел деп жырау Ресей, Қытай елдерін айтып отыр.

Көп құйған күшігінің құлағына.
Басқа елдерді жаулауға құмарытып,
Қалмаққа қан төккіштік ұнады да.

Маңғұл татар болғанда¹, қалмақ басқа,
Сұм қалмақ әкелді ажал кәрі-жасқа.
Көп халық Торғауытты қарғаса да,
Тұмсығы тимей тұр ғой оның тасқа.

Татарды қуған ойрат бізге жетті,
Жыл сайын шабуылды жиілетті.
Қалмақтар қорғасын оқ жаудырғанда,
Мылтықсыз мұсылманның есі кетті.

Қарқабат, Тармақкөлді кәпір алып,
Бекінген Үшбұлаққа салық салып.
Жантекей², Тоқымбет³ жалы тағы қалды,
Сол шақта ел жылады қайғыланып.

Жоңғарлар дәу мылтықты қолданған соң,
Керейдің біраз жері қолдан кетті.
Шайқасты кәпірлермен сарбаздарым,
Бел буып тәуекелге қойып бетті.
Қарашада топ ат тұяғынан мұз ойылып,
Көп қалмақ Омбы өзенде суға кетті.

Сан өтті қолдан-қолға Омбы өзені,
Соғыстың ауыр тиді бұл кезеңі.
Қалған соң ата мекен жау қолында,
Өртенді соны ойлап жұрт өзегі.

Жау қалмақ оқ атса да оң мен солдан,
Майданда айнығам жоқ ерлік жолдан.
Ежелден Керей мекен еткен Сібір,
Қалайша шығарамын оны қолдан.

Қыс түсіп, Омбы өзенде соғыс тоқтап,

¹ Маңғұл-Татар болғанда, қалмақ басқа деп ақын Маңғұлдың Татарға жататынын ашық айтады да, қалмақтың жат ел екенін анық көрсетіп айтады.

² Жантекей де Керейдің бір бұтағы.

³ Тоқымбет – Орта жүз Ашамайлы керейдің бір бұтағы.

Қалмақтар дайындалды мылтық оқтап.
Біз-дағы хал-хадари мылтық соқтық,
Жоңғарда кеткен көптің кегін жоқтап.

Көктемде майдан ашты Халхи, Жоңғар,
Сібірдің Түрігіне шашып ызғар.
Қойдық та тосқауылға мергендерді,
Батырлар жауға шапты қамал бұзар.

Соғысты Омбы өзенде көзбен көрдім,
Дұшпанға қолма-қолда соққы бердім.
Майданда мылтық аз боп атысарға,
Жігерін құметті ғой талай ердің.
Қол оқпен қалмақтарды сан сұлатқан,
Ерлігін көрдік бүгін мұридтердің¹.

Төнген соң найза ұрыста үлкен қауіп,
Ордостар оқ боратты амал тауып.
Шар түсіп, маңымызға жарылған соң,
Ештеңе өндірмедік жауға шауып.

Шырақтар оқ жаудырды өршеленіп,
Тастауға Омбы өзеннен бізді бөліп.
Еріксіз шегінуге мәжбүр болдық,
Адамға, ат пен нарға қатер төніп.
Сан рет дәу мылтықтан атылды доп,
Оған қайрат қыларлық бізде түк жоқ.
Өлгені адамзаттың есеп емес,
Дұшпанның көздегені дүние боқ.

Жер алу жоңғарлардың есі-дерті,
Мықты екен Ресеймен еткен серті.
Көбейді қалмақтардың үсті-үстіне,
Әр жерде қайта-қайта салған өрті.

Тастауға Омбы өзенін ақыр көндім,
Ептеуге жан шығынын көңіл бөлдім.
Ойратпен бір жарым ай ұрыс салдық,
Маңында Ашамайлы дейтін көлдің.

¹ Мүридтер деп ақын діни шәкірттерді айтып отыр.

Ордос, Шарақ қалмақтың елдері екен,
Осора өзен бойы жерлері екен.
Үш ғасыр уақыт бойы жылжи-жылжи,
Кеңейткен қоныстарын кездері екен.

Керейден Омбы өзенін тартып алды,
Ертіске орнап Халхи жатып алды.
Көк шалғын қазақ жерін қанға бояп,
Жауыздар сахарамда лаң салды.

Керейді күнбатысқа сырып салып,
Торғауыт Ертіс бойын басып алып.
Теріскей шығыс жақтан енген кәпір,
Соқтықты елімізге мазаны алып.

Ертістің батысына өтіп алды,
Доп атып жиі-жиі бүлік салды.
Шегіндік мылтық бізде аз болған соң,
Сибан көл, Тарышы көлі жауда қалды.

Ежелден ата-бабам қоныстанған,
Орманда, ішкі ашыққа қыстау салған.
Ертіске Омбы өзені құяр жерін,
Айнала тоғаймен қалмақ алған.

Аққас* көл, Қарақас* көл және қалды,
Жастабан* жалын қоса ойрат алды.
Аянбай табан тіреп соғыссақ та,
Жылжымай сол араға шебін салды.

Оқ атып дамыл бермей қалмақ елге,
Сын болды қол бастаған біздей ерге.
Шегіне ұрыс салып ақырында,
Тірелдік Танаш көл мен Аббас көлге.

Бекініп екі көлдің арасына,
Шатырды тігіп судың жағасына.
Отырдық Көшебе орман қойнауында,
Жауынгер дәрі жағып жарасына.

Бөгеуге күшті салып жанталастым,
Жасымнан Торғауытпен найзаластым.

Майданда дәу мылтықтан алыс тұрдық,
Ғұмырын сақтамақ боп өңшең жастың.

Болса да ерлігі мен көпке мерей,
Мылтықсыз әлсіреді біздің керей.
Тоқтаттық Есілкөлде қалың жауды,
Үздіксіз шабуылдап есе бермей.

Алмақ боп көп мылтық пен жақсы қару,
Мақсұты болғаннан соң жұрты шабу.
Керейден тартып алған Омбы өзенін,
Орысқа кәпір қалмақ етті тарту.

Амалсыз Ертіс бойын тастап шықтық,
Дұшпанның бой бермесін әбден ұқтық.
Ор қазып, Есілкөлде жолын бөгеп,
Соғысып қолма-қолда қалмақты ұттық.

Сардардың бірі інім – Дәстем алып,
Көп қырды кәпірлерді күшін салып.
Найзалап жекпе-жекте қалмақтарды,
Лақтырды бірнешеуін аттан алып.

Тоқтады жау Есілкөлден өтпей бері,
Жоңғарда кетіп тұр ғой елдің кегі.
Бұл майдан екі жаққа да ауыр соғып,
Көп төгілді ерлер мен аттар тері.

Өз Тәуке болса-дағы достыққа ынтық,
Сатпады Ресей, Қытай бізге мылтық.
Жоңғарлар қорғасын оқ боратқанда,
Найза ұстап, садақ асып, қарсы шықтық.

Соғыстан Ресей, Қытай босамаған,
Сонда да жерімізге көз тастаған.
Өздері бізге жорық жасамаған,
Халхилар солар үшін іс бастаған.

Бастаған Ойрат ісі ұрыс болды,
Бұл соғыс Ресей үшін дұрыс болды.
Қалмақты жабдықтаған қос көршінің,
Өуелден көздегені қоныс болды.

Жазықсыз шапқан талай елімізді,
Боялтқан қызыл қанға жерімізді.
Ата жау күншығыстан шабуылдап,
Қайнатты іште жатқан кегімізді.

Терістік жаққа өтіп орап алды,
Жылатып көп ауылды тонап алды.
Күшінді Қожаберген көрейін деп,
Доп атып, дәу мылтықтан сынап алды.

Танытып сарбаздарға оң мен солын,
Басқардым Керей-Уақ, Татар қолын.
Қалдық деп бір күн өліп, бір күн туып,
Бөгедік ұрыс салып дұшпан жолын.

Бұғалық қолма-қолда жауға тастап,
Дұшпанды тұтқын етті інім – Асқап.
Қорқып қашқан қалмаққа жете алмадым,
Қос атым жараланып, аяғы ақсап.

Пайдасы бізге тиіп бірме-бірдің,
Жер құшты бірталайы қанішердің.
Оқ тиіп Есіл көлде қос тұлпарға,
Қасқа ат пен торы ат басын жерге көмдім.

Майданда жауға жебе сан бораттым,
Қасқа ат пен торы атты да көп жараттым.
Ақыры екеуінің де басын көміп,
Жіліктеп қалың қолға ет тараттым.

Қарақшы торғауыттар әкелді індет,
Сасытып шикі ет жейтін өңкей жендет.
Қазақта әкесінің құны бардай,
Жасады зор шабуыл бізді күндеп.

Терістік жағымыздан орап өтіп,
Шалабай Естегіне Жоңғар жеткен.
Атқылап оларды да дәу мылтықпен,
Жазықсыз кәрі-жастың қанып төккен.

Қалмаққа шамалары жетпеген соң,
Естектер бізге қарай ауып кеткен.

Орыстың мылтығымен қаруланып,
Орал тау шығысына жаулар жеткен.

Босаған соң қуанып талай қоныс,
Қалмаққа алғыс айтқан билікті орыс.
Тоқтатып сол арада қалмақтарды,
Оларға сыйлық берген ұлық орыс.

Қалмақтар салған кезде елге жара,
Естекке, Татарға да түспей ара.
Орыстар жоңғарларға қой демеді,
Болған соң мұсылманға көңілі ала.

Естекке, Татарға да үстемдік қып,
Орыстар ол екі елге салық салып.
Оларды өздеріне табиғы қып,
Алымын жүретұғын жинап алып.

Естек пен Татар жұрты Сібірдегі,
Қазаққа иек сүйеп көңілденді.
Төлемей соңғы жылдар орысқа алым,
Кәпірмен қақтығысу жиіленді.

Сол үшін қалмақты орыс айдап салды,
Естек пенен Татардан өшін алды.
Еріксіз мұсылманды тайдырған соң,
Мұңайып өзен, көлдер иесіз қалды.

Шаттанып бекінісін орыс салды,
Мекені Естек, Татар жауда қалды.

• • •

Соғысты күшейтуде қалмақ енді,
Боялтып қызыл қанға шеткі жерді.
Алтайдың қазақ тұрған өңіріне,
Жоңғардың ғаскерлері басып кірді.

Алтайда салып ойранды,
Ойраттар шапты Найманды.
Дәу мылтықтан шар түсіп,
Бақыты елдің тайған-ды.

Соғысып Найман қалмақпен,
Бес жыл уақыт өткен-ді.
Дәу мылтықтан беті қайтып,
Жеңілер күндер жеткен-ді.

Алтайды ақыр жау алып,
Найманнан хал кеткен-ді.
Жер-суын тастап қалың ел,
Жетісуға қарай көшкен-ді.

Алтайды қалмақ алған соң,
Жайсаңға қарай жол тартты.
Дәу мылтықтан доп атып,
Ондағы елді зарлатты.

Жайсаңнан қуып Найманды,
Қалмақтар қанат жайған-ды.
Тарбағатайды алмақ боп,
Жаулар тағы ойланды.

Тарбағатай үшін тағы да
Наймандармен соғысты.
Мылтықтан оқ жаудырып,
Қыздырды қалмақ ұрысты.

Үсті-үстіне атқылап,
Қазақты естен тандырды.
Мылтығы жоқ наймандар,
Амалсыз жауға алдырды.
Тарбағатай тауын ақыры,
Қалмақтарға қалдырды.

Орап өтіп Найманды,
Шыңғыстауға жау жетті.
Арғынға салып бүлікті,
Мылтықты көпір әндетті.

Аягөз бен Шыңғысқа,
Қалмақтар көзін тігіпті.
Жеті момын Арғындар,
Жау жеңерін біліпті.

Сонда дағы берілмей,
Соғысып жаумен көріпті.
Тойтарыс беріп кәпірге,
Үздірмек бопты үмітті.

Дәу мылтықтан доп атып,
Беттетпепті қазақты.
Мейірімсіз қалмақтар
Әкелді жұртқа азапты.

Ежелден мекендеген Шыңғыстауды,
Тобықты, Күрлеуіт пен Қанжығалы.
Жүргізбей бөгеу үшін ата жауды,
Соғысып жер-су үшін күшін салды.

Арғынның аты аталған үш руы,
Бөгенбай Ақшаұлының елдері еді.
Соғысып жоңғарларға бой бермеген,
Қазақтың маңдай алды ерлері еді.

Шыңғыс пен Аягөзді қалмақ алып,
Бөгендей қолбасшыны қалжыратты.
Шама жоқ дәу мылтыққа қарсы тұрар,
Қазақтар жерін тастап абдырапты.

Тобықты, Қанжығалы, Күрлеуіттер,
Қоныссыз қалғаннан соң Сырға ауды.
Балқаштың шығысында тойтарды олар,
Өкшелеп қуып келген қалмақ жауды.

* * *

Ойғырдың анасы – Қытай, атасы – Түрік,
Қытаймен көрші тұрды жиенсініп.
Соқтығып Қарақалпақ ағайынға,
Шетінен жұртымыздың салды бүлік.

Дүнгеннің анасы – Қытай, атасы – Араб,
Жатпады олардағы текке қарап.
Ұрынып Найман – Қоңырат, Жалайырға,
Мазасын кетірді, елдің шабуылдап.

Қожаберген жырау

Торпаннан Ойғыр жері қашық еді,
Тибетпен сыйыса алмай қашып еді.
Сыбан Рабтан Ойғырдан ғаскер алып,
Алға сап майдан жолын аршып еді.

Жау қуып Қарақалпақты Тұрпанды алды,
Жұрт ауып, Хобда бойы босап қалды.
Ел қашып, өлке иесіз қалғаннан соң,
Ол жерге қалмақтар кеп қоныстанды.

Тұрпан, Хобда, Ақсу мен Құлжа Төрт көл,
Қызыл күре – бәрін де қалдырған соң,
Босқынға Қарақалпақ халқы айналды,
Шапқыншы Бұйрат естен тандырған соң.

Бектері Ойғыр, Шүршіт болып найсап,
Тонады көшкен елді сан атой сап.
Күншілдік мұсылманға кесір болды,
Бимәлім замананың сырын айтсақ.

АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА

Бұл қырғын жаппай барша қазаққа ауды,
Наймандар тастап көшті Алтай тауды.
Жалайыр, Найман – Қоңырат, Қарақалпақ
Қиналды тоқтата алмай келген жауды.

Теріскей Алатауды қалмақ алды,
Найман мен Қоңыратты қуып салды.
Қайран жер жау иелігіне көшкеннен соң,
Жоңғардың Алатауы деп аталды.

Сауыр, Сайхан тауларын Ойрат алды,
Қаңырап Тарбағатай, Жайсаң қалды.
Найзалап балаларды қанішер жау,
Аямай қырды әйел мен кемпір-шалды.

Қырылу Алакөлден басталып тұр,
Қазақтар Ұраңқайдан жасқанып тұр.
Ресей мен Қытайға арқа сүйеп,
Жоңғар сұм сол екі елден күш алып тұр.

Қазақты Шорос қолы бас салып жүр,
Мекені әр ауылдың бос қалып жүр.
Жалайыр, Найман-Қоңырат, Қарақалпақ,
Айырылып қонысынан зар жылап жүр.

Ордос, Шарақ, Харачин – бәрі қалмақ,
Оларды Ресей, Қытай алған жалдап.
Қолына көп дәу мылтық тигеннен соң,
Келеді жолдағы елдің бәрін жалмап.

Еділдің батысындағы қалмақтарға,
Қатыс деп біз бастаған шатақтарға.

Астыртын жоңғарлардан жеткен хабар,
Ұрын деп батыс жақтан қазақтарға.

Ызғарлы күншығыстан жел келеді,
Шұбырған Алтай жақтан ел келеді.
Еділден Ұбашы қалмақ тағы шапты,
Зор бөгет тас маңдайға кез келеді.

Көздерін қызықтырып Самар дала,
Жер үшін көңілдері болып ала,
Убашы, Хорос, Шорос, Телеуіттер
Кіші жүз елдеріне жапқан жала.

Бөлініп өз жұртынан кеткеніне,
Батыстан барып қоныс тепкеніне,
Жүз жылдан аса азғана уақыт болды,
Еділден бас сауғалап өткеніне.

Естекпен солар ашқан арамызды,
Ұлғайтып, ушықтырып жарамызды.
Еділден өтпей бұрын шығыстан кеп,
Он жылдай мекендеген даламызды.

Улантып жаулықпенен санамызды,
Жылатып кемпір-шал мен баламызды,
Еріксіз баса көктеп келсе-дағы,
Ақыры тастап қашқан даламызды.

Ол соғыс Есімханның тұсында өткен,
Қалмақты Дәулен атам қырған шеттен.
Шығысқа қайтар жолы кесілген соң,
Жер таппай паналайтын есі кеткен.

Жолы қиылып жеріне қайта алмаған,
Қазақпен соғысудан қалжыраған.
Қырылып алпыс мың түтін қақ жартысы,
Қалғаны ес жия алмай абдыраған.

Қарамай алды-артына қашқан қалмақ,
Сал жасап Еділден өрең өтіп кеткен.
Күл болып қызметінді атқарам деп,
Жеріне Ресейдің барып жеткен.

Қалмақты Ресей патшасы қабыл алған,
Мылтықпен жауыздарды жабдықтаған.
Қалмақтың әр тайпасының тұқымы бар,
Отыз мың үй тағы есін жиып алған.

Мылтық атуды үйретіп қалмақтарға,
Ресей мақсұтына пайдаланған.

Жерінен мұсылманды қуу үшін,
Ноғайға қалмақтарды айдап салған.
Орыстың қоластына енген дұшпан,
Ноғайды жер-суынан қуып салған.

Сонан соң Ноғай жерін мекендеген,
Жан-жаққа мойнын созып өңмендеген.
Ресейдің көмегімен көпір қалмақ,
Еділде Алшын жерін иемденген.

Сол қалмақ күнбатыстан жасап жорық,
Көрсетіп жатыр әне жұртқа қорлық.
Дес бермей екі жақтан соғыс бастап,
Жасап тұр халқымызға сансыз зорлық.

Ресейдің қолтығына еніп алды,
Солардың мылтығымен қаруланды.
Жоңғарға батыс жақтан демеуші боп,
Жұртына Кіші жүздің ойран салды.

Осылай екі беттеп тиді қалмақ,
Ғаскерін күн-түн демей жиды қалмақ.
Қазаққа екі жақтан шабуылдап,
Түсірді бейбіт елге ауыр салмақ.

Үш жүзге дұшпан болып шығыс жақтан,
Қытай да қаскөйлігін жасап жатқан.
Айдап сап қалмақтарды халқымызға,
Көк шалғын сахарамды шаң, қан жапқан.

Бұл заман, қай-қай заман, қайғы заман,
Бос кеткен ер еңбегі зайғы заман.

Айырылып бала-шаға, мал-мүлкінен,
Жұртыма апат келді өте жаман.

Алтай мен Жайсаң жақтан көш келеді,
Тай-тайлақ көш бас сайын бос келеді.
Айырылған егізінен қандай ауыр,
Мөлдіреп қара көзге жас келеді.

Үш жүзді көрші елдер жоқ аяп жатқан,
Жат болды мұсылмандар дінді ұмытқан.
Қол ұшын Қоқан, Хиуа бермек түгіл,
Дұшпанмен бірдей болды пәле баққан.

Күшігі Сыбан Рабтанның Шона Даба,
Халқыма оқ жаудырды келе сала.
Найман мен Жалайырды қуып тастап,
Құрығын тағы салды Дулаттарға.

Өлеңге қостым көзбен көрген кепті,
Халқымды қырғын соғыс тентіретті,
Жалайыр, Найман, Қоңырат, Қарақалпақ
Жеткізбей жау тобына ұзап кетті.

Бостырып Жалайыр мен Наймандарды,
Алтай мен Алатауды қалмақ алды.
Найман-қоңырат елдерін Барақ бастап,
Сарысу бойына өтіп қоныстанды.

Көп жылғы мол дайындық арқасында,
Паналап дәу мылтықтың қалқасына.
Екпіндеп ілгерілеп жетті жаулар,
Қаратал, Іле мен Шу, Балқашына.

Ұзынағаш-Үйсін жері батыс шеті,
Дәл биыл соған ауды жаудың беті.
Аға ұлы – үлкен жүзге келіп тиген,
Ойраттын қазақты аяр жоқ ниеті.

Сұм қалмақ Үш жүз қанын судай шашты,
Мылтығы көп болған соң күші асты.

Жау шауып, есі шыққан момын Дулат,
Арғын мен Қыпшақ жаққа көше қашты.

Ұзамай Іле бойын Жонғар алды,
Қаша алмай Албан, Суан жауда қалды.
Аймағын Жетісудың түгел жаулап,
Дұшпандар зар жылатты Қаңлыларды.

Амалсыз Шуға ауып Төле кетті,
Соңынан азғана ауыл ере кетті.
Жау қалмақ бүгін бізді жеңседағы
Түбінде оны қазақ жеңер депті.

Шағатын қалмақ болып улы жылан,
Қоныстан ауды қазақ болып құлан.
Келетін қолдан енді еш дәрмен жоқ,
Ажырады әке-шеше қыз бен ұлдан.

Халхилар жақындады Шуға таман,
Шошынды ел есі шығып одан жаман.
Күн сайын әр ауылды жонғар шауып,
Орнап тұр қазағыма ауыр заман.

Замана күннен-күнге қағынып тұр,
Қатал жау әрбір тұстан жабылып тұр.
Аяйтын Үш жүзімді көрінбейді,
Талайтын жолбарыстай шабынып тұр.

Жау болды ағайын ел Естек бізге,
Жасады ол да жорық елімізге.
Қоқан да күнгей беттен қоқандады,
Соқтықпақ Түрікпендер тағы бізге.

Ресей өршіткен соң өсекті де,
Болғанмен Түрік елі есепті де.
Жатпенен шонжарлары олжалас боп,
Естектер бірге шапқан өсекті де.

Мұсылман көмектеспей мұсылманға,
Бермеді қару-жәрдем қысылғанда.

Өштеспей Түрікпен, Естек, Қоқан, Хиуа,
Жөн еді қолдың ұшын ұсынған да.

Шыңдарын Алатаудың бұлт басты,
Кез болып қысақшылық қазақ састы.
Жау қалмақ шегірткеше қаптап кетіп,
Қайран ел есі шығып көше қашты.

Хангелді өз тобынан бөлек кетті,
Бұл соғыс бізге келген пәле депті.
Қоршаудан шыға алмаған Сіргелілер,
Шанышқы, Ошақтылар зар еңірепті.

Мылтығын Ресей, Қытай Қалмаққа сатты,
Айдап сап малғұндарды, қоқандатты.
Қырғызып қазақтарды қалмақтарға,
Орыстар қамалдарын салып жатты.

Бір елі Ұлы жүздің Шапырашты,
Жау қоршап, олардың да құты қашты.
Соғысқа қамданбаған көшпеліге,
Тұс-тұстан Хорос, Шорос майдан ашты.

Сары Үйсін, Ысты, Қаңлы жауда қалды,
Қоршаудан Үйсін жұрты шыға алмады.
Табиғы қалмақтарға болғаннан соң,
Бек, биі Ұлы жүздің корғалады.

Туысқан болыса алмай туысқанға,
Ұқсап тұр бүгінгі күн шын дұшпанға.
Қырсығып Бұхар ханы мылтық сатпай,
Жат болды Өзбек, Тәжік дін исламға.

Бұл елдер бізге жәрдем ете алмады,
Сертіне одақтастық жете алмады.
Бәрі де сырт айналып кеткеннен соң,
Ешкімнен қазақ көмек күте алмады.

Қамданған қалың жұртта күш болады,
Қамсыз елге дұшпандар түс болады.

Оңтүстіктен тиді кеп түрікпендер,
Сор маңдайға қасқыр да өш болады.

Сатпады Хиуа, Қоқан мылтық қару,
Олардың болды ойы бізді шабу.
Қазаққа күнгей беттен түре тиіп,
Жолдарын ойластырды олжа табу.

Хиуаның тигіш еді мылтықтары,
Сол мылтық қазақтарға сатылмады.
Аз еді ел ішінде Күлдірмамай,
Өзінің иесінен артылмады.

Болса да Өгіз түрік тектеріміз,
Түріктің көп елінен шеттедік біз.
Мұсылман қасқыр болып мұсылманға,
Қандастар жат боп кетті дәл осы күз.

Құрттатып ет жейтұғын Қалмақ көпір,
Үш жүздің сахарасын жайлады ақыр.
Теңемек болып бізбен терезесін,
Жауығып жүруші еді тігіп шатыр.

Сегіз жүз тоқсан бес мың жаудың қолы,
Доп атқан дәу мылтықтан аршып жолды.
Жағалай Үш жүз жерін басып алып,
Халқыма аямастан құрды торды.

Қазақтың сахарасы жүз құлпырған,
Қытай мен Ресейді қызықтырған.
Күнгейдегі хандықтар көз алартып,
Үш жүзді бассалуға дайын тұрған.

Жұртымның жағдайына болып қанық,
Байлаулы қазақ қолын пайдаланып.
Иесіз қалған жерге күрке тігіп,
Ресей масайрады қамал салып.

Мылтықсыз жетпеген соң шамалары,
Халқымның көп қиналды даналары.
Біздерде мылтық жоғын сезген Ойрат,
Жұртымның әлсіз жағын шамалады.

Жасақты қоймаған соң әрбір шетке,
Насихат жүрмеген соң әркез көпке,
Көшумен күні өткен аңғал қазақ,
Тап болды бейғамдықтан зәр індетке.

Болды ғой заман ақыр, япырым-ау,
Жарар еді қазақ қалса апаттан сау.
Үлгертпей елден сарбаз жиюға да,
Соқтықты қапияда мейірімсіз жау.

Айырылды бай-мырзалар саудасынан,
Бектердің ұшты бақыт сау басынан.
Аң аулап жүрген шағы түске айналып,
Жаңылды хан, сұлтандар тәубасынан.

Ажырады ер інісі мен ағасынан,
Төмендеп бұрынғы ерлік бағасынан.
Өсірген әлпештеп-ақ ұл менен қыз,
Адасып қалды-ау ата-анасынан.

Үш жүздің қалмақ алып күншығысын,
Қазақтың тоздырып тұр көп ұлысын.
Атқылап дәу мылтықпен ауылдарды,
Тарылтты мұрша бермей ел тынысын.

Дәл биыл қырсыққандай жаумай жауын,
Қызыл жел үдей түсіп соқты дауыл.
Шөп шықпай, егін шықпай, қуаңшылық,
Құратты дихандардың бақша-бауын.

Қысқа қам жасауға ел үлгермеді,
Шабындық қиын болды өртенгені.
Доп атып, дәу мылтықтан оқ жаудырып,
Қазақты қорғануға келтірмеді.

Сақтауға өз бастарын кейбір төре,
Қалмақпен құда болып, амал қылған.
Жаудан аман қалуға тәсіл тауып,
Шабылмай ауылдары есен тұрған.

Жоңғарға кей төрелер елді сатқан,
Көсемі жоқ қазақтың басы қатқан.

Жасанып жарақтанған қанқұйлы жау,
Жұртымды ойрандады тыныш жатқан.

Еділ-Жайық бойынан жұрт ағылған,
Алатау, Алтай жақтан ел сабылған.
Халықтың бас-аяғы жиналмай-ақ,
Естілді жау дабылы көп қағылған.

Соғысты Қазақ, Татар тілемеген,
Қалмақша көкірек керіп шіренбеген.
Жеріме Ұранқай, Халхи өрт салғанда,
Қалмады ел жауды қарғап-сілемеген.

Айырылып талай елдер мекенінен,
Қоштасты өзен, көлді әсем жермен.
Сыр бойы, Қаратау да қоныс болмас,
Келсе де Қоңырат-Найман Алакөлден.

Адамын Шу бойының отап салды,
Таразды шабуылдап Қалмақ алды.
Дәу мылтықтан доп атып, жол тазартып,
Сайрамның шаһарын кеп қоршауға алды.

Жеңіліп Сайрам халқы кетті босып,
Үнінен дәу мылтықтың қатты шошып.
Есі кетіп, басы ауған босқын елді,
Жауыздар атқылады алдан тосып.

Сайрамға таяу еді жасыл қала,
Кәпірлер барып жетті тап сол маңға.
Шаһардың бейбіт халқын қырды қалмақ,
Айнымай ұқсап тура жыртқыш аңға.

Шымкентке Торғауыттар басып кірді,
Хош көрмей, оқ жаудырды бірме-бірді.
Қаланың тірі қалған халқы қашты,
Жамылып жанталасып айсыз түнді.

Шымкентті жасыл қала дейтін халық,
Күн көрген тұрғындары егін салып.
Қызығы бір-ақ күнде ғайып болды,
Кенеттен қалмақтардың өрті шалып.

Жаулар кеп Түркістанды алды орап,
Бұршақша дұшпан оғы кетті борап.
Жан-жаққа жеңілген ел жөнелді ауып,
Ілезде шұбырынды іздер болды сорап.

Түркістан – Өгіз Түрік бас қаласы,
Бұл күнде Қазағымның астанасы.
Қанішер Ойрат қолы жаулап алып,
Оның да шығып жатыр масқарасы.

Хакімі еді Түркістанның Уәли төре,
Ол-дағы қаза тапты көппен бірге.
Жастарды қолма-қолға келтірмеді,
Жастығын ала өлер еді бірме-бірде.

Біреулер олжаланып бар байлығын,
Шаһардың қырғын тапты кәрі-жасы.
Шалқыған мол дәулетті қазағымның
Болмады-ау, осы күнде ішер асы.

Үш жүздің жауда қалып астанасы,
Қырылды кент жұртының жас баласы.
Тапталып ат тұяғына перзенттері,
Есі ауып қаңғып кетті-ау, ата-анасы.

Бір тобы жаудың барып Созақты алды,
Оқ атып шаһар халқын жайпап салды.
Аймағын Қаратаудың түгел жаулап,
Бойында Қуаң Сырдың асыр салды.

Созақтың көне аты – Аяз қала,
Ертеде шықса да одан талай дана.
Бұл күнде жау әскері оқ жаудырып,
Есепсіз көп қырылды бала-шаға.

Бастарын Қаратаудың мұнар жапқан,
Сылдырап Сырдың суы сылаң қаққан.
Жүргенде қалың жұртым көшіп-қонып,
Кенеттен қалмақ құрды қанды қақпан.

Бұл заман, қай-қай заман, құйын заман,
Шіріткен тамам жұрттың миын жаман.

Басталды Алакөлден жұрт сұлауы,
Мөңгіртті есті алып қоныс ауған.

Алатаудың басынан көш келеді,
Жорғалар әр көш сайын бос келеді.
Атсызды аты барлар ілестірсе,
Құдайым ондай істі хош көреді.

Аң орнына сұм қалмақ,
Адамзатты аулаған.
Алатаудың қырғызын
Қапыда шауып жаулаған.

Айналдырды майданға,
Қаратау, Тұрфан арасын.
Соғысуға елдердің
Келтірмеген шамасын.

Сібеге киім тіккізіп,
Дүнгенге егін еккізіп,
Дайындады жасағын,
Бұйрығын қалмақ өткізіп.

Қырғызға малын баққызып,
Солонға отын жаққызып,
Ойғырдан ғаскер жинады,
Көнбегенін шапқызып.

Саха менен Хасқа да
Айтқандарын еткізіп,
Өзірлеп қару-жарағын
Сөздерін елге өткізіп.

Шор, Тұба, Хас, Саханы
Есіләм діннен айырған.
Өз дініне мойын ұсынтып,
Бақытын бастан тайдырған.

Баса салып салығын,
Еріксіз алып алымын,
Аяусыз жоңғар талады,
Көрші отырған қауымын.

Хошоуыт, Дәрбіт, Телеуіт –
Қалмақтан шыққан сілімтік.
Аш қасқырдай қуанар
Кездессе жолда өлімтік.

Қанға құмар Убашы
Жұртты шапса сауыққан.
Қазақ пенен Ноғайға
Орынсыз дұшпан жауыққан.

Сұмырай қалмақ үйретті,
Жылқының ұстап асауын.
Азық, киім дайындап,
Жабдықтады жасағын.

Содырлы Халхи, Ұраңқай
Жазықсыз қырды Татарды-ай.
Мұсылманды кінәлап,
Қылмысынан жалтарды-ай.

Батыста шауып Ноғайды,
Шығыста қырып Сағайды,
Ел тонағыш Қалмақтың
Ниеті әбден қарайды.

Хорос, Шорос, Білеуіт
Қалмақтың еді жауызы.
Оғына ұшып солардың,
Көп өлді жігіт жамбозы.

Көрші елден алып дәу мылтық,
Жыртқыш қалмақ шаттанған.
Әрбір түстан қазақты,
Құртамын деп аттанған.

Біздің қазақ жұрты да
Алты Алаштың біреуі ед.
Ерте кезден жауынгер,
Мұсылманның тіреуі ед.

Қан төккіш, бұзық Жоңғардың
Қалмады ауылы шаппаған.

Сорына болып Үш жүздің,
Жаулығын халхи сақтаған.

Түркістан, Сайрам, Таразды
Қоршады Ойрат жендеті.
Сұлатты нелер шаһыбазды,
Әкелген қалмақ індеті.

Көрсетіп елге қаһарын,
Шашып Ұлы заһарын,
Ойрандады Ордостар
Шымкент, Созақ шаһарын.

Орнатып елге дозағын,
Жолға құрып тұзағын,
Мейірімсіз Торғауыт
Қаланың қырды қазағын.

Медіресе, Мешітті
Убашы қалмақ өртеді.
Қылышпен шауып есікті,
Лақтыра ашып серпеді.

Адамзатты жиіркентер
Қалмақтың ісі осындай.
Бейіттерге де соқтықты,
Өлі аруақтан шошынбай.

Қару соғу, жарандар,
Ерте кезден басталған.
Пілтелі мылтық білсеңіз,
Қарнақта бұрын жасалған.

Өз Тәуке өтіп дүниеден,
Шеберлік кәсіп тұсалған.
Хандығымыз әлсіреп,
Қиюы кетіп босаған.

Дүниеден Тәуке өткен соң,
Елімде болмай тұтастық.
Ұлдарыңда болған жоқ.
Өз Тәукеге ұқсастық.

Аға –інісінен мықты еді,
Тәуекенің ұлы Ғайып та.
Сол әулетті көре алмай,
Жоймақ болды жаулары.

Аң аулап жүрген Ғайыпты,
Астыртын олар өлтірді.
Өштескен сол төрелер
Хандыққа нұқсан келтірді.

Мейрамтөбе, Шаштөбе,
Шаһарлар ұсақ тым көне.
Бершін, Шаған, Қарашық
Қалпына қайта келе ме?

Аққорған мен Қосқорған,
Иран менен Жалқорған.
Қарнақтың – бәрін жау алып,
Ауыр күн елге түс болған.

Қиын боп түр бұл күнде
Мұсылман жұрты жағдайы.
Жайсаң менен Қасқаның
Тасқа тиді маңдайы.

Дәу мылтық аузы жаман қара үңгірдей,
Шошынды ел оны көріп, шама келмей.
Батыс, шығыс көршіден мылтық алып,
Сұм қалмақ болды өзінше әулиедей.

Мылтықты жауды көріп шыдап болмас,
Наймандар дұшпан жайлы хабар берген.
Көрші екі ел қалмақтармен қолдас болып,
Қазақты қырғызбақ боп желді берген.

Жолығып көп мылтықты дүлей күшке,
Айналды жақсы тұрмыс көрген түске.
Ресей, Қытай, Қалмақ сұм ақылдасып,
Алмақшы Қазақ жерін бөліп үшке.

Жаббар хақ қиындықта бізді қолдап,
Ерлерге әулиелер болғай қорған.

Аруақтар халқымызды желеп-жебеп,
Арылар күн туар ма қалың сордан.

«Шеп сал!» – деп ерте айтқан атам Түрік,
Шеп болмаса салар деп дұшпан бүлік.
Жан-жақтан абайсызда жау кеп алды,
Жүргенде мәз-мәйрам боп ойнап-күліп.

Болған соң қамсыз күйде сахарамыз,
Келмеді қорғануға еш шамамыз.
Бір хандық үш хандыққа бөлінген соң,
Қалайша жаудан кекті қайтарамыз.

Керей, Жәнібек тұсынан
Тұтас хандық болып ед.
Істеріне хандардың
Бұқара көңілі толып ед.

Қол бастаған ерлерім
Алды-артын шолып ед.
Қолайлы жерге бекініп,
Қосынымен қонып ед.

Ұрпақтары олардың
Атасындай болмады.
Тұтас күйді бүлдірді,
Айтқан ақыл қонбады.

Апатқа дайындықсыз кез болып ел,
Соғыста мылтық болмай қырылғанбыз.
Тынымсыз күн-түн демей жау атқылап,
Быт-шыт боп тобымыздан жырылғанбыз.

Дін ордасын былғады сасық қалмақ,
Доп атып көп ауылды өтті жалмап.
Айнала Үш жүз жерін иемденіп,
Түсірді мұсылманға ауыр салмақ.

Бұл соғыс қазағыма қатты батты,
Қара жер боздақтарды жалмап жатты.
Қыз алып, қыз берісіп, құда болып,
Кей төре ойда жоқта елді сатты.

Құдаға Қазақ, Ноғай жарамай ма,
Қыздары төреге жар бола алмай ма?
Жауынгер Үш жүзімнің жігіттері,
Төре, қожа қыздарын ала алмай ма?

Не сұмдық көпірлермен құда болған,
Тамағы жаудан жеген харам болған.
Сасытып һәм құрттатып ет жейтұғын,
Дұшпанға қалайынша көңілі толған?

Қалмақпен құда болу жарамайды,
Сондайдан елді әрекет аралайды.
Діні, тілі, тегі жатқа матап беру,
Жүрегін бойжеткеннің жаралайды.

Қыздардың обалына қалмау керек,
Қарғысын бойжеткеннің алмау керек.
Жауларға еріксізден қыз бергенше,
Жүзінде бұл фәнидің болмау керек.

Көрші екі ел көмек бермей түпке жетті,
Қалмаққа мылтық сатып, күшті ел етті.
Жауыздар дәу мылтықтан доп атқанда,
Халқымның бірлігі жоқ есі кетті.

Алданып сырт дұшпанға ұтылғанбыз,
Кез болып аждаһаға жұтылғанбыз.
Ұйтқысы еліміздің шайқалған соң,
Торына ата жаудың тұтылғанбыз.

Ел едік егін салып, бейбіт жатқан.
Күтпеп ек жау болар деп пәле баққан.
Қысқа қам жасауға да үлгірместен,
Жолықтық ата жауға дабыл қаққан.

Қазақтар бір-біріне хабар берді,
Ауылдар арасында жаршы жүрді.
Жау келерін жыршылар естіген соң,
Үш жүздің барлығына түсіндірді.

Еділ мен Сарыарқаға көмекке кеткен,
Сарбаздар тез оралмай жұрты күткен.

Киінді қыз-келіншек еркектерше,
Бұл күнде ат үстінде адам біткен.

Жаршылар сақтандырып хабарлады,
Келері жаудың көпке тез тарады.
Елдегі қариялар мен бала жігіт,
Шықпақ боп жауға қарсы даярланды.

Жабықтан найза ұшы жалтылдайды,
Шағылысып аспанда айға жарқырайды,
Кермеге жарау аттар байлаған жұрт,
Аузына алды аруақ пен бір құдайды.

Қорқақтық қиын істе қол байлайды,
Батылдық үмітті боп гүл жайнайды.
Асынған қару-жарақ жас пен кәрі,
Жолға деп азық, киім дайындайды.

Қалмақтан қорғау үшін мал мен жанды,
Бала-жігіт, қарттардан қол құралды.
Сан майданды өткерген қариялар,
Жас жетіп, қайрат кеміп қайғыланды.

Аға ұлы – ұлы жүзді қалмақ алды,
Сыр жаққа баса-көктеп келіп қалды.
Қарттар мен балалардан құрған топты,
Дұшпандар оқ жаудырып, ұйпап салды.

Қазақтар Бұхар жаққа елші салды,
Апаттан сақтау үшін мал мен жанды.
Елші апарған тартуды алғаннан соң,
Азырақ Хиуа, Бұхар тынышталды.

Соншалық болды елден ес кеткені,
Бағдарлап барар жерін белгі етпеді.
Қоштасып ата мекен, жер-суымен,
Жұрт қашты бет-бетіне күнелткелі.

Шұбырды әр тарапқа бастары ауып,
Айырықша төнгеннен соң қатер-қауіп.
Бұршақша қорғасын оқ жауғаннан соң,
Отырар күні бар ма іңген сауып?

Қолды боп шапқыншы елге жайлаулары,
Бұйырып жауыздарға бар малдары.
Он мыңдап жылқы айдаған мырзалардың
Қанырап босап қалды қыстаулары.

Кетіріп басқыншылар берекені,
Алды олар иемденіп көп өлкені.
Жаяу-жалпы шұбырды қосы ауған ел,
Дұшпанға қала берді жұрт мекені.

Көрген соң көп мылтықты қатал жауды,
Бей уақыт біздің Үш жүз адамы ауды.
Айырылып жер-суынан жұрт жөңкілді,
Паналап орман, жыра, биік тауды.

Ел көшті Бұхар жаққа айдап малды,
Айырылып асқар тау мен шалқар көлден.
Сүм соғыс кездейсоқта жолын байлап,
Бақ тайды аруақ қонған асыл ерден.

Еріксіз Ойрат жаулап Қаратауды,
Күнгеілік Арғын-Қыпшақ жерден ауды.
Арқадан көпшілігі көшпесе де,
Аз тобы жол кесіліп, Жизаққа ауды.

Мінекей, Қаратауды жонғар алмақ,
Кердері теңізі, Сыр жауда қалмақ.
Қылышын сүйретіп қыс әлі-ақ келер,
Япырым-ау, біздің қазақ қайда бармақ?!

Ежелден «Сұлу төбе» – Алшын жері,
Көп еді Сыр бойында Алшын елі.
Еділ мен Сыр арасын мекен етіп,
Әуелден көшіп-қонып жүруші еді.

Жаласы жапқан Естек жалған еді,
Орыстың өсегіне нанған еді.
Қазаққа Башқұртты айдап салу үшін,
Жылқысын қалмақ қуып алған еді.

Сыр бойы, Қаратауды қалмақ алды,
Алшынды күнбатысқа қуып салды.

Жинаған асыл бұйым, дүние мал,
Бұйырмай иесіне жауда қалды.

Шіркін-ау, ел-табаны тайған ба еді,
Дүние шыныменен жалған ба еді.
Үш жүзге мұнша қалмақ өшігетін,
Бұрыннан кегі алынбай қалған ба еді?

Жаңбырша қорғасын оқ сан бораған,
Сасқан жұрт паналар жер таба алмаған.
Азамат қан майданда соғысып жүр,
Қорғансыз бала-шаға әйел қалған.

• • •

Бестамды Есентемір тастап көшті,
Дұшпанға құл болман деп құлақ кесті.
Кіші жүз жасақтары қарсы тұрды,
Көрсетіп шамасынша жауға сесті.

Көрген соң дәу мылтықты ұраңқайды,
Теңізден қаша көшті Жағалбайлы.
Керейіт, Алаша, Ысық Арқаға ауды,
Кетпесе Торғауыттар аямайды.

Жоңғарлар басқа шауып, төске өрледі,
Қазаққа оқ жаудырып, дес бермеді.
Жағынған хан, сұлтанға би мен бектің
Тілегін жаратқан хақ хош көрмеді.

Қажыды шаршап талай ер,
Қиналды елдер жұтып шер.
Көп сарбазды жалмады
Бауыры суық қара жер.

Зерафшанға ел кетті,
Естілерден ес кетті.
Мал-мүлікті тартып ап,
Қазақты Жоңғар еңіретті.

Қия алмай дала, тау-тасын,
Құрай алмай ел басын,

Жер-суынан айырылып,
Халайық төкті көз жасын.

Мұсылманға әкелді,
Кәпір қалмақ ажалды.
Қазақ, Татар ұтылды,
Тойтара алмай тажалды.

Көрген жанды жиіркентер,
Қалмақтардың кескіні.
Жазығы жоқ жұртыма,
Молайып кетті өштігі.

Сақал да жоқ, мүрт та жоқ,
Өңкей көсе, көнті ауыз.
Ел шапқанға көңілі тоқ,
Қанға тоймас жалмауыз.

Дариға-ай, ерсілі-қарсылы ел сабылды,
Алтайда қалған қазақ бері ағылды.
Күш жұмсап сырға қарай өтсе-дағы,
Тұсында Алакөлдін көп шабылды.

Көңілі жауыздардың жаз болғандай,
Қуанып ел шапқанға мәз болғандай.
Көз тікті көрші елдердің мекеніне,
Иесіз Маңғұл жері аз болғандай.

Түріктің Татар, Қырғыз үлкен жұрты,
Татардың Маңғұл деген іргелі ұлты
Шыңғыстың бастауымен көшіп кеткен,
Қымбат боп дүние деген көздің құрты.

Жиһанға билік құру болып арман,
Татарлар көп жерлерді жаулап алған.
Батысқа Шыңғыс ханмен бірге көшкен,
Маңғұлдың барлық жері босап қалған.

Сол жерге қоныстанбай кәпір жоңғар,
Жер үшін көрші елдерге шашып ызғар,
Біз оған әуелде де тиген жоқпыз,
Білмедік көңілінде қандай сыз бар.

Кей елдер қоршаудағы көше қашып,
Құлжадан бері өтті асып-сасып.
Жетуді Сарысуға арман қылды,
Соққы жеп қалса-дағы қатты жасып.

Маңында Найман қақпа тосып алып,
Алдыңғы кейінгіні қосып алып.
Сарыарқа жер кіндігі қайдасың деп,
Ілгері жөнелісті жосып халық.

Жетті олар өліп-талып шықпай жаны,
Қосылды қалған қазақ бізге тағы.
Дұшпанмен соғысқа ерлер дайындалды,
Бимәлім кімнің соры, кімнің бағы.

Басында Сұлу төбе мәжіліс құрған,
Таба алмай ақыл-айла көп қиналған.
Бәрі де бір Алладан тілек етті,
Қалса деп аман болып шыбындай жан.

Ойласаң аңғалдықтан болған бәрі,
Естілді кемпір-шал мен бала зары.
Сақтанбай алдын ала ата жаудан,
Не пайда хан мен бектер тапты кәні?

Арқаға кеткен ғаскер қайтты оралып,
Сырға жетті атының мойны талып.
Олар кеп ну қамысқа паналады,
Қалуға өз бастарын аман алып.

Келді әскер Еділден арып-ашып,
Шегіне ұрыс салып кейін қашып.
Қалжырап ұзақ жолдан қайтқан жасақ,
Майданға шыға алмады жаумен ашық.

Бұл заман, қай-қай заман, азған заман,
Ел-жұртым апат келіп, тозған заман.
Көрші екі ел мылтық беріп есірткен соң,
Үш жүзден сасық қалмақ озған заман.

Еділ мен Жайық жақтан көш келеді,
Ат пен нар әр көш сайын бос келеді.

Айырылған жер мен судан қиын екен,
Мөлтілдеп екі көзге жас келеді.

Қор болды бірлігі жоқ біздің қазақ,
Басынып ата жауым етті мазақ.
Көршілес екі жұрттан дәу мылтық ап,
Көрсетті Халхи, Жоңғар елге азап.

Біз-дағы бұл соғысқа араластық,
Дұшпанға қарсы тұрып тайталастық.
Бәрі бір қайда барсаң, бәрінде ұрыс,
Бет алып Түркістанға қарай астық.

Алыстан жау қарасы әйгіленді,
Жиынның болар жері белгіленді.
Шалғайдан қоршалғанын ұқты халық,
Мылтықты қатал дұшпан көрінгелі.

Ноғай мен жетіруды жиі шауып,
Түрікпендер жер алмақшы ебін тауып.
Өңірін Маңғыстаудың жауламақ боп,
Төндірді егіз жұртқа тағы қауіп.

Кердері теңізі, Сыр, Қаратаудан,
Ыққан ел соққы жеді қалмақ жаудан.
Сахарадан таба алмай жанға сая,
Жұрт ойлады шығуды зор қоршаудан.

Көктөбенің басында болып жиын,
Түсінді ел зор апатты болар биыл.
Құрсаулап жан-жақтан жау қысып келед,
Қоршаудан шығуға айла табу қиын.

Ауыр боп қазақ үшін қанды майдан,
Үш жүздің маңдайынан бағы тайған.
Жағалай жерімізді басып алып,
Әр түстан қалмақ қолы қанат жайған.

Мылтығын Ресей, Қытай сатпаған соң,
Қатынас арадағы тоқтаған соң,
Сенделді хандар, билер ақыл таппай,
Кенеттен дұшпан елді таптаған соң.

Өткен жыл Әйтеке би дүниеден өтті,
Келгенде елу алты жасқа ажал жетті.
Бағыну бір көсемге дұрыс қой деп,
Боларын осы апаттың болжап кетті.

Төреден Әйтеке би безін деді,
Келді ғой көсем сайлар кезін деді.
Қазақты алғыр батыр басқармаса,
Ата жау быт-шыт қылар сезін деді.

Хан, сұлтан, төре күні өткен деді,
Олардан ақыл-айла кеткен деді.
Үш жүзім, өзінді өзін тұтас ел қып,
Басқарар енді уақыт жеткен деді.

Әйгілі топтан көсем ізде деді,
Жұртыңның амандығын көзде деді.
Қазақты төре бастап көгертер деп,
Малтаңды би мен бектер езбе деді.

Данышпан топтан көсем сайла деді,
Үш жүздің келешегін ойла деді.
Көсемге ер-азамат түгел еріп,
Бақытын дұшпаныңның байла деді.

Ақылды болсын батыр көсем деді,
Басқарса қазақ болар есен деді.
Көрші елмен татуласып, тіл табысар,
Тағы да болсын өзі шешен деді.

Үш жүзден үш ақылшы болсын деді,
Қазаққа бақ пен дәулет қонсын деді.
Сайлаған көсемдерің кеменгер боп,
Халқыңның болашағын шолсын деді.

Бұл сөзді би мен бектер ұға алмады,
Бас қосып, дұрыс кеңес құра алмады.
Үш жүздің шонжарлары төре жақ боп,
Ортадан батыр көсем шыға алмады.

Өткен күн ойлағанмен қайта оралмас,
Бақыт құс ұшып кеткен қайта қонбас.

Өсиетін Әйтекенің естеріне ап,
Қазыбек, Төле, Ақсуат шайқады бас.

Қазыбек, Төле, Ақсуат шешен жорға,
Қиналды ақыл таппай осы жолда.
Сайланған менен кейін ордабасы,
Үш жүзде Ер Бөгенбай басшы ед қолға.

Қанжығалы Бөгенбай Ақша ұлы,
Ол ер де бір Алланың сүйген құлы.
Түскен соң ел басына ауыртпалық,
Баршаға ортақ болды мал мен пұлы.

Атанып ордабасы Ер Бөгенбай,
Он үш жыл жетекші боп қалың қолға-ай,
Басынан көп соғысты өткерсе де,
Бұл күнде тіреліп тұр тұйық жолға-ай.

Бөгенге көмекші боп белгіленіп,
Беделді болмаса да ел басшысы,
Сайланды Әбілхайыр отыз жаста,
Кіші жүз жасағына ғаскербасы.

Деп айтып төремізді тәңірім қолда,
Алшында бата беріп қожа, молда,
Билікке Әбілхайыр араласты,
Өзінше жұрт тізгінін алып қолға.

Бөгенбай, Жәнібектей жезделері,
Сайлатты Кіші жүзге ғаскербасы.
Әйтпесе Әбілхайыр дейтін төре,
Көрмеген бұрын болып қолға басшы.

Алшынның жасағына бас болды деп,
Емес бұл жас төрені күндегенім.
Мұндайда қол басқару оңай емес,
Үйренсін сардарлардан білмегенін.

Көпке ұнамсыз болған соң,
Айтпасқа тағы болмайды.
Әбілхайыр сұлтанға,
Алшынның көңілі толмайды.

Әбілхайыр мен Жолбарысқа
Бөгенбай, Жәнібек жезде еді.
Балдыздарын көтеріп,
Аттарына сөз келді.

Қолбасы болуы қиын-ау,
Тәжірибесі аз жігіттің.
Белгілі зая болары,
Ондайға артқан үміттің.

Бір кездегі шәкіртім,
Ақшаның ұлы Бөгенбай.
Әбілхайырды сардар сайларда,
Біздерге хабар салмады-ай.

Күндегенім емес-ау,
Хан әулеті-төрені,
Батыр жоқтай сайлатты
Әбілхайыр деген немені.

Жолбарысты хан қойды,
Жағдайдың ауыр кезінде.
Сондай жігіт болса да,
Ұлы жүз жұрты өзінде.

Төрелерге жол берді
Хангелді мен Төле де.
Бәрі де жолсыз іс қылды,
Ақылдаспай көнеге.

Данқы шыққан екі Арғын,
Қос төренің жездесі.
Сардар етті балдызын,
Алшынның жоқтай өзгесі.

Жәнібек пен Бөгенбай
Шәкіртім еді бір кезде.
Тым ретсіз іс етті,
Ақыл салмай біздерге.

Қол басқара біледі,
Жігіттің батыр естісі.

Оларға нұсқа үйретер,
Сардардың біздей ескісі.

Жас биі Кіші жүздің Малайсары,
Ол дағы ақыл-айла таба алмады.
Бас қосып, Күлтөбеде кеңес құрып,
Жөн көрді қоршау бұзып құтылғанды.

Малайсары Тайұлы
Шыққан тегі Байұлы.
Байұлы да Беріштен,
Ақылға күші сай ұлы.

Жеті баулы Беріштің,
Малайсары данасы.
Есет деген батырдың
Бірге туған ағасы.

Кім жақсы көрер дейсің ұтылғанды,
Сонда да апаттан ел құтылмады.
Арасы хан, сұлтанның ала болып,
Сақтауға жұрт бірлігін ұмтылмады.

Төрелер Әз Тәукедей бола алмады,
Оларға қазақ көңілі тола алмады.
Батыр, Болат, Сәмеке дәрменсіз боп,
Кездейсоқ ел жағдайы оңа алмады.

Еділдің арғы жағын қыстап ұдай,
Жүретін туыс көріп бізді қолдай.
Бірігіп Кіші жүзбен тізе қосып,
Қалмаққа қарсы аттанды аз ғана Ноғай.

Болысар одан басқа халық болмай,
Қазағым серкесі жоқ болды қойдай.
Желікті өршелене мейірімсіз жау,
Ішсе де күндіз-түні қанға тоймай.

Тасаттық беруге де мұрша болмай,
Шұбырды ел бет-бетіне үріккен қойдай.
Қолданар жауға қарсы құрал аз боп,
Есіл жұрт ығып кетті-ау, тозып бордай.

Аймағын Маңғыстаудың қыстап ұдай,
Ежелден мекендеген Қазақ, Ноғай.
Кердері мен Маңғытты көшірмек боп,
Түрікпендер көрсетіп жүр күнде құқай.

Қалмақтың шабуылы үдеп кетті,
Шабылған біздің Үш жүз жүдеп кетті.
Шұбырған босқын елдің жүрісінен,
Қою шаң көтеріліп түтеп кетті.

Құлақ тұнды дәу мылтық дабысынан,
Тоқталды сайгүліктер шабысынан.
Бұйырып жиған малы қалмақтарға,
Айырылды біздің Үш жүз табысынан.

Қазақта жоқ бекініс, қамал, қорған,
Неге десең бәрі де қирап болған.
Ел тонап, жер алуды мақсұт еткен,
Дұшпанның қан ішкенге көңілі толған.

Күз болып, өсімдіктер қурап солған,
Халқымды Жоңғар оғы шөптей орған.
Дұшпандар дәу мылтықтан доп атқанда,
Күніренді тау, өзен, көл, дөң, сай, орман.

Құтылу қиын болды жау торынан,
Келгенше амал етті жұрт қолынан.
Қаншама арпаласып соғысса да,
Қырылды бірталай жан жау оғынан.

Жан қиып, соғысты жұрт жер-су үшін,
Сан ерлер бойларынан сарқып күшін.
Ұрысқа әйелдер де араласты,
Келгенін зор алапат содан түсін.

Әйелдер қолға ұстап құрық, бақан,
Қалмаққа қарсы тұрды ауыл шапқан.
Сойыл ап қариялар да арпалысты,
Қорғанбай отырған жоқ құр алақан.

Шошынды шар түскенде Қазақ, Ноғай,
Таба алмай паналауға жыра, тоғай.

Дедік біз қарғыс айтып, назаланып,
Келетін сұм қалмаққа кәрдін жоғы-ай!

Халқыма кез келтірді зор апатты,
Қырылып қазақ қаны судай ақты.
Халымыз биылғы жыл мүшкіл болды,
Болсақ та сауықшыл жұрт салтанатты.

Оққа ұшып ат-матымен қоса қабат,
Қиылды қыршынынан көп азамат.
Жаудырып қорғасын оқ өңкей мәжнүн,
Қара жер сан боздақты жатыр жалмап.

Басқаның бәрін-дағы қырып-жоймақ,
Қазақты жер бетіне емес қоймақ.
Көршілес екі ірі елден дәу мылтық ап,
Жұртты қыру әдісін тапқан ойлап.

Дүние кейде онда, кейде солда,
Баста бақ, дәулет ылғи тұрмас қолда.
Ту ұстап, тұлпар мінген сардарлардың
Талайы оққа ұшып, қалды жолда.

Іс болды аса қиын таңдай татыр,
Қорланды жаяу қалып сансыз батыр.
Жайнаған гүлдей тұрмыс ғайып болып,
Дарига-ай, ойда жоқта болдық пақыр.

Жау керегі меруерт, маржан ба еді,
Қалмаққа жұртты қыру арзан ба еді?
Қашаннан қазақ, қалмақ соғысса да,
Дәл мұндай қырғын, апат болмап еді.

Көңілі опасыздың тас болады,
Халқына ер-азамат бас болады.
Бұл қырғынды көзімен көрген жанның,
Іші өртеніп, көзіне жас толады.

Жөңкілді ел бет-бетіне есі шығып,
Бөрі тиген қойларша кетті ығып.
Жұрт басын құрай алмай ақсақалдар,
Қорқақ қоян секілді қалды бұғып.

Құлдырап кері кетті қоғамымыз,
Болды ғой аяқ асты Отанымыз.
Кетірген Үш жүзімнің берекесін,
Хан, сұлтан, бекке болсын обалымыз.

Қорғанар жоқ бекініс, қамалымыз,
Талды ғой еріксізден табанымыз.
Жау атқан дәу мылтыққа тоқтау болмай,
Таусылды ақыл-айла, амалымыз.

Жаратқан ісімізді онда құдай,
Майданда ерлерімді қолда құдай.
Әз Тәуке өткеннен соң быт-шыт болдық,
Үш жүздің басын қосар көсем тумай.

Бас қоспай қайран елім бытырады,
Хал-жағдай күннен-күнге құлдырады.
Жау атқан дәу мылтыққа төтеп берер,
Қазақтың қолында жоқ еш құралы.

Қолда бар қылыш, қанжар, садақ, найза,
Айбалта, сойыл, шоқпар кетпен, қайла.
Осының бәрін қару етсек-дағы,
Таппадық қарсыласып ешбір айла.

Бекінді мақұлұқ Жоңғар жер үй салып,
Үздіксіз атқылайды бұғып алып.
Батыс, шығыс көршіден нұсқа үйреніп,
Соғысқа шебер болды әдіс алып.

Қазақты оқ күшімен жерден қуып,
Талайлар алды бетін жаспен жуып.
«Өліспей жер мен суды бермейміз», – деп,
Жүрді ерлер тәуекелге белді буып.

Күз болып қазақ жері көркі кетіп,
Дұшпанға Үш жүз малы, мүлкі кетіп,
Тірліктен нелер жандар күдер үзді,
Қолынан билік пен бас еркі кетіп.

Түскен соң ел басына ауыр салмақ,
Апаттан жанын сақтау қиын болмақ.

Нәуетек жігіттері жігерсіз боп,
Бет қойды Үргенішке Қарақалпақ.

Қашса да олар ұзап кете алған жоқ,
Серттесіп пәтуа сөз ете алған жоқ.
Ағылып ерсілі-қарсылы басы айналды,
Алшынның үстіртіне жете алған жоқ.

Өзгеріп сұры қашып келбеттері,
Айналып жоғалуға сәулеттері,
Халифат байлығындай ауқатты елім,
Қажыды қолдан кетіп дәулеттері.

Елдердің Бұхар жақта болмай жайы,
Тышқақтап көп қырылды құлын-тайы.
Сұм қалмақ күн құрғатпай шабуылдап,
Үш жүздің оң жағынан тумады айы.

Бір хандық төрт хандыққа бөлінген соң,
Даңғойға жұрт билігі берілген соң,
Қалмақ та соны біліп майдан ашты,
Қазақтың әлсіздігі көрінген соң.

Әйелдерше шашты өріп,
Бұрым еткен қалмақтар.
Қалдырып аз шаш төбеде,
Тұлым қойған қалмақтар.

Сиықсыз сондай сұмдармен
Шықтық талай жекпе-жек.
Айдарынан ұстап бас кесіп,
Алған едік жаудан кек.

Биыл олар басқаша,
Бәрінің мылтық қолында.
Түгел атып тастайды,
Не кездессе жолында.

Ордос, Тумет, Білеуіт
Деген қалмақ елдері.
Өршелене соғысты,
Керек боп қазақ жерлері.

Шаңға бөлеп әр жерді,
Көк шалғынды қуратты.
Доңызын әкеп лайлап,
Арамдады суатты.

Аңғал қазақ алданған,
Төренің сөзін малданған.
Жан-жағынан жау қамап,
Жол таба алмай дағдарған.

Шапқыншылар құтырып,
Даламызды таптаған.
Дәу мылтығын сүйретіп,
Құмырысқаша қаптаған.

Қоғамдаспай хан мен бек,
Қалмақтан халқым ұтылған.
Дәрменсіз басшы сұлтаннан,
Жөн болар, елім, құтылған.

Қалмақпен құда кей төре,
Қашуға жұрттан ұмтылған.
Тіліне еріп солардың,
Қор болды ерлер жұлқынған.

Шығыста Алтай, Хобладан
Жендеттерін топтаған.
Батыста Еділ сыртынан,
Ағайындас жұртынан
Қанға тоймас сұмдарын,
Мейірімсіз бұзық қуларын

Шордан тері жинады,
Бермесе тауып қинады.
Қорыққан Тұба шонжары,
Қолда барын сыйлады.
Жаулап алған елінен
Азық пен киім жеткізіп.
Бас игізіп құлданып,
Еріксіз қызмет еткізіп.

Көршілес екі ел дем беріп,
Кәпір қалмақ құтырды.
Жауламақ боп көп елді,
Қанішерлер ілгері ұмтылды.

Қалмақ келіп жаулаған
Еділ мен Жайық арасын.
Қазақ пен Ноғай шулаған,
Таппай дерттің дауасын.

Еділ-Жайық арасын
Мекендеген Кіші жүз.
Тастап шықты қонысын,
Болғаннан соң мылтықсыз.

Жайықтан өтті сал жасап,
Жеңіліп жаудан амалсыз.
Ойылға қарай бет бұрды,
Әбден болып шарасыз.

Қаратау мен Сыр бойы
Көшті жаудың қолына.
Түсірмекші Үш жүзді
Кәпір қалмақ торына.

Дәу мылтықтан доп атып,
Қазақты қалмақ күйретті.
Жоңғарға мылтық атуды
Орыс пен Қытай үйретті.

Айырылған соң қоныстан,
Өкшесі елдің сырылып,
Қатын-бала, кемпір-шал
Әр жерде қалды қырылып.

Бұл заман, қай-қай заман, Орлы заман,
Орнаған Үш жүз үшін торлы заман.
Атадан ұл, анадан қыз адасып,
Жұртымды тентіреткен сорлы заман.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көш бас сайын бие, іңген бос келеді.

Ауылдар жұбын жазбай бірге көшсе,
Бір-бірін қиын жолда ес көреді.

Бірігіп бұрынғыша қоғамдасып,
Сұлтандар жүрсе ерлермен ақылдасып.
Жоңғар да баса-көктеп келмес еді,
Мұсылман бірлік құрса жақындасып.

Біз-дағы бұл аттанға аттан қостық,
Деп ойлап қосылмасақ болар бостық.
Қырғыннан қалған елді сақтау үшін,
Келетін жау әскері жолын тостық.

Шабуыл қазақ үшін болып ауыр,
Қоныссыз қаңғып қалды талай ауыл.
Әр жерге топталысты шұбырған жұрт,
Келе ме қайғырғанмен өткен дәуір.

Болмаса бір Алладан елге жәрдем,
Төніп тұр әр тараптан үлкен қауіп.
Көз тігіп Орыс, Қытай торуылдап,
Күн сайын мазалайды қалмақ шауып.

Қалған соң көршілерден көңілі суып,
Талайлар алды бетін жаспен жуып.
«Берілмей қан майданда өлейік!» – деп,
Соғыстық денемізді намыс буып.

Бір туған Қазақ, Ноғай, Қарақалпақ,
Ел едік, мал өсіріп, жатқан жалпақ.
Бас салып, ес жиғызбай ауылдарды,
Мылтықты қанішер жау кетті таптап.

Жазықсыз қанын төгіп талай жанның,
Тұсында болған қырғын Шыңғыс ханның.
Осы апат сонымен бірдей боп тұр,
Түбіне әбден жетіп қазақтардың.

Қазақтан бақыт шіркін, тайған ба еді,
Қалмақта бұрын мылтық болған ба еді?
Халқымнан дәулет құсы ұшып кетіп,
Жоңғардың шадтарына қонған ба еді?

Басталды елде аштық көп ұзамай,
Қалмақтың шабуылы аз болғандай.
Ұшырады шұбырындыға жас пен кәрі,
Сұм заман қазақтарға қас болғандай.

Болған соң сахарасы кең жер ғажап,
Тұрған жоқ Сыр бойында барлық Қазақ.
Аштық, жұт, қырғын соғыс қабаттасып,
Көрем деп кім ойлаған ауыр азап?

Япырым-ау, мынау құтсыз жыл ғой қоян,
Қазаққа дегені ме қанға боян.
Жаралы һәм ішетін тамағы жоқ,
Әр жерде аштан өлді талай ноян!

Қирады ақ орданың сүйектері,
Кілемнің ыдырады жиектері.
Соғыс, аштық, суыққа ұрынған соң,
Қарттардың селкілдеді иектері.

Бешпенттің қырқылды ғой етектері,
Жаураған бала-шаға дедектеді.
Суықта қатын-қалаш, кемпір мен шал
Үйсіз қап айдалада дірдектеді.

Талды ғой сарбаздардың білектері,
Шайылды сардарлардың жүректері.
Бөгелді жау оғынан қазақ қолы,
Көрініп құлағандай тіректері.

Тозды ғой арулардың желектері,
Өртенді таудың қайың, теректері.
Тыным жоқ күн-түн сайын шабысуда,
Ерлердің қайтып қалды жүректері.

Сазандай балғын өскен балалары,
Дүние-жиһаз толы қоралары.
Қолды боп жиған мүлкі ата жауға,
Үш жүздің көп қамықты шоралары.

Көзінен ел-жұртымның бал-бұл ұшты,
Күндері той-думанды, мерекелі.

Бытырап шіл боғындай тозып кетті,
Болса да біздің Қазақ берекелі.

Хан, патша қазынасындай болған Қазақ,
Төрт түлік малға толған далалары.
Мылтықты хайуандардан көріп азап,
Үш жүздің көп қайғырды даналары.

Сорлаған жесір болып аналар көп,
Зарлаған жетім қалып балалар көп.
Айырылып жер-суы мен дәулетінен,
Үй-күйсіз мәңгі болып қалғандар көп.

Бұлт төніп, ауыр күн орнап бастарына,
Індет кеп кәрі менен жастарына,
Жас келіп көздеріне мөлт-мөлт етіп,
Қарайды таудың тарғыл тастарына.

Ұшырап шабуыл мен аштық, жұтқа,
Кез болды ауыр соғыс біздің жұртқа.
Қамалап жан-жағынан қалың дұшпан,
Түскендей болды қазақ су мен отқа.

Ызғарлы күн де болды аса суық,
Қазаққа қиын болды зор күн туып.
Халқыма аштық, соғыс бірдей келді,
Тұрғандай ғазырейіл төніп жуық.

Сұм соғыс, аштық пен жұт нені қойсын,
Айырылды ел ен байлық пен жиған малдан.
Дұшпандар оқ жаудырып, кімді қойсын,
Хал кетті нелер алып сардарлардан.

Сайғақтай сая таппай туған жерден,
Қашып тұр бақ-береке талай ерден.
Қолына ұстағаны таяқ болып,
Әр жерде қалды өліп нелер мерген.

Жасыл жерді басып шаң,
Судың бетін боян қан,
Есі шығып абдырап,
Жұрттың басы болды даң.

Батыс, шығыс көршілер
Мұсылманға өшікті.
Атысарға мылтық жоқ,
Халымыз болар нешік-ті?

Орыс, Қытай көршіміз
Ойраттарды жақтаған.
Мылтық алып солардан,
Жорыққа қалмақ аттанған.

Мұсылмандарды қырғанға
Халхи мен Жоңғар шаттанған.
Қонысынан айырылып,
Қазағым болды-ау, ақтабан.

Қанға құмар Торғауыт
Дәу мылтықты сүйретті.
Үсті-үстіне доп атып,
Даламды тегіс күңіrentті.

Көрсетті жазмыш бұл істі,
Болсақ та жұртқа аяулы-ақ.
Қарқыны болып тым күшті,
Көп жерді алды сұм қалмақ.

Бақыты тайып қапа боп,
Қостары ауған шоралар.
Паналауға мекен жоқ,
Босқын болды көп жандар.

Басқыншы дұшпан желігіп,
Кең даламды таптаған.
Қоярдай жалмап көрініп,
Соғысып дамыл таппаған.

Байқап тұрсам заманға,
Көрші елдер ұқсайды қабанға.
Татулық жоқ, мейірім жоқ,
Жау болды адам-адамға.

Жап-жасыл қазақ жерлері,
Күз болған соң сарғайып.

Халықпен бірге күйзелді,
Қасіреті тым ұлғайып.

Хал болмай шабар қамалға,
Іс айналды жаманға.
Дәу мылтықтан доп атып,
Қаптады қалмақ бұл маңға.

Билер де көп сөз қозғап,
Тіршілік жайын ойланған.
Ерлер де көп атсыз қап,
Жаяу жүріп қиналған.

Соғысқұмар сүм қалмақ,
Түсіріп елге зор салсақ.
Тұтқын етіп өзінше,
Жұртымды болды құл қылмақ.

Садақтан басқа төрт түрлі
Қалмақтың бар мылтығы.
Қырса да жұртты, басырмайды
Қанқұмарлық ынтығы.

Орнатып жұртқа дозақты,
Жоқ етпек боп қазақты,
Қырып-жойып ерлерді,
Көрсетпек көпке азапты.

Аттарын қалмақ баптаған,
Оларды көрші ел шаптаған.
Жалдамалы жендетпен
Көбейіп саны қаптаған.

Жалдамалы сұмдарын
Айдап салып халқыма.
Қысқа қамды жасатпай,
Ұрындырды салқынға.

Мінетін тым болмаса өгіз болмай,
Азамат жаяу қалды ортан қолдай.
Атыстан қазақ қолы қаймығып тұр,
Тең түсер дәу мылтыққа құрал болмай.

Хиуа алып түрікпеннен арғымақты,
Орнына берген қылыш дандан сапты.
Қазақты аяғансып тұрса-дағы,
Мылтықпен Түрікпенді жабдықтапты.

Үш жүзге ықыласы түспей қатты,
Бұхар да Түрікпенге мылтық сатты.
Алайда елші сыйлық апарған соң,
Сол себеп бізге Бұхар жауықпапты.

Қыруар ел Зерафшанға қоныстанды,
Мекендеп аз да болса тыныстады.
Хиуаға, Бұхарға да алым төлеп,
Олармен тіл табысты қырылыспады.

Көп өсіп Арғын-Қыпшақ өнген еді,
Рахатын молшылықтың көрген еді.
Арасын Ташкент, Торғай мекен етіп,
Ежелден қыстап, жайлап жүрген еді.

Шығысын Қаратаудың қыстау етіп,
Батысын Сарыарқаның жайлаушы еді.
Арқаны жыл аралата қыстап шығып,
Жалғанның қызығына тоймаушы еді.

Қара өткел, Шу арасы Арғын жері,
Шығысы Жарма өзенге тіреледі.
Орта жүз Арғын-Қыпшақ, Тарақтылар
Егін сап, мал өсіріп күн көреді.

Көп жерін Сарыарқаның мекен етіп,
Өнермен Арғын-Қыпшақ өрлеп еді.
Аң аулап, саят құрып жігіттері,
Тапшылық бұған дейін көрмеп еді.

Шабуыл, аштық пен жұт қысқан заман,
Қазақтан бақыт құсы ұшқан заман.
Қолында мылтықтары болмаған соң,
Қалмақтан халқым қорқып пысқан заман.

Теңіз бен Сыр бойынан көш келеді,
Көш бас сайын атандар бос келеді.

Айырылған туысқаннан қандай ауыр,
Көл-көсір көзге ыстық жас келеді.

Жас келмей екі көзге қайтсін енді,
Жұртымыз зор апаттан сескенеді.
Мұздады жылы жүрек күн-түн сайын,
Жау қалмақ елге қарап беттегелі.

Тарылып қағынды ғой заманымыз,
Тозды ғой жаяу жүріп табанымыз.
Толассыз дәу мылтықтан доп атылып,
Сарқылды әдіс-тәсіл, амалымыз.

Апатқа дейін қазақ көп ел еді,
Жігіті әнші, батыр, мерген еді.
Үш жүздің өзім тұстас қариялары,
Қалмақпен сан соғысып көрген еді.

Шеткі жер қолдан қолға өтуші еді,
Көбінесе жау жеңіліп кетуші еді.
Кешегі Әз Тәукенің заманында
Уағады тастай болып бекуші еді.

Бұл күнгі хандар сертті бола алмады,
Пайда тіл көрші елдермен таба алмады.
Қазақ пенен Ноғайды құртқызбақ боп,
Сөйлеспей Орыс, Қытай табандады.

Мұндай боп жаудан маңдай таймап еді,
Қалмақ жеңіп, қанатын жаймап еді.
Сан майдан, талай ауыр шайқастарда
Бұршақша қорғасын оқ жаумап еді.

Хан еді ұлы жүздің таз Жолбарыс,
Үйсіннің дәулетіне мас Жолбарыс.
Санасу жақсылармен ойында жоқ,
Ақыл айтқан кісіге қас Жолбарыс.

Төле менен Ханкелді,
Бірі – батыр, бірі – би.
Жолбарысты хан сайлап,
Тіккен оған арнап үй.

Ол екі ердің ойынан
Жолбарыс хан шықпады.
Төле бидей жақсының
Ақылын айтқан ұқпады.

Болғанда жаумен арпалыс,
Қамданбады еш Жолбарыс.
Ақылсыз сұлтан сол екен,
Маңдай да соры бес қарыс.

Әбілхайыр сұлтанды
Десе де жұрт айлалы,
Қазақ үшін ол төре,
Түбінде болмас пайдалы.

Әбілхайыр сұлтан да,
Жолбарыс ханның інісі.
Бөгенбай ерге балдыз боп,
Кеңіп бірі қалды-ау, тынысы.

Қол басқарып көрмеген
Әбілхайыр деген төреніз.
Кіші жүз қолын бастар деп,
Ол қуға қалай сенеміз?

Татардың бір тайпасы Дәрмен екен,
Еділ де жаудан қысым көрген екен.
Үздіксіз Қалмақ шаба бергеннен соң,
Күнге айға ауа көшіп келген екен.

Олар да Байұлы мен бірге болды,
Қайғырып жүректері шерге толды.
Алшынның жасағымен күшін қосты,
Кеспек боп жау өтетін әрбір жолды.

Батырлар, билер кеңесті,
Шықпақ болып қоршаудан.
Сарбаздар жаумен егесті,
Босанбақ болып құрсаудан.

Қорғанбақ боп жыланнан,
Құтылмақ боп лаңнан,

Шоралар көп кеңесіп,
Көктөбеге жиналған.

Бөгенге көмекші екен деп,
Әбілхайыр мен Ғайыпқа
Сену қиын жарандар,
Қысылса кетер тайып та.

Сыр бойы, Қаратауды келген қыстап,
Кіші жүз жоңғарлардан көрді қыспақ.
Орта жүз, Кіші жүз боп тізе қосты,
Бір-бірін жау қолына кетпей тастап.

Басында Көктебенің құрлық кеңес,
Уайымы мол жандарда болмай егес.
Ырду-дырду болатын ештеңе жоқ,
Басталған жау шабуылы оңай емес.

Хабарлап ауған елдің көштеріне,
Күнгей жұрт қосылмақшы Арқа еліне.
Жиналды әрбір жақтан келген ауыл
Қаратаудың теріскей бөктеріне.

Екінші Күлтөбе бар бұл бөктерде,
Таяу жер біз отырған Көктөбеге.
Ер тері, аттың тері төгілмекші
Қан майдан басталатын Күлтөбеде.

Жылқысын қалмақ тартып алғаннан соң,
Халқымның көбісінде ат болмай тұр.
Мінетін көліктері болмаған соң,
Көңілі ерлерімнің шат болмай тұр.

Бұлтартпай көп ауылды жау кеп басты,
Үстіртке Қарақалпақ көше қашты.
Орта жүз Кіші жүздер күнгейдегі
Қоршауда да тұрып жаумен арпалысты.

Бұл екі ел жауынгер еді әуел бастан,
Соғысты ата жаумен аянбастан.
Орта жүз, кіші жүз боп ұрандасып,
Қамалға шапты жастар тайсалмастан.

Біз-дағы ата жаумен майдандастық,
Халхидың жендетімен найзаластық.
Дұшпанға қолдан намыс бермеу үшін,
Таңдаулы тайшысымен қылыштастық.

Талай жан тірлікті ойлап зар қағып жүр,
Төрт балам, бәйбішем де сақтанып жүр.
Ілесіп ұлдарыма бір топ жастар,
Соғысқа араласып, ел қорғап жүр.

...

Әмудария атанған Жейхүн өзен
Бойлары Қарақалпақ мекені екен.
Қазақпен бауыр болып олар-дағы,
Ертеден бірге көшіп жүреді екен.

Ақыры Қарақалпақ қоныс таңдап,
Шығысына Түркістан өңірі көшкен екен.
Онда да қазақтармен бірге болып,
Басынан жақсы өмірді кешкен екен.

Түркістан аймағының шығыс жағын
Мекендеп бірталай жыл Қарақалпақ,
Қазақ пен тату-тәтті көрші ел болып,
Байланбай тұрған еді жаман атақ.

Сұм қалмақ көп жыл бойы шабуылдап,
Әрдайым жасаған соң үлкен шатақ,
Шығысын Түркістанның тастап көшті,
Ілесіп қазақтарға Қарақалпақ.

Бектері Қарақалпақ болып жалтақ,
Оларда ой болмады күшін қоспақ.
Түбі бір туысқан ел болса-дағы,
Майданға шыға алмады бізді қостап.

Өкпе айттық қиын күнде мұсылманға,
Ішінде мұсылманның тұысқанға.
Ноғайдан басқалары болысқан жоқ,
Қалмақпен үш жүз жылдай соғысқанда.

Әлі де жарты ғасыр соғысар ел,
Жалмамақ көп жандарды сұм қара жер.
Қалмақпен екі жақтап соғысқанда,
Тәңірім, басқызбағай аяқты кері.

Қарақалпақ бауырды көрмейміз жек,
Қашқанын және олардың тұтпаймыз кек.
«Тұқымы аз ғана елдің құриды», – деп,
Соғыстан тайған болар бастаушы бек.

Оларды мәңгі бақи қорғағанбыз,
Туыс деп әрқашанда қолдағанбыз.
Бөлініп қиын кезде кеткеннен соң,
Өлеңмен өкпе-назды жолдағанбыз.

Қалжырап қалды халқым құты қашып,
Мылтықсыз жауынгерлер қалды жасып.
Жеңетін ата жауды күн туса екен,
Бақытқа қадыр Алла жолды ашып!

Өкпе-наз қата болса, кешір, Алла,
Дұшпанға көктем жасыл түсір, Алла!
Баласын мұсылманның панаңа алып,
Үш бірдей жаудың үнін өшір, Алла!

Әлеумет, үш дұшпаның – кәпір бәрі,
Қарғаған үш жауды да жас пен кәрі.
Қалмақты қалған екеу бізге айдап сап,
Жоңғарға берген мылтық, оқ пен дәрі.

Біздің сөз қас дұшпанды меңзеу деп ұқ,
Бір емес ата жауым үшеу деп ұқ!?
Үш бірдей аждаһаға душар болсақ,
Жұртымыз құрып кетер, осыны ұқ!?

Болмайық соның үшін жалынышты,
Үш жаудың ешқайсысына бағынышты.
Тірісін Қазағымның тәңірім қорғап,
Жат елге ете көрме табынышты.

Күлтөбеге жиылып,
Жасықтықтан тыйылып.

Ұрысқа ерлер бел бұды,
Алла, аруаққа сиынып.

Бүгінгі күн-мұнар күн,
Жер бетін тұман басқан күн.
Қытайлар аспас асудан
Кәпір қалмақ асқан күн.

Бейғам жатқан халқымды
Қапыда дұшпан басқан күн.
Атысарға болмай мылтығы,
Қалмақтан қазақ қашқан күн.

Мылтығы көп ұранқай,
Шарасынан тасқан күн.
Ақыл таппай қиналып,
Билерім қатты сасқан күн.

Паналар жер таба алмай,
Ер етегін басқан күн.
Жер-суынан айырылып,
Ел-жұртым жылап босқан күн.

Сәмеке, Ғайып, Барақтар
Хиуамен ақыл қосқан күн.
Хонтайжымен құда боп,
Аяқты кері басқан күн.

Жазығы жоқ жұртыма,
Жоңғарлар соғыс ашқан күн.
Қазақ, Ноғай екі елдің
Қанын судай шашқан күн.

Қарақалпақ бауырлар
Жеңіліп жаудан қашқан күн.
Дұшпанмен құда кей төре
Елдің сырын ашқан күн.

Тар кезеңін Үш жүздің
Орыс пен Қытай тосқан күн.
Бақыты тайып Қазақтың,
Ерсілі-қарсылы жосқан күн.

Жау індеті жеткен күн,
Үш жүзден қайрат кеткен күн.
Күшіне қару сай болмай,
Өкініп ерлер өткен күн.

Қазақтың ауыр жағдайын
Түрікпен бегі күткен күн.
Қалмақша шауып олар да,
Мыңғытты жүндей түткен күн.

Түрікпеннің шонжары
Кердері елін шапқан күн.
Қазақ пенен Ноғайды
Жылатып олжа тапқан күн.

Қазақ пенен Ноғайға
Түрікпен неге кектенген?
Жаулықтың білмей себебін,
Билердің іші өртенген.

Жер сұраған кезінде,
Мейман етіп ерлерін.
Мекендеуге ұсындық
Иесіз Маңғұл жерлерін.

Келіссе де оған бектері,
Алтайға бірақ көшпеді.
Сыйласақ та оларды,
Жаулықтың оты өшпеді.

Көше қалса Алтайға,
Бермек болдық жәрдемді.
Уәделессек те әуелі,
Кейін қабыл көрмеді.

Бостан-босқа өшігіп,
Татулыққа еш келмеді.
Жазығы жоқ халқыма,
Соқтығып маза бермеді.

Парсыдан көмек сұрауға
Қазақтың қолы жетпеген.

Туыстық сөзі Үш жүздің
Өзбектерге еш өтпеген.

Хиуа, Бұхар, Қоқан да
Қазақтарға қатайды.
Бізден барған елшіге
Мылтық сатпай шалқайды.

Алауыз болып мұсылман,
Бір-біріне жәрдем етпеген.
Бауырмал, жомарт ел едік,
Ешкімді сырт теппеген.

Не пиғылдан тап болдық,
Біле алмаймын індетке?
Жүретін енді жағдай жоқ,
Мылтық құрал іздеп те!

Пана болсын бір Алла,
Әлсіреп қалған халқыма!
Тіршілік бер деп тілеймін,
Азайып қалған жалпыға!

Орта жүзді төрелер
Екі бөліп билеген.
Алдап момын қауымды,
Нан есепті илеген.

Бөлшектеп елді басқарды,
Әбілмәмбет пен Сәмеке.
Бір хандық төртке бөлінсе,
Бола ма, халқым, береке?

Әбілмәмбет солқылдақ,
Ақ балшықша борпылдақ.
Келіспейді ерлермен,
Қабандарша қорсылдап.

Соңына халқын ерте алмай,
Шепті бұзып өте алмай,
Әбілмәмбет хан қиналды,
Қоршаудан шығып кете алмай.

Шағырмақ күнім – түн болды,
Хан, сұлтандар жым болды.
Сәмеке, Болат, Барақтың
Әлсіздігі шын болды.

Бұрынғы хандар секілді,
Қазіргі хандар болмады.
Ынтымақ кетіп төреден,
Жұртымыз содан оңбады.

Тірлікті ойла, әлеумет,
Тоғышар пенде хан болмас.
Ел басқарар азамат
Қоғамшыл болар, паң болмас.

Көсемсіз халқым сорлады,
Дегені бүйтіп болмады.
Ірі апатқа тап болып,
Қайғының бұлты торлады.

Бәйтерек қандай көрікті,
Маңында өскен ағашпен.
Хандардың көркі болар ед,
Ынтымақ құрса Алашпен.

Қата болса, бұл сөзім,
Сәлем берме, жарандар.
Сене бермей әркімге,
Алды-артыңа қараңдар.

Төле биге ілесіп,
Шуға көшкен Жолбарыс.
Сарысуға бармап ед,
Секілденіп Арқа алыс.

Бұл күнде Шудан Сырға ауды,
Болғанменен жер алыс.
Сырға да тоқтамай,
Қаратауға келді Жолбарыс.

Төре-төлеңгіт қожаны,
Сірә да жек көрмеймін.

Оларды Үш жүз жұртынан
Оқшаулап тағы бөлмеймін.

Төре-төлеңгіт, қожа да
Қазағымның ұлы ғой.
Мұсылманның бәрі де
Бір Алланың құлы ғой.

Хандықты төртке бөлді деп,
Өкпеледім хандарға.
Ренжімей қалай тұрасың,
Миғұла болған жандарға.

Көбейді жұрт шұбырған,
Жер-судан өкше ысырған.
Шабуылдады сұм қалмақ,
Қасқырша шапшып құтырған.

Соғысуға болмай хал,
Нелер сабаз болды дал.
Әр жерде қалды көмілмей
Бала-шаға, кемпір-шал.

Адамдар көп сұлаған,
Балалар көп жылаған.
Талай сұлу сымбатты
Көзінің жасын бұлаған.

Қазақтың жасыл даласын
Түтін мен шаңға орантты.
Ата дұшпан – жау қалмақ
Қорғасын оқты боратты.

Ата қалды баласыз,
Бала қалды анасыз.
Көшке ере алмай, әр жерде
Науқастар қалды панасыз.

Құмалақтай қорғасын
Нелер жанды сұлатты.
Дәу мылтықтан шар түсіп,
Ерді атымен құлатты.

Боздағынан айырып,
Ата-ананы шулатты.
Сүйгенінен айырып,
Аруларды жылатты.

Дүлей жоңғар санасыз
Жеткіншекті кемсітті.
Ата-анасыз ұл-қызды
Жылатып қатты өксітті.

Бармағын шайнап долданып,
Ер жігері құм болды.
Торсық шеке ұлдардың
Көздеріне жас толды.

Басқыншы дұшпан желігіп,
Даламызды таптаған.
Дәу мылтықтан бет қайтып,
Қамалға ерлер шаппаған.

Жүректері шайлығып,
Шайқасуға батпаған.
Ертелі-кеш сабылып,
Ел-жұртым болды-ау ақтабан.

Жекпе-жек шығу аз болды,
Мылтығына жаулар мәз болды.
Қазақтар түсіп қыспаққа,
Қалмақтың көңілі жаз болды.

«Босқа өлуге болмас», – деп,
Садақ тарттық Қалмаққа.
«Қалған жанды сақта!» – деп,
Сиындық Алла, Аруаққа.

Намысы бар азамат
Соғыспай құр жатпаған.
Қару ұстап қолына,
Елін қорғап жақтаған.

Өтеміз бе деп шынымен,
Қызығын көрмей жалғанның.

Кіші жүз – Алшын Бай ұлы,
Байбақты Дат балуанның

Көтергеніне қарасаң,
Жасыл ала ту болды.
Жебенің ұшын майлайтын,
Ағаштан алған қу болды.

«Не болса да көрем», – деп,
«Соғысып жаумен өлем», – деп,
Батырлар қолға найза алды,
«Қоршауды бұзып өтем», – деп.

Бастады ерлер көп қолды,
Аршуға жаудан бар жолды.
«Майданда өлген дұрыс», – деп,
Күлтөбе басы шу болды.

Қоршаған бозбала көп жан-жағымда,
Жырларым жаққаннан соң құлағына.
Көңілі босап-қорқып жылаған соң,
Бұлайша қайрат бердім жан-жарыма.

Қуарып өңі кетті, манатым-ай,
Тозып тұр үстімде ішік жанатым-ай.
Анталап қалмақ жауыз қоршаса да,
Қорғанар қынапта тұр болатым-ай.

Я, Алла, я, Аруақ пана болғай,
Кенжесі ем Ер Толыбайдың ортан қолдай.
Келдім деп алпыс бірге мойымаймын,
Көрсетем қайратымды осы жолда-ай.

Жете алмай туған жерге қалғаннан соң,
Болып тұр қайырылғандай қанатым-ай.
Айшажан, жылап мені налытпашы,
Отпын шал да болсам жанатындай.

Қайғырып жасытпа, Айша, жігерімді,
Үзбеймін қиналсам да күдерімді.
Қоршауды аман-есен бұзып шықсақ,
Арқадан жолықтырам өз елімді.

Нағашым Айдабол би, Күлік мырза,
Ісіне туған халқы болған риза.
Аруағы сол екі ердің жебеу болып,
Көрерміз туған елді дәм бұйырса!

Көп жылап тоздырма, Айша, жанарыңды,
Тауыспа бүйтіп менің амалымды.
Сібірге сені арқалап жеткізермін,
Жыл жүріп тоздырсам да табанымды.

Күнасыз пенде болмас сүм жалғанда,
Ағаттық еске түсер қиналғанда.
Мықты ұстап өзімізді жүрейікші,
Ешқандай пайда болмас жылағанда.

Ақбура, Тұлпар менен Қабыланбек,
Бір туған нағашы атам інілері еді.
Аруағы үшеуінің қолдау болар,
Олар да шарапатты нағашым еді.

Дүние жеткізбес жол бұрандаған,
Бақ тайса, мал менен бас құралмаған.
Көзіңмен зор апатты көрсең-дағы,
Айшажан, үміт үзбе бір Алладан.

Көріп тұрсың, Айшажан,
Мынау қырғын-жосықты.
Қаза тапты қанша адам,
Тойтарам деп бұзықты.

Жазықсыз шапты жұртымды,
Қанға құмар жау қалмақ.
Болмаған соң мылтығы,
Қалайша елім қорғанбақ?

Затын алып темірдің,
Күшімен майлы көмірдің,
Балқытпадық әр жерде,
Ішінде өртеп үңгірдің.

Жасамадық мылтықты,
Тауып темір әр жерден.

Сылтау етіп сынықты,
Қалдық кенже көп елден.

Қырды дұшпан қазақты,
Шынымен болып қас надан.
Төбе шашым тік тұрды,
Халқымды көріп қиналған.

Түршіктірді жанымды,
Естіліп дауыс зарланған.
Толып жатыр жас бала
Қара жерді қарманған.

Заты басқа Ғайыпқа,
Сенем деп ерлер алданған.
Туысы оның Болатқа
Ерем деп елдер сандалған.

Жол-жөнекей қарасам,
Қырылған халық орасан.
Өліп жатыр әр жерде
Талай сарбаз бура сан.

Алшынның теміртауына
Дұрыстап назар салмадық.
Мылтық соғу шаруасын
Үш жүз боп қолға алмадық.

Ойлағанмен, Айшажан,
Төгілген қайта толмайды.
Қалғанға берсін береке,
Өкінгенмен түк болмайды.

Ой түбіне жетпеспіз,
Ойламайық босқа ойды.
Армансыз болып өтпеспіз,
Тоқтатайық осы ойды.

Мінекей, көрдік істі басқа салған,
Жауыздар халқымызға салды лаң.
Бәрі де көрген қызық түске айналды,
Еске алман өткен дәуір болды-ау жалған.

Мұңайма, қасыма ерген жарым Айша,
Дүниеде кім қиналмас бағы тайса.
Кім біледі Қазақтың да айы оң туар,
Алланың рахматы мен нұры жауса!

«Елім-ай!» – деп, бастай бер, Айша жарым,
Біз айтпасақ, кім айтар елдің зарын.
Жауға шабар мылтықты жасағым жоқ,
Өлең айту болды ғой бар амалым.

Мұңлы әнге сал, жырымды ұғып алып,
Өліп кетсем есіне алсын халық.
Өлмесем де жайылсын елге хиссам,
Үлгі болсын ұрпаққа атым қалып.

Кенжесі ем Толыбай сыншы Қожаберген,
Бата алғам Әнет пенен Әз Тәукеден.
Күйзелген жұрт жағдайын көзбен көріп,
Өзегім өртенген соң айттым өлең.

Біз айтпай көптің зарын кім айтады,
Батырды ұзақ соғыс қартайтады.
Кенеттен елі-жұртын жау шапқан соң,
Жырауды шабыншылық мұңайтады.

Жүрегім жау мен жұрттан сескенеді,
Біздерге кімдер қуат-күш береді?
Тілеймін амандықты бір Алладан,
Үш жүзді қашан қорғап ескереді?

Қарт ақын осындай да нұсқа айтады,
Мұндай жай ер қайғысын ұлғайтады.
Халқына қысылғанда айтпағанда,
Пайдалы насихатын қайда айтады.

Халқыма жәрдем бер деп, хақтағала,
Қолға ұстап жасыл туды шықтым алға.
Бұлайша өлеңменен қайрат бердім,
Соғысқа қатысатын мұсылманға:

– Ассалаумағалайкум, өлеуметім,
Дұрыс қой, осы бүгін алған бетің.

Қолда бар қаруларды пайдаланып,
Жойындар жау әкелген зор індетін!?

Соғысу ата жаумен – бұл міндетін,
Аянбай қылыштасар келді ретін.
Қол оқпен дұшпандарды жер құштырып,
Сопы мен айықтырғай елдің дертін.

Асынған құтты болсын жарақтарың,
Сөзіме құлағың сал, қарақтарым.
«Шабуылы сұм қалмақтың күшті екен», – деп,
Кетпендер жаудан қорқып тарап бәрің.

Жорықта жолың болсын, азаматым,
Болыңдар жаудан кекті қайтаратын.
Кеудеңде шыбын жаның болса егер,
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын.

Болып тұр халқым үшін ауыр кезең,
Найзанды, боздақтарым, жауға кезең.
Жырылып өз тобыңнан алшақтама,
Ер жігіт оңа алмайды елден безген.

Шабушы ек жауға қарсы ұрандасып,
Майданға аттанушы ек қатарласып.
Биылғы қалмақ қолы басым болды,
Тоқтату қиын боп тұр қарсыласып.

Дұшпанның аямасын әбден сезем,
Жаулардың қорлығына қалай төзем?
Қалмақтар дәу мылтықтан доп атқанда,
Сілкінді тау, орман, көл, тоғайлы өзен.

Салғанмен Жоңғар қатты бүліншілік,
Қуса да елді жерден быт-шыт қылып,
Шыдаңдар тобың бұзбай, азаматым,
Арылар әлі-ақ бастан қиыншылық.

Жемегей саяқ жүріп жаудан таяқ,
Жүрген жоқ бүгін бізді ешкім аяп.
Айнала анталаған дұшпаның көп,
Мылтығын атпақ болып тұрған таяп.

Пайдалан, Қазақ, Ноғай, құралыңды,
Көтере айт «Алаш!» – деген ұраныңды.
Өлер болсаң, балаңа қолтабыс ет,
Жоғалтпай қоржындағы Құраныңды.

Қазыбек, Ер Жәнібек, Алдабек би,
Көрді олар өз жұртынан кеткенін күй.
Үшеуі тозған елді біріктірер,
Қайғырма, жас пен кәрі, естерін жи!?

Өскенбіз Қазақ ұлы бір ұяда,
Қызыққан ел емеспіз дүнияға.
Үлкенді кіші сыйлап әрқашанда,
Топ болса, сөз бастатқан қарияға.

Сақтанып ұйымдасып, тізе коссақ,
Инша Алла, мұны құдай хош көреді.
Топтанып ғаскер құрап, есті жисақ,
Алла, аруақ баршамызға күш береді.

Тастама халы азынды мықтыларың,
Қоныстан жылжымаңдар күші барың.
Мекеннен марал ауса, жайы болмас,
Есте ұста, бұл сөзімді есі барың!?

Би мен бек, бір-біріңді сынамаңдар,
Дауласып ел арасын былғамаңдар!?
Сардарлар, сарбаз жинап, жаумен соғыс,
Сөздерін ғазазілдің тыңдамаңдар!

Қаратау, Сыр, Сарыарқа, Еділ-Жайық,
Тұрақты Қазақ жұрты қонысы деп,
Санаңдар түп қазаққа соны лайық,
Әуелден мал кіндігі өрісі деп.

Тірліктен жарамайды күдер үзген,
Сайла орын, жер үй салып, жапан түзген.
Қазақтың қыздарына жараспайды,
Қалмақтың бектеріне көзін сүзген.

Қыздарым, келіндерім, жауынгер бол,
Дұшпанға басыңды име, ұсынба қол.

Сендер де қару-жарақ асыныңдар,
Жоңғардан кек алатын өжет жан бол.

Қыздарым, келіндерім, топ құрыңдар,
Ерлерше киініңдер, сай тұрыңдар.
Ұрыста өл, мазақ болма, берілмеңдер,
Қалмақты қанжарменен шапқа ұрыңдар.

Таралған Үш жүз ұлы бір ұядан,
Сөйтсе де қоныс тепкен әр қиядан.
Бір-бірін көре қалса, «ой, бауырымдап!»
Табысып шұрқырасқан қиуадан.

Тарқатпа, сарбаздарым, жиыныңды,
Оңайлат жаудан кек ап, қиыныңды.
Қалмақты жеңіп шығып, құдай оңдап,
Боздақтар қайтадан тап үйіріңді?!

Елестеп көз алдында бұрынғы күн,
Шығарма өткенді ойлап, жылаған үн!?
Тірі қалған пенделер сергек болғай,
Иманын жолдас етсін өлгеніңнің!

Пайда жоқ қайғырғанмен, жамиятым,
Ешқашан жасымаңдар, болғай батым.
Ауырлық жау қырылып жеңілденсе,
Артады бұрынғыдай салтанатың!

Мұхаммед үммәтіміз – құдайға құл,
Сіздерге бабаң айтар өсиет бұл.
«Адам басы – Алланың добы» – деген,
Тәңірден тілек тілеп, шүкірлік қыл!

Соғыста қиындыққа шыдай берсек,
Дұшпанға қырылатын келер кезек.
Табағын жаудың өзіне қайта тартар,
Бөгенбай, Ер Сары, Асқап, Жабай, Көшек.

Біріңді бірін қолда қысылғанда,
Татулық – лайықты іс мұсылманға.
Боларсың бәрің батыр, өндірілерім,
Ұрыста ата жаумен ысылғанда.

Сынап көр бұл соғыста бағыңызды,
Сындырмай жау алдында сағыңызды.
Жоңғарға жебелерің тура тисін,
Дәлдеп ат, кере тартып жағыңызды.

Ауыр күн ұзақ тұрмас бастарында,
Тоқтарың қайырыла жүр аштарыңа.
Тірлікте бір-біріне мейірімді бол,
Естек жап, ұйымдасып ес барында.

Сүйей жүр әлсізінді әлі барың,
Қолдағы жолдас болсын қаруларың.
Майданға жау Қалмақпен шыққан кезде,
Алла мен аруақ болсын сыйынарың.

Дәрменсіз сұлтандарға ел ермесін,
Қазағым ғазазілді дос көрмесін.
Қазіргі төрт ханда да береке жоқ,
Оларға енді тізгін жұрт бермесін.

Екі жүзді сатқынға
Жарамас ерлер иліккен.
Қоғамшыл емес сұлтанды
Тайдырыңдар биліктен.

Қысылшаң мұндай кезеңде,
Айырылмаңдар бірліктен.
Мейлің төре, қара бол,
Жұртыңды қорға ерлікпен.

Үш биден, менен бата алған,
Түйе балуан атанған.
Балта керей Тұрсынбай
Асқан батыр қатардан.

Он жетісінен мәлім Тұрсынбай,
Ертісбай ердің баласы.
Жаста болса ол шаһбаз,
Қазақтың үлкен панасы.

Дұшпан шошыр айбатты,
Көп батырдан қайратты.

Қалмақ тигенін естісе,
Дей бер жауды жайратты.

Сондай ерлер аттанса,
Жоңғардың құрыр шарасы.
Ішкерілей енуге
Келе қоймас шамасы.

«Сарыарқа – Қазақ жері кіндігі», – деп,
Атаның мүлкі болсын жиғандарың.
«Жау қалмақ – ата дұшпан қанішер», – деп,
Ойраттың мойны болсын қиғандарың.

«Нұр жауар талапты ерге» деген жанмын,
Есіркеп қашан Алла жеткереді?
Тәнірден елге амандық тілеп жүрмін,
Қазақтың ісін қашан хош көреді?

Күн бар ма енді бізге жиылатын,
Дәм-тұзы туған жердің бұйыратын.
Сауықшыл бейбіт жатқан Қазақ едік,
Жау көрсек, қарсы бірге жұмылатын.

Бар еді Кіші жүзде батыр Жайнақ,
Жау десе, аттанушы еді жүзі жайнап.
Ол-дағы халқын жинап, жасақ құрып,
Қалмақты «ә» дегенше шығар жайпап.

Намазды тоқтатыңдар, азаматым,
Ұнаса менің айтқан насихатым.
Қожа, молда, ишандар уақытша,
Қоржынға сақтап қойсын шариятын.

Намаз оқып жатқанда, жаулар қырар,
Атылған дәу мылтықтан доп кеп ұрар.
Мінажат қып жайнамазда отырғанда,
Сұм халхи ұстап алып, тұтқын қылар.

Көңілің Алла мен дінге болса таза,
Тартқызсаң жау қалмаққа қатаң жаза.
Ұжмақтың төрінен орын аларсыңдар,
Кешірілер намазың болса қаза!

Тұрмыстың көрдің, міне, ауырларын,
Сау болғай, қайда жүрсең, бауырларым!
Тастама ата-ананды, ұл-қызыңды,
Қасыңда бірге жүрсін алған жарың!

Қалмақтың күні бізден жаман болсын,
Індет кеп аттары да шабан болсын!
Өткендер енді қайта тіріліп келмес,
Аз қазақ тірі жүрген аман болсын!

Санама бірінді артық, бірінді кемге,
Бірінді-бірін деме сүрінгенде.
Әрқашан тобық бұзбай, бірге жүрсең,
Татисың аз да болсаң іргелі елге.

Түсірме естеріңе ойда жоқты,
Көрсетпе бір-біріңе қоқан-лоқы.
Зор апаттан қалсаңдар аман-есен,
Аларсың әлі-ақ жинап дүние-боқты.

Дәулет, бақ, перзентке асығыс жоқ,
Пендеге шыдамдылық дес береді.
Жоққа қуып еш жүйрік жеткен емес,
Біреуге ерте, біреуге кеш келеді

Орнатар дұшпандарға заман ақыр,
Жас арыстан Қанжығалы Жантай батыр,
Естісе қалың қолын бастап шығып,
Жоңғарды отырғызар мұзға тақыр.

Саспаңдар, жұртты ұйыстыр, даналарым,
Дұшпанның көрсеңдер де соққыларын.
Қалмаққа шығын болмай, майдан берсең,
Белгілі болар жауды жоқ қыларын.

Ту ұстап, тұлпар мінген мен қарт ноян,
Бет келсе, жоңғарлардың көзін оям.
Қаншама арпалысып соғыссақ та,
Дінкені құртып тұр ғой мына қоян.

Желкілдеп бәйшешектей қатар өскен,
Майданда қайрат қылып көзге түскен.

Асынған қару-жарақ көген көздер,
Қоршауды бұзып шыққай ерен күшпен.

Көп әлі көретінің, берендерім,
Бел буып, тәуекел ет, өрендерім.
Оғыңды құр далаға шығын қылмай,
Байлап ат дұшпаныңды, мергендерім.

Жырларым құлағына тие қалса,
Ұғып ал, есіңе ұстап, азаматым.
Тірі жүрсең, қайта тап жер-суыңды,
Жоғалтпа жер жүзінен үш жүз атын.

Шәкіртім, қайда екен Бұқар жыршы?
Ол Бұқар әрі ақын, әрі сыншы.
Естісе жау тигенін аттан салар,
Жырына оның, халқым, құлақ түрші!

Бұқаржан биылғы жыл отыз жаста,
Атағы ақындықпен шықты Алашқа.
Өзі де көп қайғырып жүрген шығар,
Түскен соң ауыр бейнет қайтсын басқа!

Азаттық қамын ойла миыларың,
Қосқайсың елдің басын сыйлыларың.
Дұшпанға бас көтертпей, соққы берсең,
Жойылар бүгін көрген қиындарың.

Қалмақты, шамаң келсе, қыра бергей,
Өмірдің көрем десең рахатын.
Тірлікте жауыздарға есе бермей,
Бабаңның мақұлдаңдар насихатын!

Есен бол әр уақытта, бауырларым,
Көңілге медеу болсын қаруларың.
Бірінді-бірін қолда шамаң келсе,
Кетпесін босқа тозып ауылдарың.

Күн туса, ел беті оңға бұрылатын,
Әңгіме-кеңес, думан құрылатын.
Жұртымыз өз қалпына келер еді-ау,
Болса егер жау табаны сырылатын.

Бұл заман қай-қай заман, қасқыр заман,
Көрші ел жоқ қазақтарға қас қылмаған.
Дұшпанға кездескенде соққы бергей,
Дұрыс іс – жауға кеуде бастырмаған.

Алынсын сұрыпталып жиындарың,
Жұмсалсын үнемделіп бұйымдарың.
Киім мен азықтарды бөле-жарып,
Онайлат істеріңнің қиындарың.

Керейдің батыры бар Ақпанбеттей,
Оған да қоймаушы еді дұшпан беттей.
Естісе ғаскер жинап, ту көтеріп,
Қалмаққа келіп тиер жанған өрттей.

Мекенің болсын орман, тау мен тоғай,
Ол жерден жау алуы болмас оңай.
Майданда Қазақ қолын аруақ қолдап,
Халқыма қадыр Алла пана болғай.

Жаттап ал жырларымды, балаларым,
Болашақ көпке тұтқа даналарым.
Дұшпанды батылдықпен тойтарыңдар,
Жоғалтпай жау алдында беттің арын!

Бастасын тозған елді көсемдерім,
Ақылшы болсын сөзге шешендерім!
Мұндайда езуі босты ел санамай,
Тізе қос, күшті жинап есендерім!

Зор соғыс мұныменен тыйыла алмас,
Қазақты кәпір қалмақ жоқ қыла алмас.
«Дүние кезек» деуші еді бұрынғылар,
Дей ме екен Үш жүз жаудан кегін алмас.

Ерлерім, тілейтінім сендерден сол –
Ашыңдар Қазақ үшін бақытқа жол.
Қажыма, сескенбеңдер, ілгері ұмтыл,
Жастардан тез құрастыр қарулы қол!

Қиыншылық ылғи болмас, әлі-ақ өтер,
Сарбаздар жауды ұзатпай тентіретер.

Бөгенбай, Ер Сары, Асқап, Жабай, Көшек,
Қалмақты қойша қыар, зар еңіретер.

Қазағым дәулеті мол, қарқынды еді,
Жүздері ерлерімнің жарқын еді.
Құс төресі аққу құс секілденген,
Жұртымның қыз-келіні алтын еді.

Үміттімін әлі-ақ халқым оңалар,
Кәпір қалмақ, жер бетінен жоғалар!
Балаларым, жауды жеңіп күйретіп,
Тұғырына қазақ қайта қона алар!

Астыңда болмаса да тұлпарларын,
Аянбай соғысыңдар, сұңқарларым!
Майданда өл, жауға тірі берілмеңдер,
Төкпендер, азаматтық беттің арын!

Қалмақпен басталғанда үлкен ұрыс,
Қаршылдап жарқылдасын алмас қылыш.
Бастап өт Сарыарқаға қалың елді,
Жараспас шораларға босқа тұрыс.

Би мен бек, жұртты ұйыстыр, қарап тұрма,
Артыңа алаңдама, мойын бұрма.
Кейінгі елді ертетін сардарлар бар,
Олар да құлақ түрер біздің жырға.

Жырымда кемдік болса, сөге көрме,
Қарғысты қарт бабаңа төге көрме!
Кек қайтар дұшпаныңнан, ұландарым,
Басқаға көңіліңді бөле көрме!

Қайраттан, қимылдап қал, боздақтарым,
Есінде болсын менің айтқандарым.
Жауларды қол оқпенен топырақ қаптыр,
Әрдайым берік болсын ынтымағың!

Балалар, Алла, аруаққа сыйыныңдар,
Топ-топ боп әрбір тұсқа жиылыңдар.
Әр жерден жау қалмақты бас салыңдар,
Бытырап құр жүруден тыйылыңдар!

Құй ойла, құй ойлама, бітті жұмыс,
Бастандар қоршау бұзып үлкен ұрыс.
Қайғыдан ұран салып серпіліндер,
Бұл сөзім менің айтқан болмас бұрыс.

Аршындар жұрт өтетін жаудан жолды,
Шаншындар көк найзамен оңды-солды.
Соғыста жолың болғыр, қолбасылар,
Бастандар сұрыпталған қалың қолды.

Аман бол, ел қамқоры жарқындарым,
Алмастай қан майданда жарқылдағын.
Жұрт қамын естеріңе ап, ескере жүр,
Бақ қонып, басылмасын қарқындарың!

Ел мұнын әнге қостым, күйге қостым,
Алдыңа тарту етіп, жырды тостым.
Насихат халайыққа тағы да айттым,
Жігері артса екен деп көңілі бостың.

Тыңдады өсиетімді Үш жүз халқы,
Ұнатып айтқанымды жаяу-жалпы.
Осындай насихат сөз көпке арнадым,
Жазсын деп игілікке апат арты.

Жырымды ұғып жұрттың қаны қызды,
Тастамай жетектеді ұл мен қызды.
Батырлар найза ұстаған алға түсіп,
Сайланған жауынгерлер қоршау бұзды.

Ашынған қазақ қорқып бұға алмады,
Қалмақтар жекпе-жекке шыға алмады.
Мылтығы жеткілікті қанішерлер,
Бірме-бір шайқасуды қаламады.

Лап қойған бетте Қазақ бұзып шықты,
Қалмақты қоршап тұрған шаншып жықты.
Қайсы бір жас өндірілер оққа ұшса да,
Қайтпасын біздің жақтың жау да ұқты.

Түспен деп енді қалмақ алдауына,
Қаймықпай соққы беріп қас жауына.

Орта жүз, Кіші жүз боп күшін салып,
Дұшпанның быт-шыт қылды құрсауын да.

Жағдай жоқ көрші жұртпен елдескендей,
Өмір мен өлім болды белдескендей.
Мылтықсыз біздің Үш жүз жүрсе-дағы,
Тап қазір болдық жаумен теңдескендей.

Ер емес жаудың туын құлатпаған,
Қалмақтың адамы жоқ жылатпаған.
Сүйреткен дәу мылтығын сұмырайлар,
Қолма-қол соғысуды ұнатпаған.

Садақ пен мылтығым бар «күлдірмамай»,
Кезім жоқ атысқанда тигізе алмай.
Халқыма насихат жыр айтқанымда,
Қоршауды бұзып шықты бірі қалмай.

Кезінде қыннан қылыш суырылған,
Апшысы ит Қалмақтың қуырылған.
Орта жүз, Кіші жүздер садақ тартып,
Еріксіз дұшпан жақтан ту жығылған.

Қарамай өлгеніне, тірілгеніне де,
Қалмақтың таптап өтті мергенін де.
Қазақ, Ноғай баршасы ұран салып,
Дұшпанның талқандады шеңберін де.

Бөгелмей зуылдата садақ тарттық,
Күлдірмамай мылтықпен көздеп аттық.
Қоршау бұзып шығарда көк семсермен,
Арпалысқан жаулардың басын шаптық.

Қазақтың қарт батыры ем ардақтаған,
Жырымды топқа салып салмақтағам.
Қан кешіп, сан майданда жүрсем-дағы,
Жоғалтпай өз бойыма ар сақтағам.

Мейман боп қайын жұртқа келіп едім,
Сый-құрмет Кіші жүзден көріп едім.
Еліме қайтар шақта жау қоршады,
Жаратқан, осыншама не қып едім?

Қазаққа қиын болды келген індет,
Ежелден жауға шабу – ерге міндет.
Шығарда жау қоршауын күшпен бұзып,
Екі ұлым майданда өлді Науан, Әсет.

Майданда соғысқанда шаһыбаздарым,
Қиналып қысылып еді жер боп тарын.
Сұм қалмақ қорғасын оқ жаудырса да,
Қаймықпай шайқасып ед құлындарым.

Екі ұлым, екі атқосшым оққа ұшты,
Төрт боздақ қара жерді барып құшты.
Өлімін төрт батырдың көргенімде,
Өртеніп іші-бауырым күйіп пісті.

Төртеуі бізбен бірге келіп еді,
Тамаша Кіші жүзден көріп еді.
Ақыры қан майданда шейіт болды,
Төрт ботам жау қалмаққа не қып еді?

Көрген соң сұмдық істі шыдай алмай,
Ұрандап «Ошыбайлап!» салдым айғай.
Шаныштым оңды-солды көк найзамен,
Жығылды талай жендет салып ойбай.

Пенденің бала деген жүрегі ғой,
Аз күндік тіршілікте тірегі ғой.
Ұлдардың жаудан кегін алу үшін,
Қалмақтың тайшыларын түйредім ғой.

Қалмақтың алақандап ұрттап қанын,
Құштырдым талайына аттың жалын.
Әйтеуір бір өлім деп қылыштастық,
Қазақтың қорғау үшін мал мен жанын.

Үйде, түзде болсақ та бір-ақ өлім,
Дұшпаннан алған дұрыс елдің кегін.
Келсем де алпыс бірге найзаладым,
Жоңғардың қанға құмар талай бегін.

Қоршауды бұзар шақта әлді жидық,
Уайымды, босандықты мүлдем тыйдық.

Алысқан ат үстінде ит халхидың,
Ұстап ап айдарынан мойнын қидық.

Уақиға ауыр болды көзбен көрген,
Атқыш ем қолмен мерген, көзбен мерген.
Лақтырып шыжым найза жылдамдата,
Қалмақты сұлатуды мақұл көргем.

Болсам да қол бастаған батыр ноян,
Қайғыны ішімдегі қалай жоям?
Қасымда қалың жасақ болмаса да,
Шайқастым алпыс бірде болмай қоян.

Айырылды тұлпар атым тағасынан,
Тозып тұр ақ сауытым жағасынан.
Қайралған қайқы болат алдаспаным,
Боялды қызыл қанға сағасынан.

Жорықта қырық төрт жыл ғұмырым өтті,
Орта жас ол да мені тастап кетті.
Ит қалмақ соғысуға душар қылды,
Болмаса ақсақалдық кезең жетті.

Жасымнан ту ұстаған болдым сардар,
Соңыма еріп жүрді талай дегдар.
Кез болдым алпыс бірде қатал жауға,
Ісіне құдіреттің не амал бар?

Жау алды қазақтың кең сахарасын,
Талайды оққа ұшырып, кесіп басын.
Күнасыз жүкті әйелдің ішін тіліп,
Найзалап шырыдатты жас баласын.

Тірлікте бұл қорлықты көрмейін деп,
Тайынбай жауға соққы берейін деп.
Дұшпанға ыза кернеп, қарсы шаптым,
Майданда шейіт болып өлейін деп.

Қалмақпен ұрыс салдық аянбай-ақ,
Аялдап алды-артыма қарамай-ақ.
Мені көріп, жастар да аттан салды,
Ойратты шабақтадық аямай-ақ.

Жүрекке шабыншылық салды жара,
Бөлінді ел бір-бірінен дара-дара.
Жоңғармен ұлғайсам да кескілестім,
Тағдырдың жазуына бар ма шара?

Пендеге опа болмас дүние жалған,
Жау үшін қазақ құны арзандалған.
Майданда Алла сақтап жарылмады,
Төбесі дулығамның маржандалған.

Атаның еркін өсіп дәулетінде,
Бөленіп сән-салтанат сәулетіне.
Сарбазсыз жолаушылап жүрсем-дағы,
Қаймықпай шығып жүрдім жау бетіне.

Көргенде Хорос, Шорос, Білеуітті,
Убашы, Ұранқай мен Телеуітті.
«Әкелген жұртыма апат сұмырай», – деп,
Іштегі кәрі кегім қайнап кетті.

Құрымай енді дұшпан бізге күн жоқ,
Ерлердің жүрегіне түсірген шоқ.
Халқымды қансыратқан малғұндардың,
Қадалттым жауырынынан дәлдеп қол оқ.

Айналды зор шайқасқа ұрыс соңы,
Жаңбырша жауып кетті қалмақ оғы.
Дұшпандар оқ бората бастағанда,
Шегінді шығын болмай қазақ қолы.

Кең дала толып кетті айғай шуға,
Қазақтар паналады тоғай-нуға.
Соғысқан қалмақтармен біздің ғаскер,
Болды ғой тірелгендей от пен суға.

Қалжырап күші азайған есіл халық
Мәңгірді, соғыс аштық жүдеткелі.
Көлігін қолда барлар пайдаланып,
Бет қойды Сарыарқаға тез жеткелі.

Жанына қиыншылық қатты батып,
Азаптың улы дәмін бәрі татып.

Қажыды азығы жоқ шұбырған жұрт,
Әр жерде аш, жалаңаш қона жатып.

Бұл заман қай-қай заман, мыстан заман,
Қазақты әлсіреткен дұшпан заман.
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қар жауған қантардағы қыстан жаман.

Қанданды қазақ атам кең даласы,
Өлік пен ашқа толды сай-саласы.
Құтқармақ елді апаттан болсадағы,
Әнеттей жолда қалды жұрт данасы.

Құрсауын Торғауыттың бұзып өтті,
Қазақтар қоршаудағы бәрі кетті.
Жеткізбей халхиларға кеткен елдің,
Біразы Сарысуға барып жетті.

Келтірдің жұртыма індет қатты, құдай,
Қара жер ел табанына батты, құдай.
Жаяудың жүрсе аяғы ауырады,
Халқыма қимадың ғой атты, құдай.

Зор апат Үш жүз ұлын тентіретті,
Жұртымның бақ, береке, құты кетті.
Жал-жая, қазы-қарта жеген қазақ,
Дариға-ай, шөп тамырын қорек етті.

Жоқшылық меңдеткен соң адам жұқа,
Шекпенге өш болады тікен, бұта.
Қазағым шөп тамырын қорек етіп,
Қампайтты ішін сумен жұта-жұта.

Бейнетке жол-жөнекей әбден батып,
Тоқтайды дем алмақ боп аздап жатып.
Қоршаудан шықса-дағы мекені жоқ,
Ойлайды жан сақтауды басы қатып.

Көсемдер қайғыланды қатты налып,
Жарымжан, кемтар-ауру жолда қалып.
Өгіз, тайлақ мінгендер қуанысып,
Шұбырды Арқа жаққа қашқан халық.

Өкшелеп артымыздан бізді қуып,
Жетуге қалмақ қолы қалды жуық.
Жауға дәлдеп шірене садақ тарттық,
Қалдық деп бір күн өліп, бір күн туып.

Қалмады соңымыздан кәпір қалмақ,
Тағы да түсірмек боп ауыр салмақ.
Бұршақша қорғасын оқ жаудырды олар,
Қоярдай қалған елді бірден жалмап.

Мен талай жау шебіне салғам ойран,
Ісіме Үш жүз ұлы қалған қайран.
Атақты Ер Толыбайдан тусам-дағы,
Тимей тұр тозған жұртқа ешбір пайдам.

Қазаққа болмасам да үлкен тұтқа,
Насихат тағы да айттым барша жұртқа.
Жырымды шегінген қол қабыл алды,
Кезігіп тұрса да аштық, соғыс, жұтқа.

Ел намысын қозғадым,
Ұзақ сөйлеп созбадым.
Қайрат беріп ерлерге,
Бұлайша бір толғадым.

Өртеңге шыққан жас шөптей,
Еркелеп өскен ұлдарым.
Дұшпандарға бас име,
Құламасын тіккен туларын.

Жау келді деп қайғырма,
Табаныңды тайдырма!
Жебе борат қалмаққа,
Естеріңнен айырылма!

Ұрандап шық майданға,
Қолдағы сеніп сайманға.
Жау таңқалсын мылтықты
Тапқан ақыл-айлаңа.

Бақыт қонбас тайғанға,
Сес көрсетіп жайнаңда.

Абдырама, ерлерім,
Қалмақ қанат жайғанға.

Қас ойлаған көпірдің
Қабыл болмас тобасы.
Естен кетпес қазаққа
Иттердің салған жарасы.

Қалмаса да соңыңнан,
Берме намыс қолыңнан.
Аянбай ұрыс салыңдар,
Бөгей алмас жолыңнан.

Қалдырармыз Қалмақты,
Аударып тастап салмақты.
Тойтарайық жауызды,
Құрсаулатпай жан-жақты.

Батырлардың ағасы,
Қырықта жас шамасы.
Қорған болар халқыма,
Бөгенбайдай панасы.

Қанжығалы Арғын Бөгенбай –
Алтынды тонның жағасы.
Осы күнгі сардардың
Бәрінен артық бағасы.

Бес жасы кіші Бөгеннен,
Албанның ері Ханкелді.
Бөлінсе де жұртынан,
Бастауға жарар ғаскерді.

Тазартылар күн туар
Қазақтың кең даласы.
Ел қорғаны ұл туар,
Жоңғардың құрыр шарасы.

Жазығы жоқ қазақтың
Батырлар болар панасы.
Жұртты қырған Ойраттың
Жыртылар әлі-ақ жағасы.

Қазақтар түйіп қабағын,
Жаудың орып тамағын,
Қайта тартар қалмаққа,
Өздері тартқан табағын.

Быт-шыт қып шебін, қамалын,
Көпірдің тауысып амалын,
Қазағым жерін тазартып,
Тайдырар дұшпан табанын.

Қайтарылар жерлерін –
Тау, орман, өзен, көлдерін.
Болашағы үшін ел-жұрттың,
Ұрысқа шық, ерлерім!

Ту көтеріп, ұран сап,
Шығарып жаудың ойранын,
Желбіресін құлпырып,
Бөрілі жасыл байрағың.

Халқымның соры арылып, бағы жансын,
Дұшпандар топырақ қауып, жер жастансын.
Үш жүздің жауыз Қалмақ соққысын жеп,
Айырылып жер-суынан қайғылансын!

Қолынан ата жаудың дәулет кетсін,
Жай түсіп, елі-жұрты құрып бітсін!
Талқандап Қалмақтарды мекенінде,
Қазағым желбіретіп туын тіксін!

Келеді көп ұзамай ондай заман,
Азамат тізе қосып, жүрсе аман.
Ұшырап бейбіт жұрттың қарғысына,
Қалмақтың көрер күні болар жаман!

Мұны естіп өңкей боздақ қайраттанды,
Сарбаздар көңілденіп, бек шаттанды.
Ілгері қалмақ қолын жүргіздіртпей,
Жігіттер садақ тартып, айбаттанды.

Көрсетті өндірілерім жауға айбын,
Тарқады оны көріп, шер мен қайғым.

Сарбаздар жылдам қол оқ лақтырғанда,
Бәрінен қашты дұшпан дөң мен сайдың.

Батырлар халхиларға шегіп айбат,
Көп бөгеп Қалмақ жолын қылды қайрат.
Хорос, Шорос, Білеуіт жабылса да,
Күллісін қазақ қолы шықты жайпап.

Жендеті Сібе, Ұранқай сасып қалды,
Убашы, Торғауыттар жасып қалды.
Қолма-қол шайқасқанда жауын қырып,
Көңілі ерлерімнің тасып қалды.

Біздің жақ бірме-бірде басым түсті,
Қылыш пен найза ұрыста асып түсті.
Алысып қалмақтармен ұмар-жұмар,
Көрсетті бұл майданда жауға күшті.

Өзім де «Ошыбайлап!» ұран салдым,
Дұшпанның қорлығына назаландым.
Қасық қаным қалғанша соғыспақ боп,
Қалмақтың батырларын найзаладым.

Майданда ақыл-естен адасқанда,
Өлшеусіз ерік бердім алдаспанға.
Наркескен мойнын қиды талай жаудың,
Өзім мен жан-жарыма жармасқанда.

Жаным менің ерлерден ардақты емес,
Өткен күн көз алдымда жай бір елес.
Жүз жиырма төрт мың пайғамбар мен
Отыз үш мың сахаба да дүниеден өткен,
Солардан Қожаберген артық емес.

Дүние опасы жоқ жалған екен,
Бізден басқа да ерлерден қалған екен.
Өліп кетсем, соғыста шейіт болам,
Үйде өлмей, түзде өлген арман екен.

Ашамайлы керей ішінде Көшебемін,
Жорыққа он жетімнен төселгенмін.

Жекпе-жек Қалмақтармен шыққан шақта,
Желкесін қидым талай ерсінгеннің.

Бұл сөзім менің айтқан жалған емес,
Өтірікке ерлік арым барған емес.
Алпыс бірге келгенше бірме-бірде,
Жау дендеп, ат сауырына салған емес.

Бұл да болса, құдайдың бергені де,
Атқардым қолдап істің келгенін де.
Аллаға шүкір, беделсіз болған емен,
Түсінем жұртым, маған сенгенін де.

Атқарып тәуір жұмыс елшілікте,
Ұнадық ер атанып көпшілікке.
Айырылып қасыма ерген төрт боздақтан,
Тап болдым дәл бүгін мен кемшілікке.

Зор апат болатынын білген жоқпыз,
Кем тұтып, ғарыптерге күлген жоқпыз.
Кез болдық абайсызда бұл індетке,
«Ертегі» тыңдайық деп жүрген жоқпыз.

Батыр деп түсіп жұрттың ықыласы,
Болып ем жас шағымнан ордабасы.
Кешегі қамал бұзған жиырма бесте,
Сыйлап еді мұсылманның кәрі-жасы.

Жерлерім-Ертіс, Есіл, Тобыл бойы,
Елімнің жайылушы еді ешкі-қойы.
Күн туып, ата жаудан кек алатын,
Қалмақтың іске аспасын харам ойы.

Белгілі мырзалықпен жұртқа жайлы,
Орта жүз Керейде елім Ашамайлы.
Есепсіз көп өсіп еді тайлақ-тайы,
Болған соң жер-суы оның тым жағдайлы.

Жағасында түйе қаптаған,
Суы тұзды көлім-ай.
Қалың жылқы жайылған,
Жап-жасыл жазық жерім-ай.

Желіге құлын байлаған,
Жомарт қолды ерім-ай.
Ит жүгіртіп, құс салған,
Бетегелі белім-ай.

Үйрек ұшып, қаз қонған,
Айдын шалқар көлім-ай.
Дағдарып тұрмын бүгін мен,
Бетпақтың қуаң шөлінде-ай.

Бір-бір ұштың көзімнен,
Теріскей Арқа жерім-ай.

Тірімісің, бармысың,
Қатар өскен теңім-ай.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Кернейлеткен бегім-ай.

Көкпар тартып, сайысқан,
Жасыл алқап дөңім-ай.
Күн туар ма дұшпаннан,
Қайтатұғын кегім-ай.

Қайран Керей елім-ай,
Көк шалғын Сібір жерім-ай.
Кір жуып, кіндік кескен жер,
Кетем бе, сені көре алмай?

Білмедім жолда мұндай сор боларын,
Апаттың қазақ үшін зор боларын.
Орта жүз Керей-дағы ауды ма екен,
Кім біледі істің алда не боларын?

Орнымда қалып еді жасақ бастап,
Ел басшысы сайлап ем, халқым қостап.
Жаудан жұртын жүр ме екен қорғап аман,
Қуатым, сүйенішім інім Асқап?

Өтежан, Қарабас би, Тобыш ағам,
Үш ағам аман ба екен жау оғынан.
Көрем бе туған елді, көрмеймін бе,
Биылғы жаудың беті өте жаман.

Дариға-ай, туған жерден алыс қалдым,
Белгісіз не болары біздің халдың.
Тірі боп елмен бірге кездесер ме,
Үйдегі он ұл, бір қыз балапаным?

Тарығып ұзақ жолда тарттым бейнет,
Туатын күн болар ма, бізге зейнет.
Қолында аға-інімнің аман ба екен,
Ең кенжем – жалғыз қызым, құлыным Зейнеп.

Үш ағам кәрілік жеңген қария еді,
Ақылға, ерлікке де дария еді.
Бұл күнде жасы жетіп, тақтан тайды,
Әйтпесе даңқы көпке жария еді.

Қызығын жаулар көрді жиған малдың,
Нақақтан қанын төгіп талай жанның.
Біз кеткенде, жорықта жүрген бес ұл,
Шіркін-ау, тірімісін, қайда бардың?

Зәресін алып еді сан дұшпанның,
Келтіріп тәубасына басынғанның.
Еділ жаққа қол бастап кетіп еді,
Тұңғышым, есен бе екен Әди жаным?

Қорғаны болып еді жан мен малдың,
Қазақта басшысы еді сері-салдың.
Арқаға ғаскер бастап барып еді,
Жүр ме екен, аман-есен, Дәстем жаным?

Аққас көл, Қарақас көл арасында,
Бас қосып Жаңбыршы жал ағашында.
Отырар шұбат ішіп күн болар ма,
Үлгі айтып Керей-Уақ баласына?

Қоян жыл дәл алпыс бір мүшелім ғой,
Жасымнан сардар болған кісі едім ғой.
Көрші елге елшілікке ылғи барып,
Халқыма адал қызмет істедім ғой.

Кезінде сардар болған сансыз қолға-ай,
Керейде менің әкем сыншы Толыбай.

Жетсек те бұрын талай жеңістерге
Жолықтық бүгінгі күн күші зорға-ай.

Тайынбай қарсыласып қалың жауға,
Шықтық қой қоршау бұзып қалмай жауда.
Майданда өлсем, әйтеуір, шейіт болам,
Дұшпаннан қорқып жанды етпен сауға.

Кешегі жас өспірім балғын шақта,
Оқыдым медіреседе Самарқандта.
Жеті жыл ғұламалардан дәріс алдым,
Менгеріп үш-төрт тілді дер уақытта.

Екі жыл Бұхарадан және оқыдым,
Ие боп зерек шәкірт деген атқа.

Өнерге жас шағымнан құштар болғам,
Самарқанд, Бұхарадан білім алғам.
Атанып үздік шәкірт қатарымда,
Ең үлкен медіресесін тәмамдағам.

Ерлікпен мағылұм болдық алыс-жатқа,
Ән шырқап, қобыз тарттық көңіл шатта.
Бітіріп медіресені шыққаннан соң,
Имам боп он жетімде міндім атқа.

Он сегізде әйгілі балуан болып,
Он тоғызда іліндік батыр атқа.
Жиырмада имам болмай, ақын болып,
Сыймайтын іс жасадым шарифатқа.

Артықша болмаса да айла-амалым,
Қайтардым бетін талай қас дұшпанның.
Кешегі өз Тәукенің заманында,
Сан рет тайдырып ем жау табанын.

Тіліне араб, парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Шамамша ел қорғаны-батыр болып,
Мен жүрдім қазағыма қызмет етіп.

Мекендеп Тобыл, Үшбұлақ екі арасын,
Қазақтың жырға бөлеп ен даласын,

Сауықшыл Орта жүздің Керейі едік,
Үш жүздің жат көрмеген еш баласын.

Бұла өсіп ағалардың арқасында,
Айналып аға-жеңгем марқасына,
Жорықтан тұтқын етіп ел әкелген,
Қалмақтың көз салмаушы ем қалқашына!

Адам деп өн бойына өнер жиған,
Ел іші деп атайды мені имам.
Жорыққа он жетімнен араласып,
Болғам жоқ қожа, софы, молда, ишан.

Хат танып, дін исламның білімін алғам,
Жұртыма насихатшы жырау болғам.
Өз Тәуке дәуірінде сардар болып,
Ту ұстап, тұлпар мініп, қол басқарғам.

Қай заман, мына заман, бағы заман,
Болар ма баяғыдай тағы заман.
Қара орман – туған жерім алыс қалып,
Көл-дария көздің жасын ағызамын.

Жорықта еді қос немерем – Меңгер, Сапа,
Тар жерде соларды ойлап болдым қапа.
Өзім де ұзақ жолда мандымадым,
Айрылып төрт батырдан шектім жапа.

Жау қалмақ шапты талай ауылдарды,
Халқымның тұрмыс-халы ауырлады.
Алдырмай жауыздарға елге жетіп,
Көрем бе аға-іні, бауырларды.

Ажырады ұл атадан, қыз анадан,
Қырылды ел соққы көріп қалмақтардан.
Дарига-ай, қазаққа Алла қуат беріп,
Кек алар күн туар ма дұшпандардан?!

Арғы атам – Ордабасы Дәулен батыр,
Еділге, Алтайға да тіккен шатыр.
Қараған Қазақ, Естек қоластына,
Аруағың жебеу болмай, қайда жатыр?!

Лақтырып жауға қол оқ ерлер жылдам,
Турадық дұшпанды ұстап сай-жылғадан.
Қарамай қысаңшылық ауыр күнге,
Халқымның мұнын айтып, өлең қылғам.

Өткеріп бастан бәрін шатақтардың,
Ісіне көп күйініп жалтақтардың,
Асқанға да бір зауал болар ақыр,
Быт-шытын шығарар жұрт қалмақтардың.

Көрмессің сұм қалмақтай тым қаталды,
Болса да сонша қатал көп маталды.
Қалмақты қазақ бөгеп, тойтарған жер,
Сол күннен «Қалмақ қырылған» деп аталды.

Қазақтың қамсыздығын жаулар сезген,
Тыңшысы қалмақтардың елді кезген.
Шал-кемпір кейпінде боп жер шарлаған,
Санақшы тұтқындалды жаннан безген.

Қалмақтың санақшысы қолға түсті,
Қысымға ап көрсетіп ек оған күшті.
Баяндап қару-жарақ, ғаскер санын,
Қалдырмай айтып берді керек істі.

Қазақтар қаша көшіп ұрыс салды,
Бетпақта адастырды қалмақтарды.
Арқаға күнгейдегі қазақ ауып,
Шу, Талас, Сыр, Қаратау жауда қалды.

Тарақты Ер Байғозы қолдың басы,
Жиырманың алтауына келген жасы.
Бұл-дағы Кіші жүзге күйеу екен,
Ерлігін көрді елдің кәрі-жасы.

Қатысты Кіші жүзден Тайлақ мерген,
Сұлатты көздегенін атқан жерден.
Бір мерген Саңырық атты жараланды,
Тайлақтың жолдас болып қасына ерген.

Екеуі де Кіші жүзде Шекті еді,
Қалмаққа әуел бастан кекті еді.

Ағасы Тайлақ мерген Байрақ, Қайрақ,
Олар да жүрек жұтқан бетті еді.

Баласы Бекежанның мерген Тайлақ,
Садақпен жау қалмақты атты байлап.
Ағасы оның Қайрақ ғаскер жинап,
Дұшпанға қарсы аттанған қару сайлап.

Әйгілі Тайлақ, Саңырық батыр емес,
Найза ұстап, жекпе-жекке шыққан емес.
Өзгеше мергендікпен көзге түскен,
Болмаса қылыштасып етпес егес.

Байғозы қолма-қолда екен күшті,
Ер болып, жеке шығып, көзге түсті.
Атысқа ғадеттенген қалмақтардың,
Бетпе-бет кездескенде зәресі ұшты.

Тұсында «Таңбалы тас» болып шайқас,
Қазақтар ата жаумен салды айқас.
Қалмақтар үсті-үстіне оқ боратты,
Дегендей Үш жүз ұлы көріп байқас.

Соғысып осы жолы байқасқанда,
Қаймықпай басқыншымен айқасқанда,
Қалмақтар жеме-жемде ұта алмады,
Қолма-қол қазақтармен шайқасқанда.

«Айнакөл» жағасында қырғын болды,
Қанды ұрыс екі жаққа қиын болды.
Орта жүз, Кіші жүз боп қарсыласып,
Қалмақтан алты мың жан шығын болды.

Тоқтаусыз келе берді қалмақ қолы,
Қанданды ол иттердің жүрген жолы.
Сескендік ерлер, құрал аздығынан,
Әлсіз боп қалған жасақ оң мен солы.

Қамданған жасақ жиып, тігіп шатыр,
Қолбасшы Әбілхайыр қайда жатыр?
Сәмеке, Ғайып, Болат, Әбілмәмбеттің
Жәрдемі бар қазаққа тимеді ақыр.

Көп күттік Әбілхайыр келеді деп,
Тосыннан жауға соққы береді деп.
Алайда, көмекші қол көрінбейді,
Қорықтық халық түгел өледі деп.

Көрінген батыр сұлтан сөзі майда,
Мақтанған жайшылықта Барақ қайда?
Қытай мен орыстарды мақтаушы еді,
Тапты екен сол жұрттардан қандай пайда?

Әйтсе де көп боп қазақ өлермені,
Қалмақтың ойға қалды елермені.
Жоңғарлар мылтықтан оқ жаудырса да,
Көрінді екі жақтың теңелгені.

Кіші Арғын Қараманның әулетінен,
Бар екен жүрген батыр өз бетімен.
Есімі сол сабаздың жас Бөгенбай,
Мойымас айырылса да дәулетінен.

Ер шыққан Кіші Арғыннан жас Бөгенбай,
Көңілі қалмақ десе тас Бөгенбай.
Дұшпанға бір бүйірден келіп тиді,
Арғынның жасағына бас Бөгенбай.

Дұшпанға қарсы тұрды Арғын қолы,
Кесілді еріксізден жаудың жолы.
Айнакөл жағасында тоссақ-тағы,
Келмеді Әбілхайыр жиған тобы.

Шегініп Үзкент жаққа болдық бармақ,
Үзкентті болды ойымыз қорғап қалмақ.
Аспаннан тілегенді жерден беріп,
Бөгенбай болды жауға қанды қармақ.

Бөгенбай болды жұртқа үлкен сүйеу,
Болмады Үш жүз үшін енді күйреу.
Әбілхайыр сұлтанға ол кейіді,
Болса да төрелерге өзі күйеу.

Баласы Қожакенің Бөген сардар,
Қолда деп бұл майданда паруардигар.

Ат қойды Үзкентке кеп Жоңғарларға,
Жауларға кезек келді қырғын табар.

Бес мыңдай жау қырылды Үзкент жақта,
Екпіндеп баса-көктеп келген шақта.
Тойтардық Сарысуда қалмақ қолын,
Дұшпандар өте алмады батыс жаққа.

Бұл жерде Төлегатай бейіті бар,
Қасында қайынатасы Қылышты дегдар.
Бейітіне екі асылдың құран оқып,
Қолдасын дедік бізді әруақтар.

Төлегатай Қылышты софы қызын апты,
Мекендеп Үзкент маңын тұрып қапты.
Ұлғайған да аулақтап өз жұртынан,
Үзкенттегі қоныста дүние сапты.

Төлегатайдың екінші бәйбішесінен
Туған ұлдар Балталы, Бағаналы.
Ел болып кейін олар өсіп-өніп,
Қонысқа Үржар екен таңдағаны.

Қалмақ келіп шапқанда, олар да ауған,
Сарысуға өтіпті қашып жаудан.
Көбі аман қалыпты бұл жұрттардың,
Құтылған балықтай боп құрған аудан.

Қылышты софы қызынан туған екен,
Балталы, Бағаналы деген ерлер.
Екі асылдың батасы қабыл болып,
Олардан тарап кеткен талай елдер.

Жарылғап, Жанкісі байлар туған екен,
Жұртының басты адамы Өтемістен.
Сол арада жолығып дидарластық,
Бағаналы мырзасы Өтеміспен.

Бейітке дұға оқып, шықтық түнеп,
Аруаққа көп сиынып, тілек тілеп.
Арқаға өтуге елге басшы болдық,
Аштықтан қалса-дағы халық жүдеп.

Құтылу үшін жаудан болып азат,
Шыдатпай шапшандата тарттық садақ.
Қалмақтың соңға түскен жендетіне,
Тигіздік Мірдің оғын дәлдеп қадап.

Атса да дәу мылтықтан бізге допты,
Желігіп жаудырса да жұртқа оқты.
Қазақтар бұрылып кеп бас салғанда,
Еріксіз қалмақ қолы жеді соққы.

Ілгері жаулар қадам баса алмады,
Бөгелді Сарысудан аса алмады.
Ащыкөл, Телікөлде қырылды олар,
Үш жүздің қанын шаша алмады.

Қайғырып қазақ елі шекті уайым,
Зор апат төмендетіп хал-жағдайын.
Жырымды әрі қарай ұластырып,
Азырақ қайын жұртты баяндайын.

Сүйген жарым Айшаның
Асыл тегін сұрасақ,
Білемек болып, жарандар,
Шежіреден қузасаң.

Сауал қойсаң біздерге,
Үш жүздің деп қай ұлы?
Кіші жүз – Алшын ішінде,
Он екі ата Байұлы.

Байұлыға жататын
Есентемір деген ел еді.
Сырдарияның бойында,
Мекені – Бестам жері еді.

Ерлер шыққан бұл елден,
Жұртқа басшы киелі.
Қоныстанған жерінің
Шұрайлысы еді Шиелі.

Жігіттері жауынгер,
Шеттерінен бөрі еді.

Жұтқызған жауға қайғы-шер,
Қамалға шапқан ер еді.

Алдынан өрген малының
Есебі жоқ көп еді.
Ғарыптерге қайырымды,
Етек-жеңі кең еді.

Айырылып ата қоныстан,
Бет қайтқан соң соғыстан.
Дәу мылтықты дұшпаннан
Есентемір жұрты ығысқан.

Жағалбайлы, Жаппас пен
Есентемір, Кердері.
Орал тауға көшпекші,
Жаулары шайқап іргені.

Алшынның әйдік шешені,
Есентемір елі көсемі –
Қайын атам Қабылан би,
Ақылға дихан кісі еді.

Қатарында ер еді,
Азулы жанның бірі еді.
Қартайса да беделді,
Кіші жүзге бел еді.

Айла-амалға кемел-ді,
Баурап көрші-көлемді.
Топтастырды маңына,
Жігіттерді өнерлі.

Көп қиындық көрсе де,
Алдағы істі білсе де.
Дайындалды сапарға,
Сексен беске келсе де.

Жағалбайлы көсемі,
Сансызбайұлы Төспенен.
Ақыл қосып екеуі,
Көшейік бар да ес деген.

Алла, Әруаққа сиынып,
Тас түйін боп жиылып.
Қару-жарақ асынды,
Еретін жұртқа бұйырып.

Салқынданып сұрғылт күз,
Күннің көзін бұлт басты.
Тозған елге басшы боп,
Жағалбайлы, Жаппасты.

Есентемір, Кердері,
Жұртын бұлар бастап ап,
Бірі – кәрі, бірі – жас,
Сөздерін қауым қостап ап.

Амалсыз тастап Сыр бойын,
Орал тауға бармақ боп,
Шоғырланды төбеге
Көшпек болған жиын-топ.

Ту көтеріп көсемі,
Соңына ертіп көп елді,
Тәуекелге бел буып,
Көшті бастап жөнелді.

Жағалбайлы Төс батыр,
Өз халқына ес батыр.
Жиырма алтыда жасы бар,
Қалмақтарға өш батыр.

Сансызбайдың өзіндей
Көрсеткен жауға сес батыр.
Үзкентте болған ұрыста,
Қалмақты қырған гүж батыр.

Кетерінде қиналды ел,
Қоныстарын қия алмай.
Бәрі де жұрттың жылады,
Көз жастарын тия алмай.

Көз жасын төкті ел мен ер,
Іштеріне толып қайғы – шер.

Аударып табан көшсе де,
Орал тауы шалғай жер.

Орал таудың күнгеі –
Кіші жүз Әлім жері еді.
Алшынның Әлім тайпасы,
Алты аталы ел еді.

Шықса да талай қарсы қалың жауға,
Шабақтай болды оралған құрған ауға.
Кіші жүздің төрт руы бетін бұрды,
Ырғыз, Ор, Ойыл, Елек, Орал тауға.

Беттеді көлігі барлар әр бағдарға,
Бет қойды біраз Алшын Мұғаджарға.
Күнгеілік Кіші жүздер бел байлады,
Бармақ боп жер кіндігі – Сарыарқаға.

Билері үш Алшынның көп кеңесті,
Бір тобы Сарыарқаға барам десті.
Сыр бойы, Қаратау да қоныс болмай,
Ілесіп Орта жүзге Алшын көшті.

Шығысын Сарыарқаның қалмақ алды,
Балқаштың айналасын қоныстанды.
Баян тау, Ереймен мен Қарқаралы –
Бәріне Жоңғарлар кеп салық салды.

Мекені еді Арғын-Қыпшақ, Тарақты елі,
Арқаның Қытайлар аспас сары белі.
Тапталып дұшпан аты тұяғына,
Қазақтың қор болды ғой жасыл жері.

Ташкент пен Түмен шаһар араларын,
Орман, тау, өзен, көлді далаларын
Қыс қыстап, жазда жайлап, еркін өсіп,
Ту ұстап, тұлпар мінген шораларым.

Түркістан, Сайрам, Тараз, Ташкент маңын
Мекендеп Орта жүздің халқы қалың,
Ежелден қоныс етіп, егін салып,
Өсірген қой мен түйе, жылқы малын.

Осындай кең байтақты мекен еткен,
Орта жүз бүгін жаудан жапа шеккен.
Айырылып ата қоныс, мал-мүлкінен,
Тұрмысы жұртымыздың кері кеткен.

Аумаған көп аймақта ел қалмаған,
Халқымды қалмақ оғы көп жалмаған.
Сандалған саудагердің айтуынша,
Арқаның Батыс жағын жау алмаған.

Жан-жақтан Сарыарқаға ел құлады,
Қуылып қыстауынан зар жылады.
Қиналған мекен таппай жаяу-жалпы,
Шұбырып жүрген ізін жол қылады.

Ит жоңғар шабуылдады бірнеше ұдай,
Қоршауды бұздық, қолдап аруақ-құдай.
Ертіс, Есіл, Тобылға жетпек болып,
Келеміз Айша екеуміз жүріп тынбай.

Ақса да соғыста қан ағын судай,
Арқаға қазақ көшті улай-шулай.
Аштарға аттың бірін сойып беріп,
Аттандық көңілденіп ерлік буға-ай!

Құрбан қып шалған атым күрең жорға,
Біз тарттық ауыр бейнет ұзақ жолда.
Көңілге Айша екеуіміз медеу еттік,
Бар ғой деп атысатын мылтық қолда.

Солмаған жоқшылықта біздің көрік,
Дулыға басымдағы темір бөрік.
Найзаға ту байламай жүрген емен,
Жасыл ту он жетімнен болдың серік.

Бөрінің басы, жарты аймен
Жұртымның туда белгісі.
Байрақты ондай ұстайды,
Қол бастаған ер кісі.

Майданды бастан кешіру –
Жүректі жігіт белгісі.

Табанды болса, сардардың
Өрге басар әр ісі.

Жақсының бала кезден алдын көргем,
Қаймықпай қалмақтарға майдан бергем.
Ер Көкше, Ер Есімді хисса еткен,
Керейдің жырауы мен – Қожаберген.

Сыйынып аруақ пенен Жаббар хаққа,
Мінгестік Айша екеуіміз ақ боз атқа.
Құтылып жаудан алыс кете бардық,
Әйтеуір тұтқын болмай ит қалмаққа.

Амалдап қамшы бастық ақ боз атқа,
Бет түзеп біз жөнелдік Арқа жаққа.
Ауылға жетем деген зор үміт бар,
Елімді жолықтырғай біздің баққа.

Жетекте ілбіп келеді көкшұбар ат,
Ертеден жылқы малы ерге қанат.
Суына Сарысудың тысын жудық,
Болған соң үстімде қан ішік жанат.

Өтуге Сарысудан етіп амал,
Сол жерде қамыс буып жасадық сал.
Салға отырып, аттарды жетектеп ек,
Өзеннен малтып өтті жануарлар.

Аттанып Сарысудан терістікке,
Келеміз жадырамай кейістікте.
Сөйтсе де тілек тілеп, сөз сөйледім,
Шыққанда Арқадағы кеңістікке.

Алладан енді тілегім,
Сақтап бізді саламат,
Еліме аман жеткенше,
Денеме салма жарақат.

Алпыс бірге келгенде,
Кездесті бізге бұл бейнет.
Күдерімізді үзбейік,
Туар алда күн зейнет.

Көп қайғырма, Айшажан,
Жетерміз елге амалдап.
Құтылармыз ұрыс сап,
Келсе де қалмақ қамалап.

Тілеуін көптің тілейік,
Ел-жұртпен бірге жүрейік.
Қан майданда соғысып,
Ұлғайсақ та көрейік.

Көрерміз елді, Айшажан,
Тірі жүрсек саламат.
Ауыр күн кетер қиналтқан,
Құдай берсе зор қуат.

Батырлар мен көсемдер
Ғаскерін бастап ұрысқа,
Майданда жауды еңсерер,
Ерік беріп қылышқа.

Соғыста күйреп, жау жусап,
Сарбаздар жеңер ұран сап.
Тазартылып жыртқыштан,
Ұзамай қалар жер босап.

Қысаңшылық жойылып,
Халқымыз болар мүлде азат.
Жағдайымыз жақсарып,
Орнар заман шын ғажап.

Баяғыдай сайрандап,
Қымыз ішіп жайрандап,
Тұрмыстары түзеліп,
Асыр салар жайнаңдап.

Арылар бастан бар азап,
Қалмаққа төніп жұт, дозақ.
Қалпына келер толқысып,
Дәулетті болар бар қазақ.

Уайымдама, Айшажан,
Қалды деп боз ат шабандап.

Жетерміз елге біз де аман,
Құлжа атып жеп амалдап.

Ауыстырып мінуге
Жарап қалды шұбар ат.
Айырылмайық ақылдан,
Болмаса да көңіл шат.

Қайғыра көрме ой ойлап,
Қалармыз деп жаяулап.
Есен болсақ, жан-жарым,
Барармыз жұртқа аяндап.

Бөгелмейік аялдап,
Жүрсек те атпен баяулап.
Ұзап шықтық алысқа,
Жете қоймас ит қалмақ.

Жағдайдың бәрін шамалап,
Сулы жерді жағалап,
Жау мен жұт қабат қысса да,
Бұрылмай артқа алаңдап.

Орта жүздің ішінде
Ашамайлы керей де.
Жаудың кірген түсіне,
Бөленіп ерлік мерейге.

Толыбай сыншы баласы –
Қожаберген жырау ем.
Сыйлаған елдің данасы,
Қамалға шапқан шаһыбаз ем.

Сібірде туған жеріме,
Өзімнің туған еліме
Жеткенімше жыр жырлап,
Өлеңнің кірдім кеніне.

Көргем жоқ көпті жамандап,
Бөлгем жоқ жұртты алалап.
Барғанымша халқыма,
Дастанды қойман тамадап.

Көрсеттің көпке қысым қатты, құдай,
Қара жер қабырғама батты, құдай.
Табаным жаяу жүрсем қажалады,
Сусыз, шөпсіз ашықтырдың атты, құдай.

Бұл заман қай-қай заман, шұбар заман,
Қазаққа жаулар торын құрар заман.
Ертіс, Есіл, Тобылдағы туған елді
Көретін күн болар ма есен-аман?!

Атсыз қап жұрт жүрісі шабан болды,
Халқыма аштық, соғыс жаман болды.
Басталып ел сұлауы Алакөлден,
Ақтабан шұбырынды заман болды.

Кез болған дұшпан көріне,
Бала-шаға, көріңе –
Бағыштаймын хиссамды
Қаза тапқан бөріңе!

Қарт қолбасшың қайғырып,
Қобыз ап қолға зарланған.
Разы болсын аруағы,
Өткендердің жалғаннан!

Аузына харам салмаған,
«Қиянатқа» еш бармаған.
Шейіт болған жандарға
«Елім-ай» жырын арнағам.

Қалған жан аман жүріңдер,
Соғысып жаумен көріңдер!
«Елім-айдай» хиссамды,
Бөрің жатқа біліңдер!

Сендерді Алла жақтасын,
Сұм ажалдан сақтасын!
Тірі жүрген әлеумет,
Өлгеннің кегін жоқтасын!

Дұшпаннан кек алуға еттік шешім,
Ел-жұрттан жасырамын мұның несін?

Халқымның ауыр халін баян етіп,
Жырладым апат күннің шежіресін.

Жұртыма шал да болсам едім қорған,
Қарғыттым тұлпарымды терең ордан.
Қайғырып қан майданда жыр шығарған,
Керейде Қожаберген бабаң болам.

Ұрпаққа өзім өлсем атым қалсын,
Жырыма барша жұртым құлақ салсын.
«Бабамның Қожаберген дастаны» деп,
Ұмытпай кейінгі жас есіне алсын!

**Қожаберген ақын Толыбай сыншыұлының
«Елім-ай» тарихи эпопеялық жырының екінші
бөлімінің бас жағы**

Ортасы қазан айы болды міне,
Сұм соғыс жиіледі күннен-күнге.
Тамыздың ортасында басталды ұрыс,
Толастап көрген емес әлі күнге.

Мамырда қалмақ ашқан қанды майдан,
Майданнан көп елдердің бағы тайған.
Қазақтың шығыс жағын жоңғар жаулап,
Сол себеп көше қашқан Қоңырат – Найман.

Тамызда жау жасағы Сырға жетіп,
Бостырды көп ауылды зар еңіретіп.
Жан-жақтан дұшпан қолы қоршаған соң,
Халайық қатты састы, дегбірі кетіп.

Дәл екі ай Қаратауда болды соғыс,
Бермеді қанішер жау жұртқа тыныс.
Бақ кетіп, істеріміз кері айналып,
Дарига-ай, бұл кез елден қашты ырыс.

Алыстап майдан жерден шықтық ұзап,
Артымнан ел де келеді ұбап-шұбап.

Сал жасап, Сарысудан ілгері өттік,
Жаратқан бергеннен соң бойға қуат.

Салымыз жалпақ етіп бұған қамыс,
Сарысу көп жорықтан маған таныс.
Қарасы қалың жаудың көзге ілінбей,
Ұрыстан бұл күндерде қалдық қалыс.

Бұл шақта бөкен-киік ауып кеткен,
Құстар да жылы жаққа ұшып кеткен.
Есіркеп қиындықта Хақтың өзі,
Құлжа атып, тамақ қылдық шыққан беттен.

Құлжаның етіп бөліп, азық еттік,
Қуанып бұған-дағы шүкір еттік.
Жөн сілтеп, босқын елге алда жүріп,
Қалжырап Сарыөзенге зорға жеттік.

Арқадан Қаратау мен Сыр бойына
Бет алып шұбырған жұрт көрінбейді.
Арқадан Зерафшанға жазда ел ауған,
Еш жағдай одан басқа білінбейді.

Бұл жақта Орта жүздер алыс көшпей,
Дұшпанның шабуылына көп кездеспей.
Қалған жұрт Қорғалжынға жиналыпты,
Табысып туысқанмен безінбестей.

Қорғалжын аймағына топталыпты,
Қалмақпен соғысуға оқталыпты.
Би мен бек, хан мен батыр кеңес құрып,
Сол жерде көптің мұны жоқталыпты.

Көбі елдің жер-суынан айырылыпты,
Шығын боп азаматы қайғырыпты.
Арқаның шығысынан тиген дұшпан,
Оларды қонысынан тайдырыпты.

Жасымнан көп шыққан соң сапарға алыс,
Жорықта жүрген жердің бәрі таныс.
Байқасам жеткен кезде ел жағдайын,
Панасы келген жұрттың қалың қамыс.

Құяды Қорғалжынға бірнеше өзен,
Осы өлке маған таныс жігіт кезден.
Ағалар дәулетінің арқасында,
Жасымда серілік құрып, жиһан кезгем.

Қамыс пен тоғайларды паналаған,
Барлығы жұрттың шымнан үй қалаған.
У-шусыз жиі-жиі қоныстанып,
Халайық өзен, көлді сағалаған.

Қорғалжын талай көлден құралады,
Ондағы ел мал асырап қуанады.
Бұл күнде кешегідей жұрт бай емес,
Сондықтан көп ауылдар сия алады.

Кейбіреу шым оя алмай кештеу қалып,
Кіретін баспалдақпен жер үй салып.
Құм төсеп, ішінде оның сыз болмасқа,
Күнелткен баспана қып барша халық.

Қуандым елдің шеті көрінген соң,
Қол ұшы шеткі ауылдан берілген соң.
Сәлемін топтың берген қабыл алдым,
Жұрт сыйлап, арқам бірден кеңіген соң.

Құрметпен кеп азамат ауыл жақтан,
Түсіріп бәйбішемді, өзімді аттан,
Қолтықтап екеуімізді кіргізді үйге,
Еске алып, ерлігімді етіп мақтан.

Әр пенде өз халқына сенеді екен,
Тіршілікте ер елі-жұртын көреді екен.
Атағым жастайымнан жайылған соң,
Өзімді сырттай бәрі біледі екен.

Қарсы алып жібектей боп есілген соң,
Дем алдық, төрде отырып шешінген соң.
Жылы үйге енгеннен соң, мызғып кеттік,
Жадырап аяқ жазып көсілген соң.

Маужырап келген күні ұйықтап қалдық,
Екеуіміз бәйбішеммен тыныс алдық.

Ұйқыны бел шешініп қандырған соң,
Бой сергіп, есті жиып дұрысталдық.

Оянып ұйқымыздан, беті-қол жуып,
Көңілді жадыраттық қалған суып.
Дастарқан жайып, алға табақ тартып,
Құрметпен үй жандары отыр жуық.

Таныссам үй иесі Арғын екен,
Арғында Бес Мейрам ел қалың екен.
Ішінде Бес мейрамның Қуандықтан,
Шыққан жас қатарында балғын екен.

Сұрап ем, есімі оның Қасым екен,
Ақылы тең-құрбыдан басым екен.
Күн көрген жастайынан аң-құс аулап,
Ешкімге телмірмеген асыл екен.

Ас ішіп, ауқаттанып жайланған соң,
Асықпай әңгімеге айналған соң,
Жағдайын күнгейдегі елдің сұрап,
Көрі-жас сауал қойып сайланған соң.

Бәрі айтты: сізді сырттай білеміз деп,
Құлаққа ерлігінді ілеміз деп.
Данқыңа баба сіздің бек шаттанып,
Әрдайым тілектес боп жүреміз деп.

Сұрады ақсақалдар майдан жайын,
Тыңдауға үлкен-кіші отыр дайын.
Әуелі өлеңменен естіртпек боп,
Өтіндім айтпақ болып мәні-жайын.

Сөйткенде көңілденді бізді тыңдап,
Хабарымыз әлеуметке әбден ұнап.
Алдымен ән-күй, жырмен білдіруге
Үйдегі жәмиғаттар етті рұқсат.

Қадірлеп бәйбішемді, өзімді де,
Қатты аяп, есіркеді жүзімді де.
Ардақтап төрлеріне отырғызып,
Тыңдады ықылас қойып сөзімді де.

Мен сонда қобыз алып, ойға баттым,
Аздан соң «Елім-ай» деп, күйді тарттым.
Халайық көздеріне жас алғанда,
«Елім-ай» әнін шырқап, жырын айттым.

Аңғардым тыңдауға жұрт берілгенін,
Болған іс аянышты көрінгенін.
Елестеп күздегі апат алдарында,
Көздерден моншақтап жас төгілгенін.

Сонан соң аз кідіріп тыныс алдым,
Баяндап оқиғаны алғыс алдым.
Естіртіп жеңіс күні алыстығын,
Білдірдім ауырлығын біздің халдың.

Қару сай ер күшіне болмаған соң,
Қалмақты орыс, қытай қолдаған соң,
Быт-шыт боп жеңілгенін елдің айттым,
Дұшпандар дәу мылтықты қолданған соң.

Сұрап ем, біздің ел де келген екен,
Асқапқа бірі қалмай ерген екен.
Жетіпті Қорғалжынға малын айдап,
Жаратқан өзі жәрдем берген екен.

Мұндағы ел аштық көрген емес пенде,
Малдан да құр алақан емес кенде.
Бәрінің күнелтерлік азығы бар,
Қарасып жатыр аш пен ауру-кемге.

Қоштасып алғыс айттым Арғындарға,
Ағайын, туған елді көрмек болып.
Аға-інім, ұл-қызыммен табысуға
Тезірек Айша екеуміз жүрмек болып.

Қалмақтар аса жауыз жыртқыш тектес,
Қорлығы ол сұмдардың естен кетпес.
Алды кеп Керей-Уақ тоқтаған жер,
Қорғалжын аймағында Құлан өтпес.

Түзеткен дер кезінде істің мінін,
Өткізген ел қорғауда жастық күнін.

Өзенге Құлан өтпес жеткен шақта,
Біздерге ұшырасты Асқап інім.

Аттарды ерттеп мініп шықтым сыртқа,
Кешікпей табыстық кеп туған жұртқа.
Айшажанмен екеуміз бек қуандық,
Інімді көріп Асқап елге тұтқа.

Көрістік аттан түсіп інілермен,
Аяулы сыйлайтұғын келіндермен.
Бауырымызға қысып сүйіп балаларды,
Құшақтап амандастық кәрілермен.

Қолдасып амандасып, көңілдендім,
Ағайын, үлкен-кіші бәріменен.
Әйтсе де топ алдында таяқ ұстап,
Үш бірдей туған ағам көрінбеген.

Шаттанып беттен сүйдім ұл-қызымды,
Көрген соң сау-саламат жұлдызымды.
Жадырап Айша екеуіміз рахаттандық,
Иіскелеп баға жетпес құндызымды.

Табысса да інім-келінім, балаларым,
Көзіме ұшырамады ағаларым.
Шошыдым ажал тапқан екен ғой деп,
Өзімді ерке өсірген даналарым.

Құлазып сала берді шіркін көңіл,
Дедім мен неге қысқа мынау өмір.
Үш ағам қартайса да сап-сау еді,
Оларды көрмей бізден кетті дегбір.

Жастардан үздік шыққан Жұмай, Жабай,
Сөйледі тура айтпай сөзді жанай.
Өлімін үш ағамның естіртпек боп,
Келіпті би мен бектің бірі қалмай.

Көңілім боп тұрған соң жадау, тақыр,
Бәрі бір сезіп тұр деп бұл жайды ақыр.
Жақсысы Керей-Уақ ортаға алып,
Естіртті Тоқпанбет би, Жабай батыр.

Жау төніп, жұрт жағдайы болып ауыр,
Айырылған жер-суынан қалың ауыл.
Аз бұрын ел ауардан қайтыс бопты,
Үш бірдей жасы үлкен қайран бауыр.

Шығардым үш ағама отыз жоқтау,
Жұбатып ел жиылып айтты тоқтау.
Қайғы артып, қан майданнан оралғанда,
Өлімі үш данышпан қиын соқты-ау.

Есітіп ақтық сөзін қала алмадым,
Топырақ қабіріне сала алмадым.
Зор апат ойда жоқта жолды бөгеп,
Дарига-ай, кезінде елге бара алмадым.

Келсе де ұзақ жолдан беті қайтып,
Жылады жарым Айша жоқтау айтып.
Жұбатты жан-жағынан сабыр қыл деп,
Оған да еркек, әйел тоқтау айтып.

Қалмаққа Керей-Уақ қарсы тұрған,
Біраз жас қан майданда шығын болған.
Аз уақыт жазда елге ауру тарап,
Ағалар науқастанып, қаза болған.

Керейдің бір руы – Хансадақты,
Қалмақтар оқ жаудырып қырып сапты.
Көшпеуге Көк Есілден белді буған,
Аббас керей жұрты да қырғын тапты.

Танаштың Аббас дейтін інісінен,
Таралып біраз Керей өскен еді.
Хансадақ Аббас керей тізе қосып,
Бермейміз жерді жауға дескен еді.

Ақыры екеуі де құрып кеткен,
Оларды сақтауға Асқап қимыл еткен.
Доп атып дәу мылтықтан қалмақ қолы,
Асқаптың жолын бөгеп, кедергі еткен.

Аймағын Көкшетаудың мекен қылған,
Меркіт керей Жоңғармен ұрыс қылған.

Ежелгі қонысын жұрт қалай қисын,
Меркіттер жер бермеуге белді бұған.

Ежелден Көкше өңірін еткен қоныс,
Керейлер ата жаумен салыпты ұрыс.
«Өліспей қыстау-жайлау бермейміз», – деп,
Асынған жарақтарын болат-құрыш.

Айбалта, қылыш, күрзі, садақ, найза –
Бес қару әрқашанда жанға пайда.
Қолданып сойыл, қанжар, пілтелісін,
Дұшпаннан жеңілмеске еткен айла.

Сұм қалмақ дәу мылтықты қолданған соң,
Қоныстан Керей-Уақ сырылыпты.
Хансадақ, Аббас керей Есіл үшін,
Соғыста жау оғынан қырылыпты.

Ордабек пен Орманбет,
Оңғарбек деген үш ру
Шыққанменен Керейден,
Ойында болмай шеп құру.

Асқаптың сөзін ұмытып,
Мылтықты жаумен соғысқан.
«Өлмей жерді бермен!» – деп,
Табан тіреп ұрысқан.

Дәу мылтықтан доп жауып,
Бұл елдер де жойылған.
Қазақты қырып Тобылда,
Қалмақтар қанға тойынған.

Бес руы Керейдің
Соғыста құрып жоғалды.
Есіл, Тобыл, Көкшеде
Мал мен мүлкі тоналды.

Қайтсе де елді сақтап қаламын деп,
Күнгейге інім Асқап бұрылыпты.
Қазақ пен Татар қолын біріктірген,
Көрген соң қанға тоймас құбыжықты.

Қорғаған Балта, Сибан, Тарышыны,
Тойтарып жан алатын алдашыны.
Көшебе, Абақ, Уақ елдерін де,
Сақтаған жаудан аман Қарабасұлы.

Меркіт, Сибан Керейлер қырылса да,
Қорғауға оларды Асқап жанын салған.
Жаралы, кемтар, науқас адамдарын
Қалдырмай жау қолына жинап алған.

Тұқымы елдің құрып кетеді деп,
Қазақ, татар, естекке ашып жаны,
Ұрыс сап неше күндей соғысса да,
Асқаптың білінбепті шаршағаны.

Қондырған көштерді әкеп әрбір сайға,
Халқының қамын ойлап еткен айла.
Ұшыратпай зор қырғынға ауылдарын,
Ер Асқап ақылынан тапқан пайда.

Балта, Көшебе, Тарышы, Абақтың да,
Шығын болған бірталай сабаздары.
Солармен бірге жүрген Уақытың да
Оққа ұшқан қан майданда сарбаздары.

Барлығын ауылдардың алға салған,
Алды-артын қарауылдап байқап алған.
Ілгері көштің бәрін аттандырып,
Өздері жаудың жолын бөгеп қалған.

Бұл істер түгел шындық, емес жалған,
Індеттен жұртын сақтау ерге арман.
Асқаптың өнерінін арқасында,
Апаттан Керей-Уақ аман қалған.

Сібірде қалмақтардан соққы көрген,
Татарлар Керейлердің көшіне ерген.
Шалабай аймағының Естектері,
Ілесіп қазақтарға ода келген.

Келген соң үлкен апат барлығына,
Тап болып жазмыш ісі жарлығына.

Бәрі кеп Қорғалжыннан қоныс тепті,
Кейімей жаңа қоныс тарлығына.

Ежелден Сарыарқаны келген қыстап,
Тарақты, Арғын-Қыпшақ, Керей-Уақ.
Бұл бес ел Қорғалжынға шоғырланды,
Жер-суын алғаннан соң кәпір қалмақ.

Арғында Бес Мейрамның мекені еді,
Қорғалжын, Нұра, Баян, Қарқаралы.
Суы түшсе, шөбі шүйгін малға жайлы,
Құйқалы ғажап жерлер Арқадағы.

Саны тең Арғынменен, Найманменен,
Күн кешкен Керей сауық-сайранменен.
Дихан боп егін салып һәм ұста боп,
Күн көрген құрал жасап сайманменен.

Көсемі Керей-Уақ Асқап інім,
Тірлікте теңдесі жоқ айым-күнім.
Әрдайым жаттықтырып сарбаздарды,
Көрген жоқ босқа өткізіп әрбір күнін.

Қорғалжын тозған жұртқа болды ошақ,
Келген ел бір-біріне жайып құшақ.
Жатырқау ешбір жанда болмай кетті,
Тату боп бірге өскен адамға ұқсап.

Шынында Үш жүз халқы атасы бір,
Сол себеп – болмау керек көңілде кір.
Қалмақты жеңем деген елде үміт бар,
Қолдаса жұртымызды аруақ пен пір.

Болса да осы күзде жаңбыр сирек,
Нажағай жарқылдады, күн күркіреп.
Сонында қазан айы осындай іс,
Кез болды ғұмырымда алғашқы рет.

Қарасаң Ақ жұмысы қандай ғажап,
Қар түспей Сарыарқада күз болды ұзақ.
Тәңірім қазақтарға болысқандай,
Баршаға құра алмады дұшпан тұзақ.

Бірақ та Бетпақ жақтың күзі суық,
Қашқан ел тез түңілді көңілі суып.
Арқадан құмда жағдай ауыр соғып,
Келгендей болды тағы апат жуық.

Рахымы табиғаттын өзгергендей,
Төңірім Арқаны елге меңзегендей.
Ердің ері, егіздің сыңары қалды тірі,
Халыққа хақ жәрдемін жібергендей.

Бұл заман – тажал қалмақ шыққан заман,
Ақиық кез құйрықтан бұққан заман.
Соғысқа дайындығы болмаған соң,
Бет қайтып, жаудан халқым ыққан заман.

Шабуыл қыс бастала толастады,
Қалың жау қарашада жанаспады.
Қыс түсіп бетпақ шөлде тым ертерек,
Қалмақтар Сарысудан бері аспады.

Қазаққа ұйымшылдық жарасып тұр,
Аштарға тұрғын елдер қарасып тұр.
Науқас пен кемтарларды қамқорына ап,
Жұртымның ғаріптерге жаны ашып тұр.

Шығудың қыстан аман қамын ойлап,
Қайғыны басқа түскен болдық жоймақ.
Бөлісіп қолда барын жан сақтады ел,
Жаралы жұртқа кімдер кінә қоймақ?

Аттары сарбаздардың тұрды жарап,
Ұсталар соғып жатыр қару-жарақ.
Сақтанып тосын болар шабуылдан,
Өткіздік қатал қыстың күнін санап.

Жігіттер аттары жоқ нарға мінбек,
Ұзамай күні ертең көктем келмек.
Жауынгер киер шекпен тоқу үшін,
Келіндер дайын отыр құруға өрмек.

Жақсылар мәжіліс құрып айтып ойын,
Дұшпанға көрсетпек боп істің сойын.

Қоян өтіп, ұлу жыл кіргеннен соң,
Жасадық тілек тілеп, наурыз тойын.

Дедік біз ұлу жұртты ұлытпасын,
Сақтасын, қалған елді құрытпасын.
Қазақтар қайда жүрсе, аман болсын,
Жер-суын қайта тапсын, ұмытпасын.

Арқаға қазақ, ноғай жиылып тұр,
Насихат құлағына құйылып тұр.
Жеңіске жеткізгей деп кешіктірмей,
Бәрі де Алла, аруаққа сиынып тұр.

Мінекей, сағындырған келді көктем,
Күлімдеп жер бетіне нұрын сепкен.
Адамзат, жануар, құс жадырады,
Қоңыр жел жылылықпен сүйіп беттен.

Наурыз да өтті, сақтықпен көкек те өтті,
Жауынгер кезекпенен мал күзетті.
Азамат күндіз-түні жортуылда,
Салар деп дұшпан келіп қалың өртті.

Кешікпей мамыр айы жылжып жетті,
Қалмақтар Сарысудан батысқа өтті.
«Қыпшақтың өзінен кеп алды», – деген,
Естідік жау тайпасы Білеуітті.

Алармыз жоңғарлардан елдің өшін,
Тосылған халқым үшін оққа төсім.
Ұлу жыл уақиғасын тағы жырлап,
Бұған да «Елім-ай» деп бердім есім.

Еш пенде бұл шаруамды жек көрмеген,
Жаралы науқасты емдеу дұрыс деген.
Жұртыма аман келіп табысқан соң,
Жинадым сынықшы, емші әрбір елден.

Арасы ауылдардың емес қашық,
Ем қыл деп ауруларға айттым ашық.
Сынықшы, балгер, емші тобы содан,
Аралап кісі емдеуді етті машық.

Ол топқа хал-хадари бердік сыйлық,
Қалтқысыз орындалып еткен бұйрық.
Сауыққан жігіттерден жасақ құрап,
Осылай аз да болса, есті жидық.

Ғаскерге қартайсам да сардар болдым,
Басшысын тағайындап әрбір қолдың.
Бір тобын жауынгердің ертіп жүріп,
Арқаның біраз жерін барлап, шолдым.

Көңілім жер аралап, болмады тоқ,
Бұрынғы ақ үйлі ауыл орнында жоқ.
Қаңырап босап қалған қыстау көріп,
Шерленген жүрегіме түсті ыстық шоқ.

Арудың ақша жүзі солған заман,
Кәрі-жас түгел мұңлы болған заман.
Сұңқардың құзғын-қарға орнын басып,
Қарқылдап гүл-бақшаға қонған заман.

Қазағым, ақ ниетті қайран елім,
Бекініп белді бекем байлап едің.
Абайлап жан-жағыңа көзінді сал,
Мекенің, туып-өскен қайда жерің?

Үй тігіп отырушы ен әрбір сайда,
Қайран ел, ғайып болдың енді қайда?
Жаратып кермелерге байлап қойған,
Бура сан, мұзбел тұлпар атың қайда?

Еркінмен көшіп-қонып кең далада,
Ешқандай таршылықты көрмеп едің.
Тау, өзен, орман, көлді жаудан қорғап,
Дұшпанға қолдан намыс бермеп едің.

Ту ұстап, сауыт киіп, тұлпар мініп,
Құлашты тым биікке сермеп едің.
Ие боп ен дәулет пен зор бақытқа,
Қырандай қияға ұшқан өрлеп едің.

Мырзалар қазық қағып, желі тартып,
Ботаны құлынменен байлап еді.

Іргесін ақбоз үйдің түріп тастап,
Мыс шәугім оттан түспей қайнап еді.

Сапырып сары қымызды дәрі орнына,
Қазы сап тосап жасап ішуші едің.
Сән-салтанат қатардан асырам деп,
Ылғи да бәсекеге түсуші едің.

Қондырып ауылдарды жайлы орынға,
Мейманға ақ үй тігіп сайлап едің.
Бағыланды қонағыңа таңдап сойып,
Жал-жая, қазы-қарта шайнап едің.

Уа, жұртым, сол бір жақсы күйін қайда,
Жаз болды тіккен, қане, үйің қайда?
Халайық, уақытымен басын қосып,
Той-думан болып тұрар жиын қайда?

Түйінін әрқашан да даудың шешіп,
Топ болса сөйлейтұғын биің қайда?
Сүннет той, келін түскен қуанышта,
Ақынға беретұғын сыйың қайда?

Заманды құлдырар деп ой да бар ма,
Семірткен серке менен қой да бар ма?
Аштыққа ұрынбауға сақтық қылып,
Жасырған азық-түлік, қойма бар ма?

Болар деп малға ықтасын жаңбыр болса,
Жасалған лайықты қорда бар ма?
Қыс – көже, жазда – қымыз, тегін тамақ,
Байғұстар күн көрерлік орда бар ма?

Мүскіндер дәм ішетін майхана жоқ,
Оларға мырза арнаған баспана жоқ.
Шаһардың бәрі бірдей жау қолында,
Қазақта хан отырар астана жоқ.

Байлар аз ие болған дүние-малға,
Бойдаққа қиын бұл кез жүру жалға.
Байтал түгіл бас қайғы дегендейін,
Малшы, жалшы жұмсайтын шонжар қайда?

Мырзаға, мал кеткен соң, жағдай қайда,
Бақ қонған баяғыдай маңдай қайда?
Он мыңдап жылқы-түйе өсіргендер,
Бұл күнде түсіп қалды шаруа-жайға.

Ерен батыр болса да жалғыз оқтық,
Кімге жолдас болғандай дүние боқтық?
Жиналған мал мен мүлкің – қолдың кірі,
Байлар да болады екен бірер жұттық.

Ақ үйлі ауылдардың көркі қайда,
Жиналған асыл жиһаз, мүлкі қайда?
Жайылған қой мен ешкі, сиыр, түйе,
Өрісте құба жонда жылқы қайда?

Ел-жұрттың баяғыдай сәні қайда,
Шырқаған құйқылжыта әні қайда?
Күй тартып, жыр шығарған ұзақ таңға,
Қауымды шаттандырған сері қайда?

Көп еміп жер емшегін, ұстап кетпен,
Ағаштан соқа жасап, кәсіп еткен.
Диханның біреуі жоқ қарап тұрсам,
Киетін үстеріне қой жүн шекпен.

Қайғырған қазақ, ноғай қайран жұртым,
Бұл күнде шаруаң быт-шыт, ішін түтін.
Күйзелді бала-шаға, кемпір мен шал,
Шірікін-ау, болмаған соң бойда күтім.

Қонақжай, қолы ашық, салты ғажап,
Жартылай көшпелі жұрт біздің қазақ.
Сайланбай алдын ала қорғануға,
Дариға-ай, бейғамдықтан тарттық азап.

Япырым-ау, қалай болды мына заман,
Айырылды ел ұл-қызы мен дүние-малдан.
Ұмытпай кейінгіге жыр қып айтар,
Көзімен бұл сұмдықты көрген адам.

Түрікпендер Маңғыстауды алды басып,
Күнгеілік Алшын, Ноғай көшті қашып.

«Жау жағадан алған да, бөрі етектен»,
Дегеннің кебі болды айтсам ашық.

Майданда нар түйедей бақырғанмен,
Айбарлы арыстандай ақырғанмен,
Қорғасын оқты мылтықсыз күнің қараң,
Ұрандап жұртты ұрысқа шақырғанмен.

Сонда да күдер үзбей қалған жалпың,
Дұшпаннан қорғануға бәрің талпын.
Би мен бек, батырларым, мылтық соқтырт,
Аты өшпей, қалсын десең туған халқым.

Жырымды зейін қойып тыңда, ерлер,
Майданда өзінді-өзің шыңда, ерлер!
Тек қана жауды жеңсең, бақ оралар,
Соғыспай бекер қарап тұрма, ерлер!

**«Елім-ай» жырының
үшінші бөлімінің бас жағы**

Ташкенте жетіп жаулар лаң салды,
Бәрін де жолдағы елдің қырып салды.
Тігілген ақ ордалар қайран қоныс.
Қаңырап тіршіліксіз босқа қалды.

Ташкентті халхи қолы алды басып,
Жазықсыз кент жұртының қанын шашып.
Қырылып жатқан біздің момын елге,
Болысқан еш көрші ел жоқ жаны ашып.

Көп жандар оққа ұшып, өліп қалды,
Біразы түн жамылып кетіп қалды.
Шаһардың хакімдерін дарға асып,
Ташкентті жоңғар мекен етіп қалды.

Башқұрттан ел тарайды Қайсақ, Естек,
Бұларды ағайын деп есептесек.
Жат елдің сөзіне еріп азғырылып,
Олар да бола алмады туысқа есеп.

Бұхарға барған елдер қайта оралды,
Қырғызып Қуаң шөлде біраз малды.
Індеттен жиі ауырып қунан, тайлақ,
Байырлап ол жоқта жұрт тұра алмады.

Ыстық боп жау алса да туған жерлер,
Қия алмай кейін қайтты бір топ елдер.
Атысар қолда мылтық болмаған соң,
Майданда көп қиналды ардагерлер.

Келген жұрт жаудан жерін ала алмады,
Алмақ түгіл маңайлап бара алмады.
Қаратаудан Алшын мен бірге ауды,
Торғайдан басқа барар жер қалмады.

Бұл қайтқан Арғын-Қыпшақ елдері еді,
Соғысып Ташкент үшін ерлері өлді.
Шу бойы, Тараз, Сайрам, Шымкент, Созақ,
Түркістан – бәрі Орта жүз жерлері еді.

Әуелден Арғын-Қыпшақ жерлерінің
Жағасы Қабырға өзен батыс шеті.
Қалмаққа жері кетіп көшкен елдің,
Бұрылды соған қарай бүгін беті.

Дұшпаннан соққы жеген топ жарандар,
Көп қарғап қалмақтарды шекті ғой зар.
Арқаға Арғын-Қыпшақ түгел қайтпай,
Бойында Зерафшанның қалған ел бар.

Әбілхайыр төреңіз
Хан болудан үмітті.
Қолға алса, істі бүлдірер,
Бермендер оған билікті.

Әбілхайыр сұлтанның
Отыз үшке жасы қарап тұр.
Қолдаған соң жездесі,
Көсемге өзін балап тұр.

Қанжығалы Бөгеннің
Хан етпек оны ойы бар.

Әбілхайыр хан болса,
Көрсетер істе сойы бар.

Кіші жүзге хан болса ол,
Алшыннан бақыт жойылар.
Сыртқы дұшпан басынып,
Талайдың көзі ойылар.

Бөгенбай ерге балдыз ғой,
Әбілхайыр, Жолбарыс.
Билік тисе оларға,
Ұзамай болар арпалыс.

Ақшаның ұлы – Бөгеннің
Әрбір түрлі ісі бар.
Хан етуге балдызын
Жұмсайтұғын күші бар.

Жолбарыс хан мен Бөгенбай
Салтанатын енді түзетпек.
Кіші жүз Алшын жұртына
Әбілхайырды хан етпек.

Ел басқарып оңдырмас
Әбілхайырдай сұлтаның.
Ондайды хан ғып сайласаң,
Тозып кетер ұрпағың.

Билік құрса ондайлар,
Жол бермес жайсаң, қасқаға.
Адастырып халқыңды,
Кіріптар етер басқаға.

Тұсында Әйтекенің шыға алмаған,
Бектермен дұрыс мәжіліс құра алмаған.
Ғайыптың өліміне қатысы бар,
Әбілхайыр төре елді алдаған.

Жігіт қой Әбілхайыр мансапқұмар,
Бойында қулығы мен сұмдығы бар.

Күншілдік, тәккаббарлық мінездері
Айтпаса да ісінен көрініп тұрар.

Хысырау ұлы Ғайып та
Хиуаның ханын жанапты.
Бота тірсек, бос белбеу,
Төре емес ол да талапты.

Қара, төре – бәрі де,
Қазағымның баласы.
Қиналғанда халқына
Ақыл айтар данасы.

Аталғанмен Үш жүз деп,
Бөлініп жікке көрмеген.
Табанды елім-қазағым,
Жат сөзіне ермеген.

Ұйымшыл болып ежелден,
Дұшпанға теңдік бермеген.
Бұрын солай болғанмен,
Көбейді адам азғағы.

Соңғы кезде байқалды,
Мықтылардың азғаны.
Белгілі болды көрші елге,
Халқымыздың тозғаны.

Дұшпаннан қатты қорғанып,
Бәріміз де аман болайық.

1759 жылы жаздың басында жеңіспен елге оралған батырлар арнап келіп, мүлдем қартайған Қожаберген жырауға сәлем беріп, қазақ әскерінің жеңіске жетіп, жер-суды қайтарып алғанын айтып, қарт қолбасшыны қуантады. Сонда Қожаберген жырау қолына қобыз алып, «Жеңіс» атты тарихи толғау шығарыпты. Бірақ, Толыбай сыншыұлының «Жеңіс» атты толғауы біздің кезеңге жеткенмен, оның толық нұсқасын ешкім жазып алмапты. Біздің қолымызға түскен «Жеңіс» толғауының үзіндісі төмендегіше:

Жеңілген мұсылманнан қалмақ еді,
Кезінде ұсақ елді жалмап еді.
Соңынан қалмай қуып, әскер барса,
Қалдыр деп бізді тірі зарлап еді.

Бөгенбай сонда оларға ақырады,
Ажалдан қорқып сұмдар аһ ұрады.
Салыққа аң терісін төлейміз деп,
Қырма деп енді бізді зар қылады.

Қазақтар қалмақтарды сол арада,
Қысымға ап құн төлеуді етті талап.
Қазақта жас кезінде тұтқын болған,
Қарт қалмақ ел атынан берді жауап.

Қорыққан соң Маңғұлмыз деп айтқан едік,
Өзеннің қамысында жатқан едік.
Киім жоқ, тамақ та жоқ, аш-жаңалаш,
Қарғысқа белшемізден батқан едік.

Қазақ пен Қытай қолы екі жақтан,
Қырған соң осы жаққа қашқан едік.
Айырылып мінер аттан жаяу-жалпы,
Маңғұлдың даласына асқан едік.

Қарғысы мұсылманның тура келіп,
Қалмақтың жартысынан көбі өліп.
Шұбырып ақтабан боп ақырында,
Тығылып жатыр едік мұнда келіп.

Жеңілдік жасаңыздар енді бізге,
Етейік біз қызмет енді сізге.
Соқтыққан себепсізден сіздің елге,
Обал жоқ расында өзімізге.

Жауызды күнәсіз жұрт қарғайды екен,
Зұлымдар өз бастарын жалмайды екен.
Құруға біздің қалмақ айналып тұр,
Дүниедегі дүниеге бармайды екен.

Деп айтып әлгі естісі зарланған соң,
Мойнына ап бар айыбын қарғанған соң.

Бөгенбай шабуылды тоқтатады,
Соғысар басты дұшпан қалмаған соң.

Қалмақтың білген қазақ еміншегін,
Иесіз жерге келген келімсегін.
Алдына Бөгенбайдың әкеп тартты,
Бойжеткен көп қыз бен жас келіншегін.

Бөгенбай сөз сөйледі ойланбай көп,
Маңғұлдар ерте кеткен бұл жақтан деп.
Жамылған Маңғұл атын мүсәпірсіп,
Күнаһар қалмақ сендер жалғаншы деп.

Маңғұлдың тегі – татар, түріктен деп,
Болады шашы жирен, көздері көк.
Өңдері қызыл сары, тұлғасы ірі,
Оларды жас кезімнен білемін деп.

Татардың Маңғұл деген сол тайпасы,
Үпінің ар жағында тұрады деп.

Олар да біз секілді мұсылман ғой,
Сөйлейсің қалмақ неге тым бекер деп.
Кездессе сендерді де Маңғұл қырар,
Қатардан қалмайтын ел жауынгер деп.

Шыңғыс хан бастап Татар ере көшкен,
Бағынып жолдағы елдің үндері өшкен.
Шыңғыстың шыққан тегі – Маңғұл ру,
Татардың күшті жұрты көзге түскен.

Біздерге лайық емес даламыз деп,
Батыста жасыл жерге барамыз деп,
Татардың жиырма руы түгел көшкен,
Жайлы жер өзімізге табамыз деп.

Татардың алды Оралдан асып кеткен,
Еділ өзен бойынан қоныс тепкен.
Біреуі жиырма тайпа жирен Маңғұл,
Қазан шаһар маңайын мекен еткен.

Еділдің Қама деген саласы бар,
Сол суға Манғұл, Мишар құмар болған.
Тептер мен Дәрмен, Қырғыз соларға еріп,
Қонысқа жайлы орын деп кеңес құрған.

Қазан да ескі Түрік қаласы екен,
Жайлы орын мұсылманның панасы екен.
Манғұл, Мешер, Тептердің тоқтағаны –
Еділдің толып жатқан саласы екен.

Татардан Бұлғар, Қырғыз, Дәрмен тарап,
Олар да жүрген шарлап қоныс қарап.
Сардардың Сүбетайдай арқасында,
Еділдің тәуір жерін алған таңдап.

Көп елді қырып, сендер салдың бүлік,
Жүрсенші өтірік айтпай жайың біліп.
Манғұл деп өздеріңді айтқан үшін,
Бәріңнің тастайын ба ішің тіліп.

Деп Бөген Халхиларға ақырады,
Дауысынан жаңғырыққан атырабы.
Қалмақтар қазаққа құл боламыз деп,
Біздерді қырмаңыз деп зар қылады.

Қайрат жоқ құрыған соң шарасы да,
Шұбырып қыз, қатыны, баласы да.
Қалжырап аш, жалаңаш жеткен екен,
Манғұлдың иесіз жатқан даласына.

Қоға мен көк шөпті жеп жүрген қалмақ,
Өзеннің жатқан екен жағасында.
Жығылып Бөгенбайдың аяғына,
Жалынған мұсылманның баласына.

Жыл сайын аң терісі салық төлеп,
Қызмет қазақтарға етеміз деп.
Ешкіммен қол көтеріп соғыспаймыз,
Тып-тыныш дүниеден өтеміз деп.

Жылаған орыннан бәрі тұрып,
Өтінген батырлардан құлдық ұрып.

Кей бірі көп тұруға жарай алмай,
Жығылған сол арада әлі құрып.

Ант берді қазақ ханы Абылайға,
Жалынып Бөгенбай мен Қабанбайға.
Уәдесін жауыз қалмақ тағы берді,
Қолбасы Балта керей Тұрсынбайға.

Бас иіп Ерсары мен Ер Жабайға,
Және де шапырашты Наурызбайға.
Қалмақтар қырылмаудың жайын ойлап,
Жалынған Көшек пенен Олжабайға.

Ант беріп, қолын қойды қалмақ шартқа,
Зар болып тамақ, киім, мінер атқа.
Қытайдың керуеніне жалданды олар,
Баратын сауда жасап Парсы жаққа.

Соғысты жеңілген соң жаулар қойды,
Жеңілмекке мұсылманның көңілі тойды.
Абылай сарбаздарға олжа бөлді,
Керөлең жағасында жасап тойды.

Кәрісі бата беріп жастарына,
Жақсы күн оралған соң бастарына.
Той тарқап, жеңіспенен елге қайтты,
Сарбаздар қос ат мініп астарына.

Басқаның жерін алған күшпен зорлап,
Қалмақтар жеңіліс тапты әбден сорлап.
Оралды Қазақ қайта мекеніне,
Алла, аруақ Үш жүз ұлын ақыр қолдап.

«БАБА ТІЛ»⁷

(*гастан*)

Жаратқан ием, пана боп
Тілекті әркез бере көр!
Біз сияқты ғаріптің
Көзінің жасын ие көр!

Жаңылдырмай жағымды,
Тілекті әр кез бере көр!
Біз секілді пәнданның
Үніне құлақ түре көр!

Ел-жұртыма сәлемді
Ілтипатпен жолдайын.
Халайықтан қол үзген
Дарашыл сардар болмайын.

Жорық жасап біз көрдік,
Тау қоршаған Байкөлді.
Теңізбенен тең дерсің,
Суы терең сол көлді.

Жас шағымнан көп кездім
Әр елдің тау-тас, даласын.
Серілікпен шарладым,
Қазан мен Кемер арасын.

Қолданатын дәрім – жыр,
Жазуға жанның жарасын.
Істерінен байқайсың,
Адамның ішкі аласын.

Әбілғазы сұлтанды
Демесек те киесіз.

Оның жазған шежіресі
Көрінді көзге жүйесіз.

Қысылғанда сол төре,
Паналаған қазаққа.
Жақсылығы үшін еліміз,
Ол шіркінге мазақ па?

Әбілғазы сұлтанды ел,
Деуші еді сарттың сардары.
Атамауы қазақты –
Күншілдіктің салдары.

Ұзақ етпей ғұмырын,
Жеткізген Алла қазасын.
Берген шығар құдайым
Тәккаббардың жазасын.

Өштеспейміз өлгенмен,
Кешу еттік дегенмен.
Ұмытса да қазақты,
Төресін өзбек күндемен.

Әбілғазы баһадүр,
Атамай кеткен кезінде,
Ескермепті қазақты
Шежіресінің өзінде.

Біле тұра ол сұлтан,
Еске алмапты үш жүзді.
Соның үшін, жарандар,
Айтпақ болдым бұл сөзді.

Әбілғазы баһадүр,
Бар Түрікке бел емес.
Атамау қазақ хандығын,
Ғадылдікке қазақ жөн емес.

Айналайын, үш жүзім,
Әбілғазыға налыма!
Шежіресі бар елімнің, –
Қоймаспыз жатқа жалына.

Айналайын, қазағым,
Сөзінен сұлтан тосылма!
Баһадүр солай жазды деп,
Алданып оған қосылма!

Жазылмай атым қалды деп,
Шежіресін оқып шошынба!
Тарих сұрап қожадан,
Ерсілі-қарсылы жосылма!

Жазбады деп ол марқұм,
Айналмаспыз өзбекке.
Шежіреші көп қазақта,
От түсірме өзекке!

Шежіресін құрау елімнің
Алынған екен міндетке.
Бабадан қалған нұсқа бар,
Жатпаймыз түбін іздеп те.

Құралақан емеспіз,
Ертеден бар шежіре.
Қазақ деген есімнен
Қоймас ешкім бездіре.

Рахыматымен Алланың
Адамизат жаралған.
Арғы жағы Ғұн болып,
Түріктен көп ел таралған.

Есте жоқ ескі заманда,
Барша Түрік аман да.
Сол Түріктің ұрпағы,
Сармат, Сақ, Бактұр, Парфан да.

Соғды жұрты бұлармен
Бірге өскен аралас.
Төскейде басы қосылып,
Қойлары болған қоралас.

Тұран шыққан Түріктен,
Тұраннан сырт жау үріккен.

Дұшпаннан Тұрандар
Қорғаған жерін ерлікпен.

Селжұқ, Өгіз, Құмандар
Шыққан екен Тұраннан.
Қыпшақ, Қимақ барлығы
Қолдау ап Түрік ұраннан.

Мұғал, Қырғыз, Татар да
Шебері болып құралдың,
Заманында үшеуі –
Ерлері екен Тұранның.

Мұғал, Қырғыз, Татар да
Кемеңгер екен айтулы.
Дұшпанын көрсе, олардың
Қабағы болған қатулы.

Осылар бас боп тұрғанда,
Ілінген жұрты қатарға.
Ұрпағы өсіп, ел болған,
Қырғыз бенен Татар да.

Өгіз Түрік жұртының,
Көсемі Алаш саналып.
Әулетінен Алаштың,
Аннас тархан жаралып.

Қыпшық, Қимақ елдері,
Өгізге ұрпақ саналған.
Соларға билік жүргізіп,
Бақжан батыр ту алған.

Башқұрт, Бақжан, Ұзақ пен
Созақ мерген бір туған.
Баһадүр болып төртеуі,
Бабаның жолын көп қуған.

Өгіз Түрік көсемі –
Аннастың бұлар баласы.
Тарихта солай жазылған,
Ешкімнің жоқ таласы.

Ортаншы ұлы Аннастың
Ие боп Қазақ есімге.
Бақжанның аты өзгеріп,
Келген солай шешімге.

Қазақ деген атауға
Ілескен үш жүз есімі,
Бір жұрттың екі аты боп,
Тағдыры ерте шешілді,

Шыңғыс ханнан көп бұрын,
Қазақ пен үш жүз бар атау.
Сөзіме нан, жәмиғат,
Болмасын көңіл еш жадау.

Шыңғыс ханнан көп бұрын,
Алаша деген хан өткен.
Алашаның тұсында
Дұшпанын Түрік тітіреткен.

Алаша хан көсем боп,
Тұранның жұртын көгерткен.
Барша қауым есен боп,
Түріктің елін гүлдеткен.

Алашаның даңқына
Шыңғыс та тең келмеген,
Алаша ханның қорымына,
Жошыны Шыңғыс жерлеген.

Алаша ханға табынып,
Аруағына бас иген.
Қанішер Шыңғыс жұмсарып,
Кесегін оның үш сүйген.

Кей шежіреші жазыпты,
Алаша ханды Алаш деп.
Бұл екеуі жайында
Жүйріктерде талас көп.

Түріктің ханы Алаша,
Шыңғыстан бұрын өткені.

Ол туралы шежіре
Белгілі жұртқа жеткені.

Алаша ханның бейітін
Әмір Темір жаңғыртқан.
Кесегі тозған жерлерін
Қайтадан қалап, салдыртқан.

Тұран шыққан Түріктен,
Тұраннан дұшпан үріккен.
Заманында Тұрандар
Қорғаған жерін ерлікпен.

Даланың ерке ұланы –
Бабамыз қазақ атанған.
Әр жүз үйге басшы боп,
Үш ұлы онан бата алған.

Қазақ, Ұзақ, Созақ пен
Башқұрт халқы Алаштан
Алтай мен Қазан арасын,
Мекен етіп жайғасқан.

Бұл төртеуі таза Алаш,
Сөз емес айтқан тосыннан.
Бұларға келіп кейіннен
Қырғыз бен Татар қосылған.

Алғашқы төрт Отанға,
Соңынан екеу бірлесіп,
Алтау болған сандары
Туыс болу жөн десіп.

Қырғыз бен татар жат емес,
Олар да Тұран баласы.
Осылайша құралған
Алаштың алты баласы.

Қазақ, Ұзақ, Созақ пен
Башқұрт, Қырғыз, Татарлар
Бір қауым боп біріккен,
Білген болсаң, жарандар.

Көз жетпейді, әлеумет,
Шынын айтсақ ескіге.
Қатасы болса, сөкпендер,
Қоймандар маған тепсіне.

Көсемінен бата алған,
Алты алаш боп аталған,
Нұсқа болып ұрпаққа
Бұрынғыдан хат қалған.

Алашқа жатқан алты елдің
Түпкі атасы Тұраннан.
Жаңылмандар, қазағым,
Алаш баба ұраннан!

Шығарып тастап кей надан
Башқұрттың ұлы Естекті.
Алаштың ұлы етіп жүр
Түрікпен мен өзбекті.

Бөтен емес Түрікпен:
Туыс қой арғы негізден,
Біз сияқты оның да
Шыққан тегі Өгізден.

Қазақпенен аталас,
Көршілес һәм баталас.
Хан жайлауда бірге боп,
Отырған елдер аралас.

Бұл жұрттардан аз ғана,
Сөз сөйлейін, халайық.
Ұрпақтары жоқ деп, оларды
Ұмытқан болмас лайық.

Жалайыр, Найман, Қоңырат,
Меркіт, Қыпшақ, Керейлер
Өгіз Түрік халқынан
Бөлініп шыққан жеке елдер.

Осы аталған алты тап,
Алса-дағы хандық ат.

Шыңғыс ханның кезінде,
Көңілдері болмай шат.

Біздің қазақ сияқты,
Олар да болған дербес ел.
Шыңғыс хан келіп шапқан соң,
Төгіліп қаны болған сел.

Бағынбағанын қырып сап,
Бағынғанын ғаскерге ап.
Батысқа Шыңғыс аттанған,
Өсуіне жұрттың тежеу сап.

Башқұрт, Қазақ, Ноғайда
Алты елмен аттас ру бар.
Алайда олар халық емес,
Үлкенді-кішілі тайпалар.

Бұрынғы Керей халқымен,
Қазақтың Керейі бір емес.
Бір ел деп айту бұларды
Білімді жанға жөн емес.

Аттас халық пен руды
Шатастыру жарамас.
Шежірені қате айтсаң,
Сөзіңді жұрт құндамас.

Бешенег, Бұлғар, Алаң да
Жататын елдер Тұранға.
Жойылып кеткен осы елдер,
Шыңғыс хан келіп қырғанда.

Біріктірген Шыңғыс хан
Қырғыз, Татар хандығын.
Көрсеткен екен тұсында,
Көрші елдерге жаулығын.

Кемерден бастап Шыңғыс хан,
Еділдей үлкен өзенге
Дейінгі жерді алғанда,
Көңілін бөлмей өзгеге.

Өзінің халқы – Татарды
Кенелткен екен қонысқа.
Дайындалған әрі қарай,
Жасауға жорық орысқа.

Немересі Шыңғыстың –
Бати хан мініп қаһарға.
Татарларды қаптатқан
Қазан деген шаһарға.

Маңғұл, Мишар, Төре мен
Тептер, Бұлғар – бәрі де
Қазан жақтың татары,
Ден қойсаңыз әріге.

Шыңғыс, Бати кезінде,
Олардан кәпір қорыққан.
Кемерден бастап көп жерге
Татар жұрты орныққан.

Қалмақтарды Маңғұл деп,
Парсылар білмей атаған.
Сол себепті жалған ат
Жайылып кеткен қатадан.

Қатысы жоқ Маңғұлға
Қалмақ деген наданның.
Артқы шегі үзілсін,
Өтірік айтқан адамның.

Кәпірлерді тойтарып,
Байкөлден аса өрледім.
Татардың руы – Маңғұлдан,
Басқа Маңғұл көрмедім.
Өтірік айтқан бұзықтың
Шежіресіне сенбедім.

Шыңғыс ханға ілесіп,
Маңғұлдар көшкен жерінен.
Озық бопты ертеде,
Татардың өзге елінен.

Татардан шыққан Маңғұл да,
Тайпа ел бопты саны көп.
Бати ханның тұсында
Еткен ісі болған доп.

Жирен Маңғұл көзі көк,
Шығыс жақта тұрмайды.
Шыңғыстың кезін сағынып,
Шайырлары жырлайды.

Татардың төре руы –
Шыңғыс ханның ұрпағы.
Аталған бес тайпаға,
Басқа елдің жоқ ортағы.

Шыңғыс ханның тұсынан,
Ілінген Татар қатарға.
Ескі Түрік тілінің
Көп сөзі бар Татарда.

Шағатай деген, жарандар,
Шыңғыс ханның баласы.
Әуелден жұртқа белгілі,
Сөзімнің жоқ шаласы.

Мұхаммед шахты кетіріп,
Жаулаған елін Шыңғыс хан.
Сол Хорезм халқына
Өз баласын хан қойған.

Ханның аты Шағатай,
Жұртты қырған бірталай.
Мұхаммед шахтың тағына
Ие болған көп жылдай.

Шыңғыс хан көшіп кеткен соң,
Екі жүз жыл кейін Байкөлге,
Ауып келген қалмақтар,
Көз алартып көрші елге.

Әр елдерге назар сап,
Өлеңге қостым кезекпен.

Айтайын енді аз сөзді
Бір көршіміз өзбектен.

Хан атымен аталған
Өзбек деген құрама ел.
Оның жайын жұртымда
Көптен білед талай ер.

Әбілғазы сұлтан мен
Өзбек халқын жек көрмен.
Шежіре жайы алайда
Айтуыма дөп келген.

Шыңғыс ханнан бұрын да
Ел болып қазақ танылған.
Мұхаммед шах пен Уанға
Көшпелі жұртым бағынған.

Өзбектің жайын сұрасаң,
Түріктің әр ұлтынан.
Топтар келіп құралған
Бөлінген әр шақ жұртынан.

Тұрғылықта тайпа бәріне
Құшақ жайған ұйтқы боп.
Маңына соның жиналған
Әр Отаннан келген топ.

Ұйтқы болған ұлтының
Атасы Түрік Барластан.
Ана тегі Фарсы боп,
Кейіннен түрлі ел жалғасқан.

Жалғасқан елдер жат емес,
Олар да біздің түріктен.
Өзбек ханның тұсында
Бір Отан боп біріккен.

Қазақ жұрты ішінде
Туыс боп кірген үш топ бар.
Сол үш топтың екеуін
Ақсүйек көрген шонжарлар.

Қазақтың әр ұлтының
Ішінде олар кездесер.
Бірақ солар екшеліп,
Ұлылық жайын кеңесер.

Төре-төлеңгіт, қожа боп,
Оқшауланып тұрар-ақ.
Асыл деп санап өздерін
Ел билеуге құмар-ақ.

Шыңғыс ханнан туды деп,
Арғы атасын төрелер,
Асыл деп санап өздерін,
Ел билеуге құмар-ақ.

Шыңғыс ханнан туды деп,
Арғы атасын төрелер,
Көтеру үшін беделін,
Жұрт алдында дүрілдер.

Өрістен әрі төренің
Арғы атасын кім білсін?
Шыңғыстан өндік дегенін
Құлағына кім ілсін?

Шыңғыс ханға жеткізіп,
Таратқанын көрмеді ел.
Бос мақтанған төренің
Сөздеріне сенбеді ел.

Жетпегендей кісі аты,
Сұлтандарға не болған?
Бірінің есімін біріне
Бытыстырып көп қойған.

Әкесінің атын төрелер
Балаларына да қояды.
Шатастырған шежіреге
Көңілі кімнің тояды?

Татардың маңғұл ұлтынан
Төрелер шықты деген бар.

Өріс ханнан басталып,
Қазаққа төре таралар.

Кісі аты емес, төре де
Қызметкер деген сөз еді.
Түріктің ескі сөзі деп,
Оны айтқан көне көз еді.

Төлеңгіт деген қызметші,
Білесің оны, жарандар.
Бұлардан басқа тағы да,
Үшінші топ – қожалар.

Тегіміз біздің араб деп,
Барған жерде мақтанар.
Пайғамбардың жиенін
Дейді олар біздің бабалар.

Кейбір қожа әулеті,
Әбубәкір Сыздық шарияларды
Бабамыз деп айтады,
Еткен деп мекен шаһарды.

Қызмет қылған қожаға,
Сунақ деген аз жұрт бар.
Азаматынан әр елдің
Шыққан тегі құралар.

Әбубәкір Сыздықтан
Сунақ өзін таратпақ.
Нөкер болып қожаға,
Көпті аузына қаратпақ.

Ханафия мен Хұсайыннан
Өздеріне дейін таратса,
Нанар едік оларға,
Шежіре айтып ұқсатса.

Бедел алу қажет боп,
Ғали Арсыланға жанасқан.
Ел ішінде аз қожамен
Еш пәнда жоқ таласқан.

Кіріккен соң халқыма,
Бұл үш топ та бауыр ғой.
Келісіп істеу шаруаны,
Тіршілікте тәуір ғой.

Төре, төлеңгіт, қожа да –
Қазағымның ұлы ғой.
Адамзаттың бәрі де
Бір Алланың құлы ғой.

Төре, төлеңгіт, қожаны,
Өштігім жоқ, жек көрмен.
Жараспайды алайда,
Орынсыз кеуде көтерген.

Бұл үш топтың бойына
Туа біткен еспелік.
Оның бәрін кешеміз,
Болмас бізде өшпендік.

Хандық пен тілде есім бар,
Шағатай атпен аталған.
Сөз қорына талас жоқ,
Түрік тіл боп жол алған.

Көне түрік тілінің
Бір саласы – Әлеумет.
Шағатай атпен аталған,
Қолдаған соң би мен бек.

Шағатай деген халық жоқ,
Өзінше жұрт боп атанған.
Түрік тілдің бір түрі,
Шағатай тілі саналған.

Түріктің біраз елдері
Шағатай ханға бағынған.
Сол себепті топтық тіл
Шағатай атын жамылған.

Түрік тілі – көне тіл,
Бірнешеу боп түрленген,

Уақыт өтіп жаңарып,
Жұрт бойынша өзгерген.

Шағатай тілі – топтық тіл,
Сөз қоры аз басқадан.
Ескі тілге айналып,
Кәдеге кейін аспаған.

Шағатай тілі таза емес,
Араб, Парсы сөзі аралас.
Екі жүз жыл бұрын тоқталған,
Көне тілмен қарайлас.

Шағатай тілі осыдан
Екі ғасыр бұрын жоғалған.
Сөздері мүлдем ескіріп,
Қызметін ерте доғарған.

Шағатай сөзі біразы
Татар тілінде сақталған.
Көне сөз бізде көптеу деп,
Татар елі мақтанған.

Қазақ тілі де ескі тіл,
Хорезм халқы қолданған.
Жоғалмай ұзақ сақталып,
Құлпырып қайта жанданған.

Татар тіл мен қазақ тіл,
Төркіні бір болса да,
Айырмасы едәуір,
Кемелденіп толса да.

Ескі Түрік тілінен,
Сөз негізі сақталған.
Сөздің шығу төркіні,
Сол көнеден басталған.

Қалың Түрік қауымы
Бірнеше ел боп бөлінген.
Соған сәйкес тіл-дағы,
Жұрт бойынша өзгерген.

Өлеңмен айту шежірені,
Ұқсаңыз қиын, халайық.
Қара сөзбен баяндап,
Жазғаның, сірә, лайық.

Тоқтатып енді шежірені,
Қолтаңбаға көшейік.
Баба тілді басқамен
Таразылап өлшейік.

Татар тілін хош көріп,
Ұзақ жыл халқым сыйлаған.
Әз-Жәнібектей хан тұсында,
Қазақшаға жиналған.

Әз-Жәнібектен көп бұрын
Қазақша жұртым сөйлеген.
Тархандар шығып ортадан,
Өздері халқын билеген.

Қазақша жырды шығарып,
Нұсқа айтқан көпке бабалар.
Баба тілді құрметтеп,
Қолданған ерте даналар.

Хан басқарған ежелден,
Қазақ деген халықпыз.
Ислам дінін қабылдап,
Ерікті жайда алыппыз.

Шыңғыс ханнан көп бұрын,
Қазағым өзі ел болған.
Сақау емес жұртымыз,
Сөйлейтұғын тіл болған.

Соғысынан кейін Шыңғыстың,
Қайтадан өсіп, ел болып,
Сардарлар шығып жұртымнан,
Дәулет бітіп, бақ қонып.

Шыңғыс ханның тұсынан,
Татар тілі үстем боп.

Татарша хат жазуға
Дағдыланған елдер көп.

Татар тілі ортақ боп,
Алтын Орда жұртына.
Зияны, бірақ, болмаған
Жамиғы Түрік ғұрпына.

Керей ханның тұсынан,
Екінші рет хандық боп.
Қалпына келіп қазағым,
Болған екен көңілі тоқ.

Кемелденіп қайтадан,
Хандық құрған халықпыз.
Тарихына Түріктің
Әуелден-ақ қанықпыз.

«Жеті жарғыны» жазуда
Жетекші болдық шынымен.
Көп санастым асықпай,
Елімнің мақсұт, мұңымен.

«Жеті жарғыны» жазуда
Еңбек еттім бірталай.
Мақұл көрді низамды ел,
Деген жоқ ешкім бұл қалай?

Әз-Жәнібек ханның кезінен
Қазақша таңба іске асқан.
Арабтың ғарпын негізге ап,
Қазақша жазу құрасқан.

Таза қазақ тілінде
«Жеті жарғы» жазылған.
Әз-Тәукедей ханымыз,
Жоқ еді елді аздырған.

Өткенге дейін Әз-Тәуке
Қолданды ел қазақ таңбасын.
Осы күнде сұлтандар
Қолға алды Татар жазбасын.

Татар тілі екі жүз жыл
Атқарған бізде қызмет.
Дәл бүгінде тап сонан,
Қазаққа жоқ ғанибет.

Үш жүз жылдан аса уақыт
Қазақша жазды ел жазуын.
Сөйте тұра, көрдің бе,
Бектердің бүгін азуын?

Татар тілі ұғынықты
Барша түрік халқына.
Татарша жазу айналды
Жыраулардың салтына.

Айналайын, боздақтар,
Аралас тілге үңілме!
Баба тілін қадірле,
Болашақтан түңілме!

Жарты сөзі татарша,
Қалған сөзі араб-парсыша.
Жазба солай болған соң,
Іске аса ма қазақша?

Миды оят, Жәмиғат,
Айырып алтын, жезінді.
Қазақша жазбай жүргенді
Түзет құрып тезінді.

Қолдана бер қазақша,
Қалыпқа түскен ғарпыңды.
Шалыс баспай аяқты,
Ойлан, жұртым, артыңды.

Былғарыға түсір әсемдеп,
Қазақша қолтаңбанды.
Қисыққа еріп көсем деп,
Кері айдама арбанды.

Қолға түссе, халайық,
Пайдалан Бұхара қағазын.

Болмасын қаза ешқашан
Оқитын бес намазың.

Баба тілді сақта деп,
Айтып жүрмін жалпыға.
Ақындардың жырларын
Салып көр деп талқыға.

Кезің жетті, үш жүзім,
Ашатын анық көзіңді.
Түріктің басқа ұлынан
Кем санама өзіңді.

Хат жазыссаң өзара,
Жетілдір қазақ сөзіңді.
Жат алдында ез болмай,
Берік ұста өзіңді.

Қазақшадан озды деп
Татар сөзін күндемен.
Залал емес, халайық,
Өз тіліңді біл деген.

Татар, Қырғыз – бір туған,
Түріктің көне елі ғой.
Жат көрмеймін оларды,
Өз тілің, бірақ, белгі ғой.

Асан қайғы, Жиренше
Сөйлеп өткен қазақ тіл.
Әз-Жәнібек, Қойлыбай
Сыйлап өткен ғажап тіл.

Осы тілді жек көрген
Дүниеден қалар құр.
Бағаласаң шынымен,
Баба тілің асыл-дүр.

Пайдалан, қазақ, сөзіңді,
Жазғанда өз қалпында.
Туған тілді құрметте,
Кір жұқтырмай салтыңа.

Менен өзге жыраулар
Шұбарлап хисса шығарған.
Жабайы қазақ тілі деп
Өздері солай ұйғарған.

Басқа тілді жақсы деп,
Шатастырған өздерін,
Біле алмай жүр, шіркіндер,
Жырдың қайнар көздерін.

Айтқанымды қабыл ал,
Азғақ болма, қазағым.
Ілгеріге көзің сал,
Тірліктің тартпа азабын.

Араб, Парсы, Татар мен
Түріктің ескі тілдерін
Жас кезімде талпынып
Медіреседе үйрендім.

Білсем-дағы қадірін,
Осы аталған тілдердің
Алайда болдым шебері
Найза мен садақ, семсердің.

Бірі болып зергердің,
Ұсталықты қолдандым.
Аға күйші атанып,
Жетіген, қобыз қолға алдым.

Ел қорғаудың жолында
Өтті жастық күндерім.
Насихат айтып халқыма,
Шығып жүр жарқын үндерім.

Ноғай ханға қызмет қып
Түзеген соң қатарды.
Алтын Орда тұсынан,
Ұзақтар Ноғай атанды.

Қазақ, ноғай, башқұрт пен
Қарақалпақ тілдері,

Әуелде болып бір-ақ тіл,
Халық бопты тұтас іргелі.

Қазіргі үш жүз сияқты,
Бұл төртеуі бір-ақ ұлт.
Әз-Жәнібек хан тұсында
Болған бұлар дербес жұрт.

Асан қайғы, Жәнібек
Салып кеткен сара жол.
Баба тілін қорғауда,
Бірдей болған оң мен сол.

Татаршалап жырлауды
Етпедім машық жасымнан.
Шығардым өлең қазақша,
Өрнектеп сөзді асылдан.

Жөн деп білдім басынан,
Қазақтың сөзін құндаған.
Баба тілі асыл деп,
Нәсихат айтып тынбағам.

Баба тілде жазуға
Жырлаулардың сөзі мол.
Туған тілде сөйлейді
Жиналған қауым, қалың қол.

Ата-анамыз әлдилеп,
Уатқан бізді баба тіл.
Сол туған тіл атауы –
Ежелгі біздің қазақ тіл.

Сөйлеу тілін болған соң,
Жазба тіл де сол болар.
Қолтаңбаны қазақша,
Қолдана берген жөн болар.

Пайдасы көп, жәмиғат,
Бабан қазақ тілінің,
Қазақша жазып жаттықсаң,
Арта түсер білімің.

Өз тілінде жазбасаң,
Соғып та кетер киесі.
Өзге тілден көп артық,
Қазақ тілі жүйесі.

Бір ғасырдың жүгі емес,
Мың жылдан артық жиналған.
«Тілімізде қалай сөз мол?» – деп,
Жарамайды ойлаған.

Әр кезеңде әрқалай
Қолданылған сөздер бар.
Сол сөздерді айтайын
Құлағың сал, жарандар.

Баба тілде кей сөз бар,
Көп мағына беретін.
Төрт-бесеуден сөздер бар,
Бір мәнде ғана келетін.

Жауынгер мен сарбаздың,
Мағынасы біреу-ақ.
Ғаскер, жасақ, қол деген,
Алмасып үш сөз тұрар-ақ.

Ордабасы, тархан мен
Сардар сөзі бір мәндес.
Ауыстырып айтуға,
Басқа сөзбен дәл келмес.

Ұлыс, өлке, уәлаят,
Аймақ, өңір, атырап.
Ел қонысы үшін айтылып,
Кезекпен тұрар орын ап.

Алдаспан, қылыш, ақберен –
Шабатын қару аттары.
Ататын құрал атауы –
Мір мен садақ, жақ-тағы.

Ақсауыт пен кіреуке,
Алма-кезек қолданылар.

Үй жабдығы құралдын,
Кейбірінің қос-қос аты бар.

Күйенті мен иінағаш,
Екеуінің мәні бір.
Темір телпек, дулыға,
Мәндес болып тағы тұр.

Уатан сөзі отанға
Айналғанын білесіз.
Сол себепті, қазағым,
Қолданып оны жүресіз.

Алайда Отан сөзінің
Тұрақты орны болмаған.
Бірде тайпа, бірде аймақ,
Орынына кезек қолданған.

«Оты өшпесін Отанның», –
Дейтін ескі нақылды.
Айтқан шығар жарандар
Бұрынғы баба ақылды.
Айтқан сөзі жасымай,
Кәдеге ылғи асып жүр.

Үй жабдығы, құралдын
Кейбірінің қос-қос аты бар.
Айтсақ соның мысалын,
Баспалдақ пен саты бар.

Сандық пенен абдыра,
Бір-біріне барабар.
Қайсыбірін айтайын,
Сондай жиһаз тағы бар.

Һүнер деген сөз-дағы,
Өнер боп ерте өзгерген.
Бірақ осы дастанда
Айтпаймын сөзді кез келген.

Қазақтың сөзі асыл ғой,
Ілтипатқа ілдірген,

Қожа деген бір атау,
Төрт сөздің мәнін білдірген.

Ұжым, ұйым, қоғамның
Білесің, халқым, мәні бір.
Алмастырып қолдандың,
Оның өзі ақыл-дүр.

Шежіре мен жылнама,
Мағынасы бір ғана.
Қосарланып айтылады,
Ғұлама жазған таңбада.
Ру деген атаумен,
Ұлт деген сөз алмасқан.
Бір-бірінен қалыспай,
Бір орынға жармасқан.

Халық деген атау бар,
Баба тілге орныққан.
Азаяр деп сөз қоры,
Еш уақытта қорықпан.

Айтсам дайын, әлеумет,
Тілге деген шешімім.
Ел деген сөзге балаймыз
Отан мен халық есімін.

Айтып жүр жұртым ылғи да,
Ұлпа – отан сөзін қосарлап.
Шығар сөзді ел расқа,
Әрқашанда қосарға ап.

Әлеумет, халық, отан, жұрт –
Бұл төрт сөздің мәні бір,
Оларға қоса ел мен ұлт,
Дейтін атау тағы тұр.

Үш жүзім, мұны білесің,
Алты атаудың мәні бір.
Алмастырып айтуға,
Рұқсат еткен кәміл пір.

Осы алты сөз, жарандар,
Мұра боп қалған көнеден.
Тіршілікте қолданып,
Ертеден қауым меңгерген.

Ажар, келбет, түр менен
Кескін деген төрт сөз бар.
Бұл төрт сөздің мәні бір,
Байқап тұрсаң жарандар.

Ақын әрі шешенді
Айтады халқым жырау деп.
Осы күнде жұртымда
Төкпе ақын мен жырау көп.

Бұл алты сөзді қолдансақ,
Бүлінбес одан тіліміз.
Жақсы есімді атасақ,
Қолдап жүрер піріміз.

Арабтың сөзі – тауарих,
Орныққан қазақ тілінде.
Ондай сөзден безінбе,
Құштар болсаң білімге.

Қалыпқа түскен сөздерден
Өзім-дағы еш безінбен.
Қолтума сөзге айналса,
Лайық емес безінген.

Сексен жыл болды шамамен,
Күлдірмамай енгелі.
Атауы болып мылтықтың
Қолданылып келгелі.

Сөздің қоры молайса,
Байи берер тіліміз.
Туған тілді қор етсек,
Бұзылып кетер дініміз.

Көз салсаңыз, жарандар,
Қазақ тілі емес жабайы.

Некен-саяқ кездесер
Адырлау сөздер анайы.

Араб, Парсы, Татардын
Білме деп сөзін үйретпен.
Озық ойлы ұлдардың
Талабын босқа күйретпен.

Пайдаланған дұрыс оларды,
Ыңғайына қарай, халайық.
Баба тілді қастерлеу –
Азамат – ерге лайық.

Соңғы шақта, ел-жұртым,
Хан, сұлтандар алжасқан.
Қазақтың сөзін менсінбей,
Бекерден-бекер адасқан.

Алжасқан емей, немене?
Татарша сөзге ауысты.
Араб, Парсы тілімен
Бектер қайта қауышты.

Қожа келген, байқасаң,
Біздің елге әр жұрттан.
Балаларды сүннеттеп,
Билемекші кеп сырттан.

Жас ұлдарды сүннеттеу
Өз қолымыздан-ақ келеді.
Білсе де соны шонжарлар,
Жатқа ерік босқа береді.

Қазақша жазу үйретер,
Аз емес елде молдалар.
Әр тайпа елдің ішінде,
Өзінен шыққан қожа бар.

Пайдаланбай соларды,
Не керек жаттан қорғалар?

Болат пенен Жолбарыс,
Әбілмәмбет, Сәмеке,
Татарша жазып пәрманды,
Болып жүр жұртқа келеке!

Құдайға шүкір жұртымда
Медіресе мен мешіт бар.
Сөйте тұра, ерлерім,
Басқа тілге бопсың зар.

Таза тілің тұрғанда,
Неге керек шұбар тіл?!
Баба тілде дәріс ап,
Тіршілікте өнер біл.

Мұсылманның үлгісі –
Ақиқат пен шарифат.
Үгітімді ұқ, бозбала,
Бұзылмасын табиғат.

Біздің құлақ үйренген
Майданда көп дабылға.
Айналайын, ел-жұртым,
Сардарың сөзін қабылда!

Қозғады деп тарихты,
Өкпелеме, шоралар!
Тізгін берсең әркімге,
Ата тілің жоғалар!

Айыпқа мені бұйырма,
Билерім мен бектерім!
Серттеріңнен айныдың,
Болса да асыл тектерің.

Кейбір сұлтан, хан үшін
Төрелерді жек көрмен.
Қазағымның ұлы мен
Ақ сүйекті тең көргем.

Қожаберген айтты деп
Хан сұлтандар, шамданба!

Сынады деп тіл үшін,
Жазалауға қамданба!

Қолданатын шаранды,
Төңкерермін басыңа.
Соқтықсаң маған, сұлтандар,
Мінбессің тұлпар астыңа.

Асқақтама, бектерім,
Сұлтанға еріп асыға.
Ілтипатқа алмасаң,
Бұлт төнер әлі-ақ басыңа!

Ажарым егер өтпесе,
Шашбауыңды көтермен.
Қол ұшын, сірә, бермеспін
Жат болармын төтеннен!

Талай шонжар, сұлтанды
Мұрсындай қылып үйреткем.
Құл көгенге көгендеп,
Қабырғасын күйреткем.

Қорғағам елді, ханды да
Қалмақтар қанат жайғанда.
Кім жеңерін көрерсің
Шыққанда ертең майданға.

Алпысқа таяп қалсам да,
Сол қалпында айбатым.
Жас батырдан кем емес,
Ұлғайсам да қайратым.

Бұғалық түспес асаумын,
Ұстауға еш көнбейтін.
Ерте жанған шырақпын,
Оңайлықпен сөнбейтін.

Асқақтады демендер,
Мақтану бізде болмайды.
Ойлаған соң ел жайын,
Осылай ақын жырлайды.

Бір де сөзім, Үш жүзім,
Бола қоймас ретсіз.
Болған емес жырларым
Мұсылманға керексіз.

Алла, аруақ қолдап әрдайым,
Қайт болмаған талабым.
Қайратыма сай боп тұр,
Асынған қару-жарағым.

Таймаған жаудан жүрегім,
Талмаған болат білегім.
Қазақтың тілін қорғай біл,
Әлеумет, сізден тілегім!

Сөкпендер, жұртым, айтты деп,
Сөзімде асылық болмасын.
Насихатым қабыл боп,
Тәңірім бізді қолдасын!

Асан қайғы бабаның
Жастарға қонсын ақылы.
Жиреншедей атаның
Дарысын көпке нақылы.

Ақтан пәрман жолданса,
Хызыр бабаң қолдаса,
Тілге бөгет жойылар,
Көңілде қаяу болмаса!

Ислам дінін ту етіп,
Көтере бер, жамиғат.
Қазақша жазба көбейсе,
Болар, халқым, көңіл шат.

Келтірме нұқсан, жарандар,
Ата-баба ғұрпына.
Осы жырым жайылсын,
Жамиғы қазақ жұртына!

Біздің жайды сұрасаң,
Қызылжар өңірі мекенім.

Мұсылманға белгілі
Менің де кім екенім.

Орта жүздің ішінде,
Ашамайлы керей елінде,
Ақылына сай боп күші де,
Көсем болған кезінде,

Ер Фархадтың баласы –
Танаш биден жаралдық.
Мекендеп Батыс Сібірді,
Қалың ел боп таралдық.

Танаштың ұлы – Көшебе,
Біздің арғы бабамыз.
Өсіп-өндік сол ерден,
Кемімес бедел-бағамыз.

Көшебенің тұңғышы –
Жауынгер бабам ер болған.
Темірдің қолын басқарып,
Мұсылманға бел болған.

Жауынгерден өрбіген,
Үлкен Көшебе керейде.
Қамалын бұзып көпірдің,
Бөленген ерлік мерейге.

Толыбай сыншы ұлымын
Ғаскер бастап, ту алған.
Тыныштық кезең болғанда
Мағына айтқан құраннан.

Орынды шығар сынауым,
Қиын ғой көпке ұнауым.
Осылайша толғайды
Қожаберген аға жырауың.

Халқымыздың тілі бай!
Бұзылмаған қаймағы!
Біз шығарған хиссалар –
Нағыз соның айғағы!!!

**«БАБА ТІЛІ» дастаны теріліп жатқанда
кейін табылған шумақтары:**

* * *

Арабтың сөзі тауарих,
Тарих болып өзгерген.
Жалпақ тілмен сөйленіп,
Қазақылық түрге енген.

* * *

Жұрт деген көпшіл сөзбенен,
Милләт сөзі сәйкескен.
Бір мағына білдіріп,
Қолданғанда теңескен.

* * *

Хан деуге аузың бармайды
Тәукенің ұлы – Болатты.
Неге десең ол сұлтан
Өзбекше тілді қалапты.

* * *

Шора деп қалай айтарсың,
Мақтаншақ төре Барақты.
Қазақтың тілін қолдамай,
Сыныққа сылтау жамапты.

* * *

Қыз алам деп қалмақтан,
Күшік төре тозып жүр.
Өзбекше сөйлеп аз ғана,
Кейде арқасы қозып жүр.

* * *

Әбілхайыр төре де,
Татаршалап жазып жүр.
Жаңбыр жаумай, су болып,
Өзінен-өзі азып жүр.

* * *

Кез келгенді көсем деп,
Киімі киген әсем деп,
Жүрсеңдер босқа мырзалар,
Жыларсың кейін кемсеңдеп.

* * *

Кінәлама айтты деп,
Елдегі қасқа, жайсаңдар.
Аруақ соғар сіздерді,
Ата жолдан тайсаңдар.

* * *

Шам көрмендер сөзімді,
Айтулы ақын-жыраулар.
Әрі қарай шыдам жоқ,
Шұбар тілге шырмалар.

* * *

Бұйырсаң да айыпқа,
Оңайлықпен көнбеспін.
Кеудеде жан тұрғанда,
Теңдікті қолдан бермеспін.

* * *

Ерегіссең біздермен,
Қамқанды киген шешерсің.
Тұлпарыңның сауырынан
Жалп етіп жерге түсерсің.

* * *

Қара сүйек, ақ сүйек,
Деген сөзді қойыңдар.
Бәрін де Алла жаратқан,
Бөтен ойды жойыңдар.

* * *

Тәңірім ашса бағымды,
Көк сүңгіні жұмсармын.
Бас асау бек, би, сұлтанды
Оп-оңай-ақ тұсармын.

* * *

Қойлыбай әулие, дананын
Емшілігі қонсын ерлерге.
Жат билігі жүрмесін
Бізге де, туыс елдерге.

«ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ ЖАЙЫНДАҒЫ ХИКАЯТ»⁸

(хисса)

Алладан пайғамбарға келген аят,
Аят хақы қолдай көр бір нашаят.
Кешіргей қатам болса, жаббар құдай,
Айтайын бұрынғыдан бір хикаят.

Шығарам шағын хисса, құлағың сал,
Әлеумет, аз жырымды қабылдап ал.
Алланың өзі берген өнері ғой,
Пендеге өлең айтса, болмас обал.
Ертерек қазақ, ноғай бір болғанда,
Жол жүрген түйе мініп бір кәрі шал.

Жаратқан жат қылған соң ісін оның,
Қосылмай жалғыз өткен бір жұбайға.
Жазғанның барар жолы ұзақ екен,
Бейшара шығып кетті елсіз жайға.
Жол жүрді үш күн тынбай ұдайына,
Ол өзі көп сыйынған құдайына.
Су таба алмай сол ғарып халі бітті,
Адамзат қарар емес шырайына.

Алла деп жолға түсті таң атқанда,
Ұйықтамай елегізіп ел жатқанда.
Көрінді қарсы алдында жалғыз отау,
Сол үйге түнемекші күн батқанда.

Ол үйде отыр екен жалғыз қатын,
Шығарар тәуір әйел ердің атын.
«Еркек жоқ үйге ешкімді қондырман», – деп,
Бастады қатал сөзбен жағдаятын.

Сонан соң ұрмақ болды бақанменен,
Жүргейсің таяқ жемей аулақ менен.

Сендейдің жүзі келіп, жүзі кетер,
Көремін нендей пайда кезбелерден.

Сөйлейді көк долы әйел кет деп әрі,
Тыңдамас оның сөзін жазған кәрі.
Ғайбаттап шайпау әйел тұрғанында,
Қатынның келіп қалды үйге жары.

Тіршілік бес күн жалған өтер бастан,
Шығады өнер, ақыл қайран жастан.
Келе сап үй иесі жөн сұрады,
Шал жайын білмек болып әуел бастан.

Қария өз жағдайын баян етті,
Көргенін жастан нелер қасіретті.
Ғарып шал су іше алмай қалжыраған,
Шертеді үй иесіне болған кепті.
Айтады үй иесі шалға қарап,
Бұл ғарып неткен пенде күйсіз жатқан.
Әлде бұл диуана ма елді кезген,
Шайхы боп хақ жолында жүріп жатқан.
Мейманды сусын беріп сыйладың ба,
Сапарын білгеннен соң жаңға батқан.

Әйелі дәм бермеді сараңданып,
Ерінің тілін алмай қиқарланып.
Қонақты күт десе де байы оған,
Айтқанын тыңдамады құлақ салып.
Әйелін соның үшін сабады ері,
Қолына талдан кесіп шыбық алып.

Мейманды жігіт сонда сыйлайды енді,
Қария абзал жанды жақсы көрді.
Шәугімге су қайнатып шайын демдеп,
Қонаққа үй иесі тамақ берді.
Шал мұндай жомарт жанды көрген емес,
Аралап жүргенменен талай жерді.

Үй иесі айтты: Ата сөзге құлағың сал,
Жігіт ем шыныменен біткендей мал.
Айырылып жау шапқан соң дәулетімнен,

Бұл күнде азық тапшы, болмай түр хал.
Түйенді астыңдағы маған сатып,
Болады қанша динар бағасын ал.

Әйеліне айтты: дем алсын ғарып пенде,
Еш мейірім жоқ екен деді сенде.
Келгенде мейманыңды қабыл алсаң,
Иманнан сен қалмайсың болып кенде.
Бұл кісі түйе мініп жүрген екен,
Таулардың басып өтіп асуларын.
Азығы таусылған соң қалжыраған,
Шөлдердің асып өтіп шағылдарын.
Еш жерден бір жұтым су таппаған соң,
Сен оған дұрыс жауап қатпаған соң,
Қайғырып жатыр екен ғарып ата,
Орынсыз өзін босқа даттаған соң.

Қонаққа айтты үй иесі сат деп түйе,
Сөздерін түйені алып сөйлеп жүйе.
Нарды сойып, мүшелеп, етін тұздап,
Бетіне сүм әйелдің жақты күйе.

Үй иесінен қария құрмет көрді,
Ет асып мырза жігіт тамақ берді.
Шалдың өзіне сары нарын сойып беріп,
Шығарды көкірегінен қайғы-шерді.

Ғарыпты қонақ етті түйе сойып,
Піскен соң түйе етін жеп қалды тойып.
Мейманды қабыл алып құрметтесең,
Алла кешер күнәнді бірден жойып.

Шал байғұс қайғыланды түйесіне,
Келмейді айтса сөзі жүйесіне.
«Бұл жерге бекер босқа келіппін», – деп,
Қорыққанынан айта алмады үй иесіне.

Көзінен ұйқы қашып жата алмады,
Қайғымен еттен жөнді тата алмады.
Қария уайымдаса да амалы жоқ,
Ешбір сөз үй иесіне қата алмады.

Солайша уайыммен апта өтті,
Ғарыпты үй иесі құрметтепті.
Күн сайын түр-түрімен тағам беріп,
Мейманды жомарт жігіт жақсы күтті.

Бір күні ертеменен тұрды дейді,
Сиынып аузына алды пірді дейді.
Мейманды үй иесі қасына ертіп,
Екеуі мал ішіне кірді дейді.

Есепсіз түйе жатыр құмда толып,
Түйесін шалдың алған сынамақ болып.
Көрсетті мың түйеден таңдап ал деп,
Жау шауып кеткен емес, дәулеті толық.

Өзінің жомарттығын білдірмек боп,
Қонаққа әзіл айтқан жатқан қонып.
Қараса, қойы менен жылқысы көп,
Маңайды қария да шықты шолып.

Шал түйе таңдап алды қырық діллалық,
Мырзаға разы болды көрген халық.
Толтырып ғарып қалтасын көп ақшаға,
Жөнелтті әбден күтіп батасын алып.

Құрметтеп қарияны шығарып салды,
Құдайым сахыларға берген малды.
«Қонағым қош, разы болыңыз», – деп,
Жеткізіп күндік жерге шығарып салды.

Сонымен мейман кетті жолға түсіп,
Сарғайып жүреді екен іші пысып.
Шаршады қария пақыр жол үстінде,
Өкпесін ыстық жел де қатты қысып.

Ғарып шал аз дем алып жолға түсті,
Әмірі қадыр Алла сондай күшті.
Сыйынды ол құдайға да, аруаққа да,
Сапарда көрсетпе деп зор қипысты.

Қария келе жатыр нарға мініп,
Барады ұзақ жолда көңілі тынып.

Сарғайып ыстық күнде сапар қылды,
Құдайдың құдіретіне мойын ұсынып.

Ақсақал келе жатып керіледі,
Әрі қарай жол жүруге ерінеді.
Қария үш күн, үш түн жүрген кезде,
Алдынан және де ақ үй көрінеді.

Ақ орда қарсы алдында көрді тағы,
Ашылар дінді күтсе ердің бағы.
Сол үйге тоқтап қария мейман болды,
Күн батып, қызыл іңір болған шағы.

Жас әйел үйден шықты сылаңдаған,
Көңілі мейман күтпей тына алмаған.
Әуелі қарияға сәлем етті,
Көңілін бөгде іске бұра алмаған.
«Қонағым, хош келіпсіз, үйге кір», – деп,
Келген соң жолаушыны қабыл алған.

Құрметтеп қарияны қонақ қылды,
Дұрыстап тамақ беріп тойындырды.
Мейманға мұсылмандар барын тосып,
Баршаны мырзалықпен мойын ұсындырды.

Ертеңіне үй иесі келді дейді,
Адамды аттанбақшы көрді дейді.
«Сен неге бұған тамақ бересің», – деп,
Әйелге ұрып жаза берді дейді.

Қатынын ұрып-соғып басын жарды,
Әйелге жолдас қылған пейілі тар-ды.
«Құдая, бұл жауызға жаза бер!?» – деп,
Жылайды жас келіншек етіп зар-ды.

Әйелден тоқтап қария сұрайды сөз,
Нелерді есен жүріп көрді ғой көз.
Кінәсіз, қарғам, сені, ұрып-соқты,
Қалайша бұл байыңның ашуы тез?

Таң қалам еске түссе көргендерім,
Сахының ішіп-жеппіз бергендерін.

Жарлымын қолдан хайыр бере алмаймын,
Байқадым сараң екен келген жерің.

Ей, қызым, айтқаныма құлағың сал,
Жақсыдан шыққан лебіз шекер мен бал.
Сөйлейін ішімізден тарқасын шер,
Өзімнің жол-жөнекей көргенім бар.

Шырағым, жақсы болсаң жаннат жаның,
Екі дүниеде жарылқар бір құдайым.
Азабың ерден көрген зая болар,
Ешқашан оның үшін қылма уайым.

Қорлығың байдан көрген болар зая,
Болады берген хайыр зиннаһ файа.
Сираттың көпірінен заулап өтіп,
Табарсың бейіштен орын, жанға сая.
Байыңның жамандығын кек көрмесең,
Барарсың ұжымақтағы жақсы жайға.

Қиянат көрсең байдан жаман деме,
Береді сондай азап маған деме.
Көрмейтін жақсы ісімді көңілі соқыр,
Қап-қара жан дүниесі харам деме.

Тірілікте алған жарын сыйламайтын,
Ұқпайтын адам жайын надан деме.
Не айтса айтқандарын қабыл еткей,
Еш пайда берілмейді саған деме.

Қостағай алған байың ықтиярың,
Басқаға есіттірмей болса зарың.
Жаман да болса, соның айтқанын қыл,
Төгілер араздассаң намыс-арың.

Бір үйге келіп қондым кешке таман,
Сарғайып су таба алмай болғам жаман.
Әйелі: «Бұл үйден кет далаға», – деп,
Қалдырды көңілімді болып надан.

Жаныма айтқан сөзі тиді қатты,
Қылар ма құдай мұндай адамзатты.

«Жолаушы, бұл жерде енді тұрмашы», – деп,
Қолына тасты алып маған атты.

Әйелден азап көрдім жанға тиіп,
Тағы да балағаттады, тілдеп-сиіп.
Қалжырап алыс жолда жайым болмай,
Сол үйге тоқтаймын деп тарттым күйік.

Бір кезде үй иесі келді кіріп,
Бүктүсіп жатқан мені көзі көріп.
«Қонақты неге күтпей отырсың?» – деп,
Әйелін көк шыбықпен тартты келіп.

Қатынға ашуланды қатты кейіп,
Неден пейілің жаман деп түпке жетіп.
Әйелін ұрып-соғып қинаған соң,
Жығылды денесіне таяқ өтіп.

Бір уақытта сәлем беріп, келді маған,
Дастарқан жайып, алдыма қойды тағам.
Ықыласпен жаны ашып құрмет етіп,
Шәугімге су қайнатып, шай қамдаған.
Өзіме өз түйемді сойып берді,
Әбден-ақ мен разы болдым оған.
Бір нарды таң атқан соң келді алып,
Ішіне қоржынымның азық салып.
Бір адамға бір түйе сойып берген,
Келемін мәрттігіне қайран қалып.

Шаттанып мейман келсе, көңілі тасқан,
Дәулеті ол мырзаның елден асқан.
Құдайдың құдіретіне таң қаламын,
Сахыға жаман әйелді жар қып қосқан.

Айтамын неше алуан сөз көңілі кірге,
Зар қылып жалбарынам кәміл пірге.
Сенің байыңды сол үйдің қатынымен,
Екеуін жұбай қылып, қосса бірге.

Ол жігіт жомарт екен бұл жалғанда,
Жылаймын еске түсіп, ойға алғанда.

Біреуді жаман, біреуді жақсы қылып,
Құдайым пешенеге құп салғанда.

Соны естіп әйел айтты: тыңда, баба,
Сөзіме менің айтқан құлақ сала.
Сол көрген жомарт жігіт кім десеніз,
Болады бірге туған маған аға.
Лаухылда пешенеге жазған екен,
Ылаж жоқ мұнан кетіп қылар шама.
Ағам мен әлгі жүрген сұмырай байым,
Алысқан бір-бірінің қарындасын.
Кенеттен бір асыл кеп құтқармаса,
Қайғыға тап болып тұр менің басым.
Ағамыз қатынынан жапа шегіп,
Өткізді қасіретпен жарым жасын.
Бір жәгу күллі шөйі келген аят,
Қолдағай аят хақы бір нашаят.
Бақылдық сахилықта насинан деп,
Сонғыға қалған екен бір хикаят.
Қиналдық пендем үшін шығарып өлең,
Көрмесін жұртым бейнет орып-азып.
Осы бір хикаяны хисса еттім,
Жақсылардың көңілі үшін гүлден нәзік.

Асылдар бұл сөзімді мұқият тыңда,
Тәңірім жан жаратты неше жұмлә.
Жарлығы бір Алланың ораза-намаз,
Айтқанын пайғамбардың екі қылма.

Бұл сөзім кітап сөзі тыңда, жаным,
Болғанда бірің – уәзір, бірің – ханым.
Жарлығын бір құдайдың тәрп етпесең,
Дозаққа кез болмайсың, күймес тәнін.

Жетерсің тәуір болсаң қадіріме,
Шыдармын надан болсаң да жәбіріңе.
Жиында шығарып хисса, өнеге айтып,
Сөйлеймін үлкен-кіші нәзігіне.

Пайғамбар хадисінің бәрі де рас,
Кейінгі үммәтіне қалған мирас.
Көрерсің қияметте ғазим сауап,
Қатарлас пенделерге жегізсең ас.

Кетеді ұшырасқанмен, бізден түнек,
Көтеріп көрмесем де тосып білек.
Құрбылар әр кездерде қонақ болып,
Хиқаят сөз тыңдауға қояр тілек.
Бір апта ақ ордамда мейман болып,
Ғибрат сөз ұғады менен тілеп.

Жайылған тұз-несібем әр тарапқа,
Болады мені іздеген ер санатта.
Қазақ-қалмақ соғысы жылында да
Тәңірім зар қылған жоқ ас-тамаққа.

Жас болсам да, қорғадым өз халқымды,
Құрметтеп соңыма ерттім көп жалпымды.
Тойтарыс беріп жауға әр кезеңде,
Тоздырмай жүрміз әлі ел салтымды.

Әрқашан жұрт қолдаған талабымды,
Таңдадым жауға жұмсар жарағымды.
Ертерек өнер қуып, қару соғып,
Қорғаймын ел мекені алабымды.

Хиссама азаматтар сал құлағың,
Кетпесін жәмиғаттар ынтымағың.
«Ғибрат сөз айтатын ағалар бар», – деп,
Тыңдаңыз үлкен-кіші ер жауабын.

Ағайын, үлкен-кіші ақылдасым,
Сыйлы ғой жұрт ішінде ғазиз басым.
Осы айтқан сөздеріме құлақ қойып,
Шынымен туған халқым мақұлдасын!

Бәрі де жақсылардың салауатты,
Жаратқан құдай артық асыл затты.
Жиылмас мырзалардың дастарханы,
Сөзі бар қонақтарға балдан тәтті.

Онан соң тәуір жігіт, би менен бек,
Олардың сөзін ешкім көрмейді жек.
Ақ өзі оразасын артық қылған,
Сөзіне қанбай адам тұрады тек.

Өлең-жыр иелері, ғалым фазыл,
Неше аят пайғамбарға болған назыл.

Бәдгаттан ғәйбәт сифәт тiлiн тыйған,
Етпеген тақуа адам қалжын-әзiл.

Көз көрген жәмиғаттар қадiрдан-ды,
Iс қылып халалдықпен жиған малды.
Ер жiгiт ғадiлдiкке бел байлаған,
Аямас ағайыннан ғазиз жанды.

Даналар қадiр бiлген дегдар тектi,
Аузына алған емес жаман кептi.
Берген соң Алла дәулет неге аясын,
Шақырған бата алмаққа дүйiм көптi.

Бiлерсiз обалын да, сауабын да,
Жел есер жазғы күннiң шуағында.
Құдайым есендiк пен һәқ жеткiзсе,
Көресiз сiзде түрлi iс уағында.

Қолдасын адал жанды Иран ғайып,
Жарандар бұл сөзiмдi етпе айып.
«Сiздерден көп мәнфәғат көрдiм ғой», – деп,
Жiбердiм жақсы iстердi жұртқа жайып.

Құдайға құл, үмметпiз Мұхаммедке,
Осы бiр шағын хиссам жетсiн шетке.
Мойнына жырдың хақы қарыз болмай,
Кетпегей тым-ақ алыс қияметке.

Қой жайып, бiр өлеңiм қойға кеттi,
Ат мiнiп, бiр өлеңiм тойға кеттi.
Бәрiн де өзге өлеңiм ойландырып,
Дүниеден сол өлеңiм бойдақ өттi.

Жұмсадым сүр бойдақты бiлiп кел, – деп,
Қайғысыз барған жерден күлiп кел, – деп.
Жiбердiм ауылдарға жаяу күйде,
Сыйлығын барған жердiң iлiп кел, – деп.

Күздiкке Нөктерекке жылда қонам,
Әр iстiң болашағын оймен шолам.
Ашамайлы керейде Толыбай сыншыұлы –
Қожаберген дейтұғын жырау болам.

ДАСТАНДАРЫНАН ҮЗІНДІЛЕР, ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАРЫ

«АТА ТЕК»⁹ дастанынан үзінді

Түріктен тараған ел тоғыз дейді,
Тартатын күй аспабы қобыз дейді.
Башқұрт пен Қазақ, Ноғай, Қарақалпақ,
Төртеуін шежірешілер Өгіз дейді.

Алтай тау Өгіз атам туған жері,
Соғысып Қытайларды қуған жері.
Алатау, Алтай мен Сыр мекен болып,
Өгіздің қобыз тартқан көсемдері.

Әр кезде күштіден ел зар илеген,
Шабуыл жылдан жылға жиілеген.
Башқұртты, Ұзақ, Созақ бірге қосып,
Қазақты үш мың үш жыл хан билеген.

Бұл төрт ел Ер Аннастан таралады,
Өгізге Аннас тархан сайланады.
Нұх қаһаннан өрбіген түріктерге,
Ежелден дәулет пен бақ байланады.

Түріктен шыққан елдің бірі – Өгіз,
Жырыма жұрт шежіресі болар негіз.
Мекені қалың түрік ұлан байтақ,
Жер шеті тірелгені орта теңіз.
Аннастан балалары бата алады,
Сырт жаудан ел қорғауға аттанады.
Кейінгі Алтын орда заманында,
Ноғай деп Ұзақ жұрты атанады.

Ұзақтың ағасы екен Қазақ тархан,
Соғысқан дұшпандары болған талқан.
Сайланып сауыт киіп, тұлпар мініп,
Іліпті сол қарына болат қалқан.

Түріктің бір дегдары – Алтай қаған,
Оның да өткеніне талай заман.
Сол Алтай Өгіз елін қондырмаққа,
Шығыстан таулы өлкені таңдап алған.

Таулы өңір сонан Алтай атанады,
Мекендеп қалың түрік шаттанады.
Оранған қарағайға биік тауға,
Бекініп Өгіз халқы сақтанады.

Алтай деп тауда ердің аты қалды,
Тастарға ойып жазған хаты қалды.
Ол кезде араб жазу тарамаған,
Түріктен көне жазу таңба барды.

Алтай мен Сыр арасын сайран қылған,
Байлығы көрген жұртты қайран қылған.
Алатау, Қаратау мен Көкше теңіз
Өңірін Өгіз түрік мекен қылған.

Түріктің екі жұрты қырғыз, татар,
Көне ел Өгіздермен шыққан қатар.
Сөзімде кемдік болса, сөкпе, халқым,
Мен емес, осы жайды кітап айтар.

Алтай мен Енесайдың аралығын
Ежелден Қырғыз, Татар мекен еткен.
Шыңғысты хан көтерген қалың татар,
Сібірі мен Еділ жаққа көшіп кеткен.

Қазаққа таяу шыққан «Үш жүз» атау,
Көңілің еш болмасын оған жадау.
Үш жүз деп аталса да ел бытырай қонып,
Әр жерден қоныс тепкен қадау-қадау.

Қазаққа ел боларлық кезең жетіп,
Үш жүз боп аталғанда, бірлік бекіп,
Алтайға жиналуға үлгірмепті,
Соғысы Шыңғыс ханның киіп кетіп.

Қазақтың түп бабасы Өгіз Түрік,
Құт қонған ұйытқы болып орнап бірлік.
Татардың Шыңғыс ханы шапқан кезде,
Үш жүз түгіл Өгізге салған бүлік.

«ӘУЛИЕ ҚОЙЛЫБАЙ»¹⁰
дастанынан үзінді

Ертеде Қыпшақта өткен Ер Қойлыбай,
Қолына жүрмейді екен қобыз алмай.
Болған соң сол асылдан бізге мирас,
Қобызды мен де жүрмін тастай алмай.

Тұсында сол Қойлыбай әулие екен,
Аруақты әрі дана, киелі екен.
Санасқан оныменен хандар, билер,
Атқарған істері оның жүйелі екен.

Біздерге жәрдем етіп аруақ, құдай,
Жауларды талқандадым соғыста ұдай.
Қойлыбай әулиені жырға қос деп,
Түсімде аян берді әкем Толыбай.

Әкеміз көп сиынған Қойлыбайға,
Жау қоршап қиын болған бір жағдайда.
Қалмақты қысылшаңда жеңіп шыққан,
Болған соң зор қасиет Қойлыбайда.

Бөленген әкем Толыбай зор данққа,
Үлгі айтқан қазақ, естек қос халыққа.
Бейітіне Қойлыбайдың түнеп әкем,
Мінгендей болған екен алтын таққа.

Дана екен Ер Қойлыбай шарапатты,
Тілесен шыныменен берер бақты.

Сауыққан зиратына түнеп науқас,
Болған соң емші-баба аруақты.

Қыпшақта Қойлыбайдың арғы заты,
Басқадан артық болған парасаты.
Молда боп заманында аты шыққан,
Әбубрахыман әкесінің екен аты.

ЕДІГЕ БИГЕ АЙТҚАНЫ¹¹

Уағалайкемиссалам, нағашы би,
Кетіп тұр қарт жиеннен бұл күнде күй.
Қартайған мен байғұсты сөге көрме,
Лайықты көре алмасаң құрмет пен сый.

Аман ба елі-жұртың, жас нағашы,
Есен болар Сүйіндік кәрі-жасы.
Жас жетіп ақ ордада мен жатырмын,
Өмірдің өтіп қызық тамашасы.

Айырылып он жеті ұл мен жалғыз қыздан,
Жатырмын ажал жетпей шарасыздан.
Теңелген өлі аруақпен жағдайым бар,
Жүрміз ғой жер бетінде амалсыздан.

Жасымда топты жардым елден бұрын,
Майданға бастап шықтым қазақ ұлын.
Сыпырған томағасын қыран құстай,
Самғаушы ем әр қияға кешкі тұрым.

Есімнен ұмытылды өнер-білім,
Қарлықты кәрілік жеңіп асқақ үнім.
Көзімнен осы күнде бір-бір ұшты,
Ту ұстап, тұлпар мінген қайран күнім.

Жасымда жігіт болдым бойдақсыған,
Ботадай от басатын ойнақшыған.
Бұл кезде жасым жетіп, тәнім тозды,
Дәл менде не бар дейсің ой бықсыған.

Бір кезде бозбала едім бұлғақтаған,
Үкілеп бәйге ат мініп ырғақтаған.
Жылқының суға айдаған тозаңындай,
Ол дәурен табылмай тұр біздің маңнан.

Қорқамын ерттеулі атқа мінуге де,
Сескенем шаппақ түгіл желуге де.
Бір кезде сауыт киген Қожаберген,
Жарамас енді аяңдап жүруге де.

Тоқсанның алтауына жас жеткен соң,
Келмейді жастар сәлем беруге де.
Өзімнің қатар-құрбым таусылған соң,
Зар болдым қарт кісіні көруге де.

Болсам да жұрт ағасы дер күнімде,
Батпаймын ауыл үйге кіруге де.
Хал кетіп, жаным жүдеп осы күнде,
Айналды жастар менен жеруге де.

Кәрілік жаныма менің әбден батты,
Әуелден сөздерім бал, тілім тәтті.
Кешегі жастық дәурен қайта оралмай,
Қиналтты ой түсіріп біздей қартты.

Қазақтың көрдім талай жарлы, байын,
Көмейден ағылтуға жырым дайын.
Кәрілік иығымнан мықтап басып,
Меңдетіп әлім кетті күн-күн сайын.

Тоқсан бес былтыр келді жылжи басып,
Мен қалдым сонан кейін жездей жасып.
Сайраған гүлбақшада бұлбұл едім,
Жоламайды жігіт-желең менен қашып.

Тоқсанның алтауына келіп жасым,
Қор болдым, күн өткен соң, ғазиз басым.
Жанымда тірі болса отырмас па еді,
Айшадай таңдап алған жан жолдасым.

Жасымнан жырау болдым сөзге ұста,
Ұрпаққа қалдыруға өлең-нұсқа.

Адам атадан бері қарай өлім мирас,
Сұм ажал тегіс жетер кәрі-жасқа.

Атадан жүз тусаң да бір жалғыздық,
Көңілі әр пенденің басқа-басқа.
Бұл күнде тұлпар аттан топырыш озып,
Теңелген жер қыртысы гауһар тасқа.

Жігіт деп артық туған соны айтамыз,
Тар жерде қайырылысса жан жолдасқа.
Жігіттер, алды-артыңды ерте ойла,
Тірлікте күн түспесін надан-насқа.

Дүние бір соқпақ жол бұрандаған,
Бақ тайса ерге дәулет құралмаған.
Түбіне сол дүниенің жетемін деп,
Бек пен бай содан мойнын бұра алмаған.

Жасыңнан, Қожаберген, болдың ақын,
Дүние өтпейді деп қалдың ғапыл.
Шонжар мен осы кезде күн бектікі,
Жарлы мен жалқы сөзін көрмес мақұл.

Дүниеден қазан жетіп өтіп кетсең,
Иесіз қала берер тұлпар атын.
Тірлікпен әлі-ақ бір күн қоштасарсың,
Ұрпаққа үлгі етіп кет ата салтын.

Нағашы, хал сұрайсың сөзбен тартып,
Бір сөзің бір сөзіңнен түседі артып.
Үлкенді сыйлай білген ата ұлысын,
Мен саған жеткізе алман жайымды айтып.

Әрқашан құрметтей біл қазақ ұлын,
Бақ қонып, көбейе берсін мал мен пұлын.
Хан, сұлтан, төрелерге билік берме,
Даулы істе жолың болсын, буыршыным.

Өрлей түс қыран құстай көкте қалқып,
Үш жүзді соңыңа ерт, түгел қамтып.
Дұшпанға тіршілікте басыңды име,
Жайнай бер жанып тұрған отша шалқып.

Бір ауыз сөзбенен айт ердің құнын,
Негізге ал, төрелік берсең істің шынын.
Сыйлай біл, ел-жұртыңмен тіл таба біл,
Ақылғой зиян емес менің мұным.

Болғанда сөйлеу арзан, ұғу қымбат,
Айтқанды еске сақта, дұрыс тыңдап.
Ұлағатты сіздер үшін кеңес болсын,
Көрейін өлең сөзбен аздап жырлап.

Өзің айтсаң, аз сөйле, көп ұғып ал,
Асыл сөз қасиетіңді кетпес ұрлап.
Атқарған әр ісіңе ұқыпты бол,
Сапасы артық болсын, менгер шындап.

Сөйлемге көсем болсаң, сөзді бұлдап,
Сөйлей біл қасиетті сөз әркез сырлап.
Сырты сыр, іш мағынасы терең болса,
Тыңдайды ондай сөзді халқың құндап.

Қыдыр дарып, бақ қонсын, Едіге саған,
Мерейің үстем болып артсын баған.
Өзінің қатарының алды болсын,
Қасыңа еріп келген мына балаң.

Тірі болса билердің зоры болсын,
Хан, сұлтан, төрелердің соры болсын.
Бітіміне ақыл мен ісі сай боп,
Ақдәулет болмай аты Ер Шоң болсын.

Тіл-аузым, таңданбаймын, деймін тасқа,
Тұлғасы бұл ұлынның елден басқа.
Жұртына қорған болып, билік айтып,
Келгей де ғұмырлы боп ұзақ жасқа.

Тірлікте қанағаты мол, болсын қонды,
Сабырлы мінезімен болсын оңды.
Едіге шырақ, замана азып барады,
Бұл балаң ғадыл бидің болар соңы.

Көзіме бұлдырайды ой менен қыр,
Менен не өнер дейсің айтқанмен жыр.

Уақытың біте-тұғын жап-жақын деп,
Жан алар Ғазірейіл маңымда жүр.

Жастарға жақпайды ақыл айтқан тура,
Сол себеп құлақ қойман айғай-шуға.
Кәрілік аяқ-қол мен көзден алды,
Мен болдым зорға жүрер ақбас бура.

Қартайдым, ақыл-айла таба алмаймын,
Арыған тұлпар аттай шабандаймын.
Айырылған қатарынан мен бір ғарып,
Көрші үйге шақырмаса бара алмаймын.

Тоқсанның жетеуіне қарап тұрмын,
Әйтеуір тірі аруақ боп қараңдаймын.
Сақал-мұрт, шашы ағарған біреу көрсем,
Өкшелес інім ғой деп шамалаймын.

Жас жетіп, тән қуарып, хал азайды,
Әлсізбін, тірі жанға саналмаймын.
Дәретке уақытымен шыға қалсам,
Есікті қайта айналып таба алмаймын.

Ордада болмаса адам алаңдаймын,
Таяқсыз орнымнан тұра алмаймын.
Арнап сәлем бергеніңе көп рахмет,
Расында, атаң түгіл бабаңдаймын.

Кәрілік қалжыратты күшімді алып,
Сақал-мұрт, шаш ағарды қырау шалып.
Қартайған арыстандай мен жатырмын,
Немере, шөбереге күнім қалып.

Жүз жастың қажеті жоқ айтсам анық,
Жақсы емес алжып жатқан естен танып.
Дауа жоқ, кәрілікке, амал нешік,
Сондықтан әуре болман босқа налып.

Қартайған Қожаберген айтты дерсің,
Барғанда сәлем бере بازیна қып.
Төрінде кәрі тарлан жатты дерсің,
Өткенді ертегі-жыр, қазына ғып.

«КҮЛДІРМАМАЙ»¹²

(өлең)

Болған соң өгіз түрік арғы заты,
Сыйлаған Аламанның азаматы.
Қазақ, Ноғай, Естекті пана тұтып,
Бір зергер үздік болып шыққан аты.

Жарысып құрбысымен жүрген қатар,
Оралға әкем Толыбай қылған сапар.
Жолында әкем ұста кездестірген,
Қараса қазақ тектес, емес татар.

Ол ұста жетім боп ел кезген екен,
Өкпелеп ағайыннан безген екен.
Орманын Орал таудың мекен етіп,
Нелер бір қиындыққа төзген екен.

Жасынан ел намысын ұққан екен,
Кәпірге ел аттанып шыққан екен.
Түріктің шын ұрпағы болғаннан соң,
Өгіздің өнері оған жұққан екен.
Орманда ұста дүкен өзі салған,
Қойнауын ну ағаштың таңдап алған.
Елдерге қылыш, мылтық жасап сатып,
Талап қып төрт түлік мал жиып алған.

Әкеміз зергерменен тез танысып,
Іні етіп серттесіпті төс қағысып.
Ерлердің уағадасы қандай берік,
Туыс бопты екеуі қол алысып.

Көшіріп зергерді әкем алып келген,
Өзінің ауылынан үй сап берген.
Қазақта ордабасы адал жан деп,
Ұста да әкемізге қатты сенген.

Сөйтіп, зергер әкеме іні болған,
Ерлігіне әкемнің көңілі толған.
Әкемнің қамқорының арқасында,
Ұстаға көп ұзамай бақыт қонған.

Зергерді еліне әкем алып келген,
Өзіне қажет жанды тауып келген.
Шебердің бар керегін дайын етіп,
Шым қалап ұста дүкен салып берген.

Болған соң әкем Толыбай аңшы, мерген,
Ұста да әкеміздің соңына ерген.
Аң аулап, саят құрып, бәйге ат мініп,
Әкеміз серуендеуді мақұл көрген.

Қызмет қып ұнаған соң ұста Мамай,
Өзіне туыс еткен әкем Толыбай.
Жасынан ұяң мінез жетім зергер,
Жүріпті әкеме ойын жеткізе алмай.

Келгенде ұста Мамай жиырма үшке,
Естекте ғашық бопты Ақзәурешке.
Іштегі бар арманын әкеме айтқан,
Өзінің жалғыздығы түсіп еске.

Зергердің сөзін әкем қабыл алған,
Көршілес естектерге кісі салған.
Естекпен әкем Толыбай құда болып,
Айттырып Ақзәурешті Мамай алған.

Зергердің мылтық соққан аты – Мамай,
Соғысқан қалмақтармен ол да талай.
Жасаған ойшыл шебер қара мылтық,
Аталған ұста атымен Күлдірмамай.

Жасатқан әкем Толыбай қорғасын оқ,
Дейсін деп кімге жолдас дүние боқ.
Хиуадан малға мылтық сатып алды,
Дегендей басқа мылтық керегі жоқ.

Ұстаға сондай мылтық соқтырыпты,
Қалмақты атысқанда бұқтырыпты.
Кәпірлер мұсылманға беттемепті,
Көрген соң тірелетін тығырықты.

Алладан бұйрықты ажал келіп жеткен,
Жазмыштың өлшеулі күн дәмі біткен.

Мамайды іні етіп ұстаса да,
Қолынан Ер Толыбайдың жұлып кеткен.

Пәниден ұста Мамай қыршын кеткен,
Біз тумай он жыл бұрын дүниеден өткен.
Ақзәуреш жастай жесір қалғаннан соң,
Ағамыз Қарабасқа ниһақ еткен.

Түспеген басқаларға ынтызары,
Ағаның таңдап алған болған жары.
Ел қосып Ақзәурешті Қарабас алған,
Әмеңгер болғаннан соң жоқ амалы.

Башқұрттан екі ұл туған Естек, Қайсақ,
Айтпаймын білмеген соң сөзді жаңсақ.
Қазаққа келін болып түскеннен соң,
Ақзәуреш көрген емес жұртын аңсап.

Жеңгемнің ай кейіптес Алтын аты,
Ішінде Орта жүздің Қыпшақ заты.
Алтындай ару құшқан ағамыздың,
Артықша еді құрған салтанаты.

Ақзәуреш күйеуінің асын тосқан,
Ас өтіп Қарабаспен көңіл қосқан.
Жеңгеміз Ақзәурешпен тату болған,
Артық деп жақсы дұшпан жаман достан.

Мамайдан ақ сазандай бір ұл қалған,
Он үш жас бізден үлкен ол бағылан.
Өмірдей ағамызда перзент болмай,
Әуелде оны Өмір бауырына салған.

Мамайдан қалған ұлдың аты Сүндет,
Ағалар көрген емес оны күндеп.
Өмір ағам оны да бұла өсірді,
Жылқыдан таңда-дағы жүйрік мін деп.

Әкеміз Ордабасы сыншы Толыбай,
Жиырма төрт баласы бар ортан қолдай.
Батыр мен Халдан Бошох сұмырайдың,
Ғаскерін қан майданда қырған қойдай.

Сібірді сонда қалмақ тастай қашқан,
Өзінің хобдасына қарай босқан.
Әкемнен бірге туған Ер Наурызбай,
Қалмақтың алдын орап жолын тосқан.

Қалмақтың сонда туы жығылыпты,
Жол таппай ата дұшпан ұйлығыпты.
Қазақтар қоршай соққы берген кезде,
Ит қалмақ құтыла алмай қырылыпты.

Мамай ер қайтпас болып сапар шеккен,
Артына оралмас боп мүлдем кеткен.
Әкеміз өзіне адал зергерді ойлап,
Ұзақ жыл арылмапты қайғы-дерттен.

Есілдің ну тоғайын мекен еткен,
Жер жыртып, алабына егін еккен.
Толыбайдың сыншыұлы деп ел атаған,
Қарабас сол араны мекен еткен.

Алтынды Ақзәурешпен қоса ертіп,
Бойынан Есіл өзен ағам көшкен.
Қонысқа Гүлтөбені таңдап алып,
Керейдің биі атанып ғұмыр кешкен.

Жасымнан бойға дарып өлең-өнер,
Атандым мылтық соғып ұста-зергер.
Үйретті бала кезден шеберлікті,
Еншілес сыншы ағам – Қарабас ер.

ҚАЙРАН, ЖАСТЫҚ¹³

Сардарлық уақытым өтіп кетіп,
Тоқтадым осы кезде кәрілік жетіп.
Кешегі жалындаған жастық шақты
Отырмын көз алдыма елестетіп.
Өттің бе шыныменен, шіркін жастық,
Желігіп қызығына қадам бастық.
Жиналған қыз-бозбала ойын-тойға,
Бас қосып әрбір жақтан араластық.

Қызықтың басқа келген бәрін тастап,
Безініп бұл кезеңге неге қаштық.
Жастық өтіп, орта жас жетсе-дағы,
Дұшпанды қан майданда бүктеп бастық.

Өттің бе расында, жастық шіркін,
Оралып келмейтін боп дүркін-дүркін.
Топталған қыз-бозбала думанды той,
Балқытып тас жібіткен ойын-күлкің.

Қызықтың жастықтағы бәрін тастап,
Жеттің бе Қожа-екеңе, кәрілік шіркін.
Жастық түгіл орта жас ғайып болып,
Билеуге келмей қалды ғұмырды еркім.

Адамға өне бойы жолдас болмай,
Өтерсің әр пендеден, дүние шіркін.
Жапырақтай қазан ұрған өңі кетіп,
Сақталмайды қартайғанда жастық көркің.

Қалдың ба, қайран жастық, жүрмей еріп,
Бір кезде ілестірген жолдас көріп.
Сағымдай кездейсоқта бұлдыр қағып,
Дариға-ай, кете бардың бізден жеріп.

Секілді қоламтадай бықсып жанбай,
Жастық шақ қызығыңа қалдық қанбай.
Үн қосып қобыз бенен домбыраға,
Шырқаушы ек, әсем әнді қажып-талмай.

Сияқты жел-құйындай өте шықты,
Алданып қала бердік қонбай жүріп.
Көңілін хал-хадари тауып едік,
Қалдырдың ұмытпастай неңді беріп.

Өттің бе, есіл жастық, көрген түстей,
Тойыппыз қызығыңа жемей, ішпей.
Арманда асыл заттан қалғаны бар,
Күндерден қазан-ошақ оттан түспей.

Жасқанып жапалақтан қапы кетіп,
Аққуға ұядағы қыран түспей.

Лажсыз өтіп кетті бұл дер уақыт,
Шаттанар өз қалпына келген істей.

Барымен базарлаған тауып ап жүр,
Заманнан үміт еткен тамағы іспей.
Ордабасы болған кез о дағы өтті,
Шаршап кеп ұйықтап жатып көрген түстей.

Шынында өткен дәурен түс секілді,
Жастық шақ бір жарамды іс секілді.
Әркімнің шабытында бір тоят бар,
Жігіттік алғыр қыран құс секілді.

Аты бар, бірақ заты теңелмейтін,
Қола, жез, алтын, күміс, мыс сияқты.
Сол мезгіл түскенменен ойға келіп,
Оралу енді қиын іс сияқты.

Ойлаумен арманды іске жету қиын,
Таусылды кәрілік жеңіп баста миым.
Жастықтың қызығы өтті ұлғайған соң,
Болса да ауылымда думан-жиын.

Алды-артын байқатпайды ғұмыр шіркін,
Қызығы жігіттіктің соққан құйын.
Сарқылмай бойда қуат тұрған шақта,
Жасадық зергер болып түрлі бұйым.

Әзәлда болса шаруа тәңірі жазған,
Ажалсыз кімдер өлмек қайғы-наздан.
Пұшайман көңілде боп еш пайда жоқ,
Бөктергі тояттайды қоңыр қаздан.

Әркімдер жолы болмай жем болып жүр,
Қорынған мекенінде сахы наздан.
Сөз емес табалаған, әлеуметім,
Ескермей күн өткіздік ақыл аздан.

Пенденің жастық шағы базар екен,
Еті тығыз, беті қызыл ажар екен.
Қартайып күш-қайраты кеміген соң,
Адамзат жылдан-жылға азады екен.

Жастықта жігіт кісі озады екен,
Ду десе, делебесі қозады екен.
Жас жетіп, уақыты өткен сайын,
Матадай өңі оңған тозады екен.

Шашы мен сақал-мұртын қырау шалса,
Пендеге кәріліктің жеткені екен.
Көз нұры мен тізеге ақау келсе,
Адамның денсаулығы біткен екен.

Еңтігу мен алқыну пайда болса,
Дейтұғын ол ажалдың хабары екен.
Сақтанбау дер кезінде әр пендеге,
Байқасаң барып тұрған залал екен.

Бар болып, ағайының көзді болса,
Ол-дағы қарағаштай панаң екен.
Дүниеден демің бітіп өтіп кетсең,
Мирасхор артындағы балаң екен.

Атыңды жоғалтпайтын ұлың болса,
Шырағың өлсең-дағы жанады екен.
Егерде ұлың болмай, дүниеден өтсең,
Біржола отың өшіп қалады екен.

ЖЕТІ ЖАРҒЫ¹⁴

Қарабас тархан ағамды,
Алаш жұрты тыңдаған.
Соғысқа, дауға қатысып,
Ер еді жастан шыңдалған.
Мұра боп қалған көне сөз,
Низам мен заңның мәні бір.
Талқылаған низамды,
Қарабас ағам сөзі-гүл.
Әз Тәукені ағамыз
Әрқашанда қолдаған.
Қайта қарап низамды,
Қазақтың Заңын құраған.
Қарабас күйші ағамның

Қағидасын жаттадым.
Ақ былғарға түсіріп,
Мұқияттап хаттадым.
Әз Тәукеге қызмет қып,
Жаздым «Жеті жарғыны».
Салыстырып талдадым,
Бергі менен арғыны.
Әз Тәукенің бас биі –
Майлы батыр ағамыз.
Нұсқа айтқан соң Майлы-екең,
Көңіп қалды жағамыз.
Көмектесті біздерге
Қазыбек, Төле, Әйтеке.
Қазақтың заңын нығайтып,
Тыйым салды тентекке.
«Жеті жарғыны» жазуда,
Іс тындырдым бірталай.
Айтқанымды құп алды,
Деген жоқ ешкім бұл қалай?
«Жеті жарғы» заң жазып,
Таратып беріп баршаға,-
Көңілін жұрттың жұбаттым.

БІЛЕРСІҢ¹⁵

Көсемдердің қадырын,
Ел тозғанда білерсің.
Шешендердің қадырын,
Дау болғанда білерсің.

Сардарлықтың қадырын,
Қол басқарсаң білерсің.
Тұлпардың қадырын
Қамалға шапсаң білерсің.

Балалықтың қадырын,
Жігіт болғанда білерсің.
Туған елдің қадырын,
Алыста жүрсең білерсің.

Жігіттіктің қадырын,
Қартайғанда білерсің,
Дәулетіңнің қадырын,
Бақ тайғанда білерсің.

Әншіліктің қадырын,
Той-думанда білерсің.
Мергендіктің қадырын,
Жамбы атқанда білерсің.

Қару-жарақ қадырын,
Қан майданда білерсің.
Қайратынның қадырын,
Бірме-бірде білерсің.

Аңшылықтың қадырын,
Аң ауласаң білерсің.
Саятшылық қадырын,
Құс баптасаң білерсің.

Батырлықтың қадырын,
Жау келгенде білерсің.
Ақындықтың қадырын,
Айтысқанда білерсің.

Қыран құстың қадырын,
Аң алғанда білерсің.
Жүйрік аттың қадырын,
Бәйгеге қоссаң білерсің.

Ұстазыңның қадырын,
Ғалымдық жолда білерсің.
Бостандықтың қадырын,
Қуғын көрсең білерсің.

Балуандықтың қадырын,
Белдескенде білерсің.
Наркескеннің қадырын,
Қылыштассаң білерсің.

Шыншылдықтың қадырын,
Беттескенде білерсің.

Әдіс-айла қадырын,
Кектескенде білерсің.

Қаршыға, лашын қадырын,
Құс алдырсаң білерсің.
Алғыр тазы қадырын,
Аң қуғанда білерсің.

Атбегілік қадырын,
Ат жаратсаң білерсің.
Балғын билік қадырын,
Күш қайтқанда білерсің.

Ақша беттің қадырын,
Қан кеткенде білерсің.
Екі көздің қадырын,
Нұр кеткенде білерсің.

Денсаулықтың қадырын,
Науқастансаң білерсің.
Асыл менен жасықты,
Бағаласаң білерсің.

Дос-жаранның қадырын,
Жалғыз қалсаң білерсің.
Татулықтың қадырын,
Шеттенгенде білерсің.

Туған жердің қадырын,
Сағынғанда білерсің.
Астығынның қадырын,
Ашыққанда білерсің.

Динар ақша қадырын,
Тарыққанда білерсің.
Туысқанның қадырын,
Зарыққанда білерсің.

Нұр жүзіннің қадырын,
Әжім басса білерсің.
Жиырма бестің қадырын,
Орта жаста білерсің.

Көк найзаның қадырын,
Жекпе-жекте білерсің.
Жүректілік қадырын,
Бетпе-бетте білерсің.

Ақ семсердің қадырын,
Шабысқанда білерсің.
Сар садақтың қадырын,
Атысқанда білерсің.

Өз басыңның қадырын,
Ел мақтаса білерсің.
Бақытыңның қадырын,
Құлдырасаң білерсің.

Жақсы әйелдің қадырын,
Жарсыз қалсаң білерсің.
Байлығыңның қадырын,
Малсыз қалсаң білерсің.

Қызыл тілдің қадырын,
Байланғанда білерсің.
Жақсы туыс қадырын,
Айырылғанда білерсің.

Екі аяқтың қадырын,
Ақсағанда білерсің.
Отыз екі тістің қадырын,
Қақсағанда білерсің.

Ата-ананың қадырын,
Перзентті болсаң білерсің.
Жанашырдың қадырын,
Істі болсаң білерсің.

НАУРЫЗ БАТАСЫ¹⁶

Мұсылманда жылдың басы – наурыз айы,
Айтылған тауарихта оның жайы.
Зымыстан қыстың күнін түріп тастап,
Наурыз келсе, шаттанар жарлы-байы.

Халайық тез серпіліп, өңі кірер,
Шаруасы талапты ердің өрлей берер.
Ұлыстың ұлы күні жайлы болып,
Құдайым Алаш жұртын қолдап жүрер!

Қазағым, наурыз айың құтты болсын,
Малдарың аман төлдеп сүтті болсын.
Ағайын әрқашанда қоғамдасып,
Өзара ылғи тату-тәтті болсын!

Көз жасы жетім-жесір ие берсін,
Ұлыс күні дәулетті үйе берсін.
Есіркеп ғарыптерді қадыр Алла,
Оларға бие менен түйе берсін!

Әлеумет, бақ орнатсын наурыз айы,
Оңды боп ел-жұртымның хал-жағдайы.
Қар кетіп, жер қарайып, күн жылынды,
Әр үйдің ойнақтасын тайлақ-тайы.

Қысыр сауған ауылдар,
Сабаны күрп-күрп пісіндер?!
Әрбір үйге бас сұғып,
Наурыз көже ішіндер!?

Қыз-бозбала киініп,
Тәуір атқа мініңдер.
Қатар түзеп тобыңмен,
Салтанатпен жүріңдер.

Наурыз айы оң болсын,
Ақ пен астық мол болсын!
Баршаңызды аруақ жебеп,
Қайда барсаң жол болсн!

Айдан аман сақта,
Жылдан есен сақта!
Алла қолдап халқымды,
Жүздеген қатерден сақта!

Ұлыс күні береке берсін,
Дұшпандарың жерге енсін!
Бақ пен дәулет қабат қонып,
Ұрпақтарың өсіп-өнсін!

Абыройлы беделді болып,
Ризық, несібелерің арта берсін!
Аллаһу Акбар!

ҮШ БИ¹⁴

Үш жүзде болса да олар басты кісі,
Қазыбек, Төле, Әйтеке менен кіші.
Соларға жол көрсеткен ұстаз едім,
Сардар деп құрметтейін үлкен-кіші.

Жеңіс жоқ соғыстарда шабандарға,
Жағдай жоқ тағат қылып амалдарға.
Жеңіске жету үшін қайрат қылып,
Ат қойдым ғаскер бастап қамалдарға.

Мәлім ғой, елге ғаскер басқарғаным,
Болдым деп Ордабасы мастанбадым.
Мылтығы көп болса да кәпір жаудың,
Қалмақтың ғаскерінен жасқанбадым.

Басқарып Үш жүз қолын жиырма бес жыл,
Орнымды Бөгенбайға бердім биыл.
Еш сардар жарлығымды қайта қылған жоқ,
Кезінде ұзақ соғыс күндер қиын.

ЖАСТЫҚ¹⁷

Саналы болып тумасам,
Ата жолын қумаспын.
Қолыма найза алмасам,
Елдікке белді бумаспын.

Ел қорғаны болмасам,
Толыбай ерден тумаспын.
Жасық болып жаралсам,
Қанды қанмен жумаспын.

Алаштан қазақ озбаса,
Жер бетінде тұрмаспын.
Сұлуды таңдап алмасам,
Сауық-сайран құрмаспын.

Білекті жігіт болмасам,
Жауға өрт боп тимеспін.
Жүректі жігіт болмасам,
Көбелі сауыт кимеспін.
Алып жігіт болмасам,
Еменнен садақ имеспін.
Сардар жігіт болмасам,
Ұрандап жауға тимеспін.

Көзімде от болмаса,
Аруды таңдап сүйеспін.
Дулығамның төбесі,
Буылмаса меруерттен
Көзіме баса кимеспін.

Жалынды болып тумасам,
Батыр болып жүрмеспін.
Дұшпанды дәлдеп атпасам,
Қарыма садақ ілмеспін.
Атадан көп боп тумасам,
Жиын-топқа кірмеспін.

Қылыш шаба алмасам,
Жау тамағын ормаспын.

Пендені көзге ілмесем,
Жұрт қамқоры болмаспын.

Ер-азамат болмасам,
Ауызға іліне қоймаспын.
Қолы ашық, жомарт болмасам,
Мейманға тайлақ соймаспын.

Той басқара білмесем,
Қызыққа еш тоймаспын.
Аңшылық жолға түспесем,
Саят құра қоймаспын.

Күй шығара алмасам,
Қобызды қолға алмаспын.

Шырқап әнге салмасам,
Той-думанға бармаспын.

Көппен бірге жүрмесем,
Абырой-атақ алмаспын.
Қымыз бен шұбат ішпесем,
Сусындап, сірә, қанбаспын.

Ерлік жолға көшпесем,
Ел көңіліне толмаспын.
Ақылға диқан болмасам,
Алды-артымды шолмаспын.

Жақсы ауылда өспесем,
Талапты жас болмаспын.
Ерлерден үлгі алмасам,
Тірі жүріп оңбаспын.

Шұрайын мекен білмесем,
Жағдайлы жерге қонбаспын.
Ел үмітін ақтасам,
Елдік жолдан танбаспын.

Елді бастап аттансам,
Далада жалғыз қалмаспын.

Халық қамын ойласам,
Көптен қарғыс алмаспын.

Ата салтым сақтасам,
Қадырымды жоймаспын.
Ғаділдікті жақтасам,
Адаса тағы қоймаспын.

Жастықта талап қылмасам,
Игілікке мойын бұрмаспын.

Намысым бойда болмаса,
Дұшпанның басын жұлмаспын.

Ішігім болса жанаттан,
Аязды күнде тоңбаспын.
Қолбасы – батыр болмасам,
Қосынды бастап қонбаспын.

Айтулы ақын болмасам,
Елдікті жырға қоспаспын.
Сабырлы шешен болмасам,
Сөздің артын тоспаспын.

Қолыма ту алмасам,
Арабы ақбоз мінбеспін.
Дұшпанды дәлдеп атпасам,
Қарыма садақ ілмеспін.

Насихатшы болмасам,
Жұрт сынына толмаспын.
Садақ тартқыш болмасам,
Мойылдан оқ жонбаспын.

ӨЗІ ТУРАЛЫ

Жандар, бақсы емен, оған сенші,
Мен шыққан Орта жүзден балгер-емші.
Тілегін халайықтың орындайын,
Жұртым-ау, өнерімді көзбен көрші.

Кеткен соң тал бойымды шабыт кернеп,
Өн салып, күй тартуды еттім ермек.
Атаққа жырау деген ие болып,
Өлеңнен салып жүрмін ою-өрнек.

Шираймын, жыр шығарсам, аспанға өрлеп,
Жасадым шөптен құнды дәрі-дәрмек.
Сынықшы Қожаберген атағым бар,
Нелер көп науқастарды жаздым емдеп.

«БЕС ҚАРУ»¹⁸ (өлең)

Ер қаруы – бес қару,
Екі топқа бөлінген.
Алғашқысын көп айтқан,
Шыққаннан соң көңілден.

Қылыш, садақ, айбалта,
Күрзі менен көк найза.
Ел қорғауда әрқашан,
Келтірген ерге көп пайда.

Күлдірмамай, қанжар мен
Дырау қамшы – ушеуі.
Екінші топқа жатады,
Семсер, сойыл – бесеуі.

Сапасына қарай бес қару,
Екі жүйе аталған.
Осылардың барлығы,
Жауынгерге арналған.

АСЫЛДАР¹⁹

Балға, Балта, Едіге –
Керейден шыққан асылдар.
Маңайында жүрмеген,
Елді бұзған масылдар.
Алла, аруақ, әулие,
Бабаларды қолдаған.
Өзбек, Жәнібек, Бердібек,
Бұлантемір хандардың.
Ғаскерін бастап әр жылда,
Зәресін алған жаулардың.
Кәпірді қырып күйреткен,
Інісіне, ұлына соғысуды үйреткен.
Ақ орданы күшейтіп,
Есіләм дінін өрлеткен.
Мүфтилерді бұлардың,
Болған жоқ ісі налытқан.
Сыбызғымен күй тартса,
Денесін көптің балқытқан.

ТАНАШ БИ¹⁹

Алтын орда жұртына,
Қорған болып жасынан.
Сол кездегі хандардың,
Орын алған қасынан.
Танаш сардар бабамыз,
Ел қамқоры данамыз.
Тоқты, Өзбек хандардың,
Ғаскерін бастап атамыз.
Кәпірдің туын құлатқан,
Басшысын атып сұлатқан.
Бабамыздың істерін,
Мұсылман қауым ұнатқан.

НЕ ЖЕТІМ¹⁸

Өзінде перзент болмаса,
Ата-ана болар шын жетім.
Қайырылыспаса аға-іні,
Оқшауланған ер жетім.
Қорғаушысы болмаса,
Кез келген пенде сол жетім.
Бастаушысы болмаса,
Жиылған қалың қол жетім.
Жауыздарға жолықса,
Ата-анасыз ұл жетім.

ҚЫЗЫЛЖАР²⁰

Қол бастап әкем Толыбай туын тіккен,
Есілдің күнгей бетін күздік еткен.
Көлденең көк Есілдің жарқабағын
Әкеміз Қызылжар деп атап кеткен.

Қызылжар содан бері атаныпты,
Әкемнен ерлер сонда бата алыпты.
Ту ұстап, тұлпар мінген он жеті ағам
Қол бастап жау қалмаққа аттаныпты.

ҮШ ТӘУКЕ¹⁴

Әр жылда әрқайсының демі бітіп,
Алладан бұйрықты ажал келіп жетті.
Хан Тәуке, батыр Тәуке, сұлтан Тәуке
Дейтұғын үш асылзат дүниеден өтті.

Жыл салып арасына әрқайсының,
Қара жер құшағына алып кетті.
Үш бірдей кемеңгерден айырылған соң,
Жұртымнан бақ-береке ауып кетті.

АҚСАУЫТ²⁰

Ақсауыт деген сол болар,
Атқанда оқ өтпесе.
Ақберен деген сол болар,
Тигені тұяқ серіппесе.
Алмауыт деген сол болар,
Алысып жауы жеңбесе.
Тұлпар ат деген сол болар.
Артынан қуған жетпесе,
Ер жігіт деген сол болар.
Жасқанбай жауға беттесе,
Жан жолдас деген сол болар.
Жалғыз тастап кетпесе,
Адал дос деген сол болар.
Білдірмей жоқты етпесе,
Туысқан деген сол болар.
Сетілгенді септесе,
Айтулы жақсы сол болар.
Ісіне еткен кеппесе,
Айтулы жаман сол болар.
Ақыл ғып айтқан сөзіңді,
Ұғынбай босқа кектесе.
Қайырымсыз жаман сол болар,
Жетімнің бетін өппесе.
Қатыгез жан сол болар,
Жеткіншекке тек десе.
Қайырымды жан сол болар,
Керегіңді көктесе.
Ақ көңіл жан сол болар,
Айтар сөзін бүкпесе.
Жан аяр жалқау сол болар,
Жан қинап еңбек етпесе.
Қас надан қабақ түйеді,
Шаруасы бітпесе.
Бітпейтін, сірә, іс болмас,
Жұрт жұмылып көптесе.
Ерлердің ісі еленбес,
Халық үшін терін төкпесе.
Кетер ұрпақ тіл қатпай,
Халқың нені жүктесе.

КӘРЛІК²⁰

Жылқыда ұстатпайды бурыл маған,
Аузымда тіс қалмады суырылмаған.
Ханда мейір, билерде гәділдік жоқ,
Замана несі қалды қуырылмаған.

Жылқыда ұстатпайды сұр қашаған,
Тілеуін мұсылманның бер, жасаған.
Маңдайға алла дәулет бітірмесе,
Байымас әлдекімнен бір асаған.

Жылқыда ұстатпайды сұр ат маған,
Сөзімді кей надандар ұнатпаған.
Жүзіне бұл фәнидің көз тастасам,
Пенде жоқ мәңгі қалып тұрақтаған.

ЖАС ШАҢЫРАҚ ИЕЛЕРІНЕ²¹

Жас шаңырақ иесі,
Айтқаныма құлақ сал.
Біз сияқты атаңның
Өсиет сөзін ұғып ал.

Өздеріңді әлпештеп,
Өсіріп еді ата-анаң.
Сол қарттарға кейін де
Тимесін тілің қатадан.

Аялап күтсең кәріңді,
Сыйлайды сені жат адам.
Тірлікте зиян көрмейсің,
Үлкендер берген батадан.

Тісі түсіп саудырап,
Екі көзі жаудырап,
Келіннен көріп қағажу,
Қалмасын шешен қалжырап.

Отырған жері – береке,
Өзіңді тапқан анаңның.

Шаңырақтың құты ғой,
Қамқоры сол баланың.

Жағдайына қарасаң
Атаң менен анаңның.
Сүйген құлы боласың
Жаратушы Аллаңның.

ЖАС КЕЛІНДЕРГЕ²¹

Отбасының ұйтқысы –
Қайын атаң мен қайын енең.
Сыйлап жүрсең соларды,
Кем болмайсың ешкімнен.

Қайын енеңді күт, келін.
Бағады ол балаңды.
Енеңнің күші өлшеусіз,
Демеушің ғой табанды.

Қайраты кетсе бойынан,
Тұртпектей берме панаңды.
Меңдетеді кәрілік,
Қайтсең-дағы адамды.

Тату бол қайын анаңмен,
Ойлап қара санаңмен.
Жасы ұлғайған кәріңді,
Сыйла барлық балаңмен.

Қайын атаң мен енеңді
Болма келін сөгетін.
Еңкейіп кетті демесең,
Жәрдемі бар беретін.

Шақырма ашу қарттарға,
Өзің де сондай боласың.
Ойла, келін, артыңды,
Сөз ұғатын баласың.

Сіздерге бұл өсиет
Қожаберген бабаңнан.
Өнеге алма тірлікте
Шайпау менен наданнан.

ЖАС ЖІПТТЕРГЕ²¹

Шайпау болса алғаның,
Бәрінен де сол жаман.
Аяуды еш білмейді,
Сезімі жоқ қас-надан.

Нұры тайса көз жаман,
Бұрмаланса сөз жаман.
Аққу, қаз, үйрек қонбаса,
Айдың шалқар көл жаман.

Пайдасын халқы көрмесе,
Батырмын деген ер жаман.
Өз жақсысын тұқыртса,
Бірлігі кеткен ел жаман.

НАСИХАТ ӨЛЕҢДЕРІ²²

1

Батырдың жауы – аңқаулық,
Әйелдің жауы – шайпаулық.
Бар пенденің тірлікте
Қас дұшпаны – жалқаулық.

Адал адам би болса,
Бұрылмас сөзге арадан.
Харам кісі би болса,
Аузы кетпес парадан.

Түрлі-түрлі балуан бар,
Ебін тауып салады.
Алуан-алуан жүйрік бар,
Халіне қарай шабады.

Көкірек таза болмаса,
Көз тазасы не керек.
Жаны таза болмаса,
Тіл тазасы не керек.

Жақсы адамға мал бітсе,
Ағайынға қарасар.
Жаман кісіге мал бітсе,
Көрінгенмен жауласар.

Ала болса ағайын,
Ауыздағы ас кетер.
Аңдыған дұшпан күшейіп,
Жау қолында бас кетер.
Май шайнаған сұлтанның,
Нанға мұқтаж күні бар.
Елді шапқан жауыздың,
Жұртқа мұқтаж күні бар.
Қарауылдың жаманы,
Алдырғанда өкінер.
Балуанның жаманы,
Шалдырғанда өкінер.

2

Аға деген кісіні,
Жаным десе болады.
Қатар өскен ұл-қызды,
Сәнім десе болады.

Көктемдегі төл даусын,
Әнім десе болады.
Жақсы ұл тапқан аруды,
Ханым десе болады.

Сусап ішкен сусынды,
Балым десе болады.
Ақыл дәрия ерлерді,
Ғалым десе болады.

Қара ниет жақынды,
Залым десе болады.

Ақ пейілді үлкенді,
Ата десе болады.

Адал көңіл әйелді,
Ана десе болады.
Әйел жоқ үйлерді,
Дала десе болады.
Іс тегігі табылар
Ерлердің үлкен миымен.

3

Талап жесе әлсізді,
Жауыз демей не дейміз.
Аулақ жүрсе жұртынан,
Бөлек демей не дейміз.

Езілгенді жусандай,
Былжыр демей не дейміз.
Өзі ұқпаса кемдігін,
Нашар демей не дейміз.

Кім көрінген жиренсе,
Былық демей не дейміз.
Қорғамаса өз басын,
Шірік демей не дейміз.

Аңғарып тұрса әр жайды,
Білгір демей не дейміз.
Бусанбай озған жүйрікті,
Дүлдүл демей не дейміз.

Үлгісін жұрт үйренсе,
Даңғыл демей не дейміз.
Ұғып алса айтқанды,
Алғыр демей не дейміз.

Көрінгенге ұрынса,
Ожар демей не дейміз.
Айналасын жалмаса,
Тажал демей не дейміз.
Қалғып жүрсе ұдайы,
Маубас демей не дейміз.

4

Түнді қанша мақтасаң,
Сарғайып атқан таң болмас.
Жаманды қанша мақтасаң,
Ел басқарар хан болмас.

Момыннан туған асылдар,
Қатарынан кем болмас.
Жауынан кек қайтарар,
Құзғындарға жем болмас.

Көргенсізге айтқан сөз,
Босқа кетер, ем болмас.
Жиналса да жамандар,
Данышпанмен тең болмас.

Тұлпар аттар жарысар,
Баптаулы тұрған күйімен.
Іс тетігі табылар,
Ерлердің үлкен миымен.

5

Суалмайтын суат жоқ,
Тартылмайтын бұлақ жоқ.
Тамыры суда тұрса да,
Өз мезгілі жеткенде,
Қурамайтын құрақ жоқ.
Дүние деген сағым, бұлт,
Перзентсіз жанда қуат жоқ.
Бәрінен қиын сол екен,
Артында қалған шырақ жоқ.

6

Батырлығың не керек,
Байсалдылық болмаса.
Ақылдығың не керек,
Айтарлығың болмаса.
Білім – Мәңгілік,
Дүние – аз күндік.
Ашуға мұрындық бол,

Ақылға орындық бол.
Ердің жасы – екі елі,
Елуінде ер дана.
Елу жылда ел жаңа,
Ер айтса – ел айтқаны,
Елдің қамын жеп айтқаны.
Ері даңқты болса,
Елі антты болады.
Аруағы артып жүреді,
Жау аяғын тартып жүреді.
Саналы ерде сауыт бар,
Санасызда қауіп бар.
Ердің шешен болғаны,
Ел-жұртының арқасы.
Жігіт көсем болғаны,
Ер халықтың арқасы.
Жігіт жайсаң болғаны,
Жора-жолдас арқасы.
Сарбаз қайсар болғаны,
Қолбасшының арқасы.
Қуаттының қолы ұзын,
Талаптының жолы ұзын.
Дұшпанға тастай қатты бол,
Досыңа балдай тәтті бол.
Батыр жарқырап жүреді,
Қорқақ қалтырап жүреді.
Жігітке жар қымбат,
Намыс пен ар қымбат.
Ел басына күн туса,
Ерлер атқа ер салар.
Қорғау үшін ел-жұртын,
Ақын көпке жар салар.
Елінен айырылған ер мұңлық,
Көлінен айырылған қаз мұңлық.
Ердің айнасы – елі,
Жердің айнасы – көлі.
Ел жүрген жер береке,
Ер жүрген жер мереке.
Ерді асы үшін сыйлама,
Басы мен ісі үшін сыйла.

Үндемесен дау алар,
Жата берсең жау алар.
Татулыққа не жетсін,
Тәуекелден не кетсін?
Жауды сынап соғыспайды,
Қойды сынап тоғытпайды.
Ер елінде қадырлы,
Гүл жерінде қадырлы.
Жауын жеңер бек,
Қиналса да сабырлы.

* * *

Арғымақ аттың белгісі,
Иесін жауда қалдырмас.
Қуғанда жетер ұзатпай,
Алдына қара салдырмас.

Тұлпар аттың құйрығы,
Сатса жібек, кессе қыл.
Шаһыбаз жігіт белгісі,
Түзде мырза, үйде құл.

Жүзі қараның сылдыр сөзі,
Су түбіне кетіреді.
Қыздырманың қызыл тілі,
Сүйгеніңнен кетіреді.

Қарап тұрсаң әлеумет,
Ғадыл бидің кегі жоқ.
Білімді туған жігіттің,
Әрбір істе кемі жоқ.

Ғазазілдің сөзіне ерсең,
Басыңа бейнет болады.
Жанашыр бөз берсе,
Үстіңе көйлек болады.

Мырзаға бақ жарасады,
Батырға жақ жарасады.
Аталы ерден ұл туса,
Жақсыларға жанасады.

Жақсы мен жаман тең болмас,
Кемеңгер жан кем болмас.
Момындарға қарасар,
Құзғындарға жем болмас.

Иттің бәрі тазы болмас,
Еттің бәрі қазы болмас.
Пиғылы жаман наданның,
Кісіге айтар назы болмас.

Екі даукес ауыл болмас,
Ауыл болса қауым болмас.
Халқын сүймей ер болмас,
Қорғамас жерін ел болмас.

Қанаты құрыш ақ сұңқар,
Жардан құлап жер болмас.
Қайтпас қайсар ерлерге,
Дұшпанның торы түк болмас.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУДЫҢ АБЫЛАЙ ХАНҒА АЙТҚАН АҚЫЛЫ²⁰

Қарағым, болашақ үлкен хансың. Саған берер ақылым: Заман – түлкі, пенде – қыран. Бөктерде жүріп, бүркітті көрген түлкі сескеніп, етекке түседі. Жауымен кең жерде айқасудан тайсалған түлкі сол бөктердегі өзі түстес бір қызыл тастың қия бетінде құйырығын шаншып тұрып қалады. Қыран оның тас емес, түлкі екенін көруі керек. Бас уәзір боп ел билігі қолына тиген екен әрі ханның міндетін атқарып жүр екенсің, көреген бол, шырағым. Ақылын мен ерлігің, айла-әдісің қатар жүрсін. Ханның қарадан өтініші болмас, өкініші болар, бұл сөзімді есіңе сақта! Ер азбай, ел азса, айдын көлдің суалғаны, ел азбай, ер азса, зор бәйтерегің құлағаны. Бәйтерегің құласа, ағаш орнына ағаш өседі. Айдын көлің суалса, немен толар есесі? Ер бұзылса да, ел бұзылмасын. Бұзылғанын жұрт өзі түзетеді, түзелмесе бұзығын ел жер етеді! – депті. Қожаберген бабасына ақыл айтқаны үшін Абылай сұлтан алғыс айтып, риза болып, жырау бабаның оң батасын алып аттанған екен.

(Серіз сері шежіресінен алынды).

ТҮСІНІКТЕМЕ

1. Белгілі ғалым, әдебиетші, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың (1931-2003жж.) 2000 жылғы 19-21 желтоқсан күндері Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен «Қожаберген жырау Толыбай сыншыұлының Отан тарихы мен қазақ поэзиясында алатын орны» деген тақырыпта Петропавлда өткен республикалық ғылыми-теориялық конференцияда жасаған баяндамасы.

2. **Қожаберген жырау шежіресі.** Қожаберген батыр – жырау орта жүздің Керей руынан тарайды. Біздің солтүстік өңірде Керей шежіресін алғаш рет ұрпаққа мұра етіп қалдырушы Ашамайлы Керейдің Көшебе руынан шыққан атақты қолбасшы батыр, Қожаберген жыраудың ұлы атасы Дәулен Таузарұлы болған. Бұл үлкен шежіре содан қолдан-қолға өтіп жүріп, ақыры Сегіз Сері Баһрам ұлына (Дәуленнің жетінші ұрпағы) келіп жеткен.

Сегіз Сері өзге өнерімен қоса үлкен шежіреші – жылнамашы да болған. Қазақ халқының шежіре-тарихын да мол жинаған. Шежіре туралы былай деп жазып кеткен: «Шежіре – ата айтысу үшін емес, тарих үшін, туыс адамдар бір-бірімен қыз алысып қоймау үшін, кімнің кімге жақын екенін білу үшін де керек», – деп жазған. Ол жинаған қазақ халқының шежіре жылнамасы Қазақ Ғылым Академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының қазақ тарихы бөлімінде және қазақтың көне мәдени, тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамының Орталық кеңсесінде сақтаулы тұр (папка N853, бірінші тізім).

Керей шежіресін Сегізден кейін жалғастырған, жинастырған, хаттаған, архивке тапсырған Тәшмұхамед (Тәштит) Тәбейұлы Барлыбаев болған. Осы Керей шежіресі кейінгі ұрпаққа осы Тәштит арқылы жеткен. Тәштит теріскей арқадағы үлкен шежіреші адам болған (Қолжазбадан 125-126 бет).

Сондықтан да болар осы шежіреде Керейдің Көшебе атасының шежіресін толық жазған.

Осы шежіреге қосар тағы бір ойымыз – бұл шежіре бірден-бір сауатты шежіре болуы керек, өйткені түпкі авторы Дәулен тархан Таузарұлы жеті ұлттың тілін білген дана адам болған, шежірені жалғастырушылар: Толыбай – Қожаберген – Сегіз Сері – Төбей және Тәштит Барлыбаевтар сауатты және өз кезінің озық адамдары.

Енді осы Керей шежіресі бойынша Қожаберген әулетінің аталарын таратайық.

Керей – тайпалық одақтың арғы атасы. Ұраны – Ошыбай. Таңбасы – ашамай (г).

Керей руының ата қонысы жайлы Қожаберген жырау өзінің «Ата тек» деген дастанында былай дейді:

Атанған бабам Ғали – «Ашамайлы»,
Өсірген мындап тайлақ, құлын-тайды.
Сібірге ұрпақтары қоныстанып,
Ел болып ерте кезден қанат жайды.
Шалқар көл, ну орманды Сібір жері,
Сібірді мекен еткен Керей елі.
Егін сап, күн көрудің қамын ойлап,
Бас қосып кеңес құрған би мен бегі.

Ғали (Ашамайлы) шежіре бойынша IX ғасыр өмір сүрген адам. Керей руының мекен жеріне арнайы тоқтап жатқанымыз, кейбір тарихшылар Керейлерді Сібір жеріне кейін, қалмақтардан ығысып келген деген пікір айтып жүр: Керей руының мекендеген жері жайлы Қожаберген жырау «Елім-ай!» атты дастанында да:

Мекендеп Тобыл, Ертіс екі арасын,
Қазақтың күйге бөлеп ен даласын,
Сауықшыл Орта жүздің Керейі едік,
Үш жүздің жат көрмеген еш баласын, –

деген.

Керейден бір бала – Мәңліқаған. Одан екі бала – Арыстанбек, Асланбек. Арыстанбектен бір бала – Наурызхан. Одан екі бала – Ғали (Ашамайлы), Меркіт. Ғалидан – Бағдат батыр. Одан екі бала – Төбей, Көбей. Төбей биден екі бала – Бабай, Әзизбек. Әзизбектен бір бала – Тұрсынхан сардар. Одан үш бала – Жарғақ, Балдақ, Қоянбай. Жарғақтан екі бала – Қажыхан, Қазихан. Қажыханнан бір бала – Әлмұхамед. Одан үш бала – Уызбек, Уызхан, Уызбай. Уызбектен екі бала – Қанай, Жанай батырлар. Жанайдан бір бала – Бағлан би. Бағлан би осы күнгі Солтүстік өңірдегі көп керейлердің түп атасы болып есептеледі. Бағлан бидің бейіті Ресейдің

Қорған облысының Половинка (Ақсиыр) ауданына қарасты Звериноголовка (Бағлан) қалашығының түбінде, Тобыл өзенінің жағасындағы Керей тоғайында жатыр. 1928 жылға дейін ол жерде атақты Бағлан жәрменкесі болғаны тарихтан мәлім. Бағлан би өз заманында қазақ халқының айтулы көсемдерінің бірі болған.

Бағлан бидің Бопай есімді әйелінен Архад, Фархад, Сарымұрат туады. Фархад батырдың Гүлөндам есімді әйелінен үш бала – Танаш, Аббас, Манас туады.

Танаш би Фархадұлы өзінен жасы кіші Өзбек ханға ақылшы болыпты. Сөйтіп ол өз заманында Алтын Орда хандығының көрнекті адамы – әділ қазы би атаныпты. Танаш бидің балалары: Балға, Балта, Едіге батырлар әр кезеңде Мамай, Тоқтамыс хандардың әскер басы қолбасшысы болған. Кейін олар Ақсақтемірдің әскерін басқарыпты. Едіге батыр Әмір-Темір әскерінің тобын бастап жаумен соғысып жүргенде ауыр жараланды. Ол сарбаздарына өзін Ұлытаудың ең биік шыңына жерлендер деп өсиет етеді. Ақыры солай жерленеді.

Танаш бидің Манас есімді інісі майданда қаза болады да оның келіншегі Сәлиман жесір қалады. Ақылды бәйбіше Айша ұрпақ көбейту мақсатымен қайнысының әйелі Сәлиманды өз ақсақалы Танаш биге қосады.

Танаш биден 15 бала туады, оның 14-і – Балға, Балта, Едіге, Есен, Аман, Аспан, Ақпан, Сапу, Қаңтар, Орал, Одақ, Орман, Көшебе, Мамыр – Айша бәйбішеден, біреуі – Тарышы Сәлиманнан туады.

Танаш өзінің үлкен баласы Балғаға Сібір татарының бегі Ағайынбектің қарындасы Ғалия сұлуды әпереді. Одан Әзім есімді жалғыз ұл туады. Әзім туғаннан кейін көп ұзамай Танаш бидің әйелі Айша ел жайлауға көшкенде көш үстінде босанып ұл туады. Баланың атын көшіп келе жатқанда туды деп Көшебе қояды. Ел жайлауға көшіп барғанда Танаштың інісі Аббас батырдың әйелі Бәтиха да босанып ұл табады. Оның атын Жайлаубек қояды. Әзім туғаннан кейін екі шешесі де ұл тапты, арты құтты болды деп жеңгелері Әзімді «сыйлы» бала деп, содан Әзім «Сыйбала» атанып, келе-келе «Сыйбан» атанып кеткен. Керейдің Сыйбан руы осыдан тараған.

Танаш бидің ортаншы баласы Балта батыр әртүрлі мұсылман халқынан 11 сұлу қызды атастырып алған екен. Солардан ол 47 ұл көріпті. Осылардан тараған ел Балта Керей аталған.

Керей елінің қара шаңырағы Танаш бидің бәйбішесі Айшадан туған кейінгі ұлдарының бірі – Көшебе батырда қалған екен. Кейбір шежіреші – ғалымдар шежіре кітаптарында XIV ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Көшебе батыр Та-

наш би ұлы мен сол Танаштың інісі Аббас батырдан тараған Кешубай батырды алмастырып алып жүр. Кешубай сардар жас кезінде әскер бастап, Сібір татарларына көмектесіп, ел қорғап, жер-су үшін орыстармен соғысып, Том өзені мен Кемер арасында көшіп-қонып жүріпті. XVII ғасырда өмір сүрген Аббас керей Кешубай батырдың сүйегі туған ауылының маңындағы бейітке, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жамбыл ауылы мен Суаткөл ауылдарының арасында бұрын болған қорымға жерленіпті. Кешубай қасиетті зор кісі болса керек: бұл жер болып кеткен Кешубай бейітінің үстінен жүргізілген грейдер жолда ылғи машина, мотоцикл аударылып, кісі өлімі болып тұрады. Бұны сол маңайдағы ауылдың адамдары жақсы біледі. Кешубайды орыстар мен қалмақтар «Кочубей» деп атаған екен. Оның ұрпақтарын 1723 жылы жазда жоңғар-қалмақ басқыншыларының қанды-қол әскері зеңбірекпен атқылап қырып тастапты.

Көшебенің он бірінші ұрпағы Қожаберген жырау былай дейді:

Арғы атам – ту ұстаған ер Көшебе,
Қай батыр тең келіпті Көшебеге.
Қазақтың кейінгі жас батырлары
Жұрт ұстап, Көшебедей меңгере ме?

Шежіреге, тарихи деректерге, Қожаберген жыраудың «Ата тек», «Баба тіл», «Елім-ай!» дастандарына сүйенсек, Көшебе атасынан тараған жұрттың ата мекені Омбы, Ертіс өзендерінің бойында болған. Шежіре бойынша Көшебе батыр бір соғыста ауыр жараланып, оны ауылға үлкен баласы Жауынгер мен сарбаздары найзаға салып алып келеді. Қазіргі Омбы қаласы орналасқан жерге жерленген.

Қожаберген жырау «Елім-ай!» дастанында:

Оқ атып дамыл бермей қалмақ елге,
Сын болды қол бастаған біздей ерге.
Шегіне соғыс салып ақырында,
Тірелдік Танаш көл мен Абақ көлге.

Бекініп екі көлдің арасына,
Шатырды тігіп судың жағасына,
Отырдық Көшебе орман қойнауында,
Жауынгер дәрі жағып жарасына.

Тоқтаттық Есілкөлде қалың жауды,
Үздіксіз шабуылдап есе бермей...–

деген.

Осы өлең жолдарында аталған жер-сулар, орман – бәрі Омбы қаласының маңында.

Көшебеден 15 бала – Жауынгер, Жәдігер, Жанқорыс, Жазы, Жомарт, Жарқынбек, Жанат, Жауғашты, Жалайыр, Жандарбек, Жантелі, Жұмат, Жаған, Жанәбіл, Жанкелді туады.

Жауынгерден тараған ел Үлкен Көшебе, немесе Жауынгер Көшебе деп аталады. Себебі, Жауынгер Көшебе батырдың бәйбішесі – Балумәржаннан туған тұңғышы екен. Ол тұралы Қожаберген жырау «Баба тіл» атты тарихи дастанында:

Көшебе тұңғышы
Жауынгер баба ер болған,
Темірдің қолын басқарып,
Мұсылманға бел болған.
Жауынгерден өрбіген
Үлкен Көшебе Керейде... –

деп жазған.

Жауынгерден – Асылболат, одан екі бала: **Байбол**, Бибол туады. **Байболдан** – Алдаспан, одан **Шілікші би** туады. **Шілікшіден** – **Жаңбыршы**, Бораншы, Құланшы, Аққас, Қарақас, Жастабан, Жолжақсы есімді – 7 батыр ұл туған. **Жаңбыршыдан** 3 бала: **Ораз**, Шәміл, Мәміл туады. **Ораз батырдан** – Айболат, Байболат, Биболат, Ерболат, Есболат, Жанболат, Ақболат, Сойылгер, Найзагер, Қаншыгер, Сойырғаш, Еламан, Жоламан, **Таузар**, Баузар, Қанжарбек, Қылышбек – 17 ұл туады.

Таузардан – 9 бала: Дәулен, Мәулен, Дәурен, Ақсары, Бексары, Жансары, Базар, Назар, Күжігір.

Таузардың үлкен баласы Дәулен баһадүр XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген, ол көп жыл бойы Қазақ – Қарақалпақ – Ноғай халықтарының біріккен әскерін басқарып, ордабасы тархан деген әскери атақтар алған кісі екен. Дәуленнен – 15 бала: Малыбай, Аулабай, Жақсыбай, Садақбай, Тұрсынбай, Наурызбай, Арғынбай, Қыпшақбай, Уақбай, **Толыбай сыншы**, Ертісбай, Жарқынбай, Қарқынбай, Барқынбай, Арыстанбай.

Толыбай сыншы арқадағы Керей руының басшысы, атақты әскер басшысы болған. Сонымен бірге ол алдағыны болжайтын көреген, адамды да, атты да, құсты да сынайтын сыншы, қара қылды қаң жарған әділ би, айыр көмей, жез таңдай шешен, ат сүрінгенше ақыл табатын дейтін адам болған. Гүлтөбеде көп жыл бойы қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен әскерін басқарып, ордабасы-баһадүр деп

атанған. Шешендігін, әділдігін, сыншылдығын кезінде бүкіл қазақ халқы қадір тұтқан.

Толыбай сыншыдан – 23 бала туған: Майлы би, Өтежан, Өтеген, Өтебай, Өтеулі, Өтебек, Өтегелді, Қарабас, Өмір, Әмір, Темір, Батыр, Бабыр, Бадыр, Еділ, Жайық, Оралбек, Тобыш, Барқыт, Өтеғұл, Өтепберген, Өтеміс, **Қожаберген жырау**.

Қожаберген жырау ағасы Қарабастың тәрбиесінде болған адам. Сегіз Сері осы Қарабастан тарайды.

Салқам Жәңгірдің орнына хан болған Шығай хан інісі Әз Тәукені әскери азамат етіп шығару үшін жас кезінен үлкен әскербасы, батыр Қарабас Толыбай сыншыұлының (1633-1723) тәрбиесіне береді. Қарабас баһадүр жас Тәукені қолына алып жауынгерлікке тәрбиелейді. Тәуке онбасыдан түменбасыға дейінгі дәрежедегі әскери атақтарға ие болған уақыттарда қалмақ басқыншыларына қарсы соғыстарда әскер бастап жауларға талай рет соққы беріп, ерліктер көрсеткен екен. Тәуке өмірінің соңына дейін Қарабас баһадүрді ұстаз тұтып, сыйлап өткен екен. Хан болғасын оны бас уәзір етіп сайлапты.

Қарабас тарханнан – 7 бала: Асқап, Рүстем, Дәстем, Алдабек, Бұқпа, Қараша, Қаумен (Алтын әжеден).

1719 жылы шілде айында Төле, Қазыбек, Әйтеке, Әнет билер мен қолбасы – жырау Қожаберген, Бөгенбай, Жәнібек, Хангелді батырлардың ұйымдастырумен үш жүздің игі жақсылары Әз Тәуке ханға арнап құран оқытып, үлкен ас беріпті. Асты қарт би Әнет бабаның ұсынысы бойынша **Асқап** баһадүр Қарабас Тарханұлы (1673-1769) басқарыпты. Асқап басқарған ас өте жақсы өтіпті. Қайып Әз Тәукеұлы қатты риза болғанмен, сол төре әулетінен шыққан ағайынды Жолбарыс, Әбілхайыр және басқа төрелер күншілдік жасапты. Қазақ билері осы аста 1720 жылы жаздың басында ханның бір баласын хан етіп сайлау үшін құрылтай өткізбек болып келісіпті. Үш жүзді басқаратын болашақ ханға Қайып төре лайық екені жұртқа сол аста-ақ мәлім болыпты. Осы ас туралы Дәстем сал Қарабасұлының «Әз Тәуке хан» атты тарихи дастанынан үзінді келтірейік:

Тағдырын жазуымен дәмі бітіп,
Жетпіс үш мүшелінде ажал жетті,
Түп-тұтас үш жүзімнің соңғы ханы
Фәниден бахи жайға Тәуке кетті.

Ханның қырқы болғанда Қазыбек, Төле,
Әйтеке, Қожаберген мәжіліс құрып,
«Келер жаз ханның асы болады», – деді,
Әлеумет мақұлдады құлақ түріп.

Үш жүздің бектеріне хат жолданып,
Осылай ас уақыты белгіленді.
Қазақтың уақытша ханы болып
Жиында Қайып сұлтан әйгіленді.

...

Салтанатпен Тәукенің асы өтті.
Ас басқарған Асқап та еді епті.
Қожаберген, Әнет пен Ер Бөгенбай,
Үш би менен Асқапқа жәрдемдесті.

Осылайша Тәукенің жабдығы өтті.
Хан болуды Қайып ер арман етті.
Хан сайлауы боларын күткен ерге,
Аң аулап жүргенінде қаза жетті.

Тәукенің басқа уәзірі жігерсіз боп,
Хандықтың бөлшектенер шағы жетті.
Би мен бек, төре, шопжор келісе алмай,
Дәурені үш жүзімнің өтіп кетті.

Осыны сыртқы жаулар пайдаланып,
Бақыт құс қазағымнан ұшып кетті.

Қарабас тарханнаң үшінші баласы **Дәстем сал** 1677 жылы туып, 1752 жылы қайтыс болған екен. Ол да Қожаберген жырау туған Гүлтөбеде дүниеге келген, көп хисса-дастан, өлеңдер шығарған ірі ақын, әскербасы – батыр адам болыпты. Дәстем салдың бізге жеткен ірі шығармасының бірі – «Дәстемнама» деген тарихи жыр.

Асқап батырдан – 2 бала: Көшек, Марқаш. Көшек сардардан – 12 бала: Сүгірбай, Кәдірбай, Сәдірбай, Қалан, Қамбар, Жанкісі, Байкісі, Шақшақ, Әбдіқадыр, Әбдікәрім, Тілеулі, Сартай (1750-1821). Шақшақ биден – 16 бала: Әйтемір, Байтемір, Ертемір, Міртемір, Жантемір, Өстемір, Шынтемір, Шыттемір, Битемір, Бектемір (Сексен хажы атанып кеткен), Баһрам, Бауыржан, Есенжан, Қайыржан, Шағырай сал, Жанат сері.

Баһрам батырдан – 7 бала: Көрпеш, Нәупіл, Сүйір, Сүйін, Сейіткерей, Мұхаммедханафия (Сегіз Сері), Қуаныш. Сегіз Сері Баһрамұлы шежіресін осы арадан үзіп, Қожаберген жырау шежіресін жалғастырайық.

Толыбай сыншының ең кенже баласы Қожаберген жыраудың өмірі жайлы баспа беттерінде аз жазылып жүрген жоқ деуге болады. Шаймұрат Смағұлов, Қосыл Омаров, Қаратай Бигожиндердің «Солтүстік Қазақстан» газетінде Қожаберген

жырау жайлы әр кезде жазылған мақалалары басылып шықты. Белгілі жазушы Н.Әбуталиев 1995 жылы «Жеті жарғы» баспасынан «Ордабасы Қожаберген» атты монография жазды.

Бір жақсысы, Қожаберген жыраудың өмірдеректері ешқандай дау туғызбайды. Өйткені шежірелерінен бастап өз өмірін өзі жазып кеткен адам. Әсіресе, «Елім-ай!» дастанының мазмұны өзінің өмір жолы желісімен жазылған. Әкесі жайында:

«Толыбай сыншы кенжесі ем Қожаберген.
Бата алғам Әнет пенен Әз – Тәукеден», –

десе, анасы жайында:

«Анамның шыққан заты Сүйіндіктен
Тұңғыш қызы Айдаболдың Ақбіліктен», –

дейді.

Оқуы жайында:

«Самарқанд, Бұхарадан білім алғам.
Өнерге құштар болып жас шағымнан.
Атанып Зерек шәкірт қатарында,
Үргеніш медресесін тәмамдағам», – дейді.

Бұдан арғы өмірбаянын өз сөзімен айтсақ:

Адам деп өз бойына өнер жиған,
Ел-жұртым деп атайды мені имам.
Жорыққа он жетімнен араласып,
Болғам жоқ молда, софы, қожа, ишан

• • •

Тіліне араб-парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Көрші елге елшілікке ылғи барып,
Мен жүрдім қазағыма қызмет етіп. – дейді.

Қожаберген жырау өмірі жайлы одан әрі:

Жорықта 45 жыл ғұмырым өтті.
Орта жас ол да мені тастап кетті.
Ит қалмақ соғысуға душар етті,
Болмаса ақсақалдық кезім жетті.

• • •

Жасынан ер жүрегі шерге толған,
Халқына қартайғанда қорған болған.
Қиналып қысылғанда жыр шығарған,
Керейде Қожаберген бабаң болам. – дейді.

Қожаберген бабамыздан қалған әдеби мұра көптеп саналады. «Елім-ай!», «Баба тіл», «Ер Көкше», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Ер Қойлыбай», «Қорқыт баба», «Асан ата» сияқты дастандары, «Ақсауыт», «Ғасыржас», «Дүние», «Жігіттік» т.б. толғаулары, «Қарғыс атқан қалмақ-ай!», «Шоңғал, шоңғал, шоңғал тас», «Сылаң Сыр», «Балқан, Балқан, Балқан тау», «Қазақ пен ноғайдың қоштасуы» сияқты өлеңдері, «Дабыл», «Аңырақай», «Бозайғыр», «Күлдірмамай», «Сұлама» сияқты күйлері бар. Бұл біздерге белгілісі ғана. Қожаберген мұраларын іздестіру, зерттеу – болашақтың міндеті.

Қожаберген жыраудан – 17 бала: Әли, Әди, Әсет, Есет, Әбет, Мәди, Нәби, Науан, Бекет, Ақыл, Ноғай, Мамай, Бағыда, Сағынбек, Бектеміс, Тоқтамыс, Балқан (бәрі де Айша бәйбішеден туған). Осы 17 баласының көпшілігі қазақ – қалмақ соғысында шәйіт болды. Бізге мәлімі; ең кенже ұлы Балқаннан ғана ұрпақ бар. Балқан батырдың сегізінші ұрпағы – Қаражігіт үш баласымен бірге Ресейге қарасты Қорған облысының Макушин ауданында тұрады. Қаражігіт 1929 жылы туған кісі екен.

Қожаберген жырау «Баба тіл» дастанында өзінің шежіресі жайлы былай дейді:

Біздің жайды сұрасан,
Қызылжар өңірі мекенім.
Мұсылманға белгілі
Менің де кім екенім.
Орта жүз Керей ішінде,
Ашамайлы деген елінде,
Ақылына сай боп күші де,
Көсем болған кезінде
Ер Фархадтың баласы
Танаш биден жаралдық,
Мекендеп Батыс Сібірді,
Қалың ел боп таралдық.
Танаштың ұғылы – Көшебе,
Біздің арғы бабамыз.
Өсіп-өндік сол ерден,
Кемімес бедел бағамыз.
Көшебенің тұңғышы –
Жауынгер бабам ер болған,
Темірдің қолын басқарып,
Мұсылманға бел болған.
Жауынгерден өрбіген,
Үлкен Көшебе Керейде

Қамалын бұзып кәпірдің,
Бөленген ерлік мерейге.
Толыбай сыншы ұлымын,
Тұлпар мініп, ту алған.
Тыныштық кезең болғанда,
Мағына айтқан құраннан.

3. Батыр-жырау Қожаберген. Қазақ халқының ХУІІ ғасырдың екінші жартысы мен ХУІІІ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ақын-жырлауларының, әнші, күйші – сазгерлерінің және халық батырларының бірі – Қожаберген жырау Толыбай сыншыұлы (1663-1763 жж.) екендігі баршаға аян. Толыбай сыншыұлы ақын тек жай ғана батыр емес, кезінде қазақ халқының әскерін басқарған қолбасшы, әйгілі ғұлама, шежірешісі. Оған оның өз шығармасы «Елім-ай» жырдастанының бірінші бөліміндегі мына шумақтар да айғақ бола алады:

Өнерге жас шағымнан құштар болғам,
Самарқанд, Бұхарадан білім алғам.
Атанып үздік шәкірт қатарында,
Ең үлкен медіресесін тамамдағам.

Ерлікпен мағылұм болдым алыс-жатқа,
Ән шырқап, қобыз тарттық көңіл шатта.
Бітіріп медіресені шыққаннан соң,
Имам боп он жетімде міндім атқа.

Он сегізде әйгілі балуан болып,
Он тоғызда іліндім батыр атқа.
Жиырмада имам болмай, ақын болып,
Сыймайтын іс жасадым шарифатқа.

Тіліне араб, парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Шамамша қол бастаған сардар болып,
Мен жүрдім мұсылманға қызмет етіп.

Сонымен қатар, Қожабергеннің ғұлама ордабасы, әскер басы-батыр екендігіне оның шәкірті Бұқар жыраудың «Ұстазым» атты дастанындағы мына шумақтардың өзі-ақ дәлел бола алады:

Қожаберген ұстазым,
Бұхара барып оқыған.
Төрт-бес тілді үйреніп,
Көкейге берік тоқыған.

Жалаулы найза, қобызды,
Домбырасын қолға алған.
Қамалға шабар алдында,
Шығарып өлең толғаған.

Жырын сүйген баршасы,
Болмаса кейбір оңбаған.
Алла, аруақ жебеу боп,
Жорықта жолын ондаған.

Қиын-қыстау кезеңде,
Намысын қозғап өлеңмен,
Батыр-ақын ұстазым,
Қолың қолға дем берген.

Қожаберген 1663 жылы наурыз айының басында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының (бұрынғыша Қызылжар аймағының) Жамбыл ауданындағы Благовещенка селосы орналасқан жерде бұрын болған Толыбай сыншы қарағайы деген орманның қойнауында дүниеге келіп, сол туған жерінде 1763 жылы қазан айында жүз жасқа қарағанда ауырып қайтыс болыпты, оның сүйегін сол төңіректегі «Бүркіт қонған» деген орманның маңындағы әкесінің есімімен аталатын Толыбай сыншы бейітіне елі жерлепті. Ақынның әкесі Толыбай сыншы Дәуленұлы (1603-1680 жж.) заманында Қазақ, Ноғай (Қараағаш, Маңғыт рулары), Қарақалпақ, Сібір татары (Ескер, Барабы, Құралаш рулары, Шалабай естектерінің (Челябинск башқұрт-тарының) біріккен әскерінің ордабасысы болыпты. Барабы, Ескер, Құралаш руларының, Шалабай башқұрттарының жасағының қазақ әскерінің құрамында болуына оларға қазақ хандығының ықпалы басым болуы себепкер болған екен. Қожабергеннің өз әкесі – Толыбай сыншы да, атасы – Дәулен батыр да, бабасы – Таузар сардар да өз замандарында Үш жүздің әскербасылары және Орта жүз қазақтарының ардақты ел билеушілері болыпты. Оларды өздерімен тұстас ақын-жыраулар өлеңдеріне қосып, ерліктерін жырларына арқау етіпті (шежіре деректері бойынша).

Жыраудың анасы – Ақбілек Баянауыл өңірін мекендейтін Орта жүз Сүйіндік Аргын Айдабол бидің қызы екен. Ол кісі де өнері асқан сынықшы, тоқымашы, тігінші болыпты. Ол жайында Қожаберген өзінің «Елім-ай» жырының бірінші бөлімінде былай дейді:

Орта жүз Аргындағы асыл тектен,
Анамның шыққан заты Сүйіндіктен.
Жиырма ұлдың көкжал туған ең кішісі ем,
Тұңғыш қызы Айдаболдың Ақбілектен.

Толыбай сыншының өз анасы Жамал кезінде Самарқанд шаһарын және оған қоса Самарқанд уәлаятын билеп-төстеген, сол шаһарда үлкен ғимараттар салуға үлес қосқан, медіресе ашқан Кіші жүз ішінде Әлім ұлының Төрт қара руынан шыққан әйгілі Жалаңтөс Баһадүр Сейтқұлұлының (1576-1656 жж.) туған апасы екен. Сол себепті Толыбай сыншы қолбасшы өзінің Майлы би, Өтежан, Өтегелді, Өтеген, Өтепберген, Өтеулі, Өтеміс, Қарабас, Әмір, Өмір, Темір, Батыр, Бабыр, Бадыр, Өтебай, Өтеғұл, Еділ, Жайық, Қожаберген есімді ұлдарын нағашылары: Ақша би, Жалаңтөс баһадүрдің Самарқанд, Үргеніш, Бұхара шаһарларындағы жоғары дәрежелі діни білім беретін медіреселерде ұстаздық қызмет атқаратын өнерлі, білімпаз ұлдарына ертіп апарып, солардың үйлеріне қойып, сол білім ордаларында оқытады. Дәулен ұлы сыншының жиырма төрт баласының он тоғызы аталмыш қалалардағы медіреседе оқып, хадимше сауаттарын жетілдіріп, діни білімдерін толықтырып, көне түрік, араб, парсы, өзбек тілдерін жақсы үйреніп, сол оқу орындарын өте жақсы тамамдап шығыпты.

Қожабергеннің әкесі Толыбай сыншы ел қорғаны – батыр болумен қатар, ұста-зергер, балташы, өрімші, етікші, дихан, аңшы, құсбегі, мерген, балуан, емші, атбегі, сөзге шешен, ақындық қабілеті бар әрі көреген кісі болыпты. Ел ішінде Толыбай сыншыұлы айтты деген нақыл, қанатты сөздер де кездеседі.

Адамды да, аттарды да, басқа жануарларды, гауһар, меруерт, маржан тастарды, қару-жарақты, құсты, итті сынап білгені үшін Толыбайға сыншы деген атақты Қазақ, Башқұрт, Қарақпалпақ, Қырғыз, Татар, Ноғай халықтары берген екен. Оның Қарабас есімді баласы сыншылық өнерінің арқасында тұтқын болған кездерінде үш рет құтылып, аман қалған екен. Ол турасында ел аузында сақталған аңыздар бар. Сол аңыздардың бірі әріде көп жыл бойы алтыншы класқа арналған Әдебиеттік оқу кітабының бетінен орын алған еді.

Қожаберген өзіне дейінгі қазақтың ақын-жырауларының өлең жырларын, медіреселерде оқып жүргенде шығыстың жеті жұлдызы атанған Жәми, Низами, Науаи, Физули, Фирдауси, Сағди, Рудаки шығармаларын оқып-жаттап, солардан нәр алыпты. Сонымен бірге ол ертеде өткен Рашид ад-Дин, Мырза Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири және өзінен аз бұрын өткен Әбілғазы баһадүр хан сияқты білімпаздардың жазып қалдырған шежірелерімен таныс болыпты. Сондай-ақ, ол тастағы ескі жазуларды да оқи алады екен әрі оған көп

мән беріпті. Бұл айтылғандарына оның «Ата тек», «Баба тіл» дастандары толық дәлел бола алады.

Өзінің «Ата тек» дастанында Толыбай сыншыұлы жырау қазақ халқын оғыз түріктерінен шығарады:

Түріктен тараған ел тоғыз дейді,
Тартатың күй аспабы – қобыз дейді.
Башқұрт пен қазақ, ноғай, қарақалпақ –
Төртеуін шежірешілер Өгіз дейді.

Сондай-ақ, Қожаберген ақын сол «Ата тек» дастанында қазаққа жататын тайпаларды Алаштан шығарады:

Аннас тархан бабамыз,
Ер Алаштың бұтағы.
Біздің қазақ бабамыз,
Сол Аннастың ұрпағы.
Алаштан әрі Өгіз бар,
Өгізден әрі Тұран бар.
Кім десеңдер тегіміз,
Арғы атамыз осылар.
.....
Өгіз түрік ішінде,
Аннастан қазақ жаралған.
Біздің Үш жүз елінің,
Алаштан бәрі таралған.

Толыбай сыншыұлының шежіреші-жырау екендігін ХХ ғасыр басында өмір сүрген классик-ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің «Құрбыма» деген өлеңінде былайша жырлайды:

Толыбай сыншы баласы Қожаберген,
Тарихынан Оғыз түрік хабар берген.
Үмбетей, Бұхар жырау, Тәтіқара,
Үшеуі Қожаекеңнен үлгі көрген.

.....
Керейде Қожаберген, Сегіз өткен,
Үш жүздің шежіресін жыр қып шерткен.

*(С.Торайғыров ақынның бұрын
жарияланбаған өлеңдері ,
«Орталық қазақстан» газеті ,
7 тамыз 1988 ж.).*

Қожаберген жыраудың шежіреші болғандығы туралы және оның «Елім-ай» әнін, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырын шығарғандығы жайында қазақ халқының ХІХ-ғасырдың екінші жартысы мен ХХ-ғасыр басында өмір сүрген белгілі

философ-ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858-1931 жж.)
өзінің «Даналарға» атты өлеңінде былай деп жырға қосады:

Өнерге құлаш ұрып бала жастан,
Тарихын бұл үш жүздің етіп дастан.
Баласы Толыбай сыншы Қожаберген,
Бой ұрған ерлік іске әуел бастан.
Ұрпағы оның батыр Сегіз өтті,
Нияздай асыл ерді қасына ертті.
Қолына қобыз алып өр шабытпен,
Мұра ғып шежіре-жыр тастап кетті.
Қолбасы ақын-жырау һәм елші-би,
Шығарған «Елім-айдай» тамаша күй.
«Елім-ай» әні менен жырын тағы
Шығарған Қожаберген бабаңды сүй.

Қожабергенге ақындық аруақ оның жеті жасында қонып-
ты. Жырау ақындықта өзінің әкесімен бірге туған ақын Аула-
байдан өз ағалары: Майлы шешен мен Қарабас тарханнан
үлгі-өнеге алыпты. Батырлыққа Қожабергенді ағалары Өте-
жан мен Өтегелі баулыпты.

Діни медреселерді өте жақсы тәмәм етсе де, Қожаберген
жырау мен оның ағалары дінбасысы бола алмайды. Себебі,
Қазақ, Ноғай, Қарақалпақ, Шалабай Естектері, Сібір Татары
халықтарына ХҮІІ-ғасырдың бірінші ширегінен бастап Ноғай
даласын мекен еткен Қалмақтар Еділ өзенінің батысынан ша-
буыл жасаса, шығыстан Жоңғар-Қалмақ басқыншылары
үздіксіз шабуылдап, екі жақтан қыспаққа түскен мұсылман-
дардың әділетті, яғни азаттық жолындағы соғыстары ұзақ
жылдарға созылуы салдарынан Толыбай сыншы қолбасшы-
ның балаларының имам, ишан, софы, молда болуларына еш
мүмкіндігі болмайды. Себебі, Толыбай сыншының ержүрек
жиырма төрт ұлы (жиырмасы Ақбілектен, төртеуі әмең-
герлікпен қосылған жары – Халимаштан туған екен) жоғары-
да аталған мұсылман жұрттарының сыртқы басқыншы жау-
лардың екі жақты шабуылдарына қарсы бағытталған ұлт –
азаттық әрі қорғану соғыстарына белсенді түрде қатысып,
олардың көбісі әскер басқарыпты. Ел-жұртын шапқыншылар-
дан қорғау жолында әділетті соғыста Толыбай сыншы тар-
ханның ұлдары мен немерелері асқан ерліктің үлгісін көрсетіп,
олардың бірталайы көппен бірге майданда қаза тапқандығы
шежіреден, сол кездегі ерлік жырлардан елге мәлім.

Қожаберген жырау 1683-1688 жылдары Әз Тәуке ханның
елшілік қызметінде бес жыл басшылық етіпті. Сонан кейін
немерелес туысы Бөгенбай Маянбайұлы Ордабасы ауыр жа-

раланған соң, соның орнына Әз Тәукенің ұсынысы бойынша құрылтайда Толыбай сыншыұлы батыр-ақынды (боз биенің сүтіне шомылдырып, үстіне ақ киім кигізіп, ақ кигізге отырғызып көтеріп) халық 1688 жылы ордабасы сайлайды. Сол күннен бастап, Қожаберген жырау өзінің немере ағасы Бөгенбай баһадүрдың қызметін ақсатпай, әрі қарай жалғастырып, Үш жүздің жасағына Бас қолбасшы болыпты. Ол қазақ әскеріне қоса Ноғайдың Маңғыт, Қараағаш руларының, Сібір татарына жататын Ескер, Барабы, Құралаш тайпаларының, Шалабай Естектерінің (Челябинск башқұрттарының), Қарақалпақ халқының жасақтарына да ордабасы болған екен.

Толыбай сыншыұлы ақын әнді домбыраға қосып, күйді сыбызғыға қосып, жырды әнмен айтып, қобызға қосып орындаған екен (шежіре деректері мен ерлік жырлар бойынша).

Толыбай сыншыұлы сардар 1688-1710 жылдар бойында Қазақ, Ноғай (Қараағаш, Маңғыт тайпаларының), Қарақалпақ халықтарының біріккен қолына әскербасы болып, екі жақты қалмақ шапқыншылығына қарсы ұзақ жылдарға созылған соғыстарда талай рет үлкен-үлкен жеңістерге жетіп, ордабасы, тархан атағын алған үлкен баһадүр, әскери қайраткер. Оның жиырма үш жыл әскер басқарғанына өзінің «Үш би» атты өлеңіндегі мына шумақ та дәлел бола алады:

Басқарып Үш жүз қолын жиырма үш жыл,
Орнымды Бөгенбайға бердім биыл.
Еш сардар қайт қылған жоқ жарлығымды,
Кезінде ұзақ соғыс күндер қиын.

Жырау 1710 жылы жаздың аяғында өз шәкірттерінің бірі жас батыр Қанжығалы Арғын Бөгенбай Ақшаұлына ерекше ықыласы түсіп, өзінің орта жасқа таяп қалғанын, ұзақ жылдарға созылған ауыр соғыстарға үздіксіз қатысып, қалжырап-шаршағанын мойындап, Әз Тәуке ханға өзін ордабасы қызметінен босату туралы өтінішін айтады. Әз Тәуке әуелі келісім бермесе де, өз орнына қоятын кісі барын айтқан соң, хандықтың астанасы – Түркістан шаһарына Үш жүздің шораларын, бектерін, билерін, батырларын арнайы түрде хат жазып, кісілер жіберіп шақыртып алып, ордабасы сайлау үшін Құрылтай өткізеді. Онда уәзірлер, шоралар, билер, бектер, батырлар Толыбай сыншыұлының ордабасылықтан кетуін қаламайды. Ақыры олар Әз Тәукеге зорға дегенде келісім береді. Сонда Қожаберген баһадүр ақ батасын беріп, ұсыныс жасап, өз орнына Бөгенбай батыр Ақшаұлын Қазақ, Ноғай, Қарақалпақ жұрттарының біріккен әскерін басқаратын Бас қолбасшы етіп сайлатады. Ол жайында өз ұстазы Толыбай-

сыншыұлы батыр-ақынға арнап шығарған «Ғадыл ер» деген өлеңінде әйгілі Бұқар жырау былай дейді:

Қожаберген ғадыл ер,
Қадырын білген қалың ел.
Бөгенбайдай батырға
Билігін берген ардагер.
Қожа-екеме Бөгенбай
Шәкірт болған жан еді.
Сайлатқан он ұстазым,
Қарадан шыққан хан еді.

1710 жылдың жазының аяғында өз еркімен ордабасылық қызметтен босаған Қожаберген батырды кезінде өзін тәрбиелеп-өсірген ағасы Қарабас тархан жасы ұлғайғанын айтып, өз орнына Орта жүз Керей-Уақ елдеріне шора сайлатады. Сөйтіп, Толыбай сыншыұлы жырау өз ағасының орнына шора болып, 1710-1723 жылдар аралығында өз жұрты – Керей-Уаққа басшы болыпты. Ол 1723 жылы көктемде Сыр бойында мекен еткен Кіші жүздегі қайын жұртына қонаққа аттанарда ел-жұртының игі жақсыларын жиып, мәжіліс өткізіп, өзі ақ батасын беріп, ұсыныс жасап, өз орнына ағасы Қарабас тарханның үлкен баласы Асқап сардарды Керей-Уақ елдеріне шора сайлатады.

Толыбай сыншыұлы жырау – 1723 жылғы «Ақтабан шүбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апатты өз басынан өткеріп, көзімен көрген, қырғынның жуан ортасында болған қарт баһадүр. Сол аса қатерлі сапарда ол Науан, Әсет есімді екі батыр баласынан, өзіне әрі өкіл бала, әрі атқосшы саналған Айбек, Ермек атты екі батыр азаматтан айырылып, бәйбішесі екеуі әрең дегенде көппен бірге жау қоршауын бұзып өтіп, аман құтылады.

«Елім-ай» әнін, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырының бірінші бөлімін Қожаберген ақын сол қоршауда тұрған кезінде шығарыпты. «Елім-ай» атты өлең де, жыр да, ән де әр кезеңде дүниеге келген. Соның ішінде 1723 жылғы «Елім-ай» әнін, дастанын шығарған Толыбай сыншыұлы жырау. Мысалы: «Елім-ай» атты өлең Міржақып Дулатовта да бар. Ал, «Елім-ай» деген дастанды халық ақыны, әдебиетші-ғалым, белгілі әнші Тұрсынхан Әбдірахманова да жазған. Әдебиетте бір-бірімен аттас әндер, күйлер, жырлар жиі кездеседі. Бірақ оларды бір-бірімен шатастыруға әсте болмайды.

Ақындықта Қожаберген жырауға Дәстем сал, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Жанкісі (Көшебе керей) жыраулар шәкірт болып, одан үлгі-өнеге алса, батырлықта Бақса-

ры, Бөгенбай, Жәнібек (Кіші Арғын) үшеуінен бастап, Бөкенбай Мергенұлына (1717–1758ж.ж.) дейінгі батыр атаулы сол Толыбай сыншыұлы ордабасыға шәкірт болып, одан тәлім-тәрбие алыпты.

Қожабергеннің бар айыбы сол, оның өмірі мен қоғамдық қызметінің, шығармаларының дер кезінде жиналмай-зерттелмей қалғандығы, іздеушісі болмағандығы. Қожаберген шығармаларының кейбіреуі қазақ халқының ХІХ ғасырда өмір сүрген педагог жазушысы, ағартушы-демократы Ыбырай Алтынсарин құрастырып, 1879 жылы Орынбор баспасында жарық көрген «Қазақ хрестоматиясынан» (жинақ) және оның 1896 жылы Қазанда жарық көрген «Мәктубат» деген кітабынан орын алған, ол жинақтарда ақынның бірнеше өлеңдерінен үзінділер берілген. Соңғы жиырма бес жылда Толыбай сыншыұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы бір шама зерттеліп, ол 1983 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген. «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» атты жинаққа енді және онда Қожаберген жыраудың «Елім-ай» әні мен күйін, жыр-дастанын шығарғандығы айтылып, сол зерттеуде талда-нып жазылды.

Қожаберген ақынның өмірі мен қоғамдық қызметі туралы деректер және оның «Елім-ай» әнін, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» тарихи жырын шығарғандығы туралы республикалық газет-журналдарда, облыстық, аудандық газеттерде бірталай зерттеу мақалалары жарияланды. Атап айтқанда, филология ғылымының кандидаты М.Жармұхамедов «Қазақ әдебиеті» газетінде 1981 жылы 15 мамырда ««Елім-ай» жыр-дастаны атты, ғылыми қызметкер Г.Тұрсынова «Мәдениет және тұрмыс» журналының 1981 жылғы 6-санында «Қаратаудың басынан көш келеді» деген, белгілі драматург-жазушы Н.Әбутәлиев «Жұлдыз» журналының 1984 жылғы 3-санында «Қожаберген жырау» атты, осы кітапты құрастырушылардың бірі «Мәдениет және тұрмыс» журналының 1988 жылғы 6-санында «Елім-ай» деген, 1988 жылы 27 қыркүйекте жазушы Н.Әбутәлиев пен әдебиетші-ғалым М.Жармұхамедов «Алматы ақшамы» газетінде «Елім-айдың» авторы кім?» атты, шежіреші М.Болатов «Жезқазған туы» газетінің 1982 жылғы 22 қаңтардағы санында «Елім-ай» жыр-дастанының авторы Қожаберген жырау хақында» деген, белгілі әдебиетші-ғалым Т.Сүлейменов «Еңбек таңы» журналының 1989 жылғы 2-санында «Қазақ есімі хақында» атты, шежіреші, қарт мұғалім Е.Қалданов «Қызыл ту» газетінің 1990 жылғы 23-24 қазандағы сандарында «Елім-ай» атты деректі де көлемді мақалаларын жариялатқан еді. Бұлардан басқа да Қожаберген жырау

туралы бірнеше автордың 1982–2001 жылдар аралығында газет-журналдарда отызға тарта зерттеу мақалалары жарық көрді және сол Толыбай сыншыұлы ақынның есімін атап, оның шығармаларынан үзінділер келтірілген бірнеше автордың жиырма шақты мақалалары 1988–2001 жж. аралығында республикалық газет-журналдарда, облыстық, аудандық газеттерде жарияланды. Олардан басқа Ш.Смағұлов, Қ.Омаров, Қ.Бигожин, Қ.Мұқанов, Ғ.Қадрәлі, С.Жұмабаев сияқты жергілікті зерттеушілердің ғылыми мақалалары және жергілікті жазушы Ожан Қалиевтің Қожабергенге арнаған дастаны жарық көрді. Сондай-ақ, Қожаберген жырау филология ғылымдарының кандидаты Т.Сүлейменовтің 1991 жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген «Сегіз сері» атты монографиялық еңбегінен орын алды. Онда автор Қожаберген жырау – Сегіз серінің арғы бабаларының бірі екендігін әрі оның ірі тарихи тұлға, үлкен ақын екендігін айтыпты.

Сонымен қатар, жазушы Н.Әбуталиев өзінің 1991 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Сегіз сері» атты зерттеу еңбегінің бүтіндей бір бөлігін Қожаберген жырауға арнағанын айтуға міндеттіміз. Осы аталған автор Толыбай сыншыұлы (1663–1763 жж.) ақынға арнап, «Ордабасы Қожаберген» атты монографиялық еңбек жазып, ол 1995 ж. «Жеті жарғы» баспасынан жарық көрді. Сол Н.Әбуталиевтің 1998 жылы баспа бетін көрген «Шоқ жұлдыз» деген зерттеу еңбегінен де Қожаберген жырау орын алды. Осы сөз зергерінің 1986 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Өттің дүние» повесінде Қожаберген жырау тұлғасының сомдала түскені байқалды.

Қожаберген жырау да, оның жолын қуушы мұрагерлерінің бірі – Сегіз сері Баһрамұлы да 1989 жылы жарық көрген Қазақ кеңес энциклопедиясының қысқаша төрт томдығының төртінші томынан орын алды. Онда да «Елім-ай» әнін, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырын 1723 жылғы қазақ халқына келген ірі апат кезінде шығарғандығы айтылған. Сонымен қатар, «Елім-ай» жыр-дастанының бірінші бөлімі толығынан және екінші бөлімінің бас жағы «Дала дидары», «Ауыл» газеттерінің беттерінде 1991–1993 жж. жарық көруі де ақтаңдақ орнын ретімен жаба түскендей.

Солтүстік Қазақстан облысының (Қызылжар аймағының) топырағында бұрынғы-соңды дүниеге келген ақын-жыраулардың (Кеңес дәуіріне дейінгі) өмірлері мен қоғамдық қызметтері туралы деректер мен шағармаларының дер кезінде жиналмай – зерттелмей қалуына, біріншіден, облысымызға 1936 жылға дейін де, одан кейін де әдеби-тарихи экспедиция-

ның сапарларға шықпауы себеп болды. 1936 жылы жазда жазушылар: Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов – үшеуі бастаған бір топ әдебиетшілер мен тарихшылар экспедиция жасаған. Олар облысымыздан Қожаберген жыраудан бастап, Біржан Берденұлы ақынға дейінгі ақын-жыраулардың өмірлері мен қоғамдық қызметтері туралы деректер мен олардың шығармаларын жинапты. Алайда аталмыш экспедициялық топтың жинаған мұралары 1937 жылғы зобалаңда құрып кетіпті. Екіншіден, облысымыздан не әдебиет зерттеушісі, не тарих зерттеушісі, не ән-күй зерттеушісі шықпауы да ақын-жырау, шешен бабаларымыздың еңбектерінің зерттелмей қалуына тағы себепкер болды.

Қожаберген жырау шығармалары, әсіресе, «Елім-ай» тарихи жырының бірінші бөлімі және екінші, үшінші бөлімдерінің үзінділері, «Баба тіл» дастаны және басқа өлеңдері туған республикамыздың әр облысында тұратын жекелеген азаматтардың абдырасының түбінде сақталып, біздің кезеңге жеткен. Ел ішінде «Ата тек», «Қойлыбай әулие», «Қызылжар» дастандарының үзінділері, «Үш би», «Үш Тәуке», «Үш құрдас», «Күлдірмамай», «Едіге биге», «Жеті жарғы» және басқа өлеңдері ұшырасып қалып жүрді.

Толыбай сыншыұлы ақын «Бағылан баба», «Фархад баһадүр», «Ғадыл Танаш», «Едіге баба», «Балға-Балта батырлар», «Ер Аббас», «Ер Көшебе», «Ата тек», «Баба тіл», «Алтай батыр», «Елім-ай» және басқа көптеген дастан, «Қойлыбай әулие», «Білерсің», «Күлдірмамай», «Жеті жарғы», «Үш би», «Қайран, жастық», «Едіге биге», «Жастық», «Ақсауыт», және басқа бірталай өлеңдер, «Бүркіт қонған», «Көк Есіл», «Айша», «Қызылжар», «Қайран, Арқа», «Елім-ай», «Қалмақ қырылған», «Ел айырылған» және біраз күйлер шығарса да, оның толып жатқан шығармаларының басым көпшілігі біздің кезеңге келіп жетпеді. Қожабергеннің әндері мен күйлерінің соңғы орындаушысы Іргебай Қоржынкөлұлы (1891-1966 жж.) осыдан отыз жеті жыл бұрын Ресейге қарасты Қорған облысының Макушин ауданындағы Күміскөл (Қожаберген жыраудың Күміс көлі атанған көл ғой) деген селода ауырып қайтыс болды.

Бұл күнде «Елім-ай» әнін Алматы қаласының тұрғыны, сәулет өнері ғылымының кандидаты Төлеубек Сейітқалиұлы Қарамендетегі Орындап жүр.

Сонымен қатар, 1723 жылғы аса ірі апаттың халық ұғымында қалған атауы «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» деген сөз тіркестері де Қожабергеннің «Елім-ай» жыр-дастанының бірінші бөлімінің аяқ жағында келетін мына шумақта әдемі зерленген:

Атсыз қап жұрт жүрісі шабан болды,
Халқыма аштық, соғыс жаман болды.
Басталып ел сұлауы Алакөлден,
Ақтабан шұбырынды заман болды.

Алакөлді кейін біреулер жаңылысып Алқакөл деп кері ұғынған сияқты. Өйткені, Алқакөл деген атақты үлкен көл қазақ даласында арғы-бергіде болған емес.

Баба жырау бәйбішесі Айшаны ертіп, сол 1723 жылдың қараша айында (бас кезінде) өз еліне келе жатып, орталық Сарыарқадағы Қорғалжын көлі аймағында ағайын-туғандарымен, ұлдарымен, қызымен аман табысады. Өйткені, Қожабергеннің елі Керей-Уақ та, оған көшіп келіп паналаған Барабы, Барын, Ескер атты Сібір татарының рулары да, Шалабай Башқұрттары да 1723 жылы ала жаздай жоңғар қалмақ басқыншыларымен соғысып, ақыры жеңілген соң, көше қашып, сол жылы жаздың аяғында Қорғалжын аймағына келіп қоныстаныпты. Оны Толыбайсыншыұлы батыр-ақын «Елім-ай» жырының екінші бөлімінің басында айқын суреттеп кеткен.

Қожабергеннің бәйбішесінің есімі – Айша, ол Кіші жүз ішінде Он екі ата Байұлыға жататын Есентемір елінің басшысы Қабылан бидің қызы екен. Толыбай сыншыұлы жыраудың Айшадан туған Әди, Әли, Әсет, Есет, Әбет, Науан, Мәди, Нәби, Ақыл, Бағдат, Мамай, Ноғай, Сағади, Тоқтамыс, Бектеміс, Бекет, Балқан есімді он жеті ұлы, Зейнеп есімді жалғыз қызы болыпты. Ақынның аттары аталған он жеті баласының жетеуі және ер жеткен он бір немересі ұзақ жылға созылған ұлт-азаттық соғыста жау қолынан мерт болған екен.

Қожаберген жырау өмір сүрген заманда Керей-Уақ бытырамаған, қалың ауылды, адам саны көп ел болыпты. 1723-1759 жылдары аралығында болған қанды айқастарда көп жауынгерлерінен айырылса да, Орта жүз Керей-Уақ 1795 жылдың наурыз айына дейін ара жігі ажырамаған, ауыз бірлікті жұрт болыпты.

Орталық Сарыарқадағы Қорғалжын аймағында (қазіргі Ақмола облысының Қорғалжын, Вишневский аудандары мен Қарағанды облысына қарасты Теңіз ауданы жерлері) Орта жүздің Керей-Уақ елі сол Орта жүзге жататын басқа жұрттармен, Башқұрт, Ноғай, Сібір татары халықтарының біраз руларымен, Кіші жүздің кейбір тайпаларымен бірге тұрмыстың қиыншылықтарын бірдей көріп, өздеріне нандық, атқа жемдік егін салып, аң, құс, балық аулап, 1723-1745 жылдар арасында сол өлкеде тіршілік еткен. Құрамында Шалабай Естектері, Сібір Татары елдері сарбаздары, Орта жүздің Аты-

ғай, Қарауыл деген екі жасаң руының жігіттері бар Керей-Уақ жасағы қарт сардар Қожаберген жырау мен оның інісі Асқап ордабасының басшылығымен Шортанды мен Түмен арасындағы, Аманқарағай мен Үшбұлақ (қазіргі Омбы облысы мен Новосибирский облысының шектесетін жеріндегі қоныс, XIX ғасырда осы ата мекенінің атымен аталған Үшбұлақ дуаны құрылған) аралығындағы орманды, көлді, өзенді, қыратты қоныстарды жауға үсті-үстіне бас көтерместей, күйрете соққылар бере отырып, басқыншылардан 1745 жылдың жазының бас кезінде толық тазартады. Сөйтіп, Керей-Уақ жұрты өздерінің ата мекендеріне қайтадан көшіп барын орналасады. Оларға бұрын Ұлытау өңірін мекендеген, 1724 жылы жазда қоныстарынан айырылған Атығай-Қарауыл рулары да ілесе көшеді. 1723 жылы жазда жоңғар қалмақ басқыншыларымен соғыста қырылып, артында ұрпақ қалмаған Керейдің бес руының босап қалған жеріне Асқап ордабасының рұқсатымен Атығай-Қарауыл және Шалабай Естектерінің бір топ елі көшіп барып қоныстаныпты.

Қожаберген мен оның інісі Асқап шора қоныстарын жаудан тазартқан соң, Керей-Уақтың билері мен бектеріне, батырларына бұрынғыша төрт ауылға ортақ бір медіресе, бір мешіт ашу туралы бұйрық береді. Содан сол жарлық бойынша әрбір төрт ауыл бір медіресе, бір шағын мешіт ашу үшін үйлер салуға кіріседі, молдалар дайындау үшін жасөспірімдер мен жас жігіттерді арнаулы кісілерге ертіп, Бұхар хандығы қалаларына аттандырыпты. «Елім-ай» жыр-дастанын Толыбай сыншыұлы жырау қолжазба арқылы елден-елге таратуды өз мирасхорларына өсиет етіпті. Баба өсиетін орындауда жыраудың өз балалары мен немерелері, шөберелері және ақынның туған ағасы Қарабас тарханның ұрпақтары ерекше еңбек етіп, Толыбайсыншыұлы ғұламаның осы қолжазбаның 12–13-беттерінде аталған хисса-дастандарын, өлеңдерін елден-елге қолжазбалар арқылы, әншілер арқылы таратыпты.

Қожаберген жыраудың «Елім-ай» эпопеялық жыры қазақ халқының сыртқы жауларға қарсы бағытталған жарты ғасырлық әрі әділетті, әрі азаттық соғысын суреттеуге арналған маңызы кесек тарихи шығарма. Жырдың бірінші бөлімі де, жырмен аттас келетін Толыбай сыншыұлы өнерпаздың «Елім-ай» әні мен «Елім-ай» күйі де 1723 жылғы күзде болған орасан қырғынды, ел басына келген ауыртпалықты көпке сол күйінде жеткізуге бағышталған. Сонымен қатар «Елім-айдың» бірінші бөлімін жартылай өмірбаяндық дастан десек, ешбір қателеспейміз. Өйткені, осы жырда Қожаберген сазгер өз өмірінен бірталай мағылұмат берген.

Толыбай сыншыұлы жыраудың «Елім-ай» дастаны – бір нұсқалы жыр. Оның кейбір сөздері ауыздан-ауызға көше жүріп, өзгеріске ұшырағанына қарамай, әркімдердің қолында жүрген үзінділерін сол дастанның өзге нұсқалары деп теріс түсінуден аулақ болайық. Егер сол үзінділерді бөлек нұсқа деп керісінше ұғынып жүрген адамдар әркімдердің қолында жүрген үзінділерді жинап әкеп, «Елім-ай» жырының бірінші бөлімінің толық нұсқасымен салыстырса, олардың «Елім-ай» дастанының бірінші бөлімінің ел ішінде шашырап жүрген үзінділері екенін анық аңғарар еді.

«Елім-ай» жырын оқуға жұртшылық неге ынтық? Себебі: Қожаберген шығарған «Елім-ай» дастанының тарихи жағынан құндылығы өте зор! Қожаберген бабаның өмір жолы да, оның тарихи шығармасы «Елім-айда» да жастарды, жасөспірімдерді, жас балдырған шәкірттерді отаншылдыққа, адалдыққа, бауырмалдыққа, турашылдыққа, әділдікке, татулыққа, ұйымшылдыққа, көпшілдікке, жауынгерлікке, достыққа тәрбиелеуге үндейді.

Сонымен қатар, Толыбайсыншыұлы сардар «Елім-ай» жырында 1723 жылғы үлкен апат тек өзінің туған халқы Қазаққа ғана емес, туысқан да көрші Ноғай, Қарақалпақ, Қырғыз, Шалабай Башқұрттары, Сібір Татары халықтарына да кенеттен келген зор індет екенін ашық та дәлелді түрде баяндап өтеді. Әрине, бұл жағдайды екінің бірі біле бермеуі де мүмкін.

Ақын «Елім-ай» хиссасының бірінші бөлімінде тек қана соғыстарды баяндап қоймай, туған халқымыздың жер-суларының бұрынғы кездегі атауларын, тұрмыс-салтын, кәсібін, елдің ішкі-сыртқы саяси жағдайларын, көршілес мемлекеттермен қандай қарым-қатынаста болғанын, түрік тектес елдерді, Сібір татарына жататын руларды, қалмақтың шыққан тегін, оның түрік халқына жатпайтынын, қалмаққа жататын тайпаларды дұрыс, айқын түрде көрсетіп берген. Мұның кейінгі ұрпақтар үшін маңызы аса зор екеніне ешбір дау жоқ.

Қожаберген ақынның «Елім-ай» дастанын дұрыс та жоғары бағалаған көрнекті білгір адамдардың бірі – халқымызды әскери қайраткері, білімпаз да аса дарынды, қадырлы жазушысы, атақты батыры, есімі әлемге әйгілі Бауыржан Момышұлы: – Керей Қожаберген жыраудай бұрынғы-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры – әскери дастан! Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен? – деген болатын бірде. Ал, қазақ халқының аса

көрнекті ғылым қайраткерлерінің бірі, тарих ғылымының докторы, профессор Ермұхан Бекмаханов: «Көшебе керей Қожаберген ақын Толыбайсыншыұлының «Елім-ай» дастаны – тарихи эпопеялық жыр. Әрі сол «Елім-ай» ерлік хиссасының бірінші бөлімі – 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апаттың суретін ел көзіне елестеткен бірден-бір тарихи құжат!» – деп тұжырып еді. Осы мазмұндас бағаны академик-жазушы Ғабит Мүсірепов, академик Әлкей Марғұлан, академик Ақай Нүсіпбеков, тарих ғылымының докторлары: Бек Сүлейменов пен Төлтай Балақаев ағаларың да кезінде шегелеп айтқан еді.

Қожаберген жыраудың біздің кезеңге жеткен екі дастанының бірі – «Елім-ай» болса, екіншісі – «Баба тіл». Бұл дастанды қазақ ауыз әдебиетіндегі бізге жазбаша түрде жеткен тұңғыш көне шығармалардың бірі емес, бірегейі деу керек. Дастан мазмұнын екіге бөлуге болады. Бірінші бөлімде жырау қазақ шежіресі туралы, қазақ халқының қалыптасуы, құрамы жайында өз пайымдауларын жазса, екінші бөлімде баба тілі – қазақ тілі туралы, қазақ тілінің тарихы, жазба тіліне және көне тіл, бай тіл екендігіне, ғылыми талдау жасайды. «Баба тілді қастерлеу – Азамат ерге лайық», – деп, тұған тілді қадірлеуге, құрметтеуге, жетік білуге шақырады. «Елім-ай» дастанынан және лирикалық өлеңдерінен Қожабергеннің қол бастаған батыр, сардар, ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, топ жарған ақын-жырау екенін білсек, «Баба тіл» дастанынан оны басқа қырынан шежіреші, тіл білімінің маманы, ғалым екенін аңғарамыз.

«Баба тіл» дастанының мазмұны Әбілғазы баһадүр хан (1603-1663 жж.) мен оның «Түрік шежіресі» деген атақты да көлемді еңбегін сынаудан басталады. Бұл еңбекті кезінде хандардың хронологиялық тізбесі ғана», – деп, «Қазақ шежіресі» деген еңбегінде Шоқан Уәлиханов та, «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» деген еңбегінде Шәкерім Құдайбердіұлы да сынаған болатын. Ал, олардан бұрын Толыбай сыншыұлы жырау былайша сынайды:

Біле тұра ол сұлтан,
Еске алмапты Үш жүзді.
Соның үшін, жарандар,
Айтпақ болдым бұл сөзді.

Айналайын, Үш жүзім,
Әбілғазыға налыма.
Шежіресі бар елімнің,
Қоймаспыз жатқа жалына.

Қожаберген жырау «Қазақ» және «Үш жүз» жеген ұғымдар бір жұрттың екі атауы болып, бірдей шыққан сөздер деген пікір айтады:

Қазақ деген атауға,
Ілескен Үш жүз есімі.
Бір жұрттың екі аты боп,
Тағдыры ерте шешілді.

Шыңғыс ханнан көп бұрын,
Қазақ пен Үш жүз бар атау.
Сөзіме нан, жәмиғат,
Болмасын көңіл еш жадау.

Сөйтіп, батыр-жырау «Қазақ» пен «Үш жүз» атауларының Шыңғыс ханға дейін пайда болғанын үзілді-кесілді айтады. Сонымен қатар, «Баба тіл» дастаны ауыздан-ауызға көше жүріп, оның сөздері өзгеріске ұшырағанын байқадық. Мысалы: оны Керей, Жәнібек дегеннің орнына Әз Жәнібек деген сөздің қолданылуынан аңғарамыз. Шыңғыс хан жорығының алдында ғана халық боп қалыптаса бастаған қазаққа Хорезм мемлекетінің құрамында хандық болуы мүмкіндігі туса да, Шыңғыс ханның шабуылына тап боп халық болу дәрежесінен айырылып, Хандық та бола алмай, тоқырау кезеңі басталып, екі жарым ғасырдан кейін қайта қалыптасып, Керей, Жәнібек хандардың тұсында қайта хандық болып, қазақша жазба қайта қалыптасқан екен.

Көлемі 325 шумақ «Баба тіл» дастанының бізге жартысынан көбі жетті. Алайда Жейхұндария, Сейхұндария, Еділ-Жайық өзендерінің бойларын, Кердері, Атырау теңіздері жағалаларын, Орал тауы мен оның батыс, шығысын, Батыс және Шығыс Сібір аймақтарын, Алтай тауын, Тәншан тауын мекендеген түрік жұрттарында X-XI ғасырда, яғни Хорезм шахы Мұхаммедтен әлдеқайда бұрын сонау Алаша ханның тұсында Есіләм дінінің толық орнығып, салтанат құрғанын, араб әрпінің негізінде Түрік ғарпы пайда болып қалыптасқанын баяндаған «Баба тіл» дастаны шумақтарының түсіп қалғаны, яғни естен ұмытылғаны кімді де болса, қынжылтарлық жайт.

Керей ханның кезінен,
Екінші рет таңба іске асқан.
Арабтың ғарпын негізге ап,
Қазақша жазу құрасқан.

Таза қазақ тілінде,
«Жеті жарғы» жазылған.

Әз Тәукедей ханымыз,
Жоқ еді елді аздырған.

Өткенге дейін Әз Тәуке,
Қолданды ел қазақ таңбасын.
Осы күнде сұлтандар,
Қолға алды Татар жазбасын.

Үш жүз жылдан аса уақыт
Қазақша жазды ел жазуын.
Сөйте тұра көрдің бе,
Бектердің бүгін азуын, –

дейді де «Сұлтандарға ермендер, қазақша жазуларыңды тастамаңдар», – дейді.

Дастанның бір топ шумақтары баба тілді – ана тілді қадірлеуге, құрметтеуге, пайдалануға, тазалығын сақтау туралы насихатқа арналған. Жыраудың бұл насихат сөздерін өзінен артық сөзбен жеткізу қиын, сондықтан үзінді келтірейік:

Баба тілді сақта деп,
Айтып тұрмын жалпыға.
Ақындардың жырларын
Салып көр деп талқыға.

Кезің жетті, Үш жүзім,
Ашатын анық көзіңді.
Түріктің басқа ұлынан
Кем санама өзіңді.

...

Осы тілді жек көрген,
Дүниеден қалар құр.
Бағаласаң шынымен,
Баба тілің асыл – дұр.

Пайдалан, қазақ, сөзіңді,
Жазғанда өз қалпында.
,Туған тілді құрметте,
Кір жұқтырмай салтына.

Бұдан әрі жырау қазақ тілінің қалыптасу тарихына тоқталады. Қазіргі қазақ тілінің байлығы бір ғасырдың ғана жемісі емес, мың жылдан артық уақыттың жемісі дей келе, түрік тектес халықтар тілдерінің ішіндегі ең сөзге бай, дамыған тіл дейді. Ақынның бұған дәлелі: тіліміздің оралымдылығын,

бірнеңе мағына беретін сөздерің көптігі және көптеген сөздердің бір мәнде келетіні яғни синонимдік қатардың көптігі.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар», – дегендей, қорыта келгенде, Қожаберген жырау Толыбайсыншыұлының Қазақ тарихынан да, Қазақ әдебиеті тарихынан да өз орнын алатын уақыты жетті.

«Иә, өлмейтін жан жоқ. Абай баба айтқан «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған», – дегендей, қазақ халқының үш ғасырлық жүрек жарды жыры «Елім-айдың» авторы Қожаберген жырау өз халқымен мәңгі бірге жасайды.

Қожаберген есімі Өз Тәуке хан, Абылай хан, Әбілхайыр хан, Бұқар жырау, Әйтеке би, Төле би, Қызыбек би сияқты ұлтымыздың ұлыларының қатарында Отан тарихында хатталады». (М.Қ.Қозыбаев, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы тарих және этнология институтының директоры. «Дауыппаз баба – Қожаберген» (Қожабергентану проблемалары халқында)).

4. Толыбайсыншы қарағайы деген орман мен сол арадағы Толыбай сыншының Жекекөлі деген көл Гүлтөбе атты шағын өңірге жатады. Гүлтөбе өңірі Қызылжар аймағының бір бөлігі. Толыбай сыншы қарағайы атты орман 1902-1903 жылдары мүлдем құрып кеткен. Себебі, қойнауында Қожаберген жырау мен оның батыр ағалары дүниеге келген аталмыш орман 1895 жылы күзде Сексен хажы Шақшақұлының ауылын ұлықтар көшіріп, оның қонысына Украинадан келген шаруаларды қоныстандырғаннан кейін бірте-бірте кесіліп, ағаштардың тамырын мал басып езіп тастаған соң, қарағай өспей қалған. Сондай-ақ сол ұзындығы 56 (елу алты) шақырым, көлденені 26 (жиырма алты) шақырым шағын өңір Гүлтөбеде бұрыннан өсетін қалампыр иісті алқызыл гүл де 1903 жылдан бастап аз өсіп, ақыры құрып кеткен. Қожаберген есімімен аталатын орман, көл, дөң, томар атаулары 1928 жылға дейін көп болған.

5. Жер атаулары жайында. Қожаберген жыраудың өмірі мен қоғамдық қызметі туралы деректерді 1956 жылы жазда Сегіз сері шежіресінен оның шөбересі Нұрғожа оқып берген еді. Соны қағазға түсіріп алғанбыз.

6. Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жырының бірінші бөлімін Қожахмет Дәрібайұлы өз әкесі Дәрібай әнші Малшыбай ұлынан (1858-1942 жж.) жас жігіт кезінде 1913 жылы жазып алыпты. Дәрібай әнші «Елім-ай» жырын Мұстафа Сегіз серіұлынан (1840-1899 жж.) 1881 жылы жазып алыпты.

Толыбай сыншыұлы ақынның «Елім-ай» жырының екінші бөлімінің бас жағын Балғожа Кенжегозыұлы 1934 жылы мамыр айында Ресейге қарасты Қорған облысының Макушин ауданындағы Кревень селосының тұрғыны, қарт әнші Мырзай Тұяқұлынан жазып алыпты.

Батыр жыраудың «Елім-ай» жырының үшінші бөлімінің бас жағын Әскер Балғожаұлы Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Балуан селосының тұрғыны Сұраған Мұсаұлынан 1949 жылы жазда жазып алыпты.

7. Жыраудың «Баба тіл» дастанының толық нұсқасы қолымызға түспеді. Бірақ аталмыш жырдың жартысынан көбін Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл (Преснов) ауданындағы Қызылой ауылының тұрғыны Қожахмет Дәрібайұлынан 1950 жылы жазда Шайхыуали Нұрғожаұлы жазып алыпты. Сонымен қатар, «Баба тілдің» біраз шумақтарын сол Жамбыл ауданындағы Архангелька селосының тұрғыны, қызметкер Балғожа Кенжегозыұлынан 1949 жылы жазда Айымжан орталау мектебінің мұғалимасы Зейнеп Ғабдоллақызы жазып алыпты.

8. «Жақсылық пен Жамандық» атты баба жыраудың хисасын Әскер Балғожаұлы Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Ұзынкөл ауылының тұрғыны, қарт шежіреші Хұсайын Өтегенұлынан 1951 жылы маусым айында жазып алыпты.

9. Қожабергеннің «Ата тек» дастанының үзіндісін Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Аманкелді ауылының тұрғыны, қарт әнші Айтбай Ізтөлеұлынан 1953 жылы жазда әнші Мәриям Мұзафарова (Сегіз сері әндерінің орындаушысы) жазып алыпты.

10. Толыбай сыншыұлының «Қойлыбай әулие», «Қызыл-жар» дастандарының үзінділерін Шолпан Қабимолдақызы өз атасы Садияқ молда Боқтыбайұлынан Жамбыл ауданындағы Петровка (Баян) селосының тұрғыны 1962 жылы сәуір айында жазып алыпты.

11. Толыбайсыншыұлы ақынның «Едіге биге» атты өлеңін Елеуке Қалданұлы шежіреші (Павлодар қаласының тұрғыны) 1936 жылы тамызда Мәди Тастанбекұлы деген шежірешіден (Павлодар облысының Май ауданындағы Ақшимаң ауылының тұрғыны) жазып алыпты.

12. Қожаберген жыраудың «Күлдірмамай» өлеңін фольклоршы Қазжан Сұрағанов жас жігіт кезінде Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Аманкелді ауылының тұрғыны, белгілі шежіреші Айтбай Ізтөлеұлынан 1962 жылы тамыз айында жазып алыпты.

13. Баба жыраудың «Қайран, жастық» деген өлеңін Айтбай Сіргебайұлы мұғалім аталмыш облыстың Жамбыл ауданындағы Баян селосының тұрғыны, қарт әнші, домбырашы Базар Мақышқызынан 1963 жылы жазда жазып алыпты.

14. Қожаберген ордабасының «Үш би», «Үш Тәуке», «Жеті Жарғы» атты өлеңдерін әнші Мәриям Мұзафарова 1952 жылы жазда Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылының тұрғыны, қарт шежіреші Нұрмұхаммед Мұсайынұлынан (Сегіз серінің немересінен) жазып алыпты.

15. Батыр-ақынның «Білерсің» атты толғауын Ұлы Абай ақынның шәкірті Көкбай Жанатайұлынан (1863-1927 ж.ж.) фольклор зерттеушісі, белгілі шежіреші Сейітқали Қарамендин 1926 жылы жазып алыпты.

16. Қожаберген жыраудың Наурыз батасы мен Нақыл, гибрат сөздерін Гүлзи Ғалымжанқызы 1964 жылы жазда Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Ұзынкөл ауылының тұрғыны Нұрмағамбет Әкібайұлы қариядан жазып алыпты.

17. Толыбай сыншыұлының «Жастық» деген термесін Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Балуан ауылының тұрғыны, Сыздық Түлкібайұлы шежірешіден 1953 жылы сәуір айында әнші Ғазиз Мұсаұлы жазып алыпты.

18. Толыбайсыншыұлының «Бес қару», «Не жетім» деген өлеңдерін Гүлларай Нұрғожақызы өз атасы шежіреші Нұрмұхаммед Мұсайынұлынан 1960 ж. (Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылының тұрғыны) жазып алған екен.

19. Баба жыраудың өзі туралы өлеңін, «Асылдар», «Танаш би» атты толғауларын белгілі әнші, шежіреші Дәстем Баймұқанов 1978 жылы шілде айында Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданындағы Балуан ауылының тұрғыны, қарт мұғалім Шәкен Сұрағанұлынан жазып алған екен. Сонымен қатар, Дәстем Қожаберген шығарған «Елім-ай» әнін өз мәнінде өте жақсы орындайды.

20. «Қожаберген жыраудың Абылай ханға ақыл айтқаны» деген «Ақсауыт», «Көрілік» атты толғауларын, «Қызылжар» өлеңін Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар ауданындағы Озерный орыс-қазақ орта мектебінің директоры Айтбай Сіргебайұлы аталмыш облыстың Жамбыл ауданындағы Жамбыл кеңшарының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері, белгілі шежіреші, ауыз әдебиетінің білгірі Балғожа Кенжегозыұлынан 1970 жылы жазып алыпты. Сонымен қатар, Айтбай Сіргебайұлы өз мектебінде Қожаберген жы-

Қожаберген жырау

рауға арнап бұрыш ашып, Қожабергеннің суретін үлкен қылып салдырып, мектептің залына іліп қойыпты. Мұғалима Гүлзи Ғалымжанқызы Қожаберген жыраудың туғанына 340 жыл толуына орай пән кешін өткізіпті.

21. Толыбай сыншыұлының «Жас шаңырақ иелеріне», «Жас келіндерге», «Жас жігіттерге» деген өсиет өлеңдерін әнші Мәриям Мұзафарова 1960 жылы жазда Солтүстік Қазақстан облысының мешітінің имамы Мұхаммеджан Меңдіханұлынан жазып алыпты. Мәриям Мұзафарова – «Елім-ай» әнінің жақсы орындаушысы.

22. Батыр-ақынның біраз насихат және ғибрат өлеңдерін Шолпан Қабимолдақызы мұғалима өз атасы Садияқ Боқтыбайұлы молдадан 1962 ж. (аталмыш облыстың Жамбыл ауданындағы Петровка селосының тұрғыны) жазып алыпты.

24. Қожаберген жыраудың жалпыға арналған насихат өлеңдерін Әскер Балғожаұлы 1960 жылы 28 маусымда Қызылжар (Петропавловск) қаласының тұрғыны, белгілі әнші, шежіреші Ғазиз Мұсаұлынан жазып алған екен.

Қожаберген жырауға арнап, сол ақын атындағы қордың төрағасы Ш.Смағұлов Толыбай сыншыұлына мазар тұрғызып, содан кейін ас берді. Аста ақындар мүшәйрасы, ат жарыс, балуан күресі болды. Қазақстан Республикасы Премьер министрінің қаулысы бойынша Петропавл қаласындағы № 6 қазақ орта мектебіне Қожаберген жыраудың аты берілді.

Қожаберген жырау шығарған «Елім-ай» әнін орындаушылар: Төлеубек Сейтқалиұлы, Дәстен Абылайұлы, Мәриям Жәнібекқызы, Жәния Сұрағанқызы.

МАЗМҰНЫ

ДАУЫЛПАЗ БАБА – ҚОЖАБЕРГЕН	3
«ЕЛІМ-АЙ» (<i>ғастан</i>)	18
ӨТКЕН КЕЗЕҢ (<i>Ақтабан шұбырындының алдындағы оқиғалар</i>).....	32
АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА	49
«БАБА ТІЛ» (<i>ғастан</i>)	162
«ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ ЖАЙЫНДАҒЫ ХИКАЯТ» (<i>хисса</i>)	196
ДАСТАНДАРЫНАН ҮЗІНДІЛЕР, ӨЛЕҢ ТОЛҒАУЛАРЫ	204
Ата тек	204
Әулие Қойлыбай	206
Едіге биге айтқаны	207
Күлдірмамай	212
Қайран, жастық	215
Жеті жарғы	218
Білерсің	219
Наурыз батасы	223
Үш би	224
Жастық	225
Өзі туралы	228
Бес қару	228
Асылдар	229
Танаш би	229
Не жетім	230
Қызылжар	230
Үш Тәуке	230
Ақсауыт	231
Көрілік	232
Жас шаңырақ иелеріне	232
Жас келіндерге	233
Жас жігіттерге	234
Насихат өлеңдері	234
Қожаберген жыраудың Абылай ханға айтқан ақылы	241
ТҮСІНІКТЕМЕ	242

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ

(Өлеңдер, толғаулар, дастандар)

Редакторы – **М. Жұмағалиев**

Техникалық редакторы – **Қ. Мұхамедин**

Суретшісі – **Н. Наурызбаев**

Басуға 04.04.07 қол қойылды.

Пішімі 84×108¹/₃₂. Есепті баспа табағы 17,0.

Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № **1 17**

«Тамыр» фирмасының компьютерлік-баспа жүйесінде
беттелген. 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143,
308-кеңсе, тел.: 243-35-11.



ЖАС "УРАЛМАЗ"